А. АРТЮШЕНКО, А. КАРПОВ,
Г. ҚҰДАЙБЕРГЕНОВ, А. СМОЛИН

Л 2009
178333к

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДӘНДІ, МАЙЛЫ ДАҚЫЛДАРЫ МЕН ШӨПТЕРІНІҢ ЕҢ ЖАҚСЫ СОРТТАРЫ



ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТ БАСПАСЫ
1954

А. АРТЮШЕНКО, А. КАРПОВ, Ғ. ҚҰДАЙБЕРГЕНОВ,
А. СМОЛИН

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДӘНДІ, МАЙЛЫ ДАҚЫЛДАРЫ МЕН ШӨПТЕРІНІҢ ЕҢ ЖАҚСЫ СОРТТАРЫ

Жалпы редакциясын басқарған *И. В. Соснин* және ауылшаруашылық ғылымының кандидаты *Н. Л. Удольская.*

ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТ БАСПАСЫ
Алматы — 1954

КІРІСПЕ

Партия мен үкімет совет халқының әл-ауқатын арттыру мәселесіне зор маңыз бере отырып, халық тұтынатын заттардың өндірілуін кенет арттыруды көздейтін бірнеше қарар қабылдады. Осыған байланысты еңбекшілердің материалдық қажеттерін қанағаттандыру мақсатымен халық үшін азық-түлік өнімінің, жеңіл өнеркәсіп үшін шикізаттың негізгі көзі болып табылатын ауыл шаруашылығы ерекше өркендетілмек.

СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумы социалистік ауыл шаруашылығын және оның жетекші салалары — мал шаруашылығы мен егіншілікті онан әрі өркендетудің нақты шараларын белгіледі. Пленум дәнді, техникалық және жемшөптік дақылдардың егіс көлемін ұлғайтудың және бұл дақылдардың өнімділігін едәуір арттырудың жолдарын көрсетіп берді.

СОКП Орталық Комитетінің 1954 жылғы 2 марттағы Пленумының «Елімізде астық өндіруді онан әрі арттыру туралы, тың және тыңайған жерлерді игеру туралы» қаулысында Қазақстанның алдына аса маңызды мемлекеттік зор міндет — екі жылдың ішінде астық өндіруді, ең алдымен тың және тыңайған жерлерді игеру есебінен негізгі азық-түліктік дақыл — жаздық бидайды бірнеше рет арттыру міндеті қойылды.

Республиканың солтүстік және батыс облыстарында 1954—1955 жылдары дәнді дақыл егісінің көлемі екі еседей артады. Аталған облыстардың колхоздары мен совхоздары осы екі жылда 6,3 миллион гектар тың және көптен тыңайған жерлерді игеретін болады.

Сибирьдің, Қазақстанның колхоздары мен совхоздарының жұмыс тәжрибесі жыртылған тың және тыңайған жерлерде жаздық бидайдың әр гектарынан 14—15 центнер өнім алуға толық мүмкіндік бар екенін, ал озат колхоздардың әр гектардан 20—25 центнер тіпті онан да артық өнім алып отырғанын көрсетеді.

СОКП Орталық Комитетінің пленумдарының қаулылары партия, совет және ауылшаруашылық органдарының барлық облыстарда, өлкелерде және республикаларда таяудағы 2—3 жылда неғұрлым өнімді және сапасы жағынан бағалы аудандастырылған сорттар егісіне көшуді қамтамасыз ету міндетін қойды.

Тұқым шаруашылығы жөніндегі жұмыс батыл жақсартылуға тиіс.

Ғылми мекемелер мен озат шаруашылықтардың тәжрибесі сортсыз тұқымның орнына сортты тұқым алып еккенде өнімнің 15—20 процент артатынын көрсетті. Өндіріске машинамен жыйнауға бейімделген сорттарды — жатып қалмайтын, құйылмайтын, бірдей пісіп жетілетін, сабағы тым қысқа да, тым ұзын да емес сорттарды енгізу егінді комбайнмен жыйнауды жеңілдетеді және ысырапты азайтады.

Қазақстанда бар сорттарды жақсарту және жаңа, жергілікті жағдайларға бейімделген сорттарды шығару жұмысымен жеті селекция станциясы шұғылданып жүр. Республикамызда 79 мемлекеттік сорт сынаушы участок ұйымдастырылған, бұлардың міндетіне ауылшаруашылық дақылдары сорттарының ішінен ең өнімді, бағалы шаруашылық қасиеттері бар және өндіріске кең енгізуге жарамды сорттарды таңдап алу үшін оларды сынау жұмысын жүргізу жатады. Мемлекеттік сорт сынаушы участоктері республиканың әртүрлі топырақ-климаттық аймақтарына орналастырылған және тікелей колхоздар мен совхоздарда жұмыс істейді.

Сорт сынаушы участоктерде сыналып анықталған перспективалы сорттар өндірістік жағдайларда қосымша тексеріледі. Сорт сынаушы участоктер мен өндірістік сынаудың мәліметтері негізінде ең жақсы сорттар аудандастырылады, яғни олар бұл сорттарды өсіретін белгілібір аудандардың ауылшаруашылық өндірісіне енгізіледі.

Бір облыс ішінде әрбір дақылдың бірнеше сорты аудандастырылған. Колхоздарға егіс үшін аудандастырыл-

ған сорттардың ішінен әрбір нақты жағдайда ең тәуір нәтиже берген сорттарды таңдап алуға право берілген.

Сорттарды дұрыс таңдап алу үшін олардың мынадай биологиялық қасиеттерін білу қажет: өнімділігі, өнімінің сапасы, қуаңшылыққа төзімділігі, аурулар мен зиянды жәндіктерге төзімділігі, жатып қалғыштығы (сабағының беріктігі), құйылғыштығы, тыңайтқыштар мен суарудан әсер алғыштығы, қысқа төзімділігі (күздік және көпжылдық формалар үшін) т. с.

Сортты таңдап алғанда ұйымдастыру жағы да үлкен роль атқарады. Кең көлемді жерге егілген ауылшаруашылық дақылдарын жыйнаған кезде жұмыстың қауырт жүргізілуін кеміту үшін әрбір шаруашылықта бір мезгілде пісіп жетілмейтін, өсіп-өну кезеңдерінің ұзақтығы жағынан әртүрлі екі сорт болғаны жөн.

Осы жазылып отырған кітаптың мақсаты — ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің қалың бұқарасын дәнді, дәнді-бұршақты, майлы дақылдар мен шөптердің аудандастырылған және перспективалы сорттардың биологиялық және шаруашылық ерекшеліктерімен таныстыру. Бұл осы сорттардың ішіндегі ең жақсыларын өндіріске енгізуді тездетуге көмектеседі.

Кітапты жазған кезде сорт сынаушы участоктер мен ғылми мекемелердің көпжылдық мәліметтері, сондай-ақ Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігінің материалдары пайдаланылды.

КҮЗДІК ДАҚЫЛДАР

Күздік дақылдардың ауыл шаруашылығында зор маңызы бар. Олар көктемде егін егуде және орақ кезінде жұмыстың қауырттығын кемітеді. Дәнді дақылдардың бірқатарын егу жұмысын күзге көшіру әрбір шаруашылыққа көктем жұмысын қысқа мерзім ішінде аяқтап, ауылшаруашылық дақылдары егісін күту ісін және басқа жұмыстарды дер кезінде қолға алуға мүмкіндік береді. Күздік дақылдар жаздықтардан ерте піседі, мұның өзі, әдетте, жаздық астық піскенше күздікті жыйнап алуға мүмкіндік береді. Сондықтан күздік егісі бар шаруашылықтарда еңбек ресурстары мен егіс жұмысында істейтін техника өнімдірек пайдаланылады.

Өсіп-жетілуі екі кезеңді өсімдік есебінде күздік дақылдар топырақтың ылғалын толығырақ пайдаланады. Сондықтан оларды өсіруге қолайлы аудандарда күздік дақылдар, жаздықтарға қарағанда, әрқашанда көп өнім береді. Күздік дақылдардың бітігірек болып шығатындығының тағы бір себебі — олар жаздық дақылдардан ертерек пісетіндіктен, жаздың ыстық кезінің әсеріне азырақ шалдығады, ал бұл кездің әсіресе республикамыздың оңтүстік-шығыс және батыс облыстарында дәннің құралуы мен пісіп-жетілуіне теріс әсер ететін жағдайлары аз емес.

Күздік дақылдан кейін егістік жер, жаздық дәнді дақыл егілген жермен салыстырғанда, арамшөптерден тазарақ болады. Сондықтан күздік дақылдар ауылшаруашылық дақылдарының көпшілігі үшін жақсы алғы дақыл болып есептеледі.

Республиканың колхоздарында күздік дақылдар — бидай, қарабидай, арпа — дәнді дақылдардың барлық егіс көлемінің 12 процентін алады. Бұл дақылдар республиканың оңтүстігінде көбірек орын алады. Батыс пен шығыс бұл жөнінде екінші орын алады. Қазақстанның солтүстігінде, сондай-ақ Қызылорда да және Гурьев облыстарында, күздік дақылдар бәрінен де кем егіледі.

Республиканың облыстары бойынша күздік дақылдардың үлес салмағы туралы мәлімет 1-таблицада келтірілген.

1-таблица

Күздік дақылдардың облыс топтары бойынша үлес салмағы

Облыстар	Күздіктердің дәнді дақылдардың барлық егіс көлемінің %-есебімен егіс көлемі	Соның ішінде	
		бидай	қарабидай
Алматы, Талдықорған, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан	26,6	26,4	0,1*
Ақтөбе, Батыс Қазақстан	15,9	0,1	15,8
Семей, Шығыс Қазақстан	12,7	3,9	8,8
Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Көкшетау, Ақмола, Павлодар, Қарағанды	7,0	0,9	6,1
Қызылорда, Гурьев	2,7	2,5	0,2

Күздік дақылдардың облыстар бойынша біркелкі орналаспауы республиканың жеке аймақтарының топырақ-климат жағдайларының алуан түрлі болуынан, ол жағдайлардың күздік егуге бәрі бірдей қолайлы болмауынан.

КҮЗДІК БИДАЙ

Халықтың жоғарғы сапалы тамақ өнімдері жөніндегі өсіп отырған қажеттерін қамтамасыз ету үшін бидай өндіруді бұдан былай да ұлғайтудың зор маңызы бар. Бидай наны өзінің дәмділік сапасы мен қоректілігі жағынан қарабидайдың нанынан едәуір асып түседі.

Нан пісіруден басқа, бидай дәні тамақ өнеркәсібінде жарма, макарон, вермишель тағы басқа тағамдар істеу

* 0,1 проценті арпа.

үшін кең пайдаланылады. Ұн тартқанда шығатын қалдық — кебек ауыл шаруашылығы жануарлары үшін құнарлы жақсы жем болып табылады.

СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумының қарарларында күздік және жаздық бидайдың өнімділігін арттыруға және жалпы түсімін молайтуға зор көңіл бөлінген.

Республиканың оңтүстігінің қысы жұмсақ, күз аяғында, қыстығүні және ерте көктемде жауын-шашыны мол климат жағдайлары күздік бидайдың өсуі мен өнімділігінің артуына қолайлы келеді. Ғылми мекемелердің, мемлекеттік сорт сынаушы участоктердің, колхоздардың, совхоздардың мәліметтеріне қарағанда, бұл аймақта күздік бидай, өнімділігі жағынан, жаздық бидайдан едәуір асып түседі.

2-таблицада оңтүстік және оңтүстік-шығыс облыстардың мемлекеттік сорт сынаушы участоктеріндегі күздік және жаздық бидайдың 5 жыл ішіндегі (1946—1950 жылдардағы) салыстырмалы өнімділігі келтірілген. Мысалы, Жамбыл облысы, Луговой ауданы, Абай атындағы колхоз 1952 жылы барлық егіс көлемі бойынша күздік бидайдың гектарынан 27,3 центнерден, ал жаздық бидайдан 13,7 центнерден өнім алған. Талдықорған облысы, 28 гвардияшылар атындағы ауданның Панфилов атындағы колхозында күздік бидайдың өнімі гектарына 21,4 центнер, жаздық бидайдың өнімі — 17 центнер болды. Оңтүстік Қазақстан облысы, Георгиевка ауданы, Ворошилов атындағы колхоздың егістік жерінің гектарынан 18,5 центнер күздік бидай, 12,1 центнер жаздық бидай алынды.

Қазақстанда күздік бидайдың басым көпшілігі оңтүстік және оңтүстік-шығыс облыстарда егіледі.

Осындай мәліметтер республиканың оңтүстік облыстарының колхоздары егістерінен де алынды.

Қазіргі кезде күздік бидай республиканың оңтүстік және оңтүстік-шығыс облыстарында барлық бидай егісінің үштен бірін алады.

Қазақстан Коммунистік партиясының Орталық Комитетінің VI пленумы өндірістік мол тәжрибені қорыту негізінде, Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл, Талдықорған және Алматы облыстарында күздік бидайдың егіс көлемін ұлғайту туралы қаулы алды.

Бұл шара астық түсімін едәуір арттырады және соны-

2-таблица

Күздік және жаздық бидайдың салыстырмалы өнімділігі

Облыс	Сорт сынаушы участок	Сорт		Өнім гектарынан центнер есебімен	Қосымша өнім
		күздік	жаздық		
Алматы	Қаскелең	Кооператорка	—	39,0	+ 9,7
			Эритроспермум 841	29,7	
„	Кеген		Эритроспермум 841	12,7	
		Украинка	—	24,7	+ 12,0
Талдықорған	Гвардияшылар	Кооператорка		38,0	
			—		+ 13,4
			Эритроспермум 841	24,6	
„	Сарканд		82/2	31,4	+ 1,3
			Эритроспермум 82/2	30,1	
	Талдықорған	Гостианум 237	—	29,1	+ 3,4
			Эритроспермум 82/2	25,7	
Жамбыл	Жамбыл	Псевдо-Меридиопале 122-А		60,8	+ 37,8
			—	23,0	
			Эритроспермум 82/2	11,2	+ 1,4
„	Луговое	Қызылбидай	—	9,8	
			Эритроспермум 841	29,1	+ 2,2
„	Красная горка	Украинка	—	26,9	
Оңтүстік Қазақстан	Георгиевка	Қызылбидай		27,4	+ 3,9
			—	23,5	
„	Түркстан	Грекум 433	—	27,7	+ 12,5
			Псевдо-Турцикум 2115	15,2	

мен қатар, көктемгі егіс жұмыстарының көлемін азайтады, барлық жаздық дақылдарды қысқа мерзімде егуге мүмкіндік беріп, олардың өнімділігін арттыруға көмектеседі.

Мұнымен қабат, республиканың оңтүстігі мен оңтүстік-шығысында күздік бидайдан оны өсірудің агротехникалық шараларының белгілібір комплексін орындап отырғанда ғана мол өнім алуға болатынын ұмытуға болмайды. Бұл облыстарда күздік бидайдан мол өнім алу үшін мынадай шараларды жүзеге асыру қажет:

1. Ең мол өнімді және жергілікті жағдайларға бейімделген сорттардың жоғары сапалы тұқымын белгілібір агротехникалық мерзімдерде себу керек.

2. Жаппай көктеп шығуын қамтамасыз ету қажет.

3. Өсімдіктің күзде қалыпты өсуіне жағдай туғызу керек.

4. Көктем кезінде қолайлы су және қорек режимін жасау қажет.

5. Суармалы жерлерде 1—2 вегетациялық суару жүргізу керек.

Тәлімі ауыспалы егістерде күздік бидайды күзде жыртылған таза парға еккен жөн. Мұндай пар, көктемде жыртылған пардан гөрі, топыраққа ылғалдың көп жиналуы мен сақталуын қамтамасыз етеді. Қазіргі кезде колхоздарда күздік бидайды ылғалды аз сақтаған, көктемде кеш жыртылған парға егушілік жиі кездеседі. Мұндай жағдайда күздік бидай, әдетте, қалыпты көктеп шыға алмайды.

Қара парды күту жұмысы топырақта ылғалдың мол сақталуына және арамшөппен күресуге бағытталған болуға тиіс. Бұл үшін қара пар топырақтың жыртылатын қабатын кептірмей, қайта оның 6—7 см терендігіндегі ылғалдың сақталуын қамтамасыз ететін құралдармен (қазтабан культиватормен, жерсыдырғышпен) өңделеді.

Суармалы жерлерде таза пар қалдыру тиімсіз келеді. Ғылми мекемелердің тәжрибесі және колхоздар мен совхоздардың озат практикасы күзде жыртылып, көктемде сыйыржоңышқа-сұлы қоспасы егілген пардан түсетін өнімнің таза қара пардың өнімінен кем болмайтынын көрсетті. Бірақ бұл үшін пар танабын егілген дақылдан босатып, егісі жыйналып болысымен, жыртар алдында суарып, тыңайтқыш енгізіп, шолақтүренді плугпен терең жыртып тастау керек.

Суармалы жерлерде парды бос қалдырмау үшін егілетін дақылдар есебінде ерте пісетін картопты, ерте пісетін овощьтарды: редисті, қыярды, салатты, көк пиязды т. с. пайдалануға болады.

Жамбыл ауылшаруашылық тәжрибе станциясының (Жамбыл облысы) мәліметтері бойынша, күздік бидай үшін қант қызылшасы жақсы алғы дақыл болып есептеледі. Бұл станцияның тәжрибесі қызылшадан кейін егілген күздік бидайдың сол қызылшадан кейін егілген жаздық бидайдан гектарына 5—7 центнер артық өнім беретінін дәлелдеді.

Демек, қант қызылшасын немесе басқа отамалы дақылды ерте мерзімде жыйнауға мүмкіншілігі бар шаруашылықтарда күздік егу тиімді болады. Қант қызылшасын жыйнауды механикаландырудың күннен-күнге өсуі ауыспалы егіс танабын бұл дақылдан тез босатып, одан кейін күздік бидай егуге мүмкіндік береді. Мұндай мүмкіншілік Жамбыл, Алматы, Талдықорған облыстарының қызылша егуші аудандарының көпшілігінде бар.

Күздік бидайдың ауыспалы егістегі үлес салмағын оны парға егілмеген алғы дақылдардың (күздік не жаздық бидай) соңынан егіп арттыруға болады. Мол өнім алу үшін күздік немесе жаздық бидайдан босаған танап міндетті түрде суарылып, азотты және фосфорлы тыңайтқыштар енгізіліп, шолақтүренді плугпен 20—22 сантиметр тереңдікте жыртылады да, соңынан іле-шала тырмалап тасталады.

Оңтүстіктің жағдайында күздік бидайды себу мезгілінің зор маңызы бар. Егістің кейде құрып кететінінің себебі жерді егіске нашар дайындаудың салдары ғана емес, сонымен қабат, тым кеш себудің нәтижесі. Кеш егілген күздік бидай күзде жақсы жетіле алмайды да, қыстыгүні, көбінесе ерте көктемде мүлде құрып кетеді немесе өте сиреп қалады.

Республиканың оңтүстік және оңтүстік-шығыс облыстарында күздік бидайды егудің ең қолайлы мерзімдері мынадай болады:

Оңтүстік Қазақстан мен Жамбыл облыстары үшін сентябрьдің екінші жартысы — октябрьдің бас кезі;

Алматы, Талдықорған және Қызылорда облыстары үшін 10—20 сентябрь.

Алматы облысының Кеген, Нарынқол аудандары, Талдықорған облысының Дзержинский ауданы және Андреев, 28 гвардияшылар аудандарының таулы бөлегі сыяқты таулы аудандардың жағдайы өзгеше келеді, бұл жерлерде күздік бидайды осы екі облыстың басқа аудандарынан 15—20 күн бұрын еккен жөн.

Республиканың кең көлемді жерлерінде техникалық дақылдар — мақта, қант қызылшасы, темекі т. с. егілетін оңтүстік және оңтүстік-шығыс аудандары жағдайында, күздік бидайды ерте көктемде суару жұмысын техникалық дақылдар мен овощтарды суаруға кіріспестен бұрын жүргізу қажет.

Семей мен Шығыс Қазақстан облыстарында күздік бидай егісі осы дақылдың бүкіл республикадағы егіс көлемінің 10 процентten астамын алады. Алайда осы облыстардағы барлық дәнді дақылдардың жалпы көлемінде оның үлес салмағы өте төмен — тек болғаны 4 процентке жуық. Семей облысында ол, негізінен, өздерінің табиғи жағдайлары жағынан республиканың оңтүстік-шығыс аудандарына жақын келетін Мақаншы және Үржар аудандарында өсіріледі. Шығыс Қазақстан облысында күздік бидай көбінесе таулы және суармалы аудандарда егіледі. Мұнда оның өсіп-дамуы үшін жақсы жағдай бар және қыстан шыққанда сиреп қалуы да аз болады. Ал осы екі облыстың далалық аудандарында күздік бидайдың ішін-ара немесе толық құрып кетуі жиі кездеседі. Шығыс Қазақстан облысының таулы аудандарында күздік бидайдың құрып кетуі кейде қардың өте қалың түскендігінен, ал далалық аудандарда, негізінен, қардың жұқа түсуінен, бұл жерлерде қыста қатты аяз соғуынан болады.

Бұдан, Семей мен Шығыс Қазақстан облыстарының территориясында климат жағдайларының әртүрлі екені көрінеді. Жеке аудандар үшін күздік бидай егудің белгілібір агротехникасын таңдап алу осы жағдайларға байланысты болады. Мысалы, Семей облысының Зайсан, Тарбағатай және Күршім аудандарында күздік бидайдың агротехникасы республиканың оңтүстік-шығыс облыстарындағы суармалы және тәлімі жерлерге егілетін күздік бидайдың агротехникасына ұқсас келеді.

Шығыс Қазақстан облысының таулы аудандарында күздік бидайды ылғалдың топырақта мол жыйналып, сақталуына көмектесетін таза қара парға ену жұмысын күзгі аяз соққанша түптену процесінің аяқталуы қамтамасыз етілетін мерзімдерде жүргізу керек.

Республиканың солтүстік және солтүстік-шығыс облыстарының далалы ашық аймақтарында басқаша агротехника қолданылуға тиіс, өйткені мұнда күздік бидай

қыстың қатал жағдайына төзе алмай, көбінесе үсіп кетеді.

Сондықтан бұл облыстарда күздік бидай өсіруді өндіріске енгізу үшін академик Т. Д. Лысенко жасап шығарған жаңа әдісті — күздік бидайды жаздық бидайдың аңызына егу әдісін кең қолданудың шешуші маңызы бар. Бұл әдіс бойынша, күздік бидай арамшөптерден таза, тыңайтқыш енгізілген парға немесе көпжылдық шөптердің соңынан егілген жаздық бидайдың орнына себіледі. Бұл — аңыздың арамшөптерден таза болуын және күздік бидайдың көктеп шығуына өте-мөте қажетті қоректік заттардың жеткілікті запасы болуын қамтамасыз етеді. Күздік бидайдың тұқымымен бірге гектарына 1—1,5 центнер есебімен топыраққа минерал тыңайтқыштар — суперфосфат енгізілуге тиіс. Ерте көктемде егіс гектарына 0,75—1,0 центнер есебімен аммиакты селитрамен үстеп қоректендірілуге тиіс.

Күздік бидайды аңызға еккенде, оның жаңа шыққан көгі парға еккенде жиі кездесетін топырақ боранының зиянды әсеріне ұшырамайды. Оның үстіне, аңызға егілетін күздік бидайдың көгі қыстың бас кезінен-ақ төмен (суық) температураның әсерінен қорғалған болады. Мұның мәнісі — аңызға түскен қарды жел ұшырып әкете алмайды. Аңызға егу күздік бидайдың тамыр жүйесін қыс кезінде үзілуден аман сақтайды.

Топырақта қоректік заттардың жеткілікті болуы және аңызға егілген күздік бидайды үстеп қоректендіру оның ерте көктемде қаулап өсуін және мол өнімді болуын қамтамасыз етеді. Мысалы, Ішкі істер министрлігінің Қарағанды совхозы бұл дақылдан жыл сайын мол өнім алып келеді.

Семей мемлекеттік селекция станциясының мәліметтеріне қарағанда, 5 жыл қатарынан сынағанда таза парға егілген күздік бидай егісі орта есеппен 79—95 процентке дейін, ықтырмалы парға егілгені 62 процентten 81 процентке дейін үсіп кеткен, ал өңделмеген аңызға егілген күздік бидай егісінің 3 процентten 15 процентке дейіні ғана үсіген. Қарағанды облысының колхоздары аңызға егу ісін жақсы меңгеріп, соңғы жылдары күздік бидайды кең көлемді жерлерде — 10 мыңнан астам гектарға өсіріп жүр.

Күздік бидайды солтүстік облыстар мен шығыс об-

лыстардың далалық аудандарында аңызға егу көктеп шыққан егісті үсіп кетуден аман сақтаудың негізгі тәсілі болып табылады.

Кейбір колхоздар мен совхоздарда күздік бидайды аңызға егудің нәтижелі болмауының себебі — ең алдымен осы әдісті дұрыс қолданбаушылықтан болып отыр. Солтүстік-шығыс облыстарда күздік бидайды себу мерзімдерінің ерекше маңызы бар. Мұнда тұқым себу жұмысы 1—5 сентябрьден кешіктірілмей аяқталуға тиіс.

Республиканың топырақ-климат аймақтарының жеке ерекшеліктері болуына байланысты, күздік бидайдың сорттарына белгілібір талаптар қойылады. Сорттың дәні жақсы сапалы мол өнім беретін қабілеті болу керек, өндірістің күздік бидайдың да, басқа дақылдардың да әрбір сортына қоятын басты талабы осы. Бұл құнды белгі сорттардың басқа да қажетті шаруашылық және биологиялық белгілерімен байланысты.

Күздік бидайдың негізгі базасы — республиканың оңтүстігі мен оңтүстік-шығысы. Мұнда көктем кезінде, әдетте, жауын-шашын көп болатын және күздік бидайдың едәуір бөлегі суармалы жерлерге егіледі. Бұл аймақтың жағдайында күздік бидайдың жатып қалуға беріктігінің маңызы арта түседі. Егіс жатып қалғанда тұқым қалыпты пісіп жетіле алмайды, дән толыса алмай, нашар сапалы пыш дәнге айналады. Оның үстіне, жатып қалған астықты комбайнмен жыйнау үлкен қыйындыққа түседі және өнімнің едәуір бөлегі ысырап болады.

Өндіріс үшін сорттардың тотыққа берік болуының үлкен маңызы бар. Көктем кезінде жауын-шашынның көп түсуі бұл аурудың әр түрінің күздік бидай егісіне тарап кетуіне себеп болады. Әсіресе гүлденгенше тат түскен күздік бидайдың өсімдігі қалыпты өсе алмайды, ал мұның өзі өнім мен дән сапасына үлкен нұқсан келтіреді.

Республиканың оңтүстік және оңтүстік-шығыс облыстарында ауаның температурасы жоғары және ылғалы шамалы болады. Бұл аймақтағы өндіріске күздік бидайдың өніп-өсу дәуірі қысқа, күзгі-қысқы жауын-шашынды жақсы пайдалана алатын сорттарын қолдану өте маңызды. Өніп-өсу дәуірі ұзақ сорттардың дәні сапасыз, пыш болып шығады да, өнімі мүлдем азайып кетеді.

Тәлімі егіншілік үшін күздік бидайдың тіпті жаздың алғашқы жартысында жауын-шашын болмаса да мол өнім бере алатын, қуаңшылыққа төзімді сорттары болуы

қажет. Мұндай талапқа тез пісіп-жетілгіш сорттар сай келеді. Мысалы, бұлардың қатарына күздік бидай Грекум 433 жатады, ол Оңтүстік Қазақстан облысының ең қатал тәлімі егіншілігі жағдайында көп тараған.

Республиканың оңтүстік облыстары үшін күздік бидайдың сорттарына қойылып отырған, жоғарыда келтірілген талаптар Семей мен Шығыс Қазақстан облыстарының оңтүстік-шығыс аудандарының суармалы және тәлімі егіншілігіне қажет сорттарға да сондай дәрежеде қойылады. Республика жерінің қалған бөлегі үшін күздік бидайдың сорттарына қойылатын негізгі талап — қысқа өте төзімділігі, қыс кезінің қатал жағдайларын көтергіштік қабілеті болып табылады.

Солтүстік облыстарда күздік бидайдың сорттары қысқа төзімділігі жағынан осы жерлерде тараған күздік бидайдың сорттарына жақын болуға тиіс.

Қазақстанның барлық облыстарында да күздік бидай сорттары қатты және тозаңды қарақүйеге өте берік болуы қажет.

Аудандастырылған және перспективалы сорттар оларға қойылатын негізгі талаптарға мейлінше сай келеді. Күздік бидайдың сорттары өздерінің ерекшеліктеріне қарай, республиканың белгілібір аймақтарына аудандастырылады.

3-таблицада күздік бидайдың облыстар бойынша аудандастырылған сорттары келтірілген.

Аудандастырылған сорттардың ішінде Гибрид 599, Псевдо-Меридионале 122, Ульяновка, Альборубрум 22308 сыяқтылары біршама жаңа сорттар. Бұл сорттардың шаруашылық және биологиялық бірқатар құнды белгілері жағынан ескі сорттардан артықшылығы бар. Сондықтан, мысалы, Гибрид 599 Талдықорған, Алматы облыстарында; Псевдо-Меридионале 122—А Жамбыл облысында; Ульяновка — Семей облысында Украинка сортының орнына пайдаланылады. Оңтүстік Қазақстан облысында Альборубрум 22308 сорты ішінара Грекум 433 сортының орнына алынуға тиіс. Сарыағаш ауданындағы «Дарбаза» совхозы Грекум 433 сортын өз өндірісінен мүлде шығарып, орнына Альборубрум 22308 сортын егіп жүр.

Төменде келтіріліп отырған сорттардың ерекшеліктерімен танысу ауылшаруашылық мамандарына оларды ең тиімді түрде пайдаланып, мол өнім алуға көмектеседі.

Күздік бидайдың сорттары

Алабас. Бұл сортты Қарағандының селекция тәжрибе станциясы, Безенчук мемлекеттік селекция станциясының Б-Г-20 сортының 1938/1939 жылы қыстан аман шыққан күздігінің ішінен қайта-қайта іріктеп алу, одан кейін өзара будандастыру жолымен өсіріп шығарды.



1-сурет. Алабас.

Бұл Лютесценстің түр бөлігіне жатады. Масағы қылтықсыз, ақ, ұзын (8—10 см) болады, дәні көп, дәнінің саны 16—20 дан 38 ге дейін жетеді, дәні қызыл, ұнды болады. Қуаңшылық жылдары дәні ұсақ болады (1000 дәннің салмағы 18—23 г.), ылғал бірқелкі болған жылдары дәнінің ірілігі орташа (26—33 г.), ұндық және нандық сапасы орташа.

Алабас сорты Қазақстанның солтүстік және солтүстік-шығыс облыстарының жағдайында қысқа ең төзімді сорт. Шығыс Қазақстан облысы, Таврия сорт сынаушы участогінде 1946—1947 жылы қыста сыналған 5 түрлі сорттың ішінен тек осы Алабас сорты аман шықты және гектарына 14,5 центнерден өнім берді, қалған сорттардың бәрі құрып кетті.

Сорттың пісіп-жетілуі орташа, қуаң желге төзімділігі де орташа. Көктемде жақсы өсіп шықса, одан кейін топырақтың шөлірқеуіне сондай төзімді келеді.

Құйылуға беріктігі орташа болады, сабағының биіктігі орташа (жыл жағдайына байланысты биіктігі 50—100 см), жатып калмайды.

Сорт өсімдік ауруларына берілмейді. Ауылшаруашылық зиянды жәндіктерінің ішінен швед шыбыны мен астық бүргесі ғана аздап зақым келтіре алады.

Аудандастырылған аймақтарда Алабас сорты кең таралып, өнімділігі жағынан әзірге ең жақсы сорт болып табылады. Ақмола облысы, Шортанды сорт сынаушы участогінде 4 жылдың ішінде (1947—1952 жылдары) орта есеппен гектарынан 19,5 цент-

3-таблица

Облыстар бойынша аудандастырылған сорттардың бөлінуі

Облыстар	Украина	Гостианум 237	Кооператорка	Грекум 433	Алабас	Лютесценс 3 9	Қызылбидай	Жергілікті Беленкая	Жергілікті Иканка	Гибрид 595	Псевдо-Меридиолале 122-А	Ульяновка	Альбогубрум 2308	Жергілікті лентерлік	Облыстарда аудандастырылған сорттардың саны
Алматы	×	—	×	—	—	—	—	—	—	×	—	—	—	—	3
Ақмола	—	—	—	—	×	—	—	—	—	—	—	—	—	—	1
Ақтөбе	—	×	—	—	—	—	—	—	—	—	—	—	—	—	1
Шығыс-Қазақстан	×	×	—	—	×	×	—	—	—	—	—	—	—	—	4
Гурьев	—	—	—	—	—	—	—	—	—	—	—	—	—	—	—
Жамбыл	×	×	—	—	—	—	×	×	—	—	×	—	—	—	5
Батыс-Қазақстан	—	×	—	—	—	—	—	—	—	—	—	—	—	—	1
Қарағанды	—	—	—	—	×	—	—	—	—	—	—	—	—	—	1
Қызылорда	—	—	—	—	—	—	—	—	—	—	—	—	—	—	—
Көкшетау	—	—	—	—	×	×	—	—	—	—	—	—	—	—	2
Қостанай	—	—	—	—	×	—	—	—	—	—	—	—	—	—	1
Павлодар	—	—	—	—	—	—	—	—	—	—	—	—	—	—	—
Солт. Қазақстан	—	—	—	—	×	×	—	—	—	—	—	—	—	—	2
Семей	×	×	—	—	—	×	—	—	—	×	—	×	—	—	4
Талдықорған	×	×	—	×	—	—	×	—	×	—	—	—	×	×	5
Оңтүст. Қазақст.	—	—	—	—	—	—	—	—	—	—	—	—	—	—	—
Сорттың аудандастырылған облыстарының саны	5	6	1	1	6	4	2	1	1	2	1	1	1	1	1

Ескерту. Х белгісі сол облыста аудандастырылған сортты көрсетеді.

нерден, ал 1947 жылы — 22,8 центнерден өнім алынды. Шығыс Қазақстан облысы, Таврия сорт сынаушы участогінде кейбір жылдары гектарынан 18,3 центнер, тіпті 27,9 центнерге дейін өнім алынған. Қостанай облысы, Қарабалық сорт сынаушы участогі гектарынан 12—16,5 центнерге дейін өнім алады.



2-сурет.
Грекум 433.

Жаздық бидайдың аңызына тыңайтқыш енгізіліп пар айдаған жерге себілген Алабас сорты жыл сайын тұрақты мол өнім береді. Мұндағы міндетті агротәсіл — күздік бидайды себумен бірге түйірлі тыңайтқыштар енгізу және көктем шығысымен аммиак селитрасымен үстеп қоректендіру.

Алабас сорты Ақмола, Қарағанды, Көкшетау, Қостанай облыстарында және Шығыс Қазақстан облысының аласа адырлы аймақтарында аудандастырылған.

Грекум 433. Бұл сортты Красноводопад мемлекеттік селекция станциясында Тәжік ССР-ның Ура-төбе ауданының жергілікті бидайынан жеке іріктеп алу әдісімен А. Г. Гольбек өсіріп шығарған.

Бұл грекумнің түр бөлігіне жатады. Масағы ұршық тәріздес, қылтықты, ақ, дәні көп (дәннің саны 17—25) болады.

Дәнінің ірілігі орташа (1000 дәннің салмағы 30—34, тіпті 39 г.), ақ, жылтыр болады.


Ұндық сапасы жақсы, нандық сапасы ортадан жоғары.

Сорттың пісіп жетілуі орташа. Қызылбидайдан 6 күн бұрын піседі. Қуаңшылыққа төзімділігі де орташа. Өнтүстіктің жылы қысы жағдайында

көктемгі өсіп-өну кезінде өсімдіктің 90—100 проценті аман шығады. Суармалы және жауын-шашынды жылдары тәлімі жерлерде өнімді өте молырақ береді.

Құйылуға берік болады. Сабағы биік (90—120 см) және берік, жатып қалмайды. Тозанды қара күйемен аз, ал қатты қаракүйемен орташа зақымданады.

Грекум 433 өнімді сортқа жатады. Шымкент тәлімі сорт сынаушы участогінде 1952 жылы гектарынан 25,8 центнерден, ал Түркстан сорт сынаушы (суармалы) участогінде — 34,6—36,9 центнерден өнім алынды. Бұл сынаудағы барлық сорттардың ішінде бірінші орынға ие болып отыр. Бұл сорт тәлімі және суармалы жерлерде өсіру үшін Оңтүстік Қазақстан облысында аудандастырылған.



3-сурет. Гостианум 237.

Гостианум 237. Бұл сортты бұрынғы Саратов селекция станциясы (кәзір ССРО-ның оңтүстік-шығыс ауыл шаруашылығы институты) күздік бидайдың Украинадан Волга бойына әкелінген, Харьковтік жергілікті, қылтықты қызыл сортынан жекелеп іріктеу әдісімен өсіріп шығарған.

Бұл—гостианумнің түр бөлігіне жатады. Оның масағы қылтықты, жұмыр дерлік, қысқа (6—9 см.), тығыз, көп дәнді келеді. Қабыршақтары аздап түкті болады. Дәнінің ірілігі орташа (1000 дәнінің салмағы өніп-өсуінің жағдайына қарай — 25—37 г.), дәні қызыл, сопақша, жартылай мөлдір, ұн тартуға, нан пісіруге жақсы сапалы болады.

Бұл сорт — тез пісіп-жетілгіш. Қуаңшылыққа жақсы төзгіш, сонымен қабат, ылғалдандырылғанда жақсы нәтиже береді.

Гостианум 237 сорты өсірілетін негізгі аудандарда бұл сорт қысқа төзгіш келеді және осы белгісі жағынан көп тараған Украинка сортынан едәуір асып түседі. Республиканың батыс және солтүстік облыстарының қатал қыс жағдайларына онша көп төзе алмайды.

Гостианум құйылып қалуға қарсы жеткілікті берік емес. Егін пісіңкіреп кеткенде дәнінің 20 процентіне дейінгі құйылып, ысырап болады. Сондықтан мұны дер кезінде орып алудың зор маңызы бар. Өнімі гектарына 25 центнер және одан да жоғары болса, гостианум көбірек жатып қалады.

Бұл сорт қызылқоңыр татқа, орталық склеротинияға шамалы шалдығады. Аудандастырылған аймақтарында бұл сорт — ең өнімді сорттардың бірі.

Мысалы, Талдықорған облысының Сарканд сорт сынаушы тәлімі участогінде 14 жыл бойы сынағанда оның орташа өнімі гектарынан 30, 8 центнер болып жүрді, яғни сорт сынаушы участок аймағында кең тараған Украинка сортының өнімінен гектарына 5,4 центнер асып түсті. Мұнда кейбір қолайлы жылдары Гостианум 237 сорты гектарынан 43,3 тіпті 52,6 центнер өнім беріп жүрді.

Жамбыл облысының Красногор сорт сынаушы тәлімі участогі гектарынан 24 центнер және одан да артық өнім алып келеді. 1952 жылы мұнда гектарынан 48,1 центнерден алынды. Жамбыл сорт сынаушы суармалы участогінде 14 жыл ішіндегі орташа өнім гектарынан 41,8 центнер болды, ал соңғы 5 жыл ішінде, шөптанапты ауыспалы егісті меңгеру арқасында бұл сорттың өнімі гектарынан 51,3 центнерге дейін артты. Гектарынан түскен ең жоғары өнім 59,8 центнерге жетті. Сорт сынаушы участоктің мәліметтеріне қарағанда, Гостианум 237 сорты суармалы жерлерде қызылбидай және жергілікті Беленькая сорттарынан өнімді гектарынан 4,4—5,8 центнер артық береді, ал Псевдо-Мериодионале 122-А сортынан гектарына 5,1 центнер өнімді кем береді (бірақ нандық сапасы жағынан одан артық келеді). Семей облысының Үржар сорт сынаушы тәлімі участогі гектарынан 33,0 центнерге дейін өнім алып жүр.

Республиканың көптеген озат шаруашылықтары Гостианум 237 сортын кең көлемді жерлерге егіп, өнімді мол алуда. Мысалы, Жамбыл облысының Свердлов ауданындағы «Трудовой пахарь» колхозындағы Ф. С. Золотарев жолдастың бригадасы 1952 жылы 31 гектар суармалы участоктің гектарынан 29,5 центнерден өнім алды. Жамбыл облысының, Шу ауданындағы «Новый путь» колхозындағы А. Әлиев жолдастың бригадасы 1952 жылы 336 гектар жерден 26,6 центнерден өнім алды.

Гостианум 237 сорты Жамбыл облысында тәлімі және суармалы жерлерде, сондай-ақ Талдықорған облысында (таулы аймақтағы аудандарынан басқасы), Шығыс Қазақстан облысының адырлы және суармалы аудандарында, Ақтөбе мен Батыс Қазақстан облыстарының солтүстік және орталық аймақтарында өсіру үшін аудандастырылған.

Қызылбидай. Оңтүстік Қазақстан облысының Бостандық ауданынан шыққан, көптен келе жатқан жергілікті сорт.

Мұнда эритроспермумнің түр белгісі басым келеді. Масағы қылтықты, ақ, жапырағы түкті, дәні қошқыл қызыл. Ұны аз, және нандық сапасы орташа. Соң пісетіндігіне қарамастан, топырақтың және ауаның аңызағына төзімділігінің арқасында дәнінің жалпы салмағы 45—48 г. болып, жақсы толады.

Пісіп-жетілуі орташа — Гостианумнан 3—7 күн кейінірек піседі. Қуаңшылыққа өте төзімді.

Құйылуға берік, сонымен бірге оңай бастырылатын сорт. Тәлімі жерде жатып қалмай тік өседі, комбайнмен жыйнауға әбден келеді. Суармалы жерде жатып қалғыш болады. Тозаңды қаракүйемен аз зыянданады, ал қатты қаракүйеге тез ұшырайды. Сары татпен зақымдануы орташа болады.

Тәлімі аймаққа аудандастырылған Қызылбидай мол өнім береді. Оңтүстік Қазақстан облысының Георгиев сорт сынаушы участогінде аудандастырылған және өсірілетін басқа сорттардың ішінде түсімділігі жағынан Қызылбидай бірінші орын алады. Мұнда бұл сорттың түсімі бес жылдың ішінде гектарына 29,6 центнерден болды, бұл аудандастырылған екінші сорт — жергілікті ленгерлік сорттан 2,2 центнер көп. 1952 жылы сорт сынаушы участок гектарынан 41,8 центнерден өнім алды. 1950

жылғы болған қатты қуаңшылық жағдайдың өзінде Қызылбидай гектарынан 19,6 центнер өнім берді, бұл басқа сорттардың түсімінен 2,1—5,9 центнер көп.

Жамбыл облысының Красногор тәлімі сорт сынаушы участогінде де Қызылбидай ең түсімді сорт. 8 жыл бойына жүргізілген салыстырмалы сынауда оның түсімділігі Украинкадан 2,2 центнер артық түсті. Оның соңғы 5 жылдың ішіндегі түсімділігі орташа есеппен гектарына 35,7 центнерден, ал жағдайлы жылдары одан да көп — 40,6 (1949 жылы), тіпті 48,2 центнерден (1952 жылы) болды.

Жамбыл облысы, Меркі ауданы, «Красный Восток» колхозының егіс бригадасы (бригадирі Суйдимов жолдас) 1952 жылы 100 гектар тәлімі участокке егілген Қызылбидайдың гектарынан 23 центнерден, Жамбыл облысы, Красногор ауданы, Киров атындағы колхозда Атабаев жолдастың бригадасы 148 гектар тәлімі жердің көлемінен 25 центнерден өнім алған.

Красногор ауданы, Сталин атындағы колхозда Мұрзашевтың бригадасы 82 гектар егіс көлемінен 27,7 центнерден өнім алған.

Жамбыл сорт сынаушы участогінде суармалы жерге егілген Қызылбидай жалпы алғанда мол өнім (гектарына 56,9 центнерден, ал 5 жылдың ішінде орта есеппен гектарынан 48,9 центнерден) бергеніне қарамастан, дегенмен аудандастырылған басқа сорттардан едәуір төмен (Гостианум 237-ден 2,4 центнер, Псевдо-Меридионале 122-А дан 7,5 центнер) өнім берді.

Жамбыл мен Оңтүстік Қазақстан облыстарында бұл сорт суармалы және тәлімі жерлерге аудандастырылған. Тегіс жақсы өсіп шығады. Қыстың жылы жағдайын жақсы көтереді.

Қызылбидай сорты Оңтүстік Қазақстан облысында ылғалы мол тәлімі жерге егілетін болып алды, бұл егістің көлемі Жамбыл облысында да осы жағдайда ұлғайтылуға тиіс.

Бұл сорт үшін ең жақсы агрокомплекс — алғашында гектарына 65 килограмм фосфор, 30 килограмм азот есебімен фосфор-азот тыңайтқышы енгізілген қара парға егу деп білу керек, гектарына 150—180 килограмм мөлшерінде тұқым себу керек. Оңтүстік Қазақстан облысы, Түлкібас агротехникалық сорт сынаушы участогінің жүр-

гізген тәжрибесі осыны көрсетіп отыр, мұнда Қызылбидай сорты кеңінен қолданылады.

Сынау жұмысы үш жыл бойына (1950—1952 жылдары) жүргізілді және ол мынадай нәтиже берді:

4-таблица

Тыңайтқыш пен тұқым себу нормасының қызылбидайдың өнімділігіне әсері

Қорек түрі	Тұқым себу нормасы (гектарына килограмм есебімен)		
	120	150	180
	гектарынан центнер есебінен алынатын өнім		
Бақылау	15,1	17,0	17,7
Тыңайтылған Р	19,3	22,4	22,7
Тыңайтылған Р. №.	21,7	22,6	23,3

Бұл таблица мынаны көрсетеді: тәжрибенің барлық түрінде гектарына 120 килограмнан тұқым себілсе норма кемітілген болады, ал 150 килограммен салыстырғанда гектарына 180 килограмнан тұқым себу шаруашылық жағынан пайдалы болмайды. Фосфор-азот тыңайтқыш енгізу гектарына 4,2 ден 5,4 центнерге дейін қосымша өнім береді.

Кооператорка. Бұл сортты бұрынғы Одесса селекция станциясында (кәзіргі Бүкілодақтық селекция-генетика институты) Херсон тәжрибе егістігінен әкелінген жергілікті Крымка (№ 15) сортынан жекелеп іріктеп алу әдісі арқылы А. А. Сапегин өсіріп шығарған.

Бұл — эритроспермумның бір түрі. Масағы қылтықты, ақ, ұзындығы орташа (8—9 см), дәні көп (дәнінің саны 30—35) болады. Дәні ірі (1000 дәннің салмағы — 35—43 г.), қошқылқызыл, толық келеді. Осы сорт өсірілетін аудандарда дәні аңызақ желдер басталғанша толысып үлгіреді. Нандық сапасы ортадан жоғары.

Бұл сорт — тез пісіп-жетілгіш.

Оның артықшылығы — күзгі және жазғы қуаңшылыққа төзімді келеді.

Құйылып қалуға да берік. Сорттың кемшіліктеріне — оруын механикаландыруды қыйындататын жауын-шашынды жылдарда жатып қалғыштығы және оған 50

процентке дейін қызыл-қоңыр, сары таттың жұққыштығы жатады.

Тозаңды және катты қаракүйеге, сондай-ақ ауыл шаруашылығының зиянды жәндіктерінің бұлдіруіне төзімді келеді.

Аудандастырылған аймақтарында бұл сорттан мол өнім түседі. Іле сорт сынаушы суармалы участогінде соңғы 3 жыл ішінде алғы дақылдың (сыйыржоңышқа-сұлы немесе сыйыржоңышқа-чина-арпа қоспасы) орнына егілген егістің гектарынан орта есеппен 32,8 центнерден, ал 1952 жылы — 42,2 центнерден өнім алынды. 11 жыл бойы салыстырып зерттеуде Кооператорка республикамызда көп тараған Украинка сортынан гектарына 1,7 центнер өнімді артық беріп отырды.

Қаскелең сорт сынаушы тәлімі участогінде 14 жыл ішінде Кооператорканың гектарынан орта есеппен 32,0 центнерден өнім алынды. Кооператорка жоғары агротехника қолданғанда жақсы нәтиже береді. Ауыспалы егісті, топырақ өңдеу және тыңайтқыш енгізу системаларын меңгеру нәтижесінде одан соңғы 5 жыл ішінде сорт сынаушы участок жерінің гектарынан орта есеппен 38,2 центнерден өнім алынды. Ең қолайсыз жылдардың өзінде оның өнімі гектарына 27,5 центнерден төмен түспеді, ал жақсы жылдары — гектарына 46,9 центнерге дейін жетіп жүрді. Осы сорт сынаушы участоктің көпжылдық тәжрибесіне қарағанда, Кооператорканың өнімді Украинка сортынан 5,2 центнер артық беретіні анықталды.

Кооператорканың мол өнімді сорт екенін өндірістік мәліметтер де дәлелдеп отыр. Мысалы, Алматы облысы Алматы ауданының «Луч Востока» колхозының бригадасы (бригадирі Мищенко жолдас) 1952 жылы 101 гектар егістің әрбір гектарынан 24,8 центнерден алды.

Алматы облысы, Жамбыл ауданының Ленин атындағы колхозының бригадасы (бригадирі Қадірқұлов жолдас) 29 гектар жердің гектарынан 37,0 центнерден өнім жыйнады. Алматы облысы, Жамбыл ауданының «Путь к социализму» колхозының Спиваков жолдас басқарған егіс бригадасы да 40 гектар жерден 27 центнерден өнім алып отыр.

Алматы облысында Кооператорка сорты тәлімі және суармалы жерлерде өсіру үшін аудандастырылған. Соңғы үш жыл ішінде Кооператорканың егіс көлемі едәуір ұлғайды, ал 1952 жылы оның сортты егіс ішіндегі үлес


салмағы, 1950 жылғы 32,6 проценттің орнына, 51,6 процент болды.

Псевдо-Меридионале 122-А. Бұл сорт Бүкілодақтық өсімдік шаруашлығы институтінде (Орта азиялық станция) Шаповаловка күздік ақ бидайынан жеке іріктеп алу әдісімен өсіріліп шығарылды.

Бұл псевдо-меридионаленің түр бөлігіне жатады. Масағы ақ, қылтықты, қара болады, жапырағы түкті. Дәнінің ірілігі жағынан Жамбыл облысында аудандастырылған күздік бидайлардың барлық сорттарынан асып түседі (1000 дәннің салмағы 45—50 г.). Дәні ақ, жылтыр тартылуы орташа, бірақ нандық сапасы онша емес. Бұл сорттан пісірілген нанның кемшілігі үгілгіш келеді және тез кеуіп кетеді.

Псевдо-Меридионале 122-А тез пісетін сортқа жатады. Жамбыл облысында аудандастырылған жергілікті Ақбидай мен Қызылбидай сорттарынан 2—5 күн бұрын піседі.

Масағының ұзындығы 110—130 см, серпімді болады. Әшейін жылдары жатып қалуға берік келеді, бұл егінді комбайнмен жыйнауға мүмкіндік береді. Кейбір жауынды-шашынды және қатты жел соққан жылдары ғана жатып қалады. Құйылуға беріктігі жағынан республикада егілетін күздік бидайдың барлық сорттары-



4-сурет. Псевдо-Меридионале 22—А.

нан жақсы болады. Ауа райының қандай жағдайында болсын, тіпті өте пісіп кеткен кездің өзінде де құйылмайды, бірақ тартуға қыйын болады.

Кейбір жылдары қатты қаракүйемен зақымдалады. Басқа ауруларға аз зақымдалады.

Суармалы аймақтарға аудандастырылған Псевдо-Меридионале 122-А түсімділігі жағынан барлық сорттардан асып түседі. Мысалы, Жамбыл ауданындағы суармалы сорт сынаушы участогінде 11 жылдың ішінде орта есеппен гектарынан 49,1 центнерден өнім алынды. Шөптанапты ауыспалы егіс системасының барлық түрін меңгеріп, сорт сынаушы участок соңғы бес жылдың ішінде (1948—1952 жылдары) осы сорттан мол өнім — гектарынан 56,4 центнерден алды. Кейбір жылдары гектарынан алынған өнім 62,7 центнерге (1948 жылы) және 64,0 центнерге (1950 жылы) жетті.

Сорт сынаушы участоктың көп жылдық мәліметіне қарағанда, Псевдо-Меридионале 122-А түсімділігі жағынан Гостианум 237 ден гектарынан 5,1 центнер, Қызылбидайдан — 7,5 жергілікті Беленькаядан — 10,9 центнер асып түседі.

Колхоздарда кеңінен жүргізілген өндірістік сынау да Псевдо-Меридионале 122-ның мол өнім беретіндігін дәлелдейді. Мысалы, Жамбыл ауданының «Октябрь» ауылшаруашылық артелінде 1952 жылы екі вегетациялық суаруда гектарынан 28,0 центнерден, осы ауданның «Жас өркін» колхозында үш вегетациялық суаруда гектарынан 38,0 центнерден, ал Сталин атындағы колхозында 1952 жылы 20 гектардан 32,0 центнерден өнім алынды.

Жамбыл облысының суармалы аймағына аудандастырылған. Қыстың жылы болатындығынан мүлде үсіп сиремейді, көктемгі өсіп-өркендеу кезіне өсімдіктің 82 процентten 100 процентіне дейін аман шығады.

Псевдо-Меридионале 122-А тіпті жаңа сорт (1951 жылы аудандастырылған) және оның әзірге көлеміде (сортты егістің жалпы көлемінің 0,9 проценті) үлкен емес. Мол өнімділігін, жатып қалуға беріктігін, төгілмейтіндігін және басқа да жақсы сапаларын еске алып, оның көлемін суармалы жердегі барлық сортты егіс көлемінің, шамамен 40 процентіне дейін жеткізген жөн, оның есебіне өнімі аз суармалы сорттардың — Қызылбидайдың және Жергілікті Беленькаяның көлемін азайту керек.

Псевдо-Меридионале 122-А өндіріс жағдайында әлі

де аз сыналып, таратылғандықтан, оны өсірудің негізгі агротехникалық әдістеріне тоқтап өту артық болмайды.

Жамбыл сорт сынаушы участогінің тәжрибесі мынаны көрсетеді: мұнда сыйыржоңышқа-сұлы қоспасы егілген пардан 64 центнерге дейін өнім алынады. Сорт сынаушы участокте осы қоспа егілген жердің гектарынан жыл сайын 50 центнерге жуық пішен жыйналады.

Сыйыржоңышқа-сұлы қоспасы шауып алынған бойда сыдыра жыртылады, 8—10 күннен кейін 25—27 см тереңдікте жыртылып, тырмаланады. Сонымен бірге жыртылған жерге гектарына 10 тонна қызған көң, 3 центнер суперфосфат және 1 центнер калий тұзы есебінен органикалық және минералдық тыңайтқыш енгізіледі. Күздік бидай себілер алдында пышақ табанды культиватормен 1—2 рет өңделеді. Жер культиваторлаудан бұрын гектарына 600—800 текшеметр нормамен суарылады. Тұқым себудің ең жақсы мерзімі — сентябрьдің екінші жартысы болып табылады.

Псевдо-Меридионале 122-А-ның дәні ірі болғандықтан тұқым себу нормасын гектарына 180—190 килограмға дейін арттыру керек болады. Бұл норманы 150 килограмға дейін кеміту өнімді гектарынан 7 центнерге дейін кем алуға жиі соқтырып отырады.

Күн райы мен жердің ылғалдығына қарай өсіп-өну дәуірінде 2—3 рет суарылады: бірінші — сабақ тарта бастағанда, екіншісі — масақтанған кезде, ал жаз қуаң болған жылдары дән алған кезде суарылады.

Бидай-бидайық гибриді 599 (Шехурдиновка). Бұл сортты қаратопырақты емес өңірдің астық шаруашылығы институтында жасыл бидайықты 46/31 қарабидай буданымен будандастыру жолымен Н. В. Цицин мен Г. Д. Лапченко өсіріп шығарды.

Бұл — эритроспермумнің бір түр бөлігі.

Масағы қылтықты, ақ, жапырағы түкті болады. Дәні қошқыл қызыл. Аудандастырылған аймақтарда дәннің ірілігі орташа және ортадан жоғары (1000 дәннің салмағы 35—38 г), дәні нашар болады, нандық сапасы жақсы.

Сорт кеш жетіліп, Украинкадан 7—10 күндей кеш піседі. Кеш пісетіндіктен дәнінің жетілу мерзімі аңызақ желдің күшейетін кезеңіне дәл келеді, осының салдарынан құрғақшылық жылдары тәлімі жерде дәндері ұсақ және жеңіл болады. Сондықтан бұл сорттың табиғи тара-

ған жерлері — ауаның ылғалы жеткіліктi және жазы біркелi жылы болатын таулы аймақтар.

Сорт суыққа төзiмдi келеді. Жатып қалуға беріктігі жағынан Украинка және Кооператорка сорттарынан тиiмдi артықшылығы бар. Құйылып қалуға төзiмдi. Сабағы биік (орта есеппен 130 см), өте берік, жатып қалмайды, мұның өзі егін жыйнауды механикаландыруға мүмкіндік береді.

Тозаңды қаракүйемен зақымдалмайды, қатты қаракүйемен аз зақымдалады. Татқа төзiмдi.

Сорт мол өнім береді. Алматы облысы, Қеген сорт сынаушы участогінде алынған өнімі гектарына 29 центнерден келеді. Қеген ауданының «Облатком» колхозында 1952 жылы гектарынан 24,3 центнерден өнім жыйналды. Бұл екінші аудандастырылған Украинка сортынан гектарынан 3—5 центнерден асып түседі.

Талдықорған облысы, Гвардия сорт сынаушы участогінде бидай-бидайық гибридінің өнімі гектарына 34,0 және 41,5 центнерге жетеді. Сталин атындағы колхозда (28 Гвардияшылар ауданы) 1952 жылы 108 гектар егіс көлемінің гектарынан 20,0 центнерден өнім алынды. Сол ауданның «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозында 146 гектар егіс көлемінің гектарынан 30,0 центнерден өнім жыйналды.

Талдықорған облысының Панфилов атындағы колхозда 1951 жылы бидай-бидайық гибридінің гектарынан 30,0 центнерден өнім алынып, Украинкадан 3,2 центнер асып түсті, ал 1952 жылы гектарынан 27,7 центнерден өнім алынды, бұл гектарына 3,6 центнерден артық болды.

Украинка (Эритроспермум — нигриаристатум 246). Бұл сортты Миронов селекция станциясында таза Банатка сортынан жекелеп іріктеу әдісі арқылы селекционер В. Е. Желткович өсіріп шығарған.

Бұл — эритроспермум — нигриаристатумның түр бөлігіне жатады. Масағы ұршық тәрізді жұмыр, ақ, қылтықты, ұзындығы орташа (8—12 см), көп дәнді (дәнінің саны 28—34) келеді.

Дәні едәуір үлкен (1000 дәнінің салмағы —34—39 г), сопақша, қызыл, жартылай мөлдір келеді.

Ұндық және нандық сапасы жағынан Қазақстанда тараған күздік бидайдың барлық сорттарынан артық болады.

Бұл сорт тез пісіп-жетілгіш келеді, Гостианум 237 сортымен бір мезгілде піседі.

Топырақ және ауа қуаңшылығына жақсы төзеді.

Қар қалың түсетін аудандарда төзе алмай тұншығып шіріп кетеді. 1952 жылы Сарканд сорт сынаушы участогінде тұншығып шіруден егістің 37,9 проценті құрып кетті.

Құйылып қалуға беріктігі орташа. Қуаңшылыққа төзімділік және дәнінің жақсы сапалы болуы сияқты шаруашылық қасиеттерімен қатар, бұл сорттың едәуір кемшіліктері де бар. Оның сабағы онша мықты болмайды, дымқыл жағдай мен суармалы жерлерде жатып қалғыш келеді де, механизммен ору жұмысын қыйындатады.

Сортқа қызылқоңыр тат, қатты қаракүйе жұққыш келеді.

Агротехника тәсілдері жақсы қолданылғанда Алматы, Жамбыл және Талдықорған облыстарында Украинка едәуір өнім береді. Мысалы, Алматы облысының Кеген сорт сынаушы участогінде одан гектарынан 29,0 центнерден өнім алынып жүр. Соңғы бес жылдың ішінде орташа өнімі гектарына 24,0 центнерден болды.

Жамбыл облысының Луговой сорт сынаушы участогінде Украинка сорты өнімділігі жағынан басқа сорттардың ішінде бірінші орын алады. Мұнда 1952 жылы гектарынан 23,3 центнерден өнім алынды. Қ. Нұркеев жолдастың егіс бригадасы (Луговой ауданы, Абай атындағы колхоз) 1952 жылы 134 гектар жерге егілген Украинканың әрбір гектарынан 24,2 центнерден өнім алды. Сол жылы Д. Гаджиевтің бригадасы (Жамбыл облысы, Шу ауданы, «Новый путь» колхозы) 284 гектар жерден 27,7 центнерден өнім жыйнады.

Талдықорған облысының Гвардейский сорт сынаушы участогі 5 жыл ішінде орта есеппен гектарынан 29,5 центнерден, ал 1948 және 1949 жылдары 38,0 және 43,4 центнерден өнім алды.

Осы облыстың Киров ауданындағы «Заря Коммунизма» колхозының егіс бригадасы (бригадирі Ф. Н. Сазанов жолдас) 1952 жылы 120 гектар егіс көлемінен 25,0 центнерден өнім алды.

Шығыс Қазақстан мен Семей облыстары аймақтарының көпшілігінде Украинка сорты кемірек өнім береді.

Қыстан жақсы шыққан, сирек кездесетін жылдардың өзінде оның өнімділігі гектарына 20—29 центнерден келе-

ді, ал басқа уақыттарда егіс көбірек құрып кетеді немесе өте аз өнім береді.

Украинка сорты Алматы, Шығыс Қазақстан облыстарына (адырлы аймақтан басқасы), Семей облысының тау етегіндегі тәлімі аймаққа, Талдықорған облысының Алакөл ауданындағы таулы және суармалы аймақтарға аудандастырылған.

Украинка көптен бері келе жатқан, кең тараған сорттардың бірі. 1952 жылы сортты егістің жалпы көлеміндегі оның үлес салмағы: Алматы облысында—44,8 Шығыс Қазақстан облысында —87,2, Жамбыл облысында — 41,0, Семей облысында —99,1 және Талдықорған облысында —80,0 процент болды.

Семей және Талдықорған облысындағы сортты егіс арасында Украинканың үлкен үлес салмағы болуы онша орынды емес. Семей облысында оның егіс көлемін қысқа төзімдірек сорттар (Ульяновка және Гостианум 237) егісінің көлемін, ал Талдықорған облысында —жатып қалмайтын жаңа сорттардың егіс көлемін арттыру есебінен қысқарту қажет.

Ульяновка. Бұл сортты Ново-Урен (Ульянов облысы) селекция станциясында қылтықсыз Ақмасақтан (Белоколомска безостая) жеке іріктеп алу жолымен В. Н. Тюрникова мен Д. А. Киселев өсіріп шығарған.

Бұл велютинумнің бір түр бөлігіне жатады. Масағы қылтықсыз, ақ, жапырағы түкті. Дәні қызыл, ірілігі орташа (1000 дәннің салмағы 25—30 г.), жылтыр, ұндық, нандық сапасы жақсы болады.

Сорт ерте піседі, ұндық қарабидай гибриді 46/131-нен 24 күн, Лютесценс 329 тен 4—6 күн бұрын пісіп-жетіледі.

Сабағының ұзындығы орташа (100 см шамасы), сондай берік, жатып қалғыш емес. Тіпті қатты жел мен жаңбырда да жатып қалмайды, осы қасиетімен жоғары бағаланады.

Жарманың суармалы сорт сынаушы участогінде (сорт аудандастырылған аймақта) сыналған жылдардың ішінде ауруға және ауылшаруашылық зиянды жәндіктеріне берілмеді.

Мол өнімді сорт. Жарма суармалы сорт сынаушы участогінде сынаудан өткізілген 4 жылдың ішінде орта есеппен гектарынан 30,3 центнерден (гектарынан ең азы 18,3, ең көбі 36,1 центнер) өнім алынды.

Жаңа сорт өсіру үшін Семей облысының аласа адыр-

лы суармалы аймақтарында 1952 жылы аудандастырылған. Сорттың ерекшелігі — қыска өте төзімді, көктемгі көктеу кезінде тез өседі, топырақ шөліркеуі мен аңызақ желге берік болады.

Ульяновка жаңа аудандастырылған сорт болғандықтан, ол өндіріске тараған жоқ, бірақ өндіріске енгізуге тұрарлық және аудандастырылған аймақта егістің негізі болуға тиісті сорт, ол үшін осында аудандастырылмаған, дегенмен, егіліп жүрген Украинка сортын азайту керек.

Күздік бидайдың перспективалы сорттары

Лютесценс 17. Бұл сортты Верхня селекция станциясында Т. Д. Ковтун мен И. Ф. Похиль Украинка сортын Киев облысы, Таранщан ауданының жергілікті сортымен будандастыру нәтижесінде 1925—1938 жылдары өсіріп шығарды. Бұл Лютесценстің түр бөлігіне жатады. Масағы қылтықсыз, ақ, дәні қызыл болады.

Бұл сорт Алматы облысының тау алқабы аймағындағы тәлімі жерлерінде өсіруге перспективалы сорт ретінде арналып отыр. Бұл сорт жатып қалмайтындығымен, дәнінің сапасының жақсылығы және мол өнімділігімен көзге түседі. Қаскелеңнің тәлімі сорт сынаушы участогінің шағын мөлдектерінен 1952 жылы гектарынан 44,2 ал үлкен мөлдектерінен — 47,8 центнерден өнім алынды; бұл осы жерлерге аудандастырылған Кооператорка сортының өнімінен 3,1 центнер асып түседі. Лютесценс 17 сортының 5 жылдың ішіндегі өнімі орта есеппен гектарына 37,8 центнерден болды.

Қаскелең ауданының салыстырмалы баға беру ісін жүргізген Фурманов атындағы колхозында Лютесценс 17 өнімді Кооператоркадан 1951 жылы 2,5 центнер, 1952 жылы 4,9 центнер көп берген.

Лютесценс 17-ке неғұрлым толық баға беру үшін 1953 жылы өндірістік сынаудан өткізілуге енгізілді.

Мильтурум 5031. Бұл сортты Алматының мемлекеттік селекция станциясында жергілікті Альборубрум мен Триплет сорттарымен будандастыру жолымен П. Ф. Федоров өсіріп шығарды.

Мильтурумның түр бөлігіне жатады. Масағы қылтықсыз, қызыл, түксіз келеді, піскен кезде сәл иіледі, дәні қызыл, жылтыр болады. 1000 дәнінің салмағы 32—37 грамм.

Тез пісетін сорт. Шоғыр түпті келеді — бір өсімдікте 3,6—4,6 сабақ болады. Өсімдіктің биіктігі 120—140 см. Сабаны жуан, дөрекі, жатып қалмайды, дәні төгілмейді. Қысқы суыққа, құрғақшылыққа төзімді келеді.

Сары тат ауруына орташа, ал қоңыр татқа аз шалдығады. Тозаңды қаракүйеге кейбір жылдары аздап шалдығады, қатты қаракүйеге төзімді.

Мальтурум 5031 — мол өнімді сорт. Алматы мемлекеттік селекция станциясында сыннан өткізілген (суарып отырған кезде) 6 жылдың ішінде орта есеппен гектарынан 31,5 центнерден, яғни аудандастырылған Кооператорка сортынан 1,7 центнер артық өнім берді.

Жатып қалмайтындығына және өндірістік жағдайларда механикаланған құрал-саймандармен жыйнауға өте бейімділігіне байланысты Мальтурум 5031 түсімділігі жағынан Кооператоркадан едәуір асып түседі, әсіресе ылғалды жылдары Кооператорка мықтап жатып қалады.

5-таблицада Алматы облысының колхоздарында 1952 жылы Мальтурум 5031 сортына жасалған өндірістік сынаудың мәліметтері келтіріледі.

5-таблица

Мальтурум сортын өндірістік сынаудан өткізудің нәтижелері

Аудандар	Колхоздар	Мальтурум 5031	Кооператорка	Асып түскені (гектарына центнер есебімен)
		Өнімі центнер есебімен		
Алматы	Мичурин атындағы	28,2	18,2	+10,0
„	„Вторая пятилетка„	28,0	22,0	+ 6
Еңбекшіқазақ	Ярославский атындағы . . .	28,5	18,0	+10,5
„	„Политотделец“ .	28,2	18,2	+10,0
„	„Правда“	25,0	18,0	+ 7

Қолхоздар Мальтурум 5031 сортына жоғары баға берді және оның егіс көлемін 1953 жылы едәуір ұлғайтты. Бұл Алматы мен Талдықорған облыстарының тәлімі және суармалы жерлерінде өсірілсе болашағы мол сорт.

Новоукраинка 83. Бұл сортты Украинка күздік бидайын Маркиз сортымен будандастыру арқылы Краснодар

мемлекеттік селекция станциясында П. П. Лукьяненко өсіріп шығарған.

Бұл эритроспермумнің түр бөлігіне жатады. Масағы қылтықты, ақ, қабыршағы түксіз, дәні қызыл болады.

Новоукраинка 83 Талдықорған облысының тау алқабы аймағында мол өнімді, дәні ірі, ұндық және нандық сапасы жақсы, суыққа сондай төзімді, тез пісетін, жатып қалмайтын сорт екенін көрсетті.

Сарқанд тәлімі сорт сынаушы участогінде 5 жыл жүргізілген сынаудың ішінде бұл сорт орта есеппен гектарынан 26,4 центнерден өнім беріп, өнімділігі жағынан Украинка сортынан 4,0 центнер асып түсті. Новоукраинка 83 Талдықорған ауданы, Киров атындағы колхозда 1952 жылы гектарынан 23,0 центнерден өнім беріп, түсімділігі жағынан Украинкадан 5 центнер асып түсті. «Заря коммунизма» колхозында да Новоукраинка 83 өнімділігі жағынан осындай айырмашылығы болды. Талдықорған облысы, Киров ауданы, Киров атындағы колхозда Еремин жолдастың егіс бригадасы 1952 жылы Новоукраинка 83 бидайының 20 гектар жерінен 35,8 центнерден өнім алды.

Бидай-бидайық гибриді 186. Бұл сортты қаратопырақты емес өңірлердің астық шаруашылығы институтінде Н. В. Цицин мен Г. Д. Лапченко Лютесценс 329 күздік бидайды көгілдір бидайықпен будандастыру әдісімен өсіріп шығарды.

Бұл Лютесценстің түр бөлігіне жатады. Масағы қылтықсыз, ақ дәні қызыл.

Бидай-бидайық гибриді 186 Талдықорған облысының сорт сынаушы участоктерінде мол өнімді, ірі дәнді, ұндық және нандық сапасы өте жақсы, ерте пісетін, құйылмайтын, жатып қалуға өте берік сорт екендігін көрсетті. Талдықорған облысының Сарқанд сорт сынаушы участогінде 1952 жылы гектарына 28,7 центнерден өнім берді, бұл аудандастырылған Гостианум 237 сортынан 1,8 центнер, Украинка сортынан 5,9 центнер көп. Осы облыстың Гвардия сорт сынаушы участогінде сынған өткізілген үш жылдың ішінде орта есеппен гектарынан 23,2 центнерден өнім алынды, бұл Украинкадан алынған өнімнен 1,8 центнер көп. 1952 жылы Талдықорған сорт сынаушы участогінде бидай-бидайық гибриді 186 гектарына 50,7 центнерден өнім берді, сөйтіп, аудандастырылған Гостианум 237 сортынан өнімді 8,8 центнер көп берді. 1952 жылы Сарқанд ауданының «Октябрь» колхозында гекта-

Каз. Гос. пуб. библиотека
782767

рынан 38 центнерден өнім алынды, яғни Гостианум 237 сортынан гектарына 19,5 центнер өнімді артық берді.

Бидай-бидайық гибриді 186 Алматы облысының бірсыпыра колхоздарында перспективалы сорт екенін көрсетті. Мысалы, Қеген ауданының «Облатком» колхозында гектарынан 27 центнерден өнім алынып, Қооператоркадан 6,2 центнер асып түсті. Қаскелең ауданы, Фурманов атындағы колхозында гектарынан 33,4 центнерден өнім алынды, бұл Қооператоркадан 6 центнер көп.

1952 жылдан бастап бидай-бидайық гибрид 186 кеңінен өндірістік сыннан өткізілуде.

Турцикум 57. Бұл сортты Түркмен ССР-і, Ашхабад ауданы, Ясман-Талық аулында өсірілетін сорттан іріктеп алу әдісімен Ашхабад тәжрибе станциясында В. Ф. Кузнецов өсіріп шығарды.

Турцикумның түр бөлігіне жатады. Масағы қылтықты, қызыл, қабыршағы түкті, дәні ақ болады.

Сорт Жамбыл облысының тау етегіндегі тәлімі аймағында өзін болашағы бар сорт ретінде көрсетті. Қуаңшылыққа төзімділігімен, тез пісетіндігімен, масағында төгілмейтіндігімен және мол өнімділігімен көзге түсті.

Луговой ауданының Абай атындағы колхоздың егіс даласында 1952 жылы Турцикум 57 гектарынан 27,1 центнерден өнім беріп, түсімділігі жағынан Украинкадан 2,7 центнер асып түсті.

Қазіргі кезде бұл сорт өндірістік сынаудан өтуде.

КҮЗДІК ҚАРАБИДАЙ

Күздік қарабидайдың шаруашылық және агротехникалық маңызы зор. Ол қысқы суыққа және құрғақшылыққа өте төзімділігінің арқасында қысы қатты солтүстік облыстардың жағдайында мол өнім береді, онда қарабидайдан басқа күздік егістер үсіп кетеді. Қарабидай көктемде қаулап көктейді және сондай қалың болып өседі, арамшөптерге бой жаздырмайды, сондықтан ол егістік жерді жақсы тазартушы болып табылады. Қарабидайдың дәні белоктік жағынан бидайдан кем түспейді және бағалы азық-түлік болып саналады.

Астық үшін егуден басқа, қарабидайды малазығы үшін де кең пайдалануға болады. Күзде, пар айдауға арналған жерге сыйыржонышқамен араластырып күздік қарабидай егілсе, ерте көктемде мол өскен көк шөп

береді және осы мақсатқа егілген сыйыржоңышқа сұлы қоспасынан көрі егістік жерді едәуір ерте босатады.

Республикада күздік қарабидай күздік дақылдар егісі көлемінің 60 процентке жуығын алады. Күздік қарабидай егісінің 99 процентін батыс және солтүстік-шығыс облыстар егеді.

Тәжрибе мекемелерінің мәліметтері мен озат колхоздардың практикасы, агротехникасы жоғары болса күздік қарабидай мол және тұрақты өнім беретінін көрсетіп отыр. Мұндай өнім алу үшін күздік қарабидайды қара парға, мезгілімен өңделген таза немесе ықтырмалы парға егу керек. Мұндай жағдайда егістің көктеп шығып, онан әрі өсіп-дамуы (күздік метеорологиялық жағдайына қарамастан) үшін ылғал қоры жеткілікті жыйналады және сақталады.

Республиканың солтүстік облыстарында күздік қарабидайды жаздық бидай аңызына егуді кең қолдану керек.

Егісті егу мерзімін кешеуілдетуге болмайды. Оны барлық батыс және солтүстік-шығыс облыстарда августың екінші жартысынан бастап, бірінші сентябрьден қалдырмай аяқтау керек. Ылғалды топыраққа мезгілімен егілген күздік қарабидай сондай жақсы өсетін өсімдік береді, бұлар қыстың қатаң жағдайларын, сол сыяқты көктем мен жазда болатын қолайсыз метеорологиялық жағдайларды көп елемейді.

Барлық батыс және солтүстік-шығыс облыстарда (Шығыс Қазақстанның таулы аудандарынан басқаларында) қар түскеннен бастап-ақ міндетті түрде қар тоқтату ісін жүргізу керек. Егістік жерге жыйналған қар егіс көгін қысқы қатты аяздардың зыянды әсерінен қорғайды және топырақта ылғалдың молаюының көзі болып табылады. Ерте көктемде күздік қарабидай егісін жергілікті және минерал тыңайтқышпен үстеп қоректендірудің, топырақ қабыршағын ұстау үшін егісті тырмалаудың маңызы зор. Бұл топыраққа ауаның өтуіне және ылғалдың сақталуына жақсы жағдай жасайды.

Қарабидай егісін қолдан қосымша тозаңдандыру шарасы пайдалы болады, бұл түсімділігін едәуір арттырады.

Күздік қарабидай егісіне әрбір облыс және олардың жеке аймақтары үшін аудандастырылған сорттардың сұрыптап алынған тұқымын себу керек. Бұл сорттар қысқа, құрғақшылыққа төзімді, көктемгі-жазғы кезде топы-

рақтағы ылғалдың жеткіліксіздігін көп елемейтін болу қажет, дәні ірі болуы тиіс.

Республикада күздік қарабидайдың 8 сорты аудандастырылып егіліп жүр (6-таблицаны қараңыз).

6-таблица

Аудандастырылған сорттардың облыстарға бөлінуі

Облыстар	Сорттар								
	Безенчуктің сары дәнді карабидайы	Белағаш карабидайы	Омка	Вятка	Долиналық	Зима	Саратовтық 1	Елисеев	Облыста неше сорт аудандастырылды
Ақмола	—	—	—	—	×	×	—	—	2
Ақтөбе	×	—	—	—	—	—	×	—	2
Шығыс Қазақстан	×	—	—	×	—	—	—	—	2
Гурьев	—	—	—	—	—	—	—	—	—
Батыс Қазақстан	×	—	—	—	—	—	×	×	3
Қарағанды	—	—	—	—	×	—	—	—	1
Көкшетау	×	—	×	—	×	—	—	—	3
Қостанай	×	—	×	—	—	—	—	—	2
Павлодар	×	—	—	—	×	—	—	—	2
Солтүстік Қазақстан	×	—	×	—	×	—	—	—	3
Семей	×	×	—	×	—	—	—	—	3
Облыста неше сорт аудандастырылды	8	1	3	2	5	1	2	1	

Күздік қарабидайдың аудандастырылған сорттарының ішінен тек біреуі ғана — зима — жаңа сорт болып табылады. ол Ақмола облысындағы өнімі төмен қарабидай — Долиналық сорт орнына егіледі.

Аудандастырылған сорттардың кейбіреулері кәзіргі кезде колхоз-совхоз өндірісінен шығарылып тасталуда. Мәселен, Безенчуктің сары дәнді карабидайы Батыс Қазақстан, Көкшетау және Солтүстік Қазақстан облыстарының; Долиналық Солтүстік Қазақстан мен Көкшетау облыстарының; Елисеев — Батыс Қазақстан облысының егістерінен шығарылып тасталды. Бұлардың орнына таблицада көрсетілген, неғұрлым өнімді мол сорттар егіледі.

Күздік қарабидай сорттары

Белағаштың жергілікті сорты. Бұл сорт Семей облысы, Белағаш ауданы, Киров атындағы колхоздан тараған. Оны Семейдің мемлекеттік селекция станциясы өсіріп шығарған.

Бұл сорт Семей облысының далалық тегіс аймақтарында аудандастырылған, ондағы сортты егіс көлемінің 8,8 проценті мөлшерінде орын алады. Жергілікті жағдайға жақсы бейімделген. Қысқа және қуаңшылыққа өте төзімді келеді. Жатып қалуға төзімді, құйылу жөніндегі төзімділігі орташа. Ауруларға көп шалдықпайды және ауыл шаруашылығына зиянды жәндіктерге онша зақымданбайды. Түсімділігі орташа сорт. Белағаштың жергілікті сорты аудандастырылған аймақтағы Ново-Покровтың сорт сынаушы участогінде гектарынан 21,8 центнерге дейін өнім береді, сынау жылдарының ішінде орта есеппен 14 центнерден өнім берді.


Безенчуктің сары дәнді сорты. Бұл сортты қарабидайдың Елисеев және жергілікті түрінен тұқымына қарай және көптеп іріктеп алу әдісімен Безенчук мемлекеттік селекция станциясында К. Ю. Чехович пен М. Ф. Ермилина өсіріп шығарған. Бұл — Қазақстандағы ең ескі сорт.

Бұл вульгаренің түр бөлігіне жатады.

Масағы ұзынша сопақ келеді, ұзындығы орташа (8 см. шамасы). Дәнінің түсі сары, сопақ, Саратовская сортынан кішірек келеді (1000 дәнінің салмағы 16—22 г.). Дәні гүлді қабыршағының ішінде берік тұрмайды, пісіңкіреп кетсе құйыла бастайды. Нандық сапасы жақсы болады.

Пісімділігі орташа. Қысқа және қуаңшылыққа төзімділігі Саратовтық 1 мен Омка сорттарынан төмен.


Сабаны мықты келеді, далалық аудандарда жатып қалуға төзімді болады, Семей



5-сурет. Безенчуктің сары дәнді сорты.

облысының тау етегіндегі аудандарында төзімділігі орташа болады.

Далалық аудандарда болатын ауруларға және сабақтың ішінде жасырын жүретін зиянды жәндіктерге қарсы төзімді келеді. Ылғал өте мол болатын аудандарда склеротинаға және қоңыр татқа шалдыққыш келеді.



6-сурет. Вятка.

Аудандастырылған аймақтарында Безенчуктің сары дәнді сорты орташа өнімді сорт болып табылады. Ақтөбе облысында өзінің өнімділігі жағынан ол, аудандастырылған басқа сортпен — Саратовтық 1 сортымен бірдей. Павлодар облысында сапасы жағынан Долиналық сортынан едәуір төмен болады (бір гектарына 0,2—0,5 ц), бірақ дәнінің салмағы жағынан одан артық. Семей облысының тәлімі участоктерінде жауынды-шашынды жылдары түсімділігі гектарына 24,0—25,3 центнерге жетеді, бірақ Перспективалы Волжанка, Зима және Казанская сорттарына қарағанда өнімді гектарына 2,2—5,4 центнер кем береді. Қостанай, Солтүстік Қазақстан және Көкшетау облыстарында Омка сортынан өнімді гектарына 2—4 центнер кем береді.

Күздік қарабидай егілетін аудандарда сары дәнді Безенчук сортының егіс көлемі соңғы жылдардың ішінде азаюда, оның орнына қыс жағдайларына және қуаңшылыққа төзімдірек сорттар: Батыс Қазақстанда Саратовтық 1, Көкшетау облысында Омка сорттары өсіріледі.

Сары дәнді Безенчук сорты Ақтөбе, Павлодар, Семей және Қостанай облыстарында аудандастырылған, Батыс Қазақстан, Көкштау және Солтүстік Қазақстан облыстарында аудандық тұқым шаруашылығында егілместен-ақ аудандастырылған.

Вятка. Бұл сортты Киров облысының жергілікті қарабидай тұқымдарынан алып, Фалендегі мемлекеттік селекция

станциясында (бұрынғы Вяткалық) Н. В. Рудинский өсіріп шығарған.

Бұл — вульгаренің түр бөлігіне жатады.

Масағы призма тәріздес шаршы болады. Дәні ірі (1000 дәнінің салмағы 26 г.). Сабағында көп тұрып қалса дәні құйылады. Нандық сапасы орташадан жоғары болады.

Аздап кеш піседі. Сабаны ұзын, әлсіз келеді, көбірек жатып қалады.

Татқа төзімдірек келеді. Қатты қара күйе жұққыш болады.

Қыс жағдайына және қуаңшылыққа төзімділігі шамалы болғандықтан Вятка сорты республикада көп тарамаған.

Аудандастырылған аймақтарычда мол өнім береді. Мысалы, Шығыс Қазақстан облысындағы Верхуба сорт сынаушы участогінде, 12 жылдың ішінде гектарынан орта есеппен 26,1 центнерден өнім алынды, ал кейбір жылдарда гектарынан алынған өнім 33,9, тіпті 43,0 центнерге жетті. Больше-Нарым сорт сынаушы участок гектарынан 29,5—32,0 центнерден өнім алады.

Вятка сорты Шығыс Қазақстан облысында және суландырылған жерлерге қолдану үшін Семей облысының далалық, ұсақ адырлы аймақтарында аудандастырылған.

Семей облысының, жері суландырылатын Жарма сорт сынаушы участогінде сыналған 13 жылдың ішінде Вятка сортының өнімділігі орташа есеппен гектарынан 25,1 центнерден, ал ең мықтап шыққан жылы — 38,3 центнерден болған. Шығыс Қазақстан облысында 1952 жылы Вятка сортының егіс көлемінің 88,8 проценті болған. Оның орнын таяудағы жылдарда ең жақсы сорттар басқанға дейін, бұл негізгі сорт болып қалуға тиіс.

Семей облысында Вятка сортының үлес салмағы көп емес, сортты қарабидай егісінің жалпы көлемінің небәрі 1,7 проценті ғана. Бірақ бұл сорт мұнда далалық ұсақ адырлы аймақтардың суландырылатын жерлерінде ғана ойдағыдай өсе алатындықтан, оның егіс көлемі өте аз болады.

Долиналық. Бұл сортты Қарағандының тәжрибе станциясында В. С. Пустовойт пен В. И. Сазанов ескі аңыз жерлердегі жергілікті қарабидай қодіреңдерін жыйнап алып, көптеп және тұқымына қарай іріктеу әдісімен өсіріп шығарған.

Бұл вульгаренің түр бөлігіне жатады. Масағы призма

тәріздес шаршы болады. Бұл сорттың елеулі кемшілігі— дәнінің сапасы төмен болады. Дәні ұсақ (1000 дәнінің салмағы 13—15 г.), пыш келеді, ұны аз, нандық сапасы төмен болады.

Тез пісетін сорт. Қысқа жақсы төзімді келеді, қар жұқа жауған қатты қыстың өзін де елең етпейді. Қуаңшылыққа өте төзімді сорт.

Құйылуға және жатып қалуға төзімділігі орташа.

Өнімділігі орташа сорт. Ақмола облысы, Ақмола ауданы, Калинин атындағы және Тельман атындағы колхоздар қарабидайдың Долиналық сорты егілген көлемі үлкен егістен, қуаңшылық болған 1938 жылы гектарынан 10—11,9 центнерден өнім алған. Ақмола, Қарағанды және Павлодар облыстарының сорт сынаушы участоктері гектарынан 10—12 центнерден, кейбір жеке жылдары ғана 18—24 центнерден өнім алады. Долиналық сорты Ақмола, Қарағанды, Павлодар, Көкшетау және Солтүстік Қазақстан облыстарында (соңғы екі облыста аудандық тұқым шаруашылықтарында егілместен-ақ) аудандастырылған. Бұл сорт Ақмола және Қарағанды облысындағы сортты тұқым егістері көлемінің 77 және 100 процент мөлшерінде орын алады.

Солтүстік Қазақстан мен Көкшетау облыстарында Долиналық сорты едәуір егіс көлеміне себіледі (біріншісінде жалпы егіс көлемінің 15,2 проценті, екіншісінде 44,5 проценті), бірақ соңғы жылдарда оның орнына түсімділігі молырақ Омка сорты егілуде.

Зима сорты. Бұл сортты Шортанды тәжрибе станциясында В. П. Кузьмин өсіріп шығарған.

Бұл сорт вульгаренің түр бөлігіне жатады.

Бұл сорттың кемшілігі — дәнінің ұсақтығы (1000 дәнінің салмағы 14—19 г.).

Зима көктемде тез өседі, топырақтың ылғалын басқа сорттарға қарағанда жақсы пайдаланады, оның қысқа төзімділігі Омка мен Долиналық сортынан кем түспейді. Көктемдегі қатқақтарға да төзімді келеді. Қуаңшылыққа өте төзімді.

Орта мерзімде, Омкамен қатар піседі.

Жатып қалуға және жерге құйылуға төзімді келеді.

Ақмола облысындағы Шортанды сорт сынаушы участогінің мәліметтері бойынша, Зима сорты түсімділігі жағынан сынау жылдарының ішінде Долиналық сортынан гектарынан 2,7 центнерден асып түсті. Шортанды ауданы,

Жданов атындағы колхозда 1950 жылы осы сорт егілген көлемі 114 гектар егістің гектарынан 15,5 центнерден өнім жыйналды. Қостанай мен Семей облысында Зима сорты гектарына 27 центнерге дейін мол өнім береді, бұл осы облыстарда аудандастырылған басқа сорттардан 1,7—4,0 центнер көп.

Бұл сорт Ақмола облысының тегістік-далалық аймақтарында 1950 жылы аудандастырылып, өндіріске ойдағыдай енгізілді, 1952 жылы сортты қарабидай егісінің көлемі ішінде 22,7 процент мөлшерінде орын алды. Зима — республиканың солтүстік және шығыс облыстарында перспективалы сорт, ол осы облыстарда сыннан өткізілуде.

Омка. Бұл сортты астық шаруашылығының Сибирь институты өзара оңай тозанданған Ивановтық, Тростниковтық, Шланштедтік сорттарының қоспасынан және жергілікті қарабидайдан қыстың қатаң жағдайларында бірнеше қайтара табиғи іріктеп алу арқылы өсіріп шығарды.



7-сурет
Омка.

Бұл сорт вульгаренің түр бөлігіне жатады.

Дәні біртегіс, бірақ ұсақ (1000 дәнінің салмағы 16—18 г.). Ұн тарттыруға және нан пісіруге орташа сапалы болады.

Орташа мерзімде піседі.

Сабағы қысқа, жатып қалмайды, бұл оны механика күшімен жыйнауға мүмкіндік береді.

Ауруларға көп шалдықпайды, ауыл шаруашылығына зиянды жәндіктерге беріспейді. Омка аудандастырылған аймақтарда суыққа аса төзімділігімен көзге түседі. Солтүстік Қазақстан облысының сорт сынаушы участокте-рінің мәліметтеріне қарағанда, қыстың өте қолайсыз жылдарында бұл сорттың көктемгі өсу дәуіріне қыстан 58—82 процент аман шығады, бұл Долиналық сортынан 10—17 процент, Безенчуктің сары дәнді сортынан 3 есе көп.

Омка температураның кенет өзгеруіне және көктемгі суықтарға жақсы төзеді. Құрғақшылық жылдары жаздың алғашқы жартысын жақсы көтереді, екінші жартысында аңызаққа төзбей қурай бастайды. Түсімділігі

Долиналық пен Безенчуктің сары дәнді сорттарынан гектарына 2,0—2,5 центнер асып түседі. Көкшетау мен Солтүстік Қазақстан облыстарының сорт сынаушы участоктерінде Омка сортының гектарынан 22—24 центнерден өнім алынады.



8-сурет. Саратовтық 1.

Солтүстік Қазақстан облысы, Мамлют ауданы, «Заря Коммунизма» колхозында Курнышев жолдастың егіс бригадасы 1951 жылы Омка тұқымы себілген 70 гектар егіс көлемінің әр гектарынан 18,0 центнерден өнім алды.

Қостанай облысы, Қарабалық сорт сынаушы участогі сынау жылдарының ішінде орташа есеппен гектарынан 12,1, ал кейбір жылдарда 30,6 центнерден өнім алды.

Қостанай облысының Ұзынкөл және Таран сорт сынаушы участоктері гектарынан 23—29,8 центнерден өнім алады. Қостанай облысы, Шевченко атындағы колхоз 1950 жылы Омканың 102 гектар егіс көлемінің әрбір гектарынан 19,6 центнерден өнім жыйнады.

Бұл сорт Көкшетау мен Солтүстік Қазақстан облыстарында аудандастырылған. 1952 жылы Омка сортының егісі Қостанай облысында сортты күздік қарабидай егісінің көлемінің 70,4 проценті, Көкшетау облысында — 46,1 проценті, Солтүстік Қазақстан облысында — 20,4 проценті болды.

Омка сортының егіс көлемі өзі аудандастырылған облыстарда өнімі аз Безенчуктің сары дәнді және Долиналық сорттарын ығыстыру есебінен жыл сайын ұлғайып келеді.

Саратовтық I. Бұл сортты Астық шаруашылығының оңтүстік-шығыс институтында А. А. Краснюк және М. Ф. Невежин Елисеев қарабидайын әлденеше рет жекелеп іріктеу әдісімен өсіріп шығарды.

Бұл вульгаренің түр бөлігіне жатады. Масағы призма тәріздес, үш жағы сәл жіңішке, ұзындығы орташа (7—9 см), көп дәнді. Дәні жасыл-сары, жұмыр, ірілігі орташа (1000 дәнінің салмағы 25—30 г.).

Сорт тым ерте піспейді. Суық пен құрғақшылыққа өте төзімді келеді. Көктемде тез көктейді, көктемдегі суықты жақсы көтереді.

Жөнді құйылмайды. Бойы орташа (75—100 см), сабағы берік болады, жатып қалуға қарсы тұрақты келеді, бұл оны комбайнмен жыйнауға мүмкіншілік береді.

Саратовтық сорты аудандастырылған аймақтардағы өте өнімді сорт болып табылады. Ақтөбе облысы, Мартук сорт сынаушы участогінде 9 жыл ішіндегі сынауда орташа өнімі гектарына 14,6 центнерден болды. Топырақтың ылғалы нағұрлым мол болған жылдарда түсімділігі гектарына 24,3—28,3 центнерге жетеді. Батыс Қазақстан облысы, Зеленов сорт сынаушы участогінде 18—21 центнерден өнім алынды. Батыс Қазақстан облысында Саратовтық 1 сорты 1952 жылы сортты егістердің ішінде 42 процент, ал Ақтөбе облысында —12,7 процент орын алды. Суыққа, құрғақшылыққа жақсы төзімді және өнімді сорт есебінде Саратовтық 1 сорты Батыс Қазақстан облысында ойдағыдай қолданылуда, сөйтіп аудандық тұқым шаруашылықтарында егілместен-ақ аудандастырылған өнімділігі кемірек Безенчуктің сары дәнді сорты мен Елисеев сорты ығыстырылып шығарылуда. 1952 жылы Саратовтық 1 сортының егіс көлемі 1950 жылмен салыстырғанда 7 есе артты. Саратовтық 1 сортының егіс көлемі Ақтөбе облысында да, Безенчуктің сары дәнді сорты егісінің үлес салмағын кеміту есебінен едәуір ұлғайтылды.

Саратовтық 1 сорты Ақтөбе мен Батыс Қазақстан облыстарында аудандастырылған.

Перспективалы қарабидай сорттары

Волжанка сорты. Бұл сортты жергілікті Елисеев қарабидайының ең жақсы дәндерінен әлденеше қайтара жеке іріктеп алып, басқа сорттармен тоғыса тозаңдандыру әдісімен ССРО-ның оңтүстік-шығыс астық шаруашылығы институты (Саратов) өсіріп шығарған.

Бұл Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан облыстары және Семей облысының тау етегіндегі аудандары үшін болашағы мол сорт. Осы облыстардың сорт сынаушы

участоктерінде Волжанка сорты қысқа және қуаңшылыққа жақсы төзетін, жатып қалу және құйылу жөнінде төзімді сорт екендігін көрсетті. Сынаушы участоктерінде өткізілген сынау жылдарының ішінде ол өнімділігі жағынан Вятка сортынан гектарына 1,7—4,0 центнер асып түсті, Батыс Қазақстан облысының сорт сынаушы участоктерінде түсімділігі Саратовтық 1 сортынан гектарына 0,6—1,7 центнер артық болды. Семей облысының Шар ауданындағы сорт сынаушы участогінде Волжанка сорты сары дәнді Безенчук сортынан өнімді гектарына 1,5 центнерден көп береді; Жарма ауданындағы сорт сынаушы участоктің суармалы егісінде 5 жылдың ішінде орта есеппен гектарына 27,7 центнерден өнім берді, бұл Вятка сортынан 3,1 центнер көп.

Бұл сорт кең өндірістік сыннан өткізілуде.

Қазан сорты. Бұл сортты Альпа қарабидайының азғындарынан тегіне қарай топ-тобымен іріктеп алу әдісімен Қазанның мемлекеттік селекция станциясында Е. Н. Борисова мен Х. Х. Байчурова өсіріп шығарған.

Бұл Семей мен Шығыс Қазақстан облыстарының суландырылатын жерлерінде егілсе болашағы мол сорт, осы облыстарда өндірістік сыннан өткізілуде.

Қазан сорты Шығыс Қазақстан облысы, Күршімнің суармалы, сорт сынаушы участогінде 1952 жылы гектарына 25,8 центнерден өнім беріп, Вятка сортынан 1,6 центнер асып түсті; Семей облысы, Жарма суармалы сорт сынаушы участогінде 4 жылдың ішінде орта есеппен гектарына 27,9 центнерден өнім алынып, Вятка сортынан 4,1 центнер асып түсті. Қазан сортының Вятка сортынан дәні де ірі.

КҮЗДІК АРПА

Сыра қайнататын өнеркәсіп үшін күздік арпаның дәні бағалы шикізат болып табылады, өйткені күздік арпа сортының сыралық сапасы жаздық арпадан артық болады.

Ылғалды тәлімі аймақтарда, тау етегінде немесе суармалы жерлерде, тыңайтылған парларға егілсе күздік арпа өте жоғары — тәлімі жерде гектарына 25—40 центнерден, ал суармалы жерде 53 центнерге дейін өнім береді. Күздік арпа басқа дәнді егістерден ерте піседі; оның орнына аңыздық дақылдарды себуге еркін болады.

Мол түсімділігіне және тез пісетіндігіне байланысты күздік арпа малазықтық өте бағалы дақыл болып саналады. Оның қыска төзімділігі күздік қарабидайдан ғана емес, күздік бидайдан да төмен болады, сондықтан ол республиканың оңтүстік облыстарында ғана егіледі.

Күздік арпа егісінің көлемі күздік дақылдар егісі көлемінің не бәрі 0,2 проценті ғана.

СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумының жемшөп дақылдарының өндірісін арттыру жөніндегі қаулыларына байланысты оңтүстік облыстарда күздік арпа егісінің көлемі едәуір арттырылуға тиісті.

Күздік арпа сорттары

Красный Дар (Паллидум 2494). Бұл сортты жергілікті күздік қарабидайдан жеке іріктеп алу жолымен Краснодар мемлекеттік селекция станциясында И. П. Сахаров өсіріп шығарған.

Бұл паллидумнің түр бөлігіне жатады. Масағы алты қатар, селдір, қылтықты келеді. Дәндері сары, қауызды, ірілігі орташа (1000 дәнінің салмағы 34—41 г.) болады. Қауыздылығы 11 процент шамасында болады.

Орташа мерзімде пісетін сорт. Қыска төзімділігі орташа, қуаңшылыққа сондай төзімді болады.

Оның елеулі кемшіліктері — жатып қалуға берік емес, сабағында тұрыңқырап қалса масағы едәуір сынып түседі.

Красный Дар сабақта жасырын болатын зыянды жәндіктерге берік емес, қатты қаракүйемен, гельминтоспориозбен едәуір зақымданады (кейбір жылдары 12—16% дейін).

Өнімді сорт. Алматы облысы, Каскелең сорт сынаушы участоктің тәлімі жерінде гектарынан 36,2 ден 41,0 центнерге дейін өнім алынды, Талдықорған облысы, Сарканд сорт сынаушы участогінде соңғы 5 жылдың ішінде жүргізілген сынау кезінде орта есеппен гектарынан 24,7 центнерден өнім алынған. Талдықорғанның суармалы сорт сынаушы участогінде Красный Дар сорты гектарына 35,8—44,8 центнерден өнім береді.

Жамбыл облысы, Красногор сорт сынаушы участогінде Красный Дар мол өнімді сорт екендігін көрсетті, 1952 жылы гектарынан 43,4 центнерден өнім алынды, сөйтіп,

күзден бастап егілетін жаздық арпаның аудандастырылған Персикум 64 сортынан 7,1 центнер көп берді.

Красный Дар Алматы мен Талдықорған облыстарында аудандастырылған. Мұнда күздік арпа егіс көлемінің көпшілігіне осы сорт себіледі. Жамбыл облысының ылғалды тәлімі жерлерінде оның болашағы зор.

Краснодарлық 2929. Бұл сортты Солтүстік-Осетин, АССР-ның Моздок ауданының жергілікті күздік арпаларынан жеке іріктеп алу әдісімен Краснодардың мемлекеттік селекция станциясында А. П. Трындина өсіріп шығарған.

Поллидумның түр бөлігіне жатады. Масағы алты қатар селдір, қылтықты. Дәні қауызды сары, кейде жасылдау, ұсақ келеді (1000 дәнінің салмағы 33—35 г.). Қауыздылығы орташа — 11 процент болады. Қысқа төзімділігі сынаудағы барлық сорттан артық.

Онша құйылмайды.

Сабағы биік, жатып қалуға берік болады, бұл ерекшелігі комбайнмен жыйнауға мүмкіндік береді.

Таттың кай түрінің болса да зардабына төзімді келеді. Қатты қаракүйе едәуір зақымдайды.

Шығымды сорт. Жамбыл облысы, Киров атындағы колхозда Жақыпбаев жолдастың егіс бригадасы 19 гектар егіс көлемінен 22 центнерден өнім алған. Жамбыл сорт сынаушы участогінде суармалы жерлерде ең бітік шыққанда гектарына 53,8 центнерге дейін жеткен.

Бұл сорт Жамбыл облысының суармалы аймағында аудандастырылған. Өндіріске еніп, әлі тарай қойған жок.

Сорт сынаушы участоктерде соңғы кезде келешегі зор жаңа сорттар — Майкоптық 13095 және Гибернакулюм 2664 сорттары көзге түсіп отыр.

Майкоптық 13095. Бұл сорт Бүкілодақтық өсімдік шаруашылық институтының жержүзілік коллекциясынан алынып, Қазақтың егіншілік институтының Орталық тәжрибе танабында өсіріліп шығарылған.

Бұл паллидумның түр бөлігіне жатады. Масағы алты қатарлы, селдір, қылтықты, қылтығы тікенекті келеді. Дәні қауызды, сары, түрі ұзын, едәуір ірі болады (1000 дәнінің салмағы 40 г. шамасы).

Майкоптық 13095 қысқа, жатып қалуға және құйылып түсуге төзімдірек, Жамбыл облысының тау аймақтарындағы ылғалды тәлімі жерлерінің жағдайында өте шығымды сорт екендігін көрсетті.

Красногор сорт сынаушы участогінің 4 жылдың ішінде жүргізген сынау мәліметтері бойынша Майкоптық 13095 сорт орта есеппен гектарына 28,6 центнерден өнім беріп, аудандастырылған Персикум 64 сортынан 3,3 центнер асып түскен. 1952 жылы ол гектарынан 49,2 центнерден өнім берген.

Гибернакулюм 2664. Бұл сорт Хасов-Юртов ауданының жергілікті арпасынан жеке іріктеп алу әдісімен Дағыстанның тәжрибе станциясында өсіріліп шығарылған.

Паллидумның түр бөлігіне жатады. Масағы алты қатарлы, қылтықты, селдір, сабағы сары. Дәні сары, ірілігі орташа (1000 дәнінің салмағы 39—46 г.).

Талдықорған облысының тау етегіндегі аймақтарында перспективалы сорт болып шықты.

Қысқа, көктемдегі қатқақка, шіруге және қуаңшылыққа төзімді сорт. Красный Дарға қарағанда түрліше ауруларға онша шалдыға қоймайды.

Сынау жылдарының ішінде түсімділігі Красный Дардан гектарына 1,5—6,7 центнер артық болды.

Сорт өндірістік сынаудан өткізуге енгізіліп отыр.

* * *

Арпалардың жаздық түрлерінің ішінде күзгі егіс үшін Персикум 64 (Жамбыл мен Оңтүстік Қазақстан облыстарында), Круглик 21 (Талдықорған облысында), Нутанс 27 (Оңтүстік Қазақстан облысында) аудандастырылған.

Персикум 64 көп себіле қоймайды, ал Круглик 21 мен Нутанс 27 өндіріс жағдайда күзден бастап себілмейді. Оларды өндіріске енгізудің қажеті аз, өйткені олардың қысқа төзімділік жағынан болсын, түсімділігі жағынан болсын күздік Красный Дар мен Краснодарлық 2929 сорттарынан артықшылығы жоқ.

ЖАЗДЫҚ АСТЫҚ ДАҚЫЛДАРЫ

Республикадағы барлық астық дақылдар көлемінің 88 процентten астамы жаздық астық дақылдары. Жаздық астық дақылдары әсіресе Қазақстанның солтүстік-шығыс облыстарында басым орын алады, республикадағы бар-

лық жаздық астық егісі көлемінің 92 проценті осы облыстарда егіледі.

Сонымен, солтүстік-шығыс облыстар жаздық астық дақылдарын өндірудің негізгі аудандары болып табылады, бұл негізгі азық-түлік дақылы — жаздық бидайды өндіру жөнінде айқын көрінеді.

Академик Т. Д. Лысенко өзінің «В. Р. Вильямстың агрономиялық ілімі туралы» деген мақаласында солтүстік-шығыс облыстарда күздік дақылдарға қарағанда жаздық дақылдардың үлес салмағының артық болу себебін дәлелдей келіп, былай деді: «Астық жаздың екінші жартысында пісетін аудандарда жаздық бидай күздік бидаймен салыстырғанда, оның қыстан жақсы шығатынына қарамастан, түсімді дақыл болды және неғұрлым түсімді дақыл болып қала бермек». Солтүстік-шығыс облыстардың өзгешелігі сол — онда жаздық астық жаздың екінші жартысында піседі, мұның өзі жазғы астықтың июнь—июль айларында түсетін жауын-шашынды пайдалануына мүмкіндік береді.

Республикада мынадай жаздық астық, жарма және дәнді-бұршақ дақылдары: бидай, сұлы, арпа, тары, жүгері, күріш қарамық және бұршақ егіледі.

ЖАЗДЫҚ БИДАЙ

Жаздық бидай күздік бидай сияқты негізгі азық-түлік дақылдары болып есептеледі. Жаздық бидайдың дәндері ұндық және нандық сапасы жағынан күздік бидайдың дәндерінен асып түседі, өйткені онда белок мол болады, ал белок нанның коректік бағалылығы мен сапасын арттырады. Белок әсіресе қатаң дәнді бидайларда көп болады. Ол жоғары сортты ұн, макарон және жарма даярлауға қолданылады.

Жаздық бидай — Қазақстанда негізгі азық-түлік дақылы болып саналады.

Жаздық бидай егісінің негізгі бөлегі республикамыздың солтүстік-шығыс облыстарының сегізінде—Қостанай Солтүстік Қазақстан, Көкшетау, Ақмола, Қарағанды, Павлодар, Семей және Шығыс Қазақстан облыстарында егіледі. Бұл жерлерде республика бойынша барлық жаздық бидай егісінің 80 процентгейі бар. Бұл облыстарда тың және тынайған жерлерді игерумен байланысты жаздық бидайдың үлесі онан сайын артады.

Қазақстанның жаздық бидай сорттарының өзіне тән ерекшелігі — оның белогының молдығы болып табылады. Бұл жағынан алғанда олар Чкалов, Ростов облыстарының және Краснодар өлкесінің бидайларынан ғана кем түседі. ССРО-ның басқа облыстарының, өлкелерінің және республикаларының көпшілігіндегі бидайларда Қазақстан бидайынан белок аз болады.

Қазақстан бидайларында белоктың көп болу себебі; республика территориясының көп жерінде өніп-өсу дәуірінде ашық, құрғақ және ыстық күн райының басым болуымен байланысты. Бұл жағдай дәнде белоктың жинналуына қолайлы әсер етеді.

Жаздық бидай негізгі азық-түлік дақылы ретінде республикамыздың барлық облыстарындағы ауыспалы егістердің ең жақсы жерлеріне егіледі. Оны егуге, еңалдымен көпжылдық шөп егіліп тыңайтылған жер мен тың жер және аударма тың жерлер, отамалы дақылдар егілген жер, ал солтүстік-шығыс облыстарда — жыртылған пардың едәуір бөлегі пайдаланылады. Бұл жаздық бидайдың биологиялық ерекшелігіне сай келеді. Жаздық бидай өзінің өсуінің алғашқы кезінде баяу өседі, сондықтан оны бұл дәуірінде көбінесе арамшөп басып кетеді. Сондықтан жаздық бидай жоғарыда көрсетілген ауыспалы егіс танаптарына егілсе, оның өсіп-жетілуі үшін — арамшөптен таза және қоректік заттар запасы жеткілікті топырақ өте қолайлы болады.

Жаздық бидай — ылғалды жақсы көретін дақыл. Ол ылғал мен қоректік заттарды түптену мен бас жару арасындағы дәуірде, сондай-ақ дән салу кезінде барынша көп керек етеді. Осы дәуірде топырақта ылғалдың және өсімдік пайдалана алатын қоректік заттардың болуы мол өнім алудың шешуші шарты болып табылады.

Осы айтылғандардың барлығы негізінде жаздық бидай себу үшін мүмкіндігінше күздің бас кезінде, тереңдігі 20—22 см етіліп, шолақтүренді плугпен зябь жыртылып тасталады.

Солтүстік-шығыс және батыс облыстарда мұндай жерлерге қосымша ылғал запасы жасалады, бұл қар тоқтату, көктемгі тасқын суды пайдалану жолымен іске асырылады. Қар тоқтатуды әрбір шаруашылық өзінің жағдайына барынша тиімді етіп жүргізеді, тоқтатылған қардың қалыңдығы 50—60 см дейін болады. Қар суын

тоқтатуға әзірлік күзде — зябь жыртқаннан кейін ілешала, жыртылған жердің бетіне көлденең жал-топырақ жасау жолымен жүргізілуге тиіс.

Суармалы егістігі бар аудандарда топырақта ылғал қорын жыйнау үшін жаздық бидай егісі себілетін участоктер күзде-қыста суарылады. Жыйналған ылғалды сақтап қалу үшін, көктем басталысымен-ақ, 2—3 күннің ішінде зябь 1—2 рет тырмаланады. Мол өнім алу үшін, жаздық бидай егісінің себілуі республиканың жеке аймақтарында белгіленген агротехникалық дәл мерзімдерде жүргізілуі қажет.

Барлық батыс, оңтүстік және оңтүстік-шығыс облыстарда жаздық бидайды себуді мейлінше қысқа, ерте мерзімде жүргізу қажет, сонымен қатар, еңалдымен қатты дәнді бидай сорттары себілуге тиіс. Бұл бидайдың өніп шыққан көгі, топырақта жыйналған ылғал запасын, көктемде және жаз басында жауған жауын-шашынды барынша толық пайдалану үшін істеледі. Егерде себу мерзімі кешіксе, онда жаздық бидай қолайсыз жағдайларға ұшырайды, өйткені, жаздың алғашқы жартысының аяқ шешінде, әсіресе жаздың екінші жартысында әдетте құрғақшылық болады.

Республиканың солтүстік облыстарында еңалдымен өте кеш пісетін сорттар себіледі. Ерте себу күзгі алғашқы суық түскенше оның пісіп жетілуін қамтамасыз етеді. Бұл жерлерде қатты дәнді бидайлар, әдетте, көктемгі егіс жұмысы басталғаннан кейін 5—6 күннен соң себіледі.

Жаздық бидайды сепкенде тыңайтқыш енгізуді кең пайдалану қажет. Фосфорлы-қышқыл мен калийлі тыңайтқыштарды ең жақсысы жерді алғаш жыртқанда, ал, азотты тыңайтқыштарды көктемгі культивациялау кезінде пайдаланған дұрыс. Ғылми мекемелер мен алдыңғы қатарлы колхоздардың тәжрибелері заводтық түйіршіктелген тыңайтқыштарды, әсіресе (салмақ мөлшері бірдей) суперфосфат пен шірінді немесе қой қыйы мен құс саңғырығы қоспасынан жергілікті жерде дайындалған органикалық-минералды түйіршік тыңайтқыштарды пайдалану өте жақсы нәтиже беретінін көрсетеді. Алматының мемлекеттік селекция станциясы 1952 жылы әртүрлі мөлшерде түрлі әдістер колдана отырып, түйірлі және ұнтақ суперфосфаттың әсерін байқау жөнінде тәжрибе жасады.

Жасалған тәжрибелер, түйіршіктелген тыңайтқыштар-

ды пайдалану, анағұрлым көп нәтиже беретіндігін көрсетті[1] (7-таблицаны қараңыз).

7-таблица

Жаздық бидай өнімін арттыруға тыңайтқыштың тигізетін әсері

Тыңайтқыш енгізудің нормасы мен әдістері	Өнімі (гектарына центнер есебімен)	Бақылаумен салыстырғанда артқан өнімі (гектарынан цент. есебімен)
Бақылау (тыңайтқышсыз)	21,1	—
Алғаш жыртылған кезде гектарына 3 центнерден тозаң тәрізді суперфосфат енгізілді	23,4	2,3
Алғаш жыртылған кезінде гектарына 3 центнерден түйіршіктелген суперфосфат енгізілді . . .	26,9	5,8
Себу кезінде тұқыммен бірге гектарына бір центнерден органикалық-минералды түйіршіктелген тыңайтқыш (5 кг. суперфосфат 50 кг. шірінді енгізілді.	23,8	2,7

Суармалы егіншілікті аудандарда, суармалы және суарылмайтын участоктерге жаздық бидайдың жеке сорттарын дұрыс орналастыруға баса назар аудару керек. Бұл дақылдың көптеген аудандастырылған сорттары қосымша ылғалды жақсы көреді, бір-екі рет суарғанда өнімін шұғыл арттырады, ал басқа сорттар қосымша ылғалды онша жақсы көрмейді. Мұндай сорттарға Псевдо-Турцикум 2115, Грекум 283 және 289 бидайлары жатады. Республикада мол таралған құрғақшылыққа төзімді және қосымша ылғалды онша жақсы көрмейтін сорт Эритроспермум 841 сорты, ол суарғанда жатып қалады; соның салдарынан өнімі төмендейді. Сондықтан да суарылатын участоктерге себу үшін жатып қалмайтын, масағын, оның дәнділігін және дәнінің таза салмағын шұғыл арттыра алатын сорттарды іріктеп алу керек.

Суармалы жерлерге жаздық бидайды екпенде суару мерзіміне де үлкен маңыз беріледі. Бұлар өсімдік өсіп жетілуінің дамый бастаған дәуіріне сай келуі тиіс. Бидайдың мұндай даму дәуірі түптенуден масақтануға дейінгі және дән толтыра бастаған кезіндегі дәуірі болып саналады. Бұл дәуірлерде бидайды толық нормамен суарып отыру қажет.

[1] Егіс шөп егілген тың жерге себілді, бір рет суарылды.

Қазақстанда егілетін жаздық бидай сорттарының негізгі бөлігі екі түрге жатады:

1) қатты дәнді бидай сорттары (Тритикум дурум) және

2) жұмсақ дәнді бидай сорттары (Тритикум вульгаре). Тургидум (бесбас бидай) және компактум (Теремок, Көжебидай) түріне жататын жергілікті бидай сорттары аз көлемде егіледі.

Қазақстанда таралған қатты дәнді бидай сорттары неғұрлым бағалы болып келеді: олар дәнінің ірілігімен, өте жылтыр дәнділігімен, белогының өте көптігімен көзге түседі, сондықтан да макарон өндірісі үшін ең жақсы бидай сорты болып есептеледі. Қатты дәнді бидай сорттары республикамыздың Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл, Қызылорда және Гурьевтен басқа облыстарының бәрінде егіледі.

Қатты бидай аударылған және қайта аударылған тыңға, көптен тыңайған жерлерге, көпжылдық шөп танабына егілгенде жақсы нәтиже береді.

Қатты бидай жұмсақ жерге егілсе өнімін төмендетіп жібереді, астық сапасын кемітеді. Республикада орасан мол тың және көптен тыңайған жерлерді игерумен байланысты қатты бидайдың ролі мықтап артуға тиіс, қатты бидай егісінің көлемі де едәуір артады. Таяудағы екі-үш жылдың ішінде қатты дәнді бидайдың үлес салмағын осы дәрежеге дейін жеткізу республикамыздың ауылшаруашылық органдарының, колхоздары мен совхоздарының шұғыл міндеті болып табылады.

Қазақстанның топырақ-климат жағдайларының әртүрлі болуы — жаздық бидай сорттарын іріктеп алуға қатаң талап қоюды қажет етеді. Бұл дақыл, басқа жаздық дәндермен салыстырғанда, қандай да болсын егілетін ауданның топырақ және климат жағдайларын талғағыш келеді. Мысалы, бұл бидайдың солтүстік облыстарда таралған сорттары республиканың оңтүстік және батыс облыстары үшін мүлде жарамайды және керісінше болады.

Барлық аймақтарда егілетін сорттардың ұндық және нандық сапасы жақсы, мол өнім берулері тиіс. Ол үшін ондай бидайлардың мол өнім беруге әсер ететін шаруа-

шылық және биологиялық түрлі ерекше белгілері болулары керек.

Батыс, оңтүстік және оңтүстік-шығыс облыстар үшін, сондай-ақ Қостанай облысының оңтүстік-батыс аудандары үшін жазғы аңызақ соққанша пісіп жетіле алатын, қуаңшылыққа төзімді, тез пісетін бидай сорттарын егу қажет. Бұл облыстарда өніп-өсу дәуірі ұзақ жаздық бидай сорттары, әдетте, сапасыз, солғын дәнді өнім береді, осыдан келіп бидай өнімі мықтап төмендейді.

Ерте пісетін бидай сорттары масақтану және дән салу үшін топырақтың ылғал запасы мен көктемгі жауын-шашынды барынша толық пайдаланады.

Ауа мен топырақтың ылғалдылығы артық болса, жаздық бидайдың кейбір сорты қаракүйенің әртүрімен шалдыққыш келеді. Бұл әсіресе республикамыздың оңтүстік, оңтүстік-шығыс және шығыс облыстарының егістерінде байқалады. Осы бидай егілетін барлық аймақтардағы бидай сорттары тозаңды және қатты қаракүйеге төзімді болуға тиіс. Осы аурулар өнімінің едәуір бөлігін ысырап етеді. Мұның үстіне қатты қаракүйе ұнның сапасын мықтап төмендетеді.

Таулық аудандарда тез пісетін, жатып қалмайтын грибок және бактериялы ауруларға шалдықпайтын бидай сорттарын еккен жөн.

Суармалы егіншілік жағдайында өсірілетін бидай сорттары жатып қалмайтын, татқа шалдықпайтын болуға тиіс.

Республикамыздың солтүстік-шығыс облыстары үшін өндірісте жаздық бидай сортының екі тобы: тез пісетін және кеш пісетін сорттарының болуы өте қажет.

Біріншіден, бұл астық жыйнау кезіндегі қыйыншылықты едәуір азайтады, әрбір сорттың астық өнімін ең жақсы агротехникалық мерзімде жыйнап алуға, мұнымен бірге сабағында төгіліп-шашылуға мүмкіндік бермейді.

Екіншіден, ерте пісетін және кеш пісетін бидай сорттарын ете отырып, шаруашылық тіпті қолайсыз ауа райы болған жағдайда да жақсы өнім алатындығына сенімді болады. Егер көктемде жауын-шашын жеткілікті болып жаздың басында және ортасында жаумаса ерте пісетін бидай сорттары жақсы өнім береді. Егерде көктем кезінде жауын-шашын аз болып жаз басында және ортасында ол жеткілікті болса, ерте пісетін сорттарға қарағанда,

кеш пісетін бидай сорттары көп болады. Мысалы, кеш пісетін бидай сорттары Мильтурум 553 және 321 жауын-шашын тіпті июнь айының аяғында болып, ал жауын-шашын көктемде жеткіліксіз болса да жақсы өнім береді, бұл жағдай бұдан гөрі ерте пісетін Смена және Цезиум 111 сорттарында болмайды.

Мұнымен бірге шаруашылықтың кеш пісетін бидай сорттарының үлес салмағы өте көп болуына жол бермеуі тиіс. Бұл егіс пісіп жетілгенше күзгі ерте суықтың зыяндап кетуіне әкеп соғады, бұл жағдай кейде солтүстік облыстарда және Шығыс Қазақстан облысының таулық аудандарында кездеседі.

Ауылшаруашылық өндірісі үшін жаздық бидай сорттарының құйылмайтын, мұнымен қатар дәнінің жақсы бастырылатын болуының өте зор маңызы бар. Дәнінің құйылғыш болуы сабағында мерзімінен артық тұрғанда көп ысырап болуына әкеп соғады. Сондықтан мол өнімді, бірақ құйылуға бейім бидай сорттарын техникамен жақсы жабдықталған шаруашылықта ғана шамалап аз көлемді жерге себуге болады. Оның өзі астық жыйнауды қысқа мерзімде — 5—7 күннің ішінде аяқтауға мүмкіндік береді. Бастыруға қыйын бидай сорттарында жаншылған дәндер көп болады, бастырылған сабанда бидай кетеді, міне осылардың бәрі астық өнімінің ысырап болуына әкеп соғады.

Колхоздар мен совхоздар өздерінің егістік жерлеріне себу үшін қандайда болсын бидай сорттарын іріктеп алғанда белгіленіп алынған бидай сорты жергілікті топырақ-климат жағдайларына қаншама толық сай келетіндігіне сүйену керек. Мұнымен бірге, сондай-ақ бидай сорттарының өзіне тән ерекшеліктері — өнімділігі, жатып қалмайтындығы, құйылмайтындығы және басқалары еске алынады.

Қазақстанда жаздық бидайдың 33 сорты аудандастырылған (8-таблицаны қараңыз). Ал шынында бұдан біраз көбірек сорт өсіріледі, өйткені аудандастырудан шығарылып тасталған сорттар өндірістен әлі алынып болған жоқ. Оның үстіне, республикамызда біраз жерге кәзір сыналып жатқан жаңа сорттар да егіліп жүр.

Колхоз-совхоз өндірісі үшін ең қолайлы деп танылған 7 сорт соңғы жылдарда аудандастырылған жаңа сорттар. Бұлардың қатарына мыналар жатады:

8-таблица

Аудандастырылған сорттардың облыстар бойынша бөлінуі

Қатты бидайдың сорттары

Сорттар / Облыс	Гордеиформе 189	Гордеиформе 10	Мелянопус 69	Мелянопус 1982	Ақмолалық 5	Дондық 369	Қатты бидай сорттарының барлығы
Алматы	×	—	—	—	—	—	1
Ақмола	×	×	—	—	×	—	3
Ақтөбе	×	—	×	—	—	—	2
Шығыс Қазақстан	×	×	×	×	—	—	4
Гурьев	—	—	×	—	—	—	1
Жамбыл	—	—	—	—	—	—	—
Батыс Қазақстан	—	—	—	—	—	—	1
Қарағанды	×	—	—	—	—	—	1
Қызылорда	—	—	—	—	—	—	—
Көкшетау	×	×	—	—	—	—	2
Қостанай	×	—	—	—	—	—	1
Павлодар	×	—	—	—	—	—	1
Солтүстік Қазақстан	—	×	—	—	—	—	1
Семей	×	—	×	—	—	×	3
Талдықорған	×	—	—	—	—	—	1
Оңтүстік Қазақстан	—	—	—	—	—	—	—
Сорт қанша облыста аудандастырылған	10	4	5	1	1	1	

8-таблицаның жалғасы

Жұмсақ бидайдың сорттары

а) қылтықсыз

Облыс \ Сорттар	Мильтурум 553	Мильтурум 321	Ақмолалық 1	Альбидум 43	Альбидум 3700	Лютесценс 62	Гариет	Маркиз	Саррубра	Шортандылық	Голубка	Қылтықсыз жұмсақ бидай сорттарының барлығы
Алматы	—	—	—	—	—	—	—	+	—	—	—	1
Ақмола	—	+	+	—	—	—	—	—	—	+	—	3
Ақтөбе	—	—	—	+	—	+	+	—	+	—	—	3
Шығыс Қазақстан	—	—	—	+	—	—	—	—	—	—	—	—
Гурьев	—	—	—	—	—	—	—	—	—	—	—	—
Жамбыл	—	—	—	+	—	—	—	—	—	—	—	1
Батыс Қазақстан	—	—	—	—	—	—	—	—	—	—	—	1
Қарағанды	—	+	—	—	—	—	—	—	—	—	—	—
Қызылорда	—	—	+	—	—	—	—	—	—	—	—	3
Көкшетау	+	+	+	—	—	—	—	—	—	—	+	2
Қостанай	—	—	—	—	—	—	—	—	—	—	—	1
Павлодар	+	—	—	—	—	—	—	—	—	—	—	2
Солтүстік Қазақстан	—	+	—	—	+	—	—	+	—	—	—	2
Семей	—	—	—	—	—	—	—	—	—	—	—	1
Талдықорған	—	—	—	—	—	—	—	—	—	—	—	—
Оңтүстік Қазақстан	—	—	—	—	—	—	—	—	—	—	—	—
Сорт қанша облыста аудандастырылған	3	5	3	2	1	1	1	2	1	1	1	

8-таблицаның жалғасы

Жұмсақ бидайдың сорттары

б) қылтықты

Облыс \ Сорттар	Эритроспермум 841	Эритроспермум 341	Эритроспермум 872	мена (Эритроспермум 1022)	Цезиум 111	Қарағандылық	Эритрослеукон 503	Псевдотурикум	Гректум 283	Қылтықты жұмсақ бидай сорттарының барлығы
Алматы	+	—	+	—	—	—	+	—	—	3
Ақмола	—	—	—	+	+	—	—	—	—	2
Ақтөбе	+	—	—	+	—	—	—	—	—	2
Шығыс Қазақстан	+	+	+	+	+	—	—	—	—	4
Гурьев	+	+	—	—	—	—	—	—	—	2
Жамбыл	+	—	+	—	—	—	+	+	+	5
Батыс Қазақстан	+	—	—	—	—	—	—	—	—	1
Қарағанды	+	—	—	—	+	+	—	—	—	3
Қызылорда	+	—	—	—	—	—	—	—	—	1
Көкшетау	—	—	—	+	+	—	—	—	—	2
Қостанай	+	—	—	+	+	—	—	—	—	3
Павлодар	+	—	—	—	—	—	—	—	—	1
Солтүстік Қазақстан	—	—	—	+	+	—	—	—	—	2
Семей	+	+	+	+	—	—	—	—	—	4
Талдықорған	+	+	+	—	—	—	—	+	—	3
Оңтүстік Қазақстан	+	—	+	—	—	—	—	—	—	2
Сорт қанша облыста аудандастырылған	13	4	5	6	6	1	2	2	1	

8-таблицаның жалғасы

Сорттар / Облыс	Жаздық Украинка	Сырбидай	Көжебидай	Акбидай	Жергілікті теремок	Шығырлау грекумы	Мескрен	Қылтықты жұмсақ бидай 10 тарының барлығы	Жаздық бидай сорттарының барлығы
Алматы	×	—	—	—	—	—	—	1	6
Ақмола	—	—	—	—	—	—	—	—	8
Ақтөбе	—	—	—	—	—	—	—	—	5
Шығыс Қазақстан	—	—	—	—	×	—	—	1	2
Гурьев	—	—	—	—	—	—	—	—	3
Жамбыл	—	—	—	—	—	—	—	—	5
Батыс Қазақстан	—	—	—	—	—	×	—	1	4
Қарағанды	—	—	—	×	—	—	×	2	7
Қызылорда	—	×	—	—	—	—	—	1	2
Көкшетау	—	—	—	—	—	—	—	—	6
Қостанай	—	—	—	—	—	—	—	—	6
Павлодар	—	—	—	—	—	—	—	—	3
Солтүстік Қазақстан	—	—	—	—	—	—	—	—	5
Семей	—	—	×	×	—	—	—	2	11
Талдықорған	—	—	—	—	×	—	—	1	6
Оңтүстік Қазақстан	—	—	—	—	—	—	—	—	2
Сорт қанша облыста аудандастырылған	1	1	1	2	2	1	1		

Қатты бидай бойынша — Мелянопус 1932 сорты (Шығыс Қазақстан облысы), бұл — облыстың ең қуаңшылық бөлегінде ішінара Мелянопус 69 сортының орнына пайдаланылады. Ақмолалық 5 сорты (Ақмола облысы) ішінара Гордейформе 189 сортының орнына алынады. Дондық 309 Семей облысының тау етегіндегі аймағында ішінара Гордейформе 189 сортының орнына пайдаланылады.

Жұмсақ бидай бойынша — Альбидум 3700 сорты Эритроспермум 341 сортының орнына; Эритролеукон 503 (Алматы және Жамбыл облыстары) — ылғалы жеткілікті тәлімі және суармалы жерлерде Эритроспермум 841 сортының орнына; жаздық Украинка сорты (Алматы облысы) — суармалы жерлерде Эритроспермум 841 сортының және ішінара Эритроспермум 82/2 мен Маркиз сорттарының орнына; Шортанды сорты (Ақмола облысы) ішінара Мильтурум 321 және Эритроспермум 1021 (смена) сорттарының орнына пайдаланылады.

Жаздық бидайдың кейбір ескі сорттары республиканың жеке облыстарында осы күнге дейін кең көлемде егіліп келеді. Ал жаңа сорттардың тұқымы колхоздар мен совхоздарда өте-мөте жеткіліксіз. Осыған қарамастан, ескірген сорттар өндірістен тез арада шығарылуға тиіс. Мұндай ескі сорттардың қатарына мыналар жатады:

Грекум 283 — (Ақтөбе мен Оңтүстік Қазақстан облыстары), мұның орнына Эритроспермум 841 сорты қалдырылған.

Мильтурум 321 — (Көкшетау мен Солтүстік Қазақстан облыстары), мұның орнына өндіріске дәні жақсырақ, өнімдірек Мильтурум 553 сорты енгізіліп отыр;

Цезиум 111 — (Шығыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан және Көкшетау облыстары), мұның орнына өндіріске өнімі молырақ Смена сорты енгізілді;

Аудандастырылған сорттар республикамыздың топырақ және климат жағдайларына неғұрлым толық сай келеді. Жаңа сорттарды ойдағыдай енгізу және өнімі шамалы сорттарды өндірістен шығарып тастау жаздық бидайдың өнімділігін едәуір арттыруға және егіншіліктің мәдениетін көтеруге мүмкіндік береді.

Жаздық бидай сорттары

Ақмолалық 1. Бұл сортты Шортанды ауылшаруашылық тәжрибе станциясында (Ақмола облысы) жаздық

бидайдың Маркиз сортын күздік бидаймен табиғи будандастырудан алынған өнімнен В. П. Кузьмин өсіріп шығарған.

Бұл — Мильтурум сорттарының бір түр бөлігіне жатады. Масағы қылтықсыз, қызыл, жұмыр, ірі, тік тұрады. Масағының тығыздығы орташа, қабыршағы түксіз, дәні қызыл, сопақша, үшкір емес, ірілігі орташа (1000 дәннің салмағы 25—32 г, Мильтурум 321 сортынан 2—4 г. артық), жартылай ұлпалы, ұндық сапасы орташа келеді.



9-сурет. Ақмолалық 1

Сорт аздап кешірек піседі; оның өсіп-өну кезеңі 95—98 күн, Мильтурум 321 сортынан 3—5 күн ертерек піседі.

Ақмолалық әсіресе өзінің өніп-өсуінің алғашқы жартысында — бас салғанға дейін қуаңшылыққа өте төзімді келеді. Сонымен бірге ылғал сезгіш және кеш түскен жауын-шашынды жақсы пайдаланады. Көктемгі қатқаққа төзімді. Сабаны жуан және қатты, сондықтан жатып қалғыш емес. Ақмолалық құйылып қалу жағынан Мильтурум 321 сортынан берігірек келеді. Аса пісіп кеткенде масағы сынып үзілетін жағдайлары болады. Бұл сортты себудің ең тәуір мерзімі — ерте көктем; ең қолайлы жер түрі — пар.

Сорт тозаңды қаракүйеге көп шалдықпайды, қызылқоңыр татқа орташа шалдығады. Бұған сабақ ішіне түсетін зиянды жәндіктерден аздап швед шыбыны нұқсан келтіреді.

Ақмолалық өнімділігі жағынан республиканың солтүстік облыстарында (Ақмола, Қостанай) мол өнімділердің бірі. Мысалы, Қостанай облысының Таран сорт сынаушы участогінде оның 7 жыл бойы сынаудағы орташа өнімі гектарынан 20,3 центнерден болды. Ал кейбір жылдары (1945—1950) ол гектарына 31,9—29,8 центнерге де жетіп жүрді. Қостанай облысы, Мендіғара ауданының «Дружный» аудандық тұқым шаруашылығында Ақмолалық 1 сортының 1950 жылғы 223 гектар өндірістік егісінен 27 центнерден өнім алынды.

Көкшетау облысының колхоздары да өнімді мол алуда. 1950 жылы Келлер ауданындағы «Красное знамя»

элит-тұқым шаруашылығында 144 гектар егістен 22,8 центнерден өнім түсті. Айыртау ауданының «Ново украинец» тұқым шаруашылығындағы Петренко жолдастың бригадасы қуаңшылық болған 1951 жылдың өзінде-ақ 128 гектар жерден 21 центнерден өнім алды. Ақмола облысы, Калинин ауданының «Верный путь» колхозында Гаврилов жолдастың бригадасы 110 гектар егістен 24 центнерден бидай жыйнады.

Бұл сорт Ақмола, Көкшетау және Қостанай облыстарында аудандастырылған, мұнда оның егісі жаздық бидайдың жалпы сортты егіс көлемінің 45—48 процентін алады.

Альбидум 3700. Бұл сорт Сибирь астық шаруашылығы институтында жергілікті сорттан жекелеп іріктеп алу әдісімен өсіріліп шығарылған.

Альбидумның түр бөлігіне жатады. Масағы қылтықсыз, ұршық тәріздес, едәуір ірі, орташа тығыз, қабыршағы түксіз болады; дәні ақ, сопақша, ірі (1000 дәннің салмағы 33—34 г), жартылай мөлдір, нандық сапасы ортадан жоғары келеді.

Сорт орташа мерзімде піседі, Эритроспермум 841 сортынан 2—3 күн кеш піседі.

Альбидум 3700 сортының қуаңшылыққа қарсы төзімділігі орташа. Ылғалдандыруды сүйеді және суарғанда мол өнім береді. Құйылып қалғыш емес. Сабағының ұзындығы орташа, едәуір мықты, жатып қалуға берік келеді.

Тозаңды қаракүйе мен қызылқоңыр таттың жұққыштығы орташа. Зиянды жәндіктердің ішінде швед шыбыны күштірек нұқсан келтіреді.

Сорт мол өнімді. Семей облысы Жарма сорт сынаушы суармалы участогінде соңғы 5 жыл бойы сынағанда, гектарынан түскен орташа өнімі 25 центнер болды, яғни Эритроспермум 82/2 сортынан тек 0,5 центнер кем шықты. Сол облыстың Үржар сорт сынаушы суармалы участогінде 3 жыл бойы сынағанда, Альбидум 3700 сорты гектарынан 24,7 центнерден — Эритроспермум 841 сортынан 2,6 центнерден артық өнім берді.

Альбидум 3700 сорты Семей облысындағы суармалы жерге (II аймақ) егу үшін аудандастырылған, мұнда әзірше оның егіс көлемі көп емес, жаздық бидайдың сорты егістерінің 1,5—2 процентінен аспайды.

Альбидум 43. Сорт ССРО-ның Оңтүстік-шығыс астық

шаруашылығы институтында түрішіндік сатылы гибридтеу (будандастыру) арқылы өсіріліп шығарылған.

Альбидумның түр бөлігіне жатады. Масағы қылтықсыз, ақ, аздап жұмыр, жоғарғы жағы біраз үшкір, ұзындығы мен тығыздығы орташа, қабыршағы түксіз, дәні ақ, жұмыртқа тәрізді, едәуір ірі (1000 дәннің салмағы 27—37 г.) келеді. Ұндық және нандық сапасы орташа.

Сорт орташа мерзімдерде піседі, өсіп-өну кезеңі 73—87 күн. Топырақтың шөліркеуі мен аңызаққа өте берік. Ұзақ соққан аңызақ желдерді көтере береді. Бұл сорттың ерекшелігі — топырақтың сортаң тартуына жақсы төзеді.

Альбидум 43 сорты құйылып қалуға қарсы сондай берік болады. Оның жатып қалуға қарсы төзімді, ұзындығы орташа мықты сабағы бар.

Сорттың кемшілігі—тозаңды қаракүйеге өте көп шалдығады, кейбір жылдарда шалдыққан егіс көлемі 8,3 процентке дейін жетіп жүрді (Шығыс Қазақстан облысы, Таврия сорт сынаушы участогі). Бұл — тұқымды үнемі дәрілеп отыруға (термикалық әдіспен) немесе күз аяғында себуге мәжбүр етеді. Сортқа басқа ауруларлардан қатты қаракүйе жұққыш, ол қызылқоңыр және сары татқа да біраз шалдығады. Швед шыбынының нұқсан келтіруі орташа.

Сорт мол өнімді. Шығыс Қазақстан облысының Верхуба сорт сынаушы участогінде соңғы бес жыл ішіндегі оның орташа өнімділігі гектарынан 14,0 центнерден келді, ал кейбір жылдары гектарына 26,6 центнерге дейін жетіп жүрді, яғни ол аудандастырылған Лютесценс 62 сортынан 1,5—2 есе артық өнім берді.

Альбидум 43 сорты Батыс Қазақстан (1 және II аймақтар) мен Шығыс Қазақстан (1 және II аймақтар) облыстарында аудандастырылған, бұл жерлерде оның егіс көлемі жылдан жылға артып келеді. 1953 жылы оның егісі Шығыс Қазақстан облысында жаздық бидайдың сорттық егістері көлемінің 14 процентін алды.

Гарнет. Сорт түрішіндік будандастыру әдісімен өсіріп шығарылған.

Гарнет сорты Лютесценстің түр бөлігіне жатады. Масағы қылтықсыз, ақ, ұршық тәрізді, ұзындығы орташа, піскен кезде салбырап қалмайды. Қабыршағы түксіз. Дәні қызыл, сопақша, ірілігі орташа (1000 дәннің салмағы

29,0—31,0 г), Ұндық сапасы орташа, нандық сапасы жақсы.

Сорт тез пісіп-жетілгіш, Лютесценс 62 сортынан 4—7 күн бұрын піседі. Қуаңшылыққа төзгіш емес.

Құйылып қалуға орташа төзімді.

Тозаңды және қатты қарақүйеге көп шалдықпайды. Ылғал көп жылдарда оған қызылқоңыр тат көп түседі. Швед шыбынының тигізетін зыяны орташа дәрежеде.

Гарнет өнімді сорттардың қатарына жады. Шығыс Қазақстан облысының Қатонқарағай сорт сынаушы участогінде (биік таулы аймақ) 4 жыл бойы сынағанда гектарынан 25,2 центнерден өнім жыйналды, ал ең жоғары өнім гектарына 40,1 центнер болып шықты.

Бұл сортты ең тәуірі — парға еккен. Гарнет ерте мерзімде себілгенде одан қосымша көп өнім түседі. Күштірек агротехника қолданылғанда жақсы нәтиже береді.

Сорт Шығыс Қазақстан облысының биік таулы VI аймағында аудандастырылған, мұнда жаздық бидайға арналған жердің негізгі көлеміне Гарнет егіледі.

Голубка. Бұл сортты Қостанайдың мемлекеттік сорт сынаушы участогінде жаздық бидайды будандастырудан алынған өнімдерді іріктеу арқылы В. А. Ежов өсіріп шығарған.

Сорт колумбиннің түр бөлігіне жатады. Масағы қылтықсыз, сұрғылт көк, ұршық тәрізді, жоғарғы жағы сүйір, едәуір ірі, селдір келеді. Дәні алқызыл, сопақша, ірілігі орташа, жартылай ұлпалы болады. Гүл қабыршақтары дәнді берік ұстап тұрады. Ұндық сапасы орташа, нандық сапасы орташа және ортадан төмен.

Сорт ораташа мерзімдерде піседі, өсіп-өну кезеңі 94—98 күн, Мильтурум 321 сортынан 2—4 күн бұрын піседі.

Голубка өзінің өсіп-жетілу фазаларының барлығында да қуаңшылыққа өте төзімді болады. Ол көктеп шыққан кезде түкті келеді. Бұл — жас жапырақтарды шаңды дауылдың әсерінен қорғайды.




10-сурет. Голубка.

Сорт құйылып қалуға қарсы берік келеді, бастырып дәнін алу қыйын, ал мұның өзі оның үлкен кемшілігі. Сабағы ұзын, онша берік емес, жатып қалғыш келеді.

Сорт тозаңды қаракүйеге төзімді. Қызылқоңыр және сары татқа өте шалдыққыш.

Голубка өнімді сорттардың қатарына жатады. Қостанай облысының Семиозер сорт сынаушы участогінің мәліметіне қарағанда, бұл сорт мұнда аудандастырылған Цезиум 111 сортынан гектарына тек 0,4 центнер ғана кем өнім береді (орта есеппен 5 жыл ішінде).



11 сурет.
Грекум 283.

Сорт Қостанай облысында (IV аймақ) аудандастырылған және Павлодар облысының колхоздары мен совхоздарында кең көлемде егіледі.

Грекум 283. Сортты Красноводопад селекция станциясында жергілікті бидайды жекелеп іріктеу арқылы А. К. Гольбек өсіріп шығарған.

Сорт Грекумның түр бөлігіне жатады. Масағы қылтықты, ақ, жұмыр, жоғарғы жағы аздап сүйір, ұзындығы мен тығыздығы орташа келеді. Қабыршағы түксіз. Дәні аздап қызғылт тартқан ақ, едәуір ірі (1000 дәннің салмағы 36—45 г.) Ұндық сапасы жақсы, нандық сапасы орташа және ортадан жоғары.

Сорт тез пісіп жетілгіш, Эритроспермум 841 сортынан 1—3 күн бұрын піседі. Сабағының ұзындығы мен беріктігі орташа. Грекум жауын-шашынды жылдары және суармалы жерлерде жатып қалуға қарсы төзімді емес. Құйылмайды, бастыруы қыйын. Қаракүйенің екі түріне де және қызылқоңыр татқа төзімсіз.

Бұрын Грекум 283 сорты республиканың оңтүстік облыстарында ең көп тараған сорт еді. Қә-

зіргі кезде ол қаракүйе мен татқа өте шалдыққыш келетіндіктен, жатып қалғыш және бастыруы қыйын болатындықтан, өндірістен толық дерлік шығарылып тасталған, ол тек Жамбыл облысының II және III аймақтарындағы тәлімі жерлерде ғана аудандастырылып қалдырылған, мұнда оның егісі небәрі жаздық бидайдың сортты егісі көлемінің 4,9 процентінен аспайтындай жерге тараған.

Сорт тәлімі жағдайда өнімді келеді. Жамбыл облысының Красногор сорт сынаушы участогінің мәліметтері бойынша, сорттың 5 жыл бойы сынағандағы өнімі гектарынан орта есеппен 23,7 центнерден болды, яғни Эритроспермум 841 сортынан 1,7 центнер кем шықты.

Көжебидай. Жергілікті сорт, ол Қарағанды облысының Осакаров тәжрибе танабында жаппай іріктеп алу әдісімен жақсартылған.

Сорт аласа бидай (тритикум компактум) түр бөлігіне жатады. Түр белгісі — фетисовии (масағы қылтықты, қызыл, қабыршағы түксіз, дәні ақ). Популяциясында (тармақтарында) эринацеум тарауы да (масағы қылтықты, қызыл, қабыршағы түксіз, дәні қызыл) және осы түрдің басқа тараулары да кездеседі. Бұл сортта қылтықты жұмсақ бидайдың белгілері де кездеседі.

Дәні сопақша, жартылай мөлдір, ірілігі орташа (1000 дәннің салмағы 27—32 г.) келеді.

Эритроспермум 841 сортынан 6—7 күн кешірек піседі. Сорт ылғал сүйгіш. Құйылып қалғыш емес, бастыруы қыйын. Сабағы қысқа, мықты, жатып қалуға қарсы берік. Жапырағы қалың, түгі өте көп болады.

Көжебидай Семей облысының суармалы жерлерінде (II және III аймақтар) өсу үшін аудандастырылған, бұл жерлерде сорт орташа өнімді келеді. Аудандастырылған аймағында сорттың егіс көлемі онша үлкен емес. Сорт Қарағанды облысының оңтүстік аудандарының колхоздарында және суармалы жерлерде егіледі.

Жергілікті Теремок. Сорт Көжебидай тәріздес. Шығыс Қазақстан облысының суармалы жерлерінде (V аймақ) және Талдықорған облысында (IV аймақ) аудандастырылған, бұл жерлерде оның егіс көлемі онша көп емес.

Қарағандылық. Сорт Қарағанды тәжрибе станциясында гибридтеу (будандастыру) әдісімен шығарылған (гибриді күрделі: Мильтурум 321 х Псевдогостианум 303 х Лютесценс 38).

Сорт велютинумнің түр бөлігіне жатады. Масағы ақ,

қылтықсыз, қабыршағы түкті, дәні қызыл, нандық сапасы ортадан жоғары.

Сорт орташа мерзімдерде пісіп жетіледі. Жатып қалу мен күйылып қалуға қарсы берік. Әсіресе жауын күндері бастыруы қыйын.

Тозаңды және катты күйеге төзімді келеді.



12.сурет. Люцесценс 62.

Қарағандылық өнімді сорттар катарына жатады. Орталық Казакстанның куаң даласы жағдайындағы Қарағанды облысының Осакаров сорт сынаушы участогінде 5 жыл бойы сынағанда, өнімі гектарынан орта есеппен 12,3 центнер, ал Қарағанды сорт сынаушы участогінде — 11,9 центнер болды. Өнімділігі жағынан Цезиум 111 сорттан орта есеппен гектарына 2,0—2,5 центнер артық өнім береді.

Сорт Қарағанды облысының тәлімі жерлерінде аудандастырылған, мұнда оның егісі жаздық бидайдың сортты егісі көлемінің 17,5 процентін алады және қаракүйеге өте шалдықкыш Цезиум 111 сортының орнына егіледі.

Лютесценс 62. Сорт ССРО-ның Оңтүстік-шығыс астық шаруашылығы институтында (бұрынғы Саратов селекция станциясында) жергілікті Полтавка сортынан жекелеп іріктеу әдісімен өсіріліп шығарылған.

Лютесценстің түр бөлігіне жатады. Масағы қылтықсыз, ақ, ұршық тәріздес, жоғарғы жағы аздап сүйір, ұзындығы мен тығыздығы орташа келеді. Пісіп-жетілгенде аздап салбырап тұрады. Қабыршағы түксіз. Дәні қызыл, сопақша, ірілігі орташа (1000 дәннің салмағы 32 г.). Ұндық сапасы орташа. Нандық сапасы жақсы.

Сорт орташа мерзімдерде пісіп жетіледі. Өсіп-өну кезеңінің ұзындығы орта есеппен 85 күн. Сабағы орта бойлы, онша берік емес. Жауын-шашынды жылдары жатып қалғыш келеді. Гүл қабыршақтары дәнді жеткілікті берік ұстап тұрмайды, сондықтан аса пісіп кеткенде дәні құйылғыш келеді. Тозаңды қаракүйеге өте шалдыққыш, ал қызылқоңыр таттың жұққыштығы ортадан жоғары болады. Швед шыбыны онша көп зиян келтіре қоймайды. Қуаңшылық жылдарда Лютесценс 62 сорты өнімділігі жағынан бірқатар сорттан төмен болады.

Сорт Шығыс Қазақстан облысында (II және IV аймақтарда) аудандастырылған, мұнда ол жаздық бидайдың сортты егіс көлемінің 26 процентіне дейін алады.

Маркиз. Сорт Оттавадағы (Канада) тәжрибе фермасында будандастыру әдісімен өсіріп шығарылған.

Лютесценстің түр бөлігіне жатады. Масағы қылтықсыз, ақ, жұмыр, қысқа, тығыздығы орташа. Қабыршағы түксіз, дәні қызыл, бөшке тәрізді, ірілігі орташа (1000 дәннің салмағы 23—33 г.). Ұндық және нандық сапасы жоғары келеді.

Сорт орташа мерзімдерде, Эритроспермум 841 сортынан 5—6 күн кешірек пісіп-жетіледі. Қуаңшылыққа төзгіш емес, сондықтан жауын-шашын жоқ жылдары оның өнімі күрт кеміп кетеді. Маркиз жатып калу мен дәні құйылуға қарсы төзімді. Сабағы жуан, берік, ұзындығы орташа.

Тозаңды қаракүйе мен қызылқоңыр татқа едәуір төзімді; аздап сары татқа шалдығады. Гельминтоспориоз жұғуына бейім келеді.

Маркиз таулы аймақта өнімділігі жағынан аудандастырылған екінші Эритроспермум 841 сортынан кем түспейді, ал кейде оның өнімі гектарына 1,5—2 центнер артып та кетеді. Мысалы, Талдықорған облысының Гвардиялық сорт сынаушы тәлімі участогінде сорттың соңғы 5 жыл ішіндегі орташа өнімі гектарынан 19,1 центнерден, яғни Эритроспермум 841 сортынан 0,9 центнер артық болды. Жауын-шашыны мол болған 1948 және 1952 жылдары оның өнімі гектарынан тиісінше 28,6 және 20,0 центнерге дейін өсті, яғни Эритроспермум 841 сортынан 5,2 және 4,8 центнерден артық өнім берді.

Сорт Алматы және Талдықорған облыстарының таулы аймақтарында аудандастырылған, бұл аймақтарда оның егісі жаздық бидайдың сортты егісі көлемінің Алматы облысында 10,7 және Талдықорған облысында 31,6 процентін алады.

Мильтурум 321. Сорт Сибирь астық шаруашылығы институтында (бұрынғы Омск тәжрибе станциясында) жергілікті Красноколоска сортынан жекелеп іріктеп алу әдісімен өсіріп шығарылған.

Мильтурум сортының түр бөлігіне жатады. Масағы

қылтықсыз, қызыл, аздап ұршық тәріздес, ұзындығы мен тығыздығы орташа. Қабыршағы түксіз, дәні өніп-өсу жағдайына қарай қызыл, сопақша, ірілігі орташа (1000 дәннің салмағы 25—30 г.), жартылай ұлпалы келеді.

Дәнінде белок едәуір көп болады (16,2 процент), бірақ қамырында газ құралу дәрежесі өте төмен, сондықтан оның нандық сапасы орташа келеді.



13-сурет, Мильтурум 321.

Мильтурум 321 кеш пісетін сорттардың қатарына жатады, оның өніп-өсу кезеңі 96—100 күн болады. Жауын-шашын кеш түскен ылғалды жылдарда өніп-өсу кезеңі 124 күнге дейін созылады.

Сорт дәні құйылып қалуға қарсы онша төзімді емес, өйткені гүл қабыршақтары дәнді жеткілікті тығыз жауып тұрмайды. Сабағының ұзындығы орташа едәуір мықты. Солтүстік жақта сорт жатып қалуға сондай берік келеді.

Сорт тозаңды қаракүйе мен қызылқоңыр татқа орташа дәрежеде, ал сары татқа күштірек шалдығады. Швед шыбынының тигізетін зыяны орташа болады.

Сорттың ерекшілегі — ол өзінің өсіп-жетілуінің алғашқы жартысында — бас салғанға дейін түптену фазасы едәуір кешігіп, баяу өседі. Осы фазада Мильтурум 321 қуаңшылыққа қарсы жақсы төзеді және жауын жауғаннан кейін өзінің өсуі мен жетілуін тез қалпына келтіреді. Сондықтан көктемде қуаңшылық болып, соңынан, июньнің аяғында — июльдің басында жауын-шашын түсетін аудандарда Мильтурум 321 қуаңшылыққа төзгіш сорттардың бірі деп дұрыс есептеледі.

Сорт өнімді келеді, бірақ Акмолалық 1 және Смена сорттарына қарағанда, гектарынан өнімді 1—3 центнердей кем береді.

Кеш пісетіндігіне және Акмолалық 1, Мильтурум 553 сорттарымен салыстырғанда өнімі аз болатындығына байланысты, Мильтурум 321 сортының егіс көлемі бірқатар облыста соңғы жылдары едәуір кеміп кетті.

Сорт Ақмола, Қарағанды (I аймақ), Семей

(I аймақ), Көкшетау облыстарында және аудандық тұқым шаруашылықтарында екпестен-ақ Солтүстік Қазақстан облысында аудандастырылған.

Мильтурум 553. Сорт Сибирь астық шаруашылығы институтында Мильтурум 321 сортын канадалық Китченер сортымен будандастыру арқылы өсіріліп шығарылды.

Мильтурумның түр бөлігіне жатады. Масағы қылтықсыз, қызыл, ұршық тәрізді, ұзындығы мен тығыздығы орташа келеді. Қабыршағы түксіз, дәні қызыл, сопақша, ірілігі орташа (1000 дәнінің салмағы 30 г). Нандық сапасы жақсы болады.

Сорт кеш піседі, оның өніп-өсу кезеңі қалыпты жылдары 95—100 күн болады (Мильтурум 321 сортымен бір мезгілде пісіп-жетіледі).

Қуаңшылыққа төзімділігі әсіресе түптену және сабақ салу фазасында жоғары болады. Мол ылғалдандыруды сүйеді және өнімін күрт арттырады. Қазақстанның солтүстік облыстарына тән, июнь айында болатын жауын-шашынды жақсы пайдаланады. Бұл сорт үшін ең қолайлы жер — пар. Тұқым себудің ең тиімді мерзімі — ерте көктем.


Құйылып қалуға қарсы төзімділігі орта дәрежеде. Сабағының ұзындығы орташа, сабағы жуан, едәуір берік келеді. Тәлімі егіншілік жағдайында сорт жатып қалуға қарсы төзімді. Тозаңды қаракүйе мен қызылқоңыр татқа көп шалдықпайды. Швед шыбынының тигізетін зиянына едәуір төзімді.

Сорт мол өнімді. Солтүстік Қазақстан және Көкшетау облыстарының сорт сынаушы учаскелерінде 14 жыл бойы сынағанда гектарынан 16,5 центнерден өнім берді. Кейбір жауын-шашынды жылдарда оның өнімі гектарына 35,6 центнерге дейін жетті. Қаганович атындағы элитті тұқым шаруашылығында (Солтүстік Қазақстан облысы, Совет ауданы) Мильтурум 553 сорты 1950 жылы 223 гектар егіс көлемінің гектарынан 24,6 центнерден өнім берді, сөйтіп, Цезиум 111 сортынан гектарына 4,4 центнерден асып түсті.



14-сурет. Мильтурум 553.

Солтүстік Қазақстан, Көкшетау және Павлодар облыстарында аудандастырылған, бұл облыстарда ол жаздық бидайдың сортты егіс көлемінің 9,4 процентінен 15,5 процентіне дейінін алады және ескі Мильтурум 321 сортының орнына егіледі.



15-сурет. Псевдо-Турцикум 2115

Псевдо-Турцикум 2115. Сортты Красноводопад тәжрибе станциясында жергілікті бидайды жекелеп іріктеп алу әдісімен А. Қ. Гольбек өсіріп шығарған.

Псевдо - Турцикумнің түр бөлігіне жатады. Масағы қылтықты, қызыл, аздап ұршық тәріздес, ұзындығы орташа, селдір келеді. Қабыршағы түкті, қылтығы қара (қылтығының түсі көбінесе көрінбейді); дәні ақ, сопақша, ірі (1000 дәннің салмағы 30—35 г.), мөлдір болады.

Псевдо- Турцикум 2115 сортында белок көп (17 процент) және ол осы белгісі бойынша ең жақсы бидай — Цезиум 111 сортынан кем түспейді. Бірақ ұнының уыздылық сапасы мен газ құрастыру қабілеті төмен болады, мұның өзі жалпы алғанда сорттың нандық сапасын төмендетіп жібереді.

Псевдо- Турцикум 2115 ерте пісетін сорттардың қатарына жатады, оның өніп-өсу кезеңі 80—85 күн. Оңтүстік аудандарда ол күзгі егіске де пайдаланылады. Бұл сорт өзінің

өніп-өсуінің барлық фазаларында да қуаңшылыққа төзімді келеді.

Псевдо-Турцикум 2115 тіпті аса пісіп кеткеннің өзінде де құйылып қалмайды. Сабағы биік емес, едәуір мықты, тәлімі жағдайда жатып қалуға берік болады.

Сорт сары және қызылқоңыр татқа күшті шалдығады, бұл кейбір жылдары өнімінің күрт кемуіне әкеп соқтырады. Бұдан басқа, оған қатты қарақүйе де түскіш. Сабақ қуысына түсетін зиянды жәндіктерден швед және гессен шыбындары көп нұқсан келтіреді.

Аңызақ тәлімі жағдайларында сорт жақсы өнім береді. Оңтүстік Қазақстан облысының Келес сорт сынаушы участогінде 14 жыл бойы сынағанда гектарынан 11,6 центнерден өнім берді. Сол облыстың Георгиевка сорт сынаушы участогінде 13 жыл ішінде гектарынан орта есеппен 17,7 центнерден алынды.

Псевдо-Турцикум 2115 Жамбыл (II аймақ) және Оңтүстік Қазақстан (I және II аймақ) облыстарының жерлерінде аудандастырылған, бұл жерлерде ол жаздық бидайдың сортты егіс көлемінің 39,1 процентінен 98 процентке дейінін алып, өндіріске едәуір көп тараған.



16-сурет. Смена.

Смена. Бұл сорт Сибирь астық шаруашылығы институтында жергілікті бидайдың үлгілерінен жекелеп іріктеп алу әдісімен өсіріліп шығарылған.

Эритроспермумның түр бөлігіне жатады. Масағы ақ, қылтықты, ұршық тәрізді, ұзындығы мен тығыздығы орташа. Қабыршағы түксіз; дәні қызыл, сопақша, ірі (1000

дәннің салмағы 30—35 г.) жартылай мөлдір. Дәнінде белок едәуір көп болады (17—18 процент). Ұндық сапасы ортадан төмен, нандық сапасы орташа.

Смена орташа ерте пісетін сорттарға жатады, өніп-өсу кезеңі 85—90 күн. Егіс бір мезгілде жаппай пісіп-жетіледі, ал мұның комбайнмен жыйнауда үлкен маңызы бар. Қуаңшылыққа өніп-өсуінің барлық фазаларында да жақсы төзеді.

Сабағының ұзындығы орташа, едәуір жуан келеді. Жатып қалғыш емес, тек Қазақстанның солтүстік облыстарында жауын-шашын көп болған жылдарда жатып қалуға бейім болады. Егін деркезінде жыйналатын болса, дәні құйылмайды. Аса пісіп кетсе құйылғыш келеді.

Бұл сорттың негізгі кемшілігі — ол тозаңды қаракүйеге көп шалдығады, ал мұның өзі тұқым материалын термикалық әдіспен немесе күз аяғында себу арқылы үнемі тазартып отыруға тура келеді. Қызылқоңыр татқа орташа дәрежеде, ал қатты қаракүйеге едәуір шалдыққыш келеді. Швед шыбынының тигізетін зыяны аз болады.

Сорт мол өнімді және өнімі жыл сайын біркелкі болады. Қазақстанның солтүстік-шығыс облыстарында егілетін барлық бидайдың ішінде бұл сорт өнімділігі жағынан сорт сынаушы участоктерде де, колхоздар мен совхоздардың өндірістік егістерінде де бірінші орын алады. Көкшетау облысының Щучье сорт сынаушы участогінде 13 жыл сынағандағы оның өнімі гектарынан орта есеппен 17,4 центнерден, ал Қостанай облысының Таран сорт сынаушы участогінде 9 жыл ішінде 22,7 центнерден болды. 1950 жылғы Қостанай облысының Қарабалық сорт сынаушы участогінде бұл сорттың гектарынан 38,0 центнерден өнім алынды, 1950 жылы осы облыстардың басқа сорт сынаушы участоктерінде де осындай жоғары өнім алынды.

1950 жылы Қостанай облысы, Федоров ауданының Буденный атындағы аудандық тұқым шаруашылығында 29 гектар егістен 29,1 центнерден, Солтүстік Қазақстан облысы, Совет ауданының Л. М. Каганович атындағы элитті тұқым шаруашылығында 223 гектар егістен 24,6 центнерден өнім алынды.

Қостанай агротехникалық сорт сынаушы участогінің мәліметі бойынша бұл сортты себудің ең қолайлы мерзімі — май айының екінші онкүндігі. Ең қолайлы жер — пар немесе аударылған тың. Тұқым себу нормасы кө-

бейтілсе (гектарына 160—170 кг), бұл сорт жақсы нәтиже береді.

Смена сорты Ақмола (I және II аймақтар), Шығыс Қазақстан (III және IV аймақтар), Көкшетау, Қостанай (I, II және III аймақтар), Солтүстік Қазақстан, Семей облыстарында аудандастырылған, бұл жерлерде оның егісі жаздық бидайдың сортты егісі көлемінің 6,4 процентten 15,3 процентке дейінін алады.

Саррубра. Бұл сорт ССРО-ның оңтүстік-шығыс астық шаруашылығы институтында Белотурка дейтін қатты бидайды Полтавка дейтін жұмсақ бидаймен тураралық будандастыру әдісімен өсіріліп шығарылған.

Альборубрумның түр бөлігіне жатады. Масағы қылтықсыз, қызыл немесе алқызыл, аздап ұршық тәріздес, ұзындығы мен тығыздығы орташа. Бас салған кезде сабағының буындары аздап күлгін түсті келеді. Қабыршағы түксіз. Дәні ақ, ұзынша сопақ, іріліғі орташа (1000 дәннің салмағы 28—30 г), жартылай мөлдір болады, нандық сапасы жоғары (бұл жөнінде сорт ең жақсылардың бірі).

Саррубра орта мерзімдерде пісетін сорттардың қатарына жатады, Эритроспермум 841 сортынан 2—3 күн кешірек піседі. Қуаңшылыққа жақсы төзеді.

Сабағының ұзындығы орташа, едәуір мықты келеді. Сорт жатып қалуға және құйылып қалуға берік болады.

Тозаңды қаракүйе мен қызылқоңыр татқа өте шалдыққыш.

Аудандастырылған аймағында өнімділігі жағынан Эритроспермум 82/2 және Эритроспермум 841 сорттарынан біраз кемірек.

Саррубра Ақтөбе облысында (I және II аймақтар) аудандастырылған, мұнда оның егісі жаздық бидайдың сортты егіс көлемінің тек 3,6 процентін ғана алады.



17-сурет. Саррубра.

Сырбидай. Қызылорда облысы, Қармақшы ауданының ертеден келе жатқан жергілікті бидайы. Негізінде, суармалы жерлерде өсіріледі.

Эритроспермумның негізгі түр бөлігі. Масағы қылтықты ақ; қабыршағы түксіз; дәні қызыл келеді. Ферригинеум

түрлерінің қоспасы да кездеседі (белгілері алдыңғыдай бірақ масағы қызыл).

Дәнінің ірілігі орташа (1000 дәннің салмағы 30—32 г.), жартылай мөлдір. Ұндық және нандық сапасы орташа.



18-сурет. Сырбидай.

Сорт кеш піседі, өніп-өсу кезеңінің ұзақтығы 105—110 күн. Топырақ пен ауа қуаңшылығын жақсы көтереді, топырақтың сор тартуына басқа сорттардан анағұрлым төзімді болады.

Сорт құйылып қалғыш емес. Сабағының ұзындығы орташа, қалың қабырғалы, едәуір мықты және жатып қалуға қарсы берік келеді.

Сортқа тозанды қаракүйе мен сары тат онша жұққыш емес.

Сырбидай мол өнімді сорттардың қатарына жатады. Қызылорда облысының Жалағаш сорт сынаушы суармалы участогінде бұл сорттың соңғы 5 жыл ішіндегі өнімі орта есеппен гектарынан 32,7 центнерден болды, яғни ол басқа сыналушы сорттардан 7—8 центнер артық өнім берді.

Сорт Қызылорда облысында суармалы егіншілік үшін аудандастырылған. Ол жергілікті жағдайға жақсы бейімделген. Қызылорда облысының өндірістік егістерінде ол жаздық бидайдың сортты егіс көлемінің 97 процентін алады.

Жаздық Украинка. Бұл сортты Алматы селекция станциясында күздік Украинка бидайын академик Т. Д. Лысенконың әдісі бойынша жаздық формаға айналдыру арқылы Н. Л. Удольская өсіріп шығарған.

Эритроспермум-нигриаристатумның түр бөлігіне жатады. Масағы

қылтықты, ақ, ұршық тәрізді, ұзындығы мен тығыздығы орташа. Қылтығы қара (кейде бояуы болмайды), қабыршағы түксіз. Дәні қызыл, сопақша, едәуір ірі (1000 дәннің салмағы 32—33 г.), мөлдір, ұндық және нандық сапасы жақсы.

Жаздық Украинка сорты орта мерзімдерде пісетін сорттардың қатарына жатады, Эритроспермум 841 сортынан 2—5 күн кешірек піседі. Құйылып қалуға орташа төзімді, бірақ аса пісіп кеткенде, едәуір құйылғыш келеді. Сабағының ұзындығы орташа, өте берік болады. Сорт жатып қалуға өте төзімді және осы белгісі бойынша, сол аймақтағы аудандастырылған жаздық бидай сорттарының барлығынан асып түседі.

Аурулардың ішінде оған сары тат көп түседі. Қарақүйенің екі түріне де төзімді болады.


Қуаңшылыққа төзімділігі орташа. Әсіресе ауа қуаңшылығын сезгіш, мұндай жағдайда өнімін кемітіп жібереді. Сорт ылғал сүйгіш, асыра ылғалдандырғанда жақсы нәтиже береді. Көктемгі қырауды жақсы көтереді. Күз аяғында сепкенде өнімі мол болады.

Жоғары агротехниканы өте сезгіш және қант қызылшасынан немесе овощтардан кейін сеуіп, суарып отырса, жаздық бидай сорттарының барлығынан түсімділігі асып түседі. Мысалы, Қаскелең ауданының Коминтерн атындағы колхозында 1950 жылы жаздық Украинканың өндірістік егісін сынағанда гектарынан орта есеппен 29,4 центнерден, яғни Эритроспермум 841 сортынан 6,4 центнер артық өнім алынды, 1951 жылы алынған өнім гектарынан 17,6 центнерден, яғни Эритроспермум 841 сортынан 3,2 центнер артық 1952 жылы —18,0 центнер, яғни суармалы жерлерде аудандастырылған Эритроспермум 82/2 сортынан 3,6 центнер артық болды. Жамбыл ауданының «Работник» колхозында жаздық Украинканың 44 гектарлық егісінің әрбір гектарынан түскен өнім орта есеппен 20,0 центнер, яғни Эритроспермум 841 сортынан 8,4 центнер артық болды.

Жаздық Украинканың жатып қалуға қарсы өте беріктігі оны комбайнмен орғандағы болатын ысырапты мейлінше азайтады. Эритроспермум 82/2 және 841 сорттарымен салыстырғанда, оның өнімінің едәуір өзгеше болуы міне осыған байланысты. Жаздық Украинка ерте себілгенде өте жақсы нәтиже береді.

1952 жылы бұл сорт Алматы облысының Қаскелең ау-

данындағы суармалы жерлер үшін аудандастырылған, мұнда ол өнімі жағынан алдыңғы орындардың бірін алады.



19 сурет.
Цезиум 111.

Аудандастырылған аймағында жаздық бидай егісінің 19 процентін алады.

Бұл Алматы және Талдықорған облыстарының суармалы жерлері үшін перспективалы сорт болып табылады.

Цезиум 111. Бұл сорт Сибирь астық шаруашылығы институтында жекелеп іріктеп алу әдісімен өсіріліп шығарылған. Қазақстанда ол өндіріске енгізілген тұңғыш селекциялық сорттардың бірі.

Цезиумның түр бөлігіне жатады. Масағы қылтықты, қызғылт көк болып көрінеді. Түсінің айқындығы өсу жағдайына байланысты — ашық қоңырдан қара қоңырға дейін болады. Масағы ұршық тәрізді, ұзындығы мен тығыздығы орташа. Қылтықтың түсі де масақтыкі сияқты. Дәні қошқыл қызыл, ірілігі орташа (1000 дәннің салмағы 26—81 г. шамасында болады), мөлдір келеді.

Дәнінің ұндық сапасы жақсы. Онда белок көп (21 процентке дейін), қамырының газ құрау қабілеті жоғары болады, ал мұның арқасында оның нандық сапасы да жақсы. Бұл жағынан Цезиум 111 Қазақстанда егілетін жаздық жұмсақ бидайдың барлығынан да артық.

Сорт орта мерзімде піседі, өніп-жетілу мерзімі Смена сортынан 1—3 күн ұзағырақ болады.

Сабағының ұзындығы мен мықтылығы орташа. Жауын-шашын көп жылдары жатып қалады.

Сорттың құйылып қалуға қарсы беріктігі шамалы. Ауа райы тұрақсыз болып, жауын-шашын, күн шуақ, жел бірінің артынан бірі кезектесіп келіп отырса, орақ кезінде дәнінің көп құйылып қалу жағдайлары да кездеседі.

Өсіп-жетілуінің алғашқы жартысында жаңбыр аз болып, екінші жартысында жауса, сорт қуалап өсуге бейім болады, мұның өзі орақ кезінің басында оны комбайнмен жыйнау жұмысын қыйындатады. Өсіп-жетілу кезеңінің екінші жартысында Цезиум 111 қуаңшылыққа төзімді келеді.

Бұл сорттың негізгі кемшілігі — тозаңды қаракүйеге өте көп шалдығады, қатты қаракүйе де едәуір жұққыш. Қызылқоңыр татқа шалдыққыштығы орташа. Швед және гессен шыбындары зиянын аз тигізеді.

Сорт өнімді келеді, бірақ осы негізгі белгісі жағынан Смена және Ақмолалық 1 сорттарынан өнімді гектарына 1,5—3,5 центнер кем береді.

Бұл сорт үшін тұқым себудің ең қолайлы мерзімі ерте көктем, ең жақсы жер — пар мен аударылған тың. Цезиум 111 әсіресе қар тоқтатылғанда өнімін күрт арттырады, өйткені мұнда жыйналған ылғал көктемгі қуаңшылықтың әсерін бәсеңдетеді және атпа сабақтардың біркелкі қаулап өсуіне көмектеседі. Қар тоқтатылған егістерде қаулап өсу құбылысы болмайды.

Цезиум 111 Ақмола (III аймақ), Шығыс Қазақстан (II, III аймақтар және аудандық тұқым шаруашылықтарында екпестен-ақ IV аймақ), Қарағанды (I, II және III аймақтар), Қостанай (I, II және III аймақтар), Солтүстік Қазақстан және Көкшетау (бұл екі облыста аудандық тұқым шаруашылықтарында егілмейді) облыстарында аудандастырылған, бұл жерлерде оның егісі жаздық бидайдың сортты егісі көлемінің 2,5 процентінен 21,3 процентке дейінін алады. Соңғы екі облыста Цезиум 111 сортының орнын Смена басып келеді.

Шортанды сорты. Сорт Шортанды ауылшаруашылық тәжрибе станциясында гибридтеу (Ақмолалық I х Псевдо-Гостианум Д-61 сорттарын будандастырудан алынған гибрид) әдісімен В. П. Кузьмин өсіріп шығарған.

Пиротрикстің түр бөлігіне жатады. Масағы қызыл, қылтықсыз, ұршық тәрізді, түзу, ұзындығы орташа келеді. Қабыршағы түкті, дәні қызыл, ұзынша сопақ, ірілігі ор-

таша (1000 дәнінің салмағы 27—30 г.) болады. Нандық сапасы жақсы.

Шортанды сортының жапырағы көп болады және тамыр жүйесі жақсы дамыған. Ерте көктемдегі ылғал қорын жақсы пайдаланады. Көктемгі қырауларды оңай көтереді.

Сорт орта мерзімдерде піседі, өніп-жетілу кезеңі 90—99 күн. Сабағының ұзындығы орташа, едәуір мықты келеді. Сорт жатып қалмайды, құйылмайды.

Тозаңды қарақүйеге орта дәрежеде, қызылқоңыр татқа шамалы шалдығады.

Жаздың алғашқы жартысында топырақтың да, ауаның да қуаңшылығына өте төзімді. Ал жаздың екінші жартысында, дәні толыса бастағанда ауа қуаңшылығын сезгіш келеді, мұндай қуаңшылық болғанда дәні толыса алмай қалады.

Кеш түскен жауын-шашынды сорт жақсы пайдаланады. Оның ерекшелігі — тез бейімделеді, қосымша ылғалды жақсы пайдаланады, әуе райының қолайсыз жағдайына жақсы төзеді.

Ақмола облысының сорт сынаушы участоктерінде бұл сорт өзінің өнімділігі жағынан бірінші орын алады, ол аудандастырылған басқа сорттардан өнімді гектарына 1,5—3 центнерден артық береді.

Сорт 1950 жылы Ақмола облысында аудандастырылған және Қостанай облысы үшін перспектикалы сорт болып табылады.

Эритроспермум 841. Бұл сорт Краснокутск селекция станциясында жекелеп іріктеу әдісімен өсіріліп шығарылған.

Эритроспермумның түр бөлігіне жатады. Масағы қылтықты ақ, ұршық тәрізді, ұзындығы орташа, селдір келеді. Қылтығы тікенекті, сынғыш болады. Қабыршағы түксіз; дәні қызыл, ұзынша сопақ, ірі (1000 дәннің салмағы 40—50 г.), жартылай мөлдір. Ұндық және нандық сапасы жақсы.

Сорт ерте піседі, өніп-жетілу кезеңі 82—87 күн. Қуаңшылыққа төзімділігі өте жоғары келеді.

Гүл қабыршағы дәнді тығыз жауып тұрады, сондықтан бұл сорттың дәні мүлде құйылмайды, ал орақ кезінде ылғал көп болса, оны бастыру қыйындайды. Сабағының ұзындығы орташа, онша мықты емес, жатып қалуға бейім келеді.

Сорт тозаңды қаракүйеге аз шалдығады. Қатты қаракүйе шамалы жұғады. Қызылқоңыр татқа шалдыққыштығы орташа. Сабақ қуысына түсетін зиянды жәндіктерден швед шыбыны үлкен нұқсан келтіреді.

Эритроспермум 841 республиканың колхоздары мен мен совхоздарының өндірістік егістерінде кең тараған және өзінің егіс көлемі жағынан жаздық бидай сорттарының арасында алдыңғы орындардың бірін алады.

Қазақстанның оңтүстік және оңтүстік-шығыс облыстарының тәлімі жағдайларында Эритроспермум 841 мол және тұрақты өнім береді. Алматы облысының Қаскелең сорт сынаушы участогінде сынау жүргізілген 5 жылдың ішіндегі оның өнімі гектарынан орта есеппен 30,3 центнерден болды, бұл сынаудағы басқа сорттарға қарағанда гектарына 4,6—5,6 центнер көп. 1952 жылы Қаскелең сорт сынаушы участогінде Эритроспермум 841 сортын көпжылдық шөптер егісінің орнына еккенде одан гектарына 44,1 центнерден өнім түсті.

Семей облысы, Үржар ауданының «Красные горные орлы» колхозында 1950 жылы 150 гектар егіс көлемінен 24 центнерден өнім алынды. Сол ауданның Киров атындағы колхозында Мұқашев жолдастың бригадасы 1952 жылы 31 гектар егіс көлемінің гектарынан 24 центнерден өнім өсірді.

Сорт республиканың оңтүстік-шығыс облыстарының тәлім жерлері үшін және Ақмола, Көкшетау, Солтүстік Қазақстан облысынан басқа барлық облыстардың қуаң аудандары үшін аудандастырылған. Суармалы жерлерде өсіруге жарамайды, өйткені өзінің өте жатып қалғыштығынан суарудың артықшылық жағдайларын пайдалана алмайды. Эритроспермум 841 сортының суармалы жерлерде тәлімі жерлердегіден өнімді кем беретін жағдайлары аз емес.

Эритроспермум 82/2. Сорт ССРО-ның оңтүстік-шығыс астық шаруашылығы институтында қатты және жұмсақ бидайларды тұраралық гибридтеу әдісімен өсіріліп шығарылған.

Эритроспермум түр бөлігіне жатады. Масағы қылтықты, ақ, жұмыр, жоғарғы жағы аздап сүйір, ұзындығы орташа, селдір, кейде орташа тығыз келеді. Қылтығы ұзын, серпімді. Қабыршағы түксіз, дәні қызыл, ұзынша сопақ, едәуір ірі (1000 дәннің салмағы 32—35 г.), жар-

тылай мөлдір болады. Ұндық сапасы ортадан жоғары, нандық сапасы жақсы.

Сорт орта мерзімдерде, Эритроспермум 841 сортынан 5—6 күн кеш піседі. Аңызақ ауаға төзімді, мұның өзі аптап қуаңшылық жағдайында суарған кезде мол өнім алынуын қамтамасыз етеді. Топырақ шөліркеуіне өніп-жетілуінің алғашқы жартысында төзімді, ал бас салғаннан кейін төзімділігі шамалы болады.

Сорт құйылып қалуға төзімді. Жауын-шашын мол болғанда және көп суарылғанда сабағы ұзын және әлсіз болып өседі де, егіннің едәуірі жатып қалады. Қалыпты ылғалданғанда жатып қалғыш емес.

Эритроспермум 82/2 сортының өнімді қалың түптілігі жоғары келеді (1,2—2,5), осының нәтижесінде әрбір алаң өлшеміне дәнді сабағының саны көп болады да, мол өнім береді.

Сорт тозаңды қаракүйеге орташа дәрежеде шалдығады. Қызылқоңыр татқа едәуір төзімді, ал сары тат көп түседі. Қатты қаракүйеге өте шалдыққыш. Сондықтан тұқымды себер алдында өте-мөте мұқият дәрілеу қажет.

Сорт суармалы жерлерде және тау етегіндегі ылғалы жеткілікті тәлімі аймақтарда өнімді келеді. Талдықорған облысының Талдықорған сорт сынаушы суармалы участогінде бұл сорттың өнімі 15 жыл ішінде гектарынан 25,5 центнерден болды. Осы облыстың тау етегіндегі ылғалы жеткілікті тәлімі жеріне орналасқан Сарқанд сорт сынаушы тәлімі участогінде Эритроспермум 82/2 сортының орташа өнімі соңғы 5 жыл ішінде гектарынан 28,0 центнерден келді, яғни ол Эритроспермум 841 сортынан 5,6 центнер артық берді.

Сорт суармалы егіншілік үшін Ақтөбе (I, II аймақтар), Алматы (III аймақ), Жамбыл (I аймақ), Семей (II аймақ), Талдықорған (III, IV аймақтар) облыстарында аудандастырылған.

Эритроспермум 341. Сорт ССРО-ның оңтүстік-шығыс астық шаруашылығы институтында (бұрынғы Саратов селекция станциясында) өсіріліп шығарылған.

Эритроспермумның түр бөлігіне жатады. Масағы қылтықты, ақ, ұршық тәрізді, ұзындығы мен тығыздығы орташа келеді. Қылтықтары тармақталған, едәуір ұзын. Қабыршағы түксіз, дәні қызыл, ұзынша сопақ, ірілігі орташа (1000 дәннің салмағы 28—35 г.) болады, ұзындық

және нандық сапасы жағынан Эритроспермум 841 сортынан кемдеу.

Сорт орта мерзімдерде, Эритроспермум 841 сортынан 2—4 күн кешірек піседі. Қуаңшылыққа төзімділігі жағынан да Эритроспермум 841 сортынан кем.

Құйылып қалуға қарсы орташа төзімді. Сабағының ұзындығы орташа, жатып қалғыш келеді.

Сорт тозаңды қаракүйе мен қызылқоңыр татқа аз шалдығады. Қатты қаракүйе оған өте жұққыш. Швед шыбынының тигізетін зиянына едәуір төзімді.

Сорт өнімді келеді және ылғалы жеткілікті тәлімі жерде Эритроспермум 841 сортынан гектарына 2—5 центнер артық өнім береді. Ал қуаңшылық жағдайда 1—3 центнер кем береді. Сорттың негізгі кемшілігі — оның құйылып қалғыштығы, қатты қаракүйеге өте шалдыққыштығы және жатып қалуға қарсы төзімділігінің жеткіліксіздігі.

Эритроспермум 341 Шығыс Қазақстан (V аймақ), Семей (II аймақ), Талдықорған (II аймақ) облыстарында аудандастырылған, бірақ аудандық тұқым шаруашылықтарында егілмейді. Соңғы жылдары мұның орнын өнімі молырақ Эритроспермум 82/2 сорты басып келеді. Алматы облысында Эритроспермум 341 сорты аудандастырудан шығарып тасталған.

Эритролеукон 503. Сорт Жамбыл облысының Бурное тәжрибе танабында жергілікті бидайдан жекелеп іріктеп алу әдісімен өсіріліп шығарылған.

Эритролеуконның түр бөлігіне жатады. Масағы қылтықты, қызыл, ұршық тәрізді, жоғарғы жағы аздап сүйір, ұзындығы мен тығыздығы орташа келеді. Қабыршағы түксіз, дәні ақ, сопақша, ірі (1000 дәннің салмағы 31,5—35,7 г.). Дәнінің құндылығы жоғары.

Сорт орта мерзімдерде, Эритроспермум 841 сортынан 3—7 күн кешірек піседі. Қуаңшылыққа төзімділігі шамалы. Ылғалды жақсы көреді.

Құйылып қалғыш емес. Сабағының ұзындығы орташа, едәуір мықты келеді. Қалыпты жылдарда жатып қалмайды, ал ылғалы, тым мол болса, жатып қалады. Қаракүйенің екі түріне де берік. Жауын-шашыны мол жылдары қызылқоңыр және сары татқа орташа дәрежеде шалдығады.

Алматы облысының II және III аймақтарының суар-

малы жерлерінде, Жамбыл облысының тау бөктеріндегі төлімі III аймақта аудандастырылған.

Алматы облысының таулы аймағында, Жамбыл облысының биік таулы үстіртіндегі IV аймағында және Талдықорған облысының Алакөл жазықтығындағы суармалы IV аймағында перспективалы сорт, бұл жерлерде ол кәзір өндірістік жағдайда сыналып жатыр.

Қатты бидайдың сорттары

Ақмолалық 5. Сорт Шортанды тәжрибе станциясында өсіріліп шығарылған.

Гордейформенің түр бөлігіне жатады. Масағы қылтықты, қызыл, жұмыр, ұзындығы орташа, тығыз келеді. Қабыршағы түксіз, дәні ақ, сопақша, ірі (1000 дәннің салмағы 40—46 г.). Дәні мөлдір, оның уызы көп болады. Ұндық және нандық сапасы орташа, макарондық сапасы жақсы.

Сорт кеш, Гордейформе 189 сортынан 5—7 күн кейін піседі. Ауа және топырақ қуаңшылығына төзімді.

Дәні құйылғыш емес. Сабағының ұзындығы орташа, едәуір мықты болады. Төлімі жағдайда сорт жатып қалғыш емес.

Ақмола облысында (II аймақ) аудандастырылған, мұнда ол өнімділігі жағынан Гордейформе 189 сортынан гектарына 1 центнер артық өнім береді.

Гордейформе 189. Сорт Краснокутск селекция станциясында Кубанка бидайынан жекелеп іріктеп алу әдісімен өсіріліп шығарылған.

Гордейформенің түр бөлігіне жатады. Масағы қылтықты, қызыл, жұмыр, ұзындығы орташа, жеткілікті тығыз келеді. Қабыршағы түксіз, дәні ақ, ұзынша сопақ, ірі (1000 дәннің салмағы 40—45 г.), мөлдір болады, онда белок пен уыз көп. Белоктің проценті орта есеппен 17,5, уыздың проценті —34,63 болады. Қамырының газ құрау қабілеті жоғары. Қатты бидайдың ішінде ең жақсы ұндық және нандық сапа, жақсы макарондық сапа Гордейформе 189 сортында болады.

Сорт орта мерзімдерде піседі, өніп-жетілу кезеңі 92—99 күн. Қуаңшылыққа төзімділігі орташа.

Сорт құйылып қалғыш емес. Сабағының ұзындығы орташа, қалың қабырғалы, орташа берік келеді. Жеткілікті ылғал жағдайында Гордейформе 189 жатып қалуға бейім.

Тозаңды қаракүйеге орташа дәрежеде шалдығады. Қатты қаракүйе мен қызылқоңыр татқа төзімді, сары татқа шамалы шалдығады.

Сорт өнімді келеді. Оған ең қолайлы жер — тың немесе көпжылдық шөптердің орны. Гордейформе 189 сорты жоғары агротехника қолданып, органикалық және минерал тыңайтқыштар енгізгенде жақсы нәтиже беріп, өнімін едәуір арттырады.

Сорт республиканың Батыс Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл, Солтүстік Қазақстан, Қызылорда облыстарынан басқа облыстарының барлығында аудандастырылған.

Гордейформе 10. Сорт бұрынғы Батыс Сибирь (Омск) тәжрибе станциясында жекелеп іріктеу әдісімен өсіріліп шығарылған.

Гордейформенің түр бөлігіне жатады. Масағы қылтықты, қызыл, жұмыр, біршама селдір келеді. Қабыршағы түксіз, дәні ақ, жұмыртқа тәрізді, ірі (1000 дәннің салмағы 40—50 г.), мөлдір болады. Ұндық және нандық сапасы орташа.

Сорт кеш, Гордейформе 189 сортынан 5—6 күн кейін піседі. Гордейформе 10 Гордейформе 189 сортына қарағанда қуаңшылыққа төзімдірек.

Құйылып қалғыш емес. Бастыруы оңай келеді. Сабағының ұзындығы орташа, қалың қабырғалы, жатып қалуға қарсы орташа төзімді болады.

Сорт қызғылт қоңыр татқа төзімді. Тозаңды қаракүйеге аз шалдығады.

Ылғал жеткілікті болғанда мол өнім береді. Көкшетау облысы, Келлер ауданы, «Красное знамя» элитті тұқым шаруашылығында жауын-шашын мол болған 1950 жылы 54 гектар егіс көлемінен Гордейформе 10 сорты гектарынан 24,5 центнерден өнім берді.



20-сурет. Гордейформе 10

Сорт Акмола (I аймақ), Шығыс Қазақстан (III аймақ), Көкшетау және Солтүстік Қазақстан облыстарында аудандастырылған, бұл жерлерде ол жаздық бидайдың сортты егіс көлемінің 3,0—5,1 процентін алады.

Дондық 309. Сорт бұрынғы Дон ауылшаруашылық институтында Ростов облысының жергілікті бидайынан жекелеп іріктеп алу арқылы өсіріліп шығарылған.

Аффинеңің түр бөлігіне жатады. Масағы қылтықты, ақ, жұмыр, ұзын, тығыздығы орташа. Қабыршағы түксіз, дәні қызыл, жұмыртқа тәрізді, ірілігі орташа (1000 дәннің салмағы 34—38 г.), мөлдір келеді. Ұндық сапасы орташа, нандық сапасы ортадан төмен болады.

Дондық 309 Мелянопус 69 сортымен бір мезгілде піседі.

Сорт құйылғыш емес. Сабағының ұзындығы орташа. Суарып өсіргенде және жаңбыр көп болған жылдары тәлімі жерлерде көп жатып қалады.

Дондық 309 өнімді сорттардың қатарына жатады. Семей облысының Үржар сорт сынаушы тәлімі участогінде 5 жыл бойы сынағандағы оның орташа өнімі гектарынан 23,2 центнерден, яғни Гордейформе 189 сортынан 1,6 центнер артық болды.

Сорт 1951 жылы Семей облысының III аймағындағы тәлімі жерлерінде аудандастырылған. Оның егіс көлемі әзірше көп емес.

Мелянопус 1932. Сорт Краснокутск селекция станциясында қатты бидай гибридтерінен өсіріліп шығарылған.

Мелянопустың түр бөлігіне жатады. Масағы қылтықты, ақ, жұмыр, ұзынша, селдір. Қылтығы қара, қабыршағы түкті, дәні ақ, сопақша, өте ірі (1000 дәнінің салмағы 47 грамға дейін болады), мөлдір. Ұндық және нандық сапасы ортадан жоғары.

Сорт Мелянопус 69 сортымен бір мезгілде немесе 1—2 күн бұрын піседі. Қуаңшылыққа өте төзімді.

Құйылып қалғыш емес. Сабағының ұзындығы мен беріктігі орташа.

Сорт Шығыс Қазақстан облысында (I аймақ) аудандастырылған, мұнда ол аударылған тыңға еккенде Гордейформе 189 сортынан гектарына 1 центнер артық өнім береді. Аудандастырылған аймағында оның егіс көлемі онша көп емес.

Мелянопус 69. Сорт Краснокутск селекция станция-

сында жергілікті бидай үлгісінен жекелеп іріктеп алу әдісімен өсіріліп шығарылған.

Мелянопустың түр бөлігіне жатады. Масағы қылтықты, ақ, жұмыр, көлденең қыймасы төрт бұрышты шаршы, жоғары жағы аздап сүйір, қысқа, тығыздығы орташа. Қабыршағы түкті, қылтығы қара (қарасы кейде болмайды), дәні сопақ, ұзынша, ірі (1000 дәнінің салмағы 38—40 г.), мөлдір келеді. Дәнінде белок көп болады (16.65—19 процент). Ұнының газ құрау қабілеті жоғары, бірақ уызының өте серпімді және қатты болуы нанның көпіріп көтерілуіне кедергі болады да, оның нандық сапасын орташа және ортадан жоғары бағаға дейін төмендетеді.



21-сурет. Мелянопус 69.

Сорт орта мерзімдерде піседі. Оның өніп-жетілу кезеңі 84—90 күн. Қуаңшылыққа өте төзімді. Қатты бидай сорттарының ішінде бұл сорт қуаңшылыққа ең төзгіш келеді.

Мелянопус 69 дәні құйылғыш емес сорттардың қатарына жатады. Сабағының ұзындығы мен тығыздығы орташа. Жатып қалуға қарсы орта дәрежеде төзімді келеді. Ылғалы мол жылдарда жатып қалады. Қаракүйенің екі түрі мен татқа едәуір төзімді. Сабақ қуысына түсетін зиянды жәндіктердің тигізетін нұқсаны шамалы.

Республиканың батыс жағындағы қуаңшыл дала жағдайында Мелянопус 69 мол және қатты бидайдың басқа сорттарынан гектарына 1—1,5 центнерден артық өнім береді.

Ылғал жеткілікті болғанда және суарып өсіргенде өнімді Гордейформе 189 және 10 сорттарынан гектарына 2—4 центнерден кем өнім береді.

Бұл сорт Ақтөбе (I және II аймақтар), Шығыс Қазақстан (III және IV аймақтар), Батыс Қазақстан (I, II, III, IV аймақтар) және Семей (I және II аймақтар) облыстарында аудандастырылған, бұл жерлерде оның егісі жаздық бидайдың егіс көлемінің 4 проценттен 46,3 процентке дейінін алады.

* * *

Соңғы жылдарда сорт сынаушы участоктер жаздық бидайдың жаңадан селекцияланып шығарылған бірнеше сорттарын тапты, бұл сорттар өзінің өнімділігі, механизммен жыйнауға ыңғайлылығы, сондай-ақ грибокты және бактериялы ауруларға төзімділігі жағынан өндірісте қолданылып жүрген сорттардан едәуір асып түсті.

Мұндай сорттардың қатарына мыналар жатады: Оңтүстік-шығыс астық шаруашылығы институты (Саратов) өсіріп шығарған Лютесценс 605 және 758 сорттары; қаратопырақты емес өңір институты селекциялап шығарған бидай-бидайық гибридтері 56 және 22850 Қарағанды ауылшаруашылық тәжрибе станциясы селекциялап шығарған Қарағандылық 92 сорты; Харьков мемлекеттік селекция станциясы шығарған Народная (Гордейформе) сорты; Красноводопад мемлекеттік селекция станциясы шығарған Грекум 8702 сорты және Алматы мемлекеттік селекция станциясы шығарған Қазақстандық 126 (ферругинеум) сорты.

Осы сорттардың барлығы республиканың колхоздары мен совхоздарында өндірістік сыналуда.

ЖЕМДІК ДАҚЫЛДАР

Мал шаруашылығы проблемасын шешу үшін жемшөп дақылдарын — жүгеріні, арпаны, сұлыны өндіру ісін ұлғайтудың зор маңызы бар. СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумының қаулысында: «Бұл дақылдарды өндіру таяудағы 2—3 жылда колхоздар мен совхоздардағы қоғамдық малды дән-азықтармен жеткілікті түрде қамтамасыз ететіндей мөлшерде өркендетілуге тиіс», деп көрсетілген.

Дәні алынатын жүгері Қазақстанда көбінесе оңтүстік және солтүстік-шығыс облыстардың суармалы жерлерінде егіледі, сондықтан оның бүкіл республикадағы үлес салмағы шамалы.

Арпа мен сұлы барлық облыстарда егіледі. Олардың егісі республиканың колхоздарында жаздық дәнді дақылдар егісінің 15 процентке жуығын алады. Негізгі жемдік дақылдардың мұндай үлес салмағы мүлде жеткіліксіз. Қазақстан компартиясы Орталық Комитетінің VI плену-

мы партия және совет органдарын «бұл дақылдардың егіс көлемін кеңейтуге, әрбір колхоз бен совхоздардың сұлы мен арпа жөніндегі егістік және шығымдылық жоспарларын сөзсіз орындауға және малшаруашылық аудандарында бұл дақылдардың егіс көлемін ұлғайтуға шара қолданылсын» деп міндеттеді.

Республиканың әрбір аймағы үшін қабылданған ауыспалы егіс үлгілеріне сәйкес жемшөп дақылдарына бір танап бөлінуге тиіс, сонда бұл — жаздық дәнді дақылдардың жалпы көлемінің 25 процентгейін алатын болады.

Жемшөп дақылдары топырақ құнарлылығын бидайдан гөрі кемірек талап етеді. Сондықтан ауыспалы егісте оған кейін пар жыртуға қалдырылатын соңғы танап бөлінеді. Жемшөп дақылдарын бұлайша орналастыру шаруашылық тұрғыдан алғанда тиімді бола тұрса да, тұқым өсіру жұмысына зиянын тигізеді. Жыл сайын сұлы мен арпаның сортты егісінің үлкен көлемі егісте айырып алуы қыйын және карантиндік арамшөптердің көп болуына байланысты бракқа шығарылып отырады. Мұндай жерлерден алынған тұқымды тазарту жұмысы өте қыйынға соғады.

Осының салдарынан көптеген шаруашылық өздерінің жемшөп дақылдарының тұқымы жөніндегі қажеттерін әлі күнге дейін қамтамасыз ете алмай келеді. Жемшөп дақылдарының сортты егістерінің бидаймен салыстырғанда аз болуы да көбінесе осы есептерге байланысты. Сұлы бойынша сортты егіс көлемі —46 процент, ал арпа бойынша 47 процент қана болып отыр, ал бидайдың сортты егісі оның жалпы егіс көлемінің 80 процентін алады.

Осыған қарағанда, жемшөп дақылдарының тұқымдық участоктерін арамшөптерден таза жерге орналастыру қажет, сонда сапалы тұқымның мол өнімін алуға мүмкіндік туады.

СҰЛЫ

Сұлы — өте маңызды жемдік дақыл. Сұлы дәнінде, басқа дәнді астықпен салыстырғанда, май көп болады және ол жылқы үшін бірден-бір азық. Сұлының сабаны мен топаны күйісті малазығы есебінде пайдаланылады.

Ылғалы жеткілікті және суармалы қуаң аудандарда сыйыржоңышқа аралас сұлы көказық немесе пішен үшін пайдаланылған парға егіледі.

Сұлының дәні жарма, галет, кофе тағы басқаларын жасау үшін тамақ өнеркәсібінде де пайдаланылады.

Сұлы — ылғал сүйетін дақыл. Біздің республикамызда сұлының дәні көбінесе ылғалы мол Солтүстік Қазақстан, Көкшетау, Шығыс Қазақстан облыстарында, сондай-ақ Ақмола, Павлодар және Қостанай облыстарының солтүстік аудандарында өсіріледі.

Республиканың оңтүстігінде сұлы көбінесе суармалы участоктерге егіледі, ал ылғалы жеткілікті тау етегі мен таулы аудандарда сұлы тәлімі жерлерге де егіледі.

Өндіріс сұлы сорттарына мынадай негізгі талаптар қояды. Еңалдымен сұлының сорттары мол өнімді және ірі дәнді болуға тиіс, ал қауыздың мөлшері осыған байланысты. Ірі дәнді сорттарда қауыз проценті аз болады.

9-таблица

Аудандастырылған сұлы сорттарының республика облыстары бойынша бөлінуі

Сорттар / Облыс	Золотой дождь	Марктон	Лоховский	Диппе	Победа	Советский	Степняк 648	Облыста канша сорт аудандастырылған
Алматы	+	+	—	—	—	—	—	2
Ақмола	+	—	+	—	—	—	—	2
Ақтөбе	—	+	+	—	—	—	—	2
Шығыс Қазақстан	—	—	+	+	—	+	—	3
Гурьев	—	—	—	—	—	—	—	—
Жамбыл	—	+	—	—	—	—	—	1
Батыс Қазақстан	—	+	—	—	—	—	—	1
Қарағанды	+	—	+	—	—	—	—	2
Қызылорда	—	—	—	—	—	—	—	—
Көкшетау	+	—	—	—	+	—	—	2
Қостанай	+	—	—	—	—	+	+	3
Павлодар	—	—	+	—	—	—	—	1
Солтүстік Қазақстан	+	—	—	—	+	+	—	3
Семей	+	+	+	+	—	—	—	4
Талдықорған	+	+	—	—	—	—	—	2
Оңтүстік Қазақстан	—	+	—	—	—	—	—	1
Сорт қанша облыста аудандастырылған	8	7	6	2	2	3	1	

Сұлының сорттары грибокті және бактериялы ауруларға, әсіресе қаракүйе мен таттың барлық түрлеріне тө-

зімді болуға тиіс, өйткені бұл аурулар сұлы өнімін мықтап кемітіп жібереді.

Мол өнімді, қауызсыз сұлы сорттарын жасап шығарудың шаруашылық үшін зор маңызы бар. Қауызсыз формалардың дәні әсіресе бұзау мен торай үшін өте құнды құнарлы азық және тамақ өнеркәсібі үшін бағалы шикізат болып табылады.

Өндіріс үшін жатып қалмайтын және дәні құйылмайтын сорттардың болуының зор маңызы бар. Бұл қасиеттері егінді механизммен жыйнауға жеңілдік туғызады.

9-таблицада республикада өсірілетін сұлы сорттары келтірілген.

Қазақстанда сұлының 7 сорты аудандастырылған. 9-таблицада солардың сыпаттамасы келтіріледі.

Сұлының сорттары

Марктон. Сорт Орегон штатында (Солтүстік Америка) Грециядан Лупзанадағы көрмеге әкелінген үлгіден жекелеп іріктеп алу әдісімен өсіріліп шығарылған.

Аристатаның түр бөлігіне жатады. Ақ дәнді, қылтықты келеді. Масағы тармақты, салбырап тұрады. Масақ қабыршағы ұзын, жіңішке, масақ талшығы екі дәнді, көбінесе үш дәнді болады. Қылтығы көп. Дәні ірі (1000 дәнінің салмағы аймақтарына қарай 26 грамнан 35 грамға дейін болады). Қауызы көп емес — 24 процентен 28 процентке дейін.

Сорт ерте пісетіндердің орташасы. Екпеннен бастап толық пісіп болғанға дейінгі кезеңнің ұзақтығы батыс және оңтүстік облыстарда 70—79 күн, ал аудандастырылған басқа аймақтарда 84—110 күн болады. Едәуір тез пісетіндігінің арқасында аңызақ желдің зиянды әсеріне шалдықпайды.

Сабағының ұзындығы орташа (қуаңшыл аудандарда 60—80 см; ылғалды аудандарда 90—120 см.). Тәлім жағдайында жатып қалуға берік. Суарып өсіргенде кейбір жылдары жатып қалады. Механизммен оруға ыңғайлы.

Сабаны мен топаннын малазықтық сапасы жақсы. Сорт қаракүйеге өте төзімді. Басқа ауруларға сирек және шамалы шалдығады.

Сорттың бағалы бірқатар биологиялық және шаруа-

шылық сапалары бар. Қуаңшылыққа өте төзімді, сонымен бірге, ылғалды жақсы көреді.

Аудандастырылған аймақтарында Марктон ең мол өнімді сорт. Батыс Қазақстан облысының сорт сынаушы участоктері кейбір жылдары гектарынан 16,0—23,7 центнерден өнім алады. Ақтөбе облысының Мартук пен Ключевой сорт сынаушы участоктері, Оңтүстік Қазақстан облысының Георгиев сорт сынаушы участогі гектарынан 27,0—28,0 центнерге дейін, Алматы облысының Қеген және Қаскелең сорт сынаушы участоктері 29,7—39,10 центнерге дейін алады. 1952 жылы Іле суармалы участогінде гектарынан 45,4 центнерден сұлы алынды. Талдықорған облысының Талдықорған мен Сарқанд сорт сынаушы участоктері гектарынан 36,6—40,0 центнерден сұлы алып келеді.

Талдықорған облысының Марктон сортын өндірістік жағдайда сынаған, Киров атындағы және Буденный атындағы колхоздары 1951 жылы гектарынан 23,8 және 24,0 центнерден, 1952 жылы —22,0 және 17,3 центнерден өнім алды. Семей облысының Үржар ауданындағы «Свободный путь» колхозында 1952 жылы гектарынан 23,4 центнерден алынды. Жамбыл облысы, Красногор ауданының Сталин атындағы колхозында Пискарев жолдастың бригадасы 1952 жылы 170 гектар сұлы егісінің әрбір гектарынан 21,0 центнерден өнім алды.

Сорт Талдықорған, Алматы, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан, Ақтөбе, Батыс Қазақстан облыстарында және Семей облысының тау етегіндегі аудандарында аудандастырылған.

Лоховский. Сорт жергілікті ескі петкусс сортынан жекелеп іріктеп алу әдісімен өсіріліп шығарылған.

Ауреаның түр бөлігіне жатады. Дәні сары, қылтықсыз. Масағы қысыңқы, өнімді келеді. Масақ қабыршағы қысқа жіңішке. Масақ талшығы екі дәнді болады, үш дәндісі сирек кездеседі. Дәні харьковтық сұлының типіне жатады, қауызы жұқа келеді. Дәнінің ірілігі мен қауыздылығы өсірілетін ауданына қарай әртүрлі болады. 1000 дәнінің салмағы 23—26 грамм. Қауыздылығы 24—27 процент, ал өте қуаңшылық жылдарда 30 процентке дейін болады.

Сорт орташа мерзімдерде, Марктон сортынан 2—4 күн кешірек піседі, қуаңшылыққа біршама төзімді келеді.

Далалық аймақтарда жатып қалуға және құйылып

қалуға қарсы төзімді, механизммен оруға ыңғайлы. Тұқымын ерте мерзімдерде сепкенде жақсы нәтиже береді. Шығыс Қазақстан облысының сорт сынаушы участоктерінің мәліметіне қарағанда, оны ерте мерзімдерде себу, кеш себумен салыстырғанда, өнімді 50 процентке дейін арттырады.

Сорт тамыр татына орташа шалдығады, қарақүйеге шамалы шалдығады.

Аудандастырылған аймағында ең өнімді сорттардың бірі болып табылады. Шығыс Қазақстан облысының Таврия және Ново-шульба сорт сынаушы участоктерінде Лоховский сортының өнімі гектарынан 31,7—33,2 центнерге жетеді. Семей облысының сорт сынаушы участоктері гектарынан тәлімі жерлерде 12—16 центнерден, суармалы жерлерде 25,0 центнерге дейін өнім алып жүр.

Семей облысының Жарма ауданындағы «Красное Знамя» колхозында Қосатов жолдастың бригадасы 1952 жылы 110 гектар жердің әрбір гектарынан 20,0 центнерден өнім алды. Ново-шульба ауданының Ленин атындағы колхозында Клочко жолдастың бригадасы 23 гектар егістің әрбір гектарынан бұдан да артық—25 центнерден өнім алды.

Қарағанды облысының шөлейт аймағындағы Жаңарқа сорт сынаушы участогінде төрт жыл ішінде гектарынан орта есеппен 14,8 центнерден өнім алынды, ал кейбір жылдары бұл өнім 15,0—17,8 және 27,2 центнерге де жетіп жүрді.

Сорт Ақмола, Ақтөбе, Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Павлодар облыстарында және Семей облысының далалық аймақтарында аудандастырылған.

Аудандастырылған аймақтарында Лоховский сорты кең тараған. Ақтөбе облысында соңғы жылдарда бұл сорттың орнын қуаңшылыққа төзімдірек және өнімдірек Марктон сорты баса бастады және жуырда толық басуға тиіс. Басқа облыстарда сорт берік сақталып, аудандастырылған басқа сорттардың арасындағы үлес салмағы бірдей деп есептеуге болады.

Золотой дождь. Сорт Свалеф станциясында (Швеция) Мильток шаруашылық сортынан жекелеп іріктеп алу әдісімен өсіріліп шығарылған.

Ауреаның түр бөлігіне жатады. Дәні сары, қылтықсыз. Масағы тармақты. Масақ қабыршағы қысқа, жалпақ

көлемді келеді. Масақ талшығы көбінесе екі дәнді, москвалық типке жақын. Сапасы жағынан дәні Марктон және Лоховский сорттарынан біраз кемірек. 1000 дәнінің салмағы жеңіл болады (24—27 г.). Қауыздылығы орташа, көбінесе 26—29 процент (ауданы мен жылдарына қарай 19 дан 34 процентке дейін ауытқып отырады) болады.



22-сурет. Золотой дождь:

Өсірілетін ауданына байланысты сорт орта мерзімдерде және едәуір кеш піседі. Тұқым себуден толық пісіп жетілгенге дейінгі дәуірдің ұзақтығы егілген аудандарына қарай 70 күннен 118 күнге дейін болады. Қуаңшылыққа төзімділігі солтүстік облыстарда ортадан жоғары, қалған облыстарда орташа.

Сабағы орташа және ұзын, жатып қалғыш емес, мұның өзі механизммен оруға мүмкіндік береді.

Сорт қаракүйеге шалдыққыш, қуаңшылық жылдары оның арасында қарамықша көбеюіне бейім келеді, татқа онша көп шалдықпайды. Жоғары агротехника қолданғанда жақсы нәтиже береді.

Сорт өндірісте көп тараған және аудандастырылған аймақтарында мол өнім береді. Семей облысының Үржар сорт сынаушы участогінде 5 жыл ішінде орта есеппен гектарынан 22,2 центнерден, ал 3 жыл ішінде гектарынан 24, 8—28,4 центнерден өнім алынды. Үржар сорт сынаушы суармалы участогі жыл сайын гектарынан 28,4—38,4 центнерден алады. Қостанай облысының Қарабалық сорт сынаушы участогі Золотой дождь сортын 15 жыл бойы егіп, гектарынан орта есеппен 20,1 центнерден өнім алып келеді, ал мұнда гектарынан алынған ең жоғары өнім 32,3 центнерге жетті. Көкшетау және Солтүстік Қазақстан облыстарының сорт

сынаушы участоктері гектарынан 30 центнерге дейін алады.

Золотой дождь сортының мол өнімді екендігін көптеген өндірістік мәліметтерде дәлелдеп отыр. Мысалы, Ақмола облысының Балкашин совхозында 1950 жылы 246 гектар егістен 32,0 центнерден, «Красный маяк» колхозында 73 гектар егістен 24,0 центнерден өнім алынды.

Көкшетау облысының Келлер ауданындағы «Красное Знамя» колхозында 1952 жылы Золотой дождь сортының 38 гектар егісінен 37,1 центнерден өнім жыйналды. Сол жылы Солтүстік Қазақстан облысы, Совет ауданының Қаганович атындағы колхозы 131,7 гектардан 30,0 центнерден алды. Семей облысы, Жарма ауданының «Красное Знамя» колхозында Жұмақышев жолдастың егіс бригадасы 1952 жылы Золотой дождь сортының 116 гектар егісінен 21,0 центнерден өнім өсірді.

Сорт Ақмола, Алматы, Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Талдықорған облыстарында және Семей облысының тау етегіндегі аймағында аудандастырылған. Тараған жеріне және егіс көлеміне қарай Золотой дождь сорты республикада өсірілетін сұлы сорттарының барлығының ішінде бірінші орын алады (39 процеттен 96 процентке дейін).


Алматы және Талдықорған облыстарында Золотой дождь сортының орнын соңғы жылдары осы жерде мол өнімді Марктон сорты басып келеді. Басқа облыстарда Золотой дождь өндіріс талаптарына толық сай келеді. Сондықтан оның егіс көлемін сортсыз егістерді шығарып тастау есебінен ұлғайту қажет.

Советский. Сортты Верхнячск селекция станциясында 1923 жылы Москва ауылшаруашылық көрмесінен әкелінген, Черкес автономиялық облысында тараған үлгіден жекелеп іріктеп алу әдісімен Я. Ф. Загороднюк; Л. П. Максимчук және И. Қ. Беспалов өсіріп шығарған.

Аристатаның түр бөлігіне жатады. Сорт ақ дәнді, қылтықты. Масағы селдір, масағының төменгі жағындағы бұтақтары жатық, жоғарғы жағындағылары көтеріңкі келеді. Масақ талшықтарының екі дәнділері мен бір дәнділері 10—20 процент, үш дәнділері сирек кездеседі. Қылтығы едәуір көп болады. Дәні ұзын қауызды мен москвалық дәннің арасындағы типке жатады, толық, ірі (1000 дәнінің салмағы 29—32 г.) келеді. Қауыздылығы 25—26 процент.

Сорт орташа мерзімдерде піседі, тұқым себуден толық пісіп жетілгенге дейінгі кезеңнің ұзақтығы 88—92 күн, ал ылғалды жағдайда 116 күн. Қуаңшылыққа төзімді.

Сорт құйылып қалғыш емес. Сабағы ұзын, жуандығы орташа, жатып қалуға қарсы едәуір берік келеді. Механизммен жыйнаудың барлық түріне де ыңғайлы.



23-сурет. Советский.

Ауруларға төзімді болады. Өнімді сорттардың қатарына жатады. Шығыс Қазақстан облысының аймағында Советский сорты аудандастырылған Верхуба сорт сынаушы участогі тек бір жыл аз өнім — гектарынан 15,6 центнерден өнім алды, ал қалған жылдарда 22,9 центнерден 30,3 центнерге дейін өнім алып келді. Қостанай облысының Қарабалық сорт сынаушы участогі де гектарынан 27—33 центнерге, тіпті 36 центнерге дейін өнім алады.

Сорт Қостанай мен Шығыс Қазақстан (тау етегіндегі аймақта) облыстарында аудандастырылған. Аудандастырылған аймақтарында әзірше көп тарай қойған жоқ. 1952 жылы Қостанай облысында сортты егістердің 15,5 процентін, Шығыс Қазақстан облысында — 3,0 процентін ғана алды.

Бұл облыстарда Советский сортының егіс көлемін сортсыз егістерді және аудандастырылмаған, бірақ егіліп жүрген Победа, Лейтевицкий, Москвалық сорттарын шығарып тастау есебінен кеңейтуге әбден болады.

Победа. Сорт Свалеф тәжрибе станциясында (Швеция) Американың Мильтон сортынан жекелеп іріктеп алу әдісімен өсіріліп шығарылған.

Мутиктің түр бөлігіне жатады. Ақ дәнді, қылтықсыз. Масағы аздап қысыңқы аздап тармақты келеді, піскен кезде талшықтары біраз салбырап тұрады. Масағының қабыршағы қысқа, жалпақ. Масақ талшықтары көбінесе екі дәнді болады. Дәні москвалық типке жатады, толық, ірі (1000 дәнінің салмағы 30—37 г.). Қауыздылығы орта-дан жоғары —27—30 процент.

Сорт орташа мерзімдерде піседі. Тұқым себу мен толық піскенге дейінгі кезеңінің ұзақтығы 81 күн, ол 61 күннен 90 күнге дейін ауытқып та отырады.

Сорт құйылып қалуға қарсы едәуір берік. Жатып қалғыш емес, механизммен оруға сондай ыңғайлы.

Қуаңшылыққа төзімділігі орташа. Ауруларға шамалы шалдығады, осы белгісі жағынан аудандастырылған аймақтарында Золотой дождь сортынан артық болып шықты. Жоғары агротехника қолданып, ылғалдандырғанда жақсы нәтиже береді.

Сорт мол өнімді. Көкшетау облысының Айыртау сорт сынаушы участогі 14 жыл бойы сынағанда гектарынан орта есеппен 19,2 центнерден, ал 1950 жылы —30,8 центнерден өнім алды. Солтүстік Қазақстан облысының сорт сынаушы участоктерінде гектарынан 29,0—32,1 центнерге дейін өнім алынды.

Сорт Көкшетау және Солтүстік Қазақстан облыстарында Золотой дождь сортымен бірдей аудандастырылған Көкшетау облысында Победа сортты егістер көлемінің 33,8 процентін, Солтүстік Қазақстан облысында —8,5 процентін алады. Бұл екі облыста, әсіресе Солтүстік Қазақстан облысында аудандастырылмаған сорттарды, әсіресе сортсыз егістерді шығарып тастап, Победа сорты егісінің көлемін ұлғайту қажет.

Диппе. Сорт Кведлинбургте свалефтік Победа сортынан бірнеше қайтара жеке іріктеп алу әдісімен өсіріліп шығарылған.

Мутиктің түр бөлігіне жатады. Ақ дәнді, қылтықсыз. Дәні москвалық типтес, ірі (1000 дәнінің салмағы 28—35 г.). Қауыздылығы 25—30 процент.

Сорт орташа мерзімдерде піседі. Тұқым себуден толық піскенге дейінгі кезеңі 92—100 күн.

Құйылып қалуға төзімділігі орташа. Сорт биік болып өседі. (Егін жыйнар алдындағы биіктігі 80—120 см), жатып қалғыш емес. Ылғал аса көп жылдарда ғана жатып қалады. Механизммен оруға ыңғайлы. Қуаңшылыққа

онша төзімді емес. Ылғал жеткілікті болғанда мол өнім береді. Сорттың кемшілігі қарақұйе жұққыш келеді. Қуаңшылық жылдары қарамықшаға төзімсіз келеді.

Аудандастырылған аймақтарында өнімді сорт. Шығыс Қазақстан облысының Верхуба сорт сынаушы участогі 14 жыл бойы гектарынан 21,3 центнерден өнім алып келеді, ал кейбір жылдары гектарынан 28—33 центнерден өнім алады. Осы облыстың Зырян сорт сынаушы участогі гектарынан 35,5 центнерден өнім алады. Семей облысының Жарма сорт сынаушы участогінде Диппе сорты суарып өсіргенде гектарынан 27—36 центнерге дейін өнім береді.

Семей облысы, Аксуат ауданы. Жданов атындағы колхозда Сқақов жолдастың егіс бригадасы 1952 жылы 30 гектар Диппе сорты егісінің әр гектарынан 26,6 центнерден өнім алды.

Сорт Шығыс Қазақстан облысында және Семей облысының далалық аласа адырлы аймағында суармалы жерлерге аудандастырылған. Оның сорттғы егіс арасындағы үлес салмағы Шығыс Қазақстан облысында —61,0 процент, Семей облысында —4,0 процент.

Степняк 648. Сорт Чакинск мемлекеттік селекция станциясында Воронеж облысындағы Коротояк ауданы шаруаларының сұлысынан жеке іріктеп алу әдісімен өсіріліп шығарылған.

Ауреаның түр бөлігіне жатады. Сары дәнді, қылтықсыз. Масағы тармақты, селдір, піскен кезде салбырап тұрады. Масақ талшығы бір-екі дәнді болады. Дәні ине тәрізді тип пен харьковтық типтің аралығында. 1000 дәнінің салмағы орташа (23—32 г.). Қауыздылығы 22 процентттен 30 процентке дейін.

Степняк 648 орташа мерзімдерде пісетін сорттарға жатады. Тұқым сепкеннен толық піскенге дейінгі кезеңінің ұзақтығы 80—85 күн. Басқа сорттарға қарағанда мұның қуаңшылыққа төзімділігі өте жоғары.

Сорттың дәні аз құйылады. Сабағының ұзындығы мен жуандығы орташа, жатып қалғыш емес. Сорт механизммен жыйнауға толық жарамды.

Ауруларға төзімді.

Қостанай облысының қарақоңыр топырақты далалық аймағында аудандастырылған, осы аңызақ аймақта ол қуаңшылыққа жақсы төзімді және мол өнімді сорт болып табылады. Семиозер сорт сынаушы участогінің мәліме-

тіне қарағанда, Степняк 648 өзінің өнімділігі жағынан Золотой дождь сортынан гектарына 2,0 центнерден асып түседі. Қарабалық сорт сынаушы участогінде Степняк 648 сорты 5 жыл ішінде (1943—1947 жылдар) орта есеппен гектарына 26,5 центнерден өнім беріп, Золотой дождь сортымен салыстырғанда гектарына 2,4 центнерден асып түсті.

АРПА

Арпаның дәнінің өте құнды малазықтық сапасы болады және күшті жем түрінде барлық ауылшаруашылық жануарлары үшін, әсіресе шошқа мен құс үшін көп пайдаланылады. Шошқаны арпа ұнымен бордақылағанда оның майы нығыз болады және дәмі тәтті келеді. Еліміздің оңтүстік аудандарында арпа жылқыны азықтандыруға жиі пайдаланылады.

Арпаның дәні тамақ өнеркәсібінде кеңінен қолданылады: сыра ашытуға бірден-бір шикізат болады, жарма, ашытқы, кофе жасауға жұмсалады.

Қуаңшылық аудандарда арпа тез пісетін және қуаңшылыққа төзімді дақыл болғандықтан, сұлыдан гөрі молырақ өнім береді. Сондықтан республиканың қырлық және шөлейт аудандарында арпаның егісін ұлғайтудың мал шаруашылығы үшін берік жемшөп базасын жасауға зор маңызы бар.

Қазақстанда жаздық арпаның 9 сорты аудандастырылған. Олардың республика облыстары бойынша бөлінуі 10-таблицада көрсетілген.

Аудандастырылған сорттардың көпшілігінің негізгі кемшілігі — қысқа сабақтылығы және жатып қалуға төзімділігінің аздығы, ал мұның өзі оларды комбайнмен жыйнауды қыйындатады және ысырапты көбейтеді. Қазіргі кезде Қазақстанның селекциялары жаздық арпаның мол өнімді, қуаңшылыққа, грибокті, бактериялы ауруларға төзімді, механизммен оруға бейімделген, яғни жатып қалмайтын, ұзын сабақты сорттарын өсіру жұмысымен шұғылдануда.

Арпа сорттарының қауңшылыққа төзімділігінің ерекше зор маңызы бар, өйткені тіпті суармалы егіншілікті аудандардың өзінде де суармалы жерлер, әдетте техникалық дақылдарға, ең құнды дақыл бидайға қалдырыла-

10-таблица

Жаздық арпаның аудандастырылған сорттарының республика облыстары бойынша бөлінуі

Облыстар \ Сорттар	Прекоциус 143	Европеум 357/133	Персикум 64	Медикум 8955	Медикум 513	Нутанс 187	Нутанс 27	Палидум қызылордалық жергілікті	Омскілік 10664	Облыста қанша сорт аудандастырылған
Алматы	+	+	−	+	−	+	−	−	−	3
Ақмола	+	+	+	−	−	−	−	−	−	3
Ақтөбе	+	−	−	−	−	−	−	−	−	1
Шығыс Қазақстан	−	+	−	−	−	−	−	−	+	2
Гурьев	−	−	−	−	−	−	−	−	−	−
Жамбыл	+	−	−	−	−	+	+	−	−	3
Батыс Қазақстан	+	−	+	−	−	−	−	−	−	2
Қарағанды	+	−	+	−	−	−	−	−	−	2
Қызылорда	−	−	−	−	−	−	−	+	−	1
Көкшетау	−	+	−	−	−	−	−	−	−	1
Қостанай	−	+	−	−	−	−	−	−	−	1
Павлодар	+	+	−	−	−	−	−	−	−	2
Солтүстік Қазақстан	−	+	−	−	−	−	−	−	+	2
Семей	+	+	+	−	−	−	−	−	−	3
Талдықорған	+	−	−	+	−	−	−	−	−	2
Оңтүстік Қазақстан	+	−	−	−	+	−	+	−	−	3
Сорт қанша облыста аудандастырылған	9	8	4	2	1	2	2	1	2	

ды, ал арпа егісі тәлімі участоктерге ығыстырылып отырады.

Сыйыр малының төлі мен шошқа үшін құнды азық болып табылатын, мол өнімді қауызсыз арпа формаларын өсіруге зор назар аударылуға тиісті.



24-сурет. Европеум 353/133.

Жаздық арпаның сорттары

Европеум 353/133. Бұл сортты Харьков мемлекеттік селекция станциясында арпаның жергілікті Ганна типінен жекелеп іріктеп алу әдісімен В. Я. Юрьев өсіріп шығарған.

Нутанстың түр бөлігіне жатады. Масағы ұзын, екі қатарлы, селдір, қылтықты, ақсары түсті келеді. Қылтығының ұзындығы орташа, пісер кезде салбырап кетеді.

Дәні ірі және біркелкі (1000 дәнінің салмағы қолайлы жылдары — 40—44 г. қуаңшылық жылдары — 30—35 г.) болады. Қауыздылығы 10—12 процент. Сорттың сыралық сапасы жоғары болады. Биік бойлап өседі, сабағының ұзындығы 75—80 см.

Сорт орташа мерзімдерде піседі, көктеп шыққаннан бастап піскенге дейінгі өсіп-жетілу кезеңі орта есеппен 75—80 күн, қуаңшылыққа жеткілікті төзімді, ылғал сүйеді, суарғанда мол өнім береді. Көктем кезіндегі қырауға төзімді келеді.

Жатып және құйылып қалғыш емес. Комбайнмен оруға толық жарамды.

Сорттың кемшіліктеріне — тозаңды қаракүйенің, гельмитоспориоздың жұққыштығы және швед шыбынының зиянына төзімсіздігі жатады.

Сорт өнімді келеді. Больше-нарым мемлекеттік сорт сынаушы участогінде (Шығыс Қазақстан облысы) оның 5 жыл ішіндегі орташа өнімі гектарынан 17,0 центнерден, ал Үржар сорт сынау-

шы суармалы участогінде (Семей облысы) — 28,9 центнерден болды. Бұл сорт бойынша 1950 жылы Петропавловск және Ленин сорт сынаушы участоктерінде (Солтүстік Қазақстан облысы) ең мол өнім — гектарынан 41,2 және 36,5 центнерден, Айыртау және Чкалов сорт сынаушы участоктерінде (Көкшетау облысы) — 31,0 және 28,6 центнерден, Қарқаралы сорт сынаушы участогінде (Қарағанды облысы) — 45,9 центнерден алынды.

Қостанай облысының Буденный атындағы колхозында 1950 жылы 16 гектар егістің әр гектарынан 28 центнерден, Солтүстік Қазақстан облысының Каганович атындағы элитті тұқым шаруашылығында 1952 жылы 60 гектар егістің әр гектарынан 23,8 центнерден өнім алынды.

Сорт Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Көкшетау, Ақмола, Қарағанды облыстарында, Павлодар облысының солтүстік аудандарында, Семей облысының суармалы жерлерінде және Шығыс Қазақстан облысында аудандастырылған.

Медикум 8955. Сорт Қарағанды ауылшаруашылық тәжрибе станциясында Бүкілодақтық өсімдік шаруашылығы институтының дүниежүзілік жыйнағының кіші азиялық үлгісінен жекелеп іріктеп алу әдісімен өсіріліп шығарылған.

Медикумның түр бөлігіне жатады. Масағы екі қатарлы, едәуір тығыз, қылтықты, ақсары түсті, қылтығы тегіс келеді. Дәні сары, сопақша, өте ірі (1000 дәнінің салмағы 50—60 г.). Қауыздылығы —10—12,7 процент.

Өсімдігінің биіктігі 55—75 см. масағы тік, салбырамайды, бұл — Прекоциус 143 сортынан артықтығын көрсетеді. Масағы сынғыш емес. Ылғалы жеткілікті тәлімі жерлерде жатып қалмайды. Суармалы жерлерде және аса жауын-шашынды жылдары жатып қалады. Қуаңшылыққа өте төзімді, сонымен қабат, сорт жеткілікті ылғалдандырғанда жақсы нәтиже береді.

Сорт орташа мерзімдерде піседі, өсіп-жетілу кезеңі 93—98 күн. Прекоциус 143 сортынан 2—6 күн кеш піседі.

Тозаңды және қатты қаракүйеге төзімді. Көп тараған Прекоциус 143 сортынан гөрі бұл сортқа ұн тозаңы және гельминтоспориоз кемірек жұғады.

Сорт мол өнімді. Соңғы бес жыл ішінде Қаскелең сорт сынаушы тәлімі участогінде (Алматы облысы) оның орташа өнімі гектарына 34,2 центнер, Сарканд сорт сынаушы тәлімі участогінде (Талдықорған облысы) —33,6 цент-

нер, Гвардияшылар сорт сынаушы участогінде 29,0 центнер болды. Ақтөбе облысының қуаңшылық жағдайында Прекоциус 143 сортынан өнімді гектарына 2—3 центнерден артық береді.

Оның ең жоғары өнімі Қаскелең сорт сынаушы участогінде гектарынан —40,5 центнер, Сарқанд участогінде— 38,0 центнер, Гвардияшылар участогінде —48,4 центнер болды. Мартук және Ключевой сорт сынаушы участоктері (Ақтөбе облысы) гектарынан 18—20 центнерден алып жүр.

Сорт Алматы және Талдықорған облыстарының тау етегіндегі және таулы аймақтарында. Ақтөбе облысының солтүстік және орталық аймақтарында аудандастырылған.

Қазіргі кезде бұл сорттың егіс көлемі онша көп емес: сортты егістің барлық көлемінің Алматы облысында — 6,2 процентін, Талдықорған облысында —4,2 процентін алады. Осы облыстардың тау етегіндегі аймағында және Ақтөбе облысының солтүстік жағында Медикум 8955 сорты, механизммен оруға ыңғайлы және Прекоциус 143 сортынан өнімділігі жағынан кем түспейтін болғандықтан сол Прекоциус 143 сортының орнына пайдаланылуда.

Медикум 513. Сорт бұрынғы Днепропетровск облыстық ауылшаруашылық станциясында Бүкілодақтық өсімдік шаруашылығы институтынан әкелінген жергілікті армяны үлгіден жекелеп іріктеп алу әдісімен өсіріліп шығарылған.

Медикумның түр бөлігіне жатады. Масағы екі қатарлы, едәуір тығыз, қылтықты, ақсары келеді, қылтығы тегіс. Дәні қауызды, сары, сопақша формалы, ірі (1000 дәнінің салмағы 50—55 г.) болады, қауыздылығы 11 процент.

Сорт қуаңшылыққа төзімді. Өсімдігінің биіктігі ылғалы тапшы тәлімі жағдайда 40—46 см, ылғалы жеткілікті тәлімі жағдайда және суармалы жерлерде 60—65 см болады. Тәлімі жерлерде жатып қалғыш емес, ал суармалы жерлерде көп жатып қалады. Тәлімі жерлерде аласа болып өсуі және суармалы жерлерде жатып қалғыштығы оны комбайнмен ору ісін қыйындатады. Аудандастырылған аймағында өнімділігі жағынан Прекоциус 143 сортынан біраз артық, ал Персикум 64 сортынан кемірек өнім береді.

Сорт Оңтүстік Қазақстан облысының II аймағында аудандастырылған, бірақ егіс көлемі онша көп емес.

Нутанс 187. Сортты Краснокутск мемлекеттік селекция станциясында бұрынғы Самара губерниясының жергілікті арпаларынан жекелеп іріктеп алу әдісімен П. Н. Константинов, М. П. Бочкарева, А. П. Бреднев өсіріп шығарған.

Нутанстың түр бөлігіне жатады. Масағы екі қатарлы, қысқа (5—6 см) едәуір тығыз, ақсары, салбырамайды, сынғыш емес. Дәні қауызды, сары, сопақша формалы. 1000 дәнінің салмағы 37—42 г., қауыздылығы 10,2—10,8 процент. Сабағының биіктігі құрғақшылық жылдары — 45—60 см, жауын-шашыны мол жылдары және суармалы жерлерде —77 сантиметрге дейін болады. Тәлімі жағдайда жатып қалғыш емес, суармалы жерлер мен жауыны аса көп жылдарда жатып қалады.

Сорт орташа мерзімдерде піседі. Көктеп шыққаннан бастап уызданып піскенге дейінгі кезеңінің ұзақтығы 75—85 күн. Қуаңшылыққа өте төзімді, сонымен қабат, суаруды, жеткілікті ылғалды сүйеді, агротехникасын жақсартқанда өнімін күрт арттырады.

Қатты және тозанды қарақүйеге, татқа, гельминтоспориозға шалдықпайды.

Сорт мол өнімді. Іле сорт сынаушы суармалы участогінде (Алматы облысы) 4 жыл ішіндегі орташа өнімі гектарынан — 35,5 центнер, Жамбыл сорт сынаушы участогінде (Жамбыл облысы) — 38,1 центнерден, Красногор сорт сынаушы участогінде —33,2 центнерден болды.

1952 жылы «Трудовик» колхозында (Жамбыл облысы) бригадир Демкин жолдас осы сорттың 243 гектарлық егісінен гектарынан 22 центнерден өнім алды. Сол жылы Алматы облысы, Жамбыл ауданының Сталин атындағы колхозында бригадир Чернышев жолдас 40 гектар тәлімі егістің гектарынан 33 центнерден алды. Алматы облысы, Жамбыл ауданының «Работник» колхозында тәлімі 32 гектар жерден 33,4 центнерден өнім алынды.

Сорт Алматы және Жамбыл облыстарында аудандастырылған. Колхоз егістерінде жаздық арпаның сорты егістерінің барлық көлемінің Алматы облысында 24 процентін, Жамбыл облысында 25 процентін алады.

Омскілік 10664 сорты. Сортты Сибирь астық шаруашылығы ғылми-зерттеу институтында Ойраттан әкелінген жергілікті арпаның үлгісінен жекелеп іріктеп алу әдісімен И. И. Кораблин өсіріп шығарған.

Паллидумның түр бөлігіне жатады. Өсімдігінің биіктігі

орташа 70 см. Масағы алты қатарлы, селдір, ақсары, қылтықты, қылтығы ұзын, каттылау, сынғыш болады. Дәні ұсақ (1000 дәнінің салмағы 28—35 г.). Қауыздылығы 11 процент.

Сорт орташа мерзімдерде піседі, өсіп-жетілу кезеңі 75—80 күн, кейде 95 күнге дейін жетеді; жатып қалуға беріктігі орташа, қуаңшылыққа біршама төзімді, оған тозаңды және қатты қаракүйе өте жұққыш, гельминтоспориоз бен татқа онша берік емес.

Сорттың басты кемшілігіне — масағының шамалы пісіңкіреп кеткенінің өзінде сынғыш келетіндігі жатады, ал мұның өзі егін кешіктіріліп жыйналса оның ысырап болуына әкеп соқтырады.

Сорт өнімді келеді. Солтүстік Қазақстан облысының Пресновка сорт сынаушы участогінде оның сынау жылдарындағы өнімі гектарынан 18,3 центнерден болды, сөйтіп ол стандартты Европеум 353/133 сортынан гектарына 4 центнер асып түсті. Одан ең жоғары өнім — Зырян сорт сынаушы участогінде 1952 жылы гектарынан 31,0 центнерден және Пресновка сорт сынаушы участогінде —23,7 центнерден (1947 жылы) алынды.

Сорт Шығыс Қазақстан облысының III және IV аймағында және Солтүстік Қазақстан облысының II аймағында аудандастырылған (бірақ өндірісте әзірге аз тараған).

Прекоциус 143. Сортты Красноводопад селекция станциясында Бүкілодақтық өсімдік шаруашылығы институтынан әкелінген жергілікті армян үлгісінен жекелеп іріктеп алу әдісімен А. К. Гольбек өсіріп шығарған.

Нутанстың түр бөлігіне жатады. Масағы екі қатарлы, едәуір тығыз, қылтықты, ақсары келеді. Дәні сары, сопақ формалы, ірі (1000 дәнінің салмағы 40—50 г.); қауыздылығы 11—12 процент.

Сорт аласа келеді, тәлімі жердегі өсімдігінің биіктігі 35—50 см, суармалы жерде және жауын-шашын жеткілікті болған жылдарда 70—75 сантиметрге дейін болады. Егіс аса пісіп кеткенде масағы мықтап иіліп, сынып кетеді. Сабағының қысқалығы мен пісіңкіреп кеткендегі масағының салбырағыштығы егінді механизммен орғанда үлкен ысырапқа ұшыратады.

Сорт қуаңшылыққа өте төзімді және тез піседі. Көктеп шыққаннан бастап пісіп жетілгенге дейінгі кезеңі 60—80 күн.

Оған қатты қаракүйе мен ақұлпа күшті жұғады (ылғалды жылдары), басқа ауруларға онша шалдыққыш емес.



25-сурет.
Прекоциус 143

Сорт өнімді келеді. Қуаңшыл дала жағдайында өнімділігі жағынан, әдетте, барлық сыналудағы сорттардан, соның ішінде қуаңшылыққа төзімді Персикум 64 сорғынан да артық. Оңтүстік облыстарда да, солтүстік облыстарда да мол өнім береді. Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Павлодар және Оңтүстік Қазақстан облыстарының өте қуаңшылық жағдайларында өнімділігі жағынан басқа сорттардан артық келеді. Зеленов және Бөрілі сорт сынаушы участоктерінде (Батыс Қазақстан облысы) 1950 жылы оның өнімі гектарына 14,5 және 16,5 центнерден болды, Павлодар сорт сынаушы участогінде (1948 жылы) — гектарына 14,5 центнерден, Мартук және Ключевой сорт сынаушы тәлімі участоктерінде (Ақтөбе облысы) — гектарына 17,5 және 19,6 центнерден, Келес және Шымкент сорт сынаушы участоктерінде (Оңтүстік Қазақстан облысы) —гектарына 19,0 және 33,3 центнерден болды. Талдықорған облысының таулы және тау етегі жағдайында Гвардиялық сорт сынаушы участогінде соңғы 5 жыл ішіндегі оның өнімі гектарынан 28,2 центнерден және Сарқанд сорт сынаушы участогінде — 34,4 центнерден келеді.

Сорт Ақмола, Ақтөбе, Алматы, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Павлодар, Оңтүстік Қазақстан, Семей және Талдықорған облыстарында аудандастырылған. Аласалығы мен жатып қалғыштығына байланысты

Прекоциус 143 сортының орнын механизммен оруға ыңғайлырақ сорттар басып келеді.

Персикум 64. Сортты Краснокутск мемлекеттік селекция станциясында Бүкілодақтық өсімдік шаруашылығы институтының дүниежүзілік жыйнағының Закавказьелік үлгісінен жекелеп іріктеп алу әдісімен П. М. Константинов өсіріп шығарған.

Персикумның түр бөлігіне жатады. Масағы екі қатарлы, едәуір қылтықты, қара немесе сұр, пісер алдында иіліп салбырамайды. Дәні қара немесе сұр, сопакша формалы, өте ірі келеді (1000 дәнінің салмағы 46—60 г.) қауыздылығы 9,1—11,5 процент болады.



26 сурет Персикум 64.

Сорт тез піскіш, көктеп шыққаннан бастап уызданып піскенге дейінгі кезеңі орта есеппен 60—75 күнге тең болады, ол кейде 55 күннен 90 күнге дейін ауытқып отырады. Өсімдігінің биіктігі ылғалы жеткіліксіз жағдайда 46—56 см, суармалы жерде және күзде егілгенде 80—110 см болады.

Құрғақ қырлық жағдайда жатып қалмайды және комбайнмен жыйнауға ыңғайлы. Ылғалы мол аудандарда және суарып өсіргенде өте жатып қалғыш келеді.

Татқа шамалы, тозаңды қаракүйеге және гельминтоспориозға орташа дәрежеде шалдығады. Қатты қаракүйе кейбір жылдары өте көп жұғады.

Сорт қуаңшылыққа төзімді, өнімді келеді, өсіру жағдайын жақсартқанда тәуір нәтиже береді. 1952 жылы Қарағанды облысының сорт сынаушы участоктерінде оның өнімі гектарына 19,4 центнерден 25,9 центнерге дейін болды (сол облыста аудандастырылған Европеум 353/133 сортынан гектарына 0,7—1,9 центнер артық өнім берді. Персикум 64 сортының 5 жыл ішіндегі өнімі Европеумнің өнімінен орта есеппен гектарына 1,6—1,9 центнер артық болды.

Семей облысының Үржар сорт сынаушы тәлімі участогінде Персикум 64 сорты орта есеппен 5 жыл ішінде гектарынан 25,7 цент-

нерден өнім берді, ол тек бір сорттан — Медикум 8955 сортынан ғана гектарына 1,1 центнерден кем болып шықты; сорт сынаушы суармалы участокте оның өнімділігі: Европеум 353/133 сортынан гектарына 5,1 центнерден, Медикум 8955 сортынан 4,7 центнерден кем болды.

Биологиялық жағынан алғанда жаздық форма бола тұрып, Персикум 64 сорты Қазақстанның оңтүстік облыстарында күзде сепкенде жақсы қыстап шығады да, мол өнім береді.

Түркстан суармалы участогінде (Оңтүстік Қазақстан облысы) 5 жыл ішіндегі орташа өнімі: көктемде еккенде гектарына 19,8 центнерден, күзде еккенде — 28,8 центнерден болды. 1952 жылы осы участокте Персикум 64 сорты көктемде еккенде гектарына 25,4 центнерден, күзде еккенде — 46,1 центнерден өнім берді.

Жамбыл облысы, Луговой ауданының «Восток» және Сталин атындағы колхоздары 1952 жылы Персикум 64 сортын өндірістік жағдайда сынау үшін күзде егіп, гектарынан, 18,4 центнерден өнім алды.

Сорт көктемде егу үшін: Батыс Қазақстан, Қарағанды, Семей облыстарында және Ақмола облысының бірқатар аудандарында және күзде егу үшін; Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан облыстарында аудандастырылған.

Жергілікті Паллидум. Сорт Қызылорда облысының суармалы жерлерінде ертеден өсіріліп келеді.

Кеш піседі, өсіп-жетілу кезеңі 100—105 күн. Өсімдігінің биіктігі орташа — 57 сантиметрге дейін болады; масағында дән едәуір көп, оның саны орта есеппен 30-ға жуық. Дәні ұсақ, 1000 дәнінің салмағы орта есеппен 35 г. Сорт жатып қалуға қарсы едәуір төзімді, бірақ масағының сынғыштығына байланысты, әсіресе өте пісіп кеткенде құйылып қалғыш келеді. Кейбір жылдары оған тозанды қарақүйе көп жұғады.

Бұл сорт жоғарыда айтылған кемшіліктеріне қарамастан, Қызылорда облысының өзіне тән сортаң топырағына бейімделген, селекцияланған сорттардан тиімді келеді.

Сорт өнімді келеді. Жалағаш сорт сынаушы участогінде жүргізілген сынау жылдарында жаздық арпаның ішінде өнімділігі жағынан бірінші орын алды, орташа өнімі гектарына 19,5 центнерден, ең мол өнімі — 34,2 центнерден болды.

Қызылорда облысында аудандастырылған, мұнда сортты арпа егістеріне көбінесе осы сорт себіледі.

ЖҮГЕРІ

Жүгері — мол өнімді отамалы дақыл. Жүгерінің дәнінде белок пен крахмал өте көп болады, сондықтан ауылшаруашылық малдарының барлық түлігі үшін күшті азық ретінде кеңінен пайдаланылады. Жүгерінің сабақтарын мал тіпті құрғақ күйінде де жақсы жейді, ал көк шөбі өте жақсы сүрленетін материал бола алады.

Тамақ өнеркәсібінде жүгері ұн, жарма, спирт, крахмал тағы басқаларын жасауға пайдаланылады.

СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумының «ССРО Ауыл шаруашылығын одан әрі өркендету шаралары туралы» қаулысы оңтүстік, оңтүстік-шығыс, орталық қаратопырақты және қаратопырақсыз аудандарда жүгері егісін едәуір ұлғайтуды белгіледі.

Қазақстанда жүгері егісі Талдықорған, Алматы, Жамбыл және Оңтүстік Қазақстан облыстарында көбірек егіледі. Сондай-ақ Ақтөбе, Шығыс Қазақстан және Семей облыстарының оңтүстік аудандарында да егіледі, бұл жерлерде жүгері егісінің көлемі әзірге көп емес.

Жүгері кеш себілетін дақылдар тобына жатады. Оның тұқымы бірқалыпты өсіп шығу үшін температураның жылылығы 10—12 градус болу керек. Осыған байланысты жүгерінің тұқымы топырақ жақсы қызған, оның температурасы 10 сантиметр тереңдікте 10—12 градус жылы болған кезде себіледі. Бұдан ерте сепкен кезде жүгері тұқымы топырақта жиі шіріп кетіп, көктеп шықпайды.

Жүгеріні себудің ең жақсы тәсілі — шаршылап-ұялап себу. Мұндай әдіспен сепкенде егісті тек ұзынынан ғана емес, сондай-ақ қатарларының көлденеңінен де механикаланған жолмен күтуге жағдай жасалады, мұның өзі жүгеріні егуге кететін еңбекті едәуір азайтады. Көрсетілген тәсілді қолдану үшін арнаулы трактор және ат сеялкалары пайдаланылады, бұлар әрбір ұяға және әрбір шаршыға екі-үш дәннен салып отырады.

Жүгері өзінің дамуының алғашқы жартысында көктеп шыққаннан шашақ басталғанға дейінгі уақыт ішінде жылылықты жақсы көреді. Бұл кезде ауаның температурасы салқындаса, оның өсіп-жетілу кезеңін өте-мөте ұзартады. Ол суықты, әсіресе күзгі суықты тез сезеді. 3 градус күзгі суық көптеген сорттарды құртып кетеді, ал жүгері мұндай суықтардан кейін қайтадан жанданып өсе алады.

Ылғалы мол (15 проценттен көп) жүгері тұқымдары аяз әсерімен өзінің өнгіштігіч төмендетеді, ал кейде өнгіштігін мүлде жойып жібереді. Жүгері дақылын сепкен кезде осы ерекшелігін ескеру керек.

Жүгері құрғақшылыққа төзімді дақыл, мұнымен қатар жүгері ылғалдандыруды да жақсы көтереді. Жүгері оңтүстік облыстарда суармалы жерлерде егіледі.

Жүгері шамамен алғанда бір ай бойы — шашақ бастанудан он күн бұрын және шашақтанғаннан кейін жыйырма күн суды неғұрлым көп керек етеді. Бұл кезде жүгеріге құрғақ зат көп (80 процент) жыйналады. Жүгерінің бұл ерекшелігін біле отырып, суаруды дәл осы кезге тура келтіру қажет. Жүгері батпақтанған және сортаң тартқан топырақтарды жақсы көрмейді. Тынайткышты жақсы сезеді. Гүлдену кезінде азотты және фосфорлы тынайткыштармен үстеп қоректендірсе өте-мөте нәтижелі болады.

Жүгері тозандануы жағынан алғанда тоғыса тозаңданатын өсімдіктерге жатады. Оның шашағы собығынан 2—4 күн бұрын гүлденеді. Тозанын жел ұшырып әкетеді, кейде оны жел едәуір жерге ұшырып әкетеді, сондықтан тұқымдық участоктер жүгерінің басқа сорттарынан және сортсыз егістерден кемінде 0,5 километр қашықтықта болуға тиіс.

Қолдан тозаңдандыру жүгерінің өнімін мықтап арттырады.

Республикамызда жүгерінің мынадай сорттары аудандастырылған:

Жүгерінің сорттары

Стерлинг. Республикада бұл сортқа селекциялық тұқымдық жағынан зерттеу жұмыстарын стерлингтің элиттік тұқымын өсіретін Красноводопад мемлекеттік селекция станциясы жүргізеді. Бұл жүгерінің тіс тәріздес түріне тіс тәріздес ақ дәні және ақ собығы бар сорттық тобына жатады. Собығы жуан, жұмыр болады. Собығынан алынатын орташа дән өнімі 76 процент, дәні ірі (1000 дәнінің салмағы 260—300 г.). Крахмалы көп, белогі аз болып келеді.

Орташа мерзімде піседі (өсіп-жетілу кезеңі 115—126 күн), сабағы ұзын (сабағының ұзындығы 2 және онанда артық метр болады). Сабағының ұзын, жапырағының

көп болуының арқасында ол сүрлеуге арналып егілетін ең жақсы сорттардың бірі болып табылады. Собықтары 95—100 сантиметр жоғарыда тұрады, бұл жүгеріні түгелдей механика күшімен жыйнауға мүмкіндік береді. Сорт жатып қалғыш келеді, жатып калу мөлшері 10 процентке дейін жетеді. Фузориозге және түйір қаракүйеге мықтап шалдығады.

Бұл сорт ылғалды жақсы көреді, бірақ құрғақшылыққа онша төзімді емес.

Бұл Жамбыл және Оңтүстік Қазақстан облыстарының суармалы жерлерінде егу үшін аудандастырылған, осы жерлердегі сорт сынаушы участоктерде өнімділігі жағынан бірінші орын алады. Жамбылдың сорт сынаушы участогінде жүгерінің бұл сортының орташа өнімі бес жыл ішінде гектарынан 36,6 центнерден болды.

Алматылық 236 сорт. Бұл сортты Алматы селекция станциясында Ф. Н. Куксенко өсіріп шығарған. Тіс тәріздес жүгерінің бір түріне жатады. Дәні тіс тәріздес, ақ, аксары болады. Собығы ірі, собығы 70—80 процент дән береді. Дәні ірі (1000 дәнінің салмағы 240—350 г.).

Сорт орташа мерзімде піскіп жетіледі (өсіп-жетілу кезеңі 116—126 күн), сабағы ұзын (өсімдіктің биіктігі 180—220 см).

Жатып қалғыш емес. Собықтары жоғарыда тұрады. Өсімдіктің көпшілігі бір собықты болып келеді. Агротехника нашар қолданылса собығы 24 процентке дейін дән бермейді.

Сорт құрғақшылыққа онша төзімді емес, ылғалды жақсы көреді, түйір қаракүйемен шалдығады.


Алматылық 236 өнімді сортқа жатады. Алматы облысы, Қаскелең сорт сынаушы участогінде 4 жыл бойы сынағанда орташа өнімі гектарына 37,5 центнерден, Талдықорғанның суармалы жерлерінде бес жылдың ішінде гектарына 40,6 центнерден болды.

Суармалы жерде өсіру үшін Алматы, Талдықорған облыстарында аудандастырылған. Мұнымен бірге ол сүрлеу егісіне арналып, Алматы облысының II және III аймағында аудандастырылған. Осы облыстың сортты жүгері егісінің көлемінде бұл сорт 86 процент алады.

Жергілікті ақдәнді. Қызылорда облысының жергілікті сорты. Колхоздардың өндірістік егістерінде сортты жүгері егісі көлемінің 100 процентін алады.

Сорт тез піседі (өсіп-жетілу кезеңі 95—105 күн).

Өсімдік сабағының биіктігі орташа. Собықтары төмен —25—30 сантиметр болады, мұның өзі жүгеріні механикаланған жолмен жыйнауға қыйыншылық келтіреді және бұл осы сорттың негізгі кемшілігі болып табылады.



27-сурет. Северэда - котская,

Собықтары едәуір ірі. Собығы 77 процент дән береді, дәні орташа ірі (1000 дәнінің салмағы 250 г.). Дәнінің ұндық-жармалық сапасы өте жақсы болады.

Өнімді сорт. Қызылорда облысы, Жалағаш суармалы сорт сынаушы участогінде өнімді барлық басқа сорттардан гектарына 5—10 центнерден артық беріп, өнімділігі жөнінде бірінші орын алады.

Қызылорда мен Жамбыл облыстарында аудандастырылған.

Северодакотская. Бұл сорт жөніндегі селекциялық тұқым шаруашылығы жұмысын республикамызда Семейдің мемлекеттік селекция станциясы жүргізіп келеді.

Бұл ақсары дәнді және ақ өзекті собығы бар сорт типтері тобына жатады.

Собығының мөлшері орташа, ұзындығы 16—20 см, диаметрі орта есеппен 3 см. Собығының салмағы 95—100 г, дәні орташа ірі (1000 дәнінің салмағы 230—290 г.). Собығынан алынатын дән өнімі 80 процентке дейін жетеді.

Тез пісетін сорт. (Өсіп-жетілу кезеңі 110—118 күн). Бұл едәуір аласа өсімдік — өсімдіктің биіктігі 130—140 см. Төмен піскен собықтары жерден 20—25 сантиметр жоғарыда тұрады, бұл кей жылдары механикаланған жолмен жыйнауға кедергі келтіреді.

Мол өнімді сорт. Семей облысы, Үржар тәлімі сорт сынаушы участогінде 4 жыл бойы сынағанда орташа өнімі гектарынан 20,4 центнерден болды. Осы облыстың Үржар суармалы жерін-

де 2 жыл бойы сынағанда гектарынан 47,8 центнерден өнім берді.

Семей облысында (III аймақта) аудандастырылған, бұл жерде мұның егіс көлемі әзірге үлкен емес, жалпы жүгері егісі көлемінің 7,8 процентін ғана алады.

Жемчужина чакинская. Бұл сорт Чакинск мемлекеттік селекция станциясында Бурлей Қауынтың ақсары түсті сортынан өсіріліп шығарылған .

Бұл ақсары, ақ дәнді және өзекті собығы бар сорт типінің тобына жатады. Собықтары ұзын, сүйір, собығының салмағы 60—80 г, собығынан алынатын дәні 75—80 процент. Дәні ақсары, ақ, орташа ірі болады. Бойы алаша, собықтары төмен бітеді. Бұл сорттың өнімі механикалық жолмен жыйнауға көп келмейді.

Жемчужина чакинская сорты тез пісетін сорттардың бірі болып табылады (пісіп-жетілу кезеңі 100—105 күн), мұның өзі оны республикамыздың неғұрлым солтүстік аудандарында өсіруге мүмкіндік береді.

Бұл сорт Шығыс Қазақстан облысында (V аймақта) аудандастырылған, бұл осы жердегі сорт сынаушы участоктерде неғұрлым мол өнімді сорттардың бірі болып табылады. Мысалы, Көршім участогінде 5 жыл бойы сынағанда оның өнімі орта есеппен гектарына 16,3 центнерден, ал 1952 жылы гектарынан 24,4 центнерден болды, сыналған басқа сорттардың барлығынан 3—5 центнер асып түсті.

Гибридті тұқымдар себілген жүгері егістері

Республиканың сорт сынаушы участоктерінде жүгері сорттарын егумен қатар оның гибридтері де сыналып келеді. Өндірістік егістер үшін жүгерінің гибридті тұқымдарын пайдалану ССРО-да кеңінен қолданылып жүр.

Ростов облысы мен Краснодар өлкесінде көптеген колхоздар неғұрлым мол өнім беретін өндірістік жағдайдағы гибридті тұқым егісіне көшуде. Алайда будандастырылғанда барлық сорттар мол өнімді гибрид бере бермейді. Барынша өнімді гибридтік ұрпақ беретін туыстас дәнді іріктеп алу жұмысын жүргізу қажет.

Біздің жағдайымызда барынша мол өнім беретін гибридтардың бірі — Краснодарлық 4 гибриді болып табылады. Бұл Стерлинг сортын Краснодарлық 3 гибриді-

мен будандастырғанда алынады. Алматы, Талдықорған және Жамбыл облыстарының суармалы участоктерінде ол өнімділігі жағынан сынаудан өткен барлық басқа сорттардан едәуір асып түседі. Мысалы, осы көрсетілген гибридтің сынаудан өткен соңғы 3 жылдың ішіндегі орташа өнімі Алматы облысы, Қаскелең сорт сынаушы участоктерінде гектарынан 50,5 центнерден болды, бұл аудандастырылған Алматылық 236 сортынан гектарына 12,4 центнерден көп. Талдықорған суармалы участогінде аудандастырылған сорттардан гектарына 14,2 центнер асып түсті, 1951 жылы гектарына 75,0 центнерден өнім беріп, 27,1 центнер асып түсті.

Алматы мемлекеттік селекция станциясының мәліметі бойынша жергілікті ақ жүгерімен Стерлингті және Миннезота 13 жүгері сортын Алматылық 236 сортымен будандастырылып алынған гибридтер өнімді едәуір мол береді.

Гибридті тұқым алу жөніндегі тұқым шаруашылығы жұмысын жыл сайын жүргізу керек, ұқсас екі сортты қатар еге отырып, аналық түріндегі еркектік гүлді жою керек. Бұл оңай жұмыс, оны әрбір колхоз бен совхоз жүргізе алады. Жүгерінің гибридті тұқымын өндіріске кеңінен енгізу бұл дақылдың өнімін 15—30 процент арттыруды қамтамасыз етеді.

СӨК ДАҚЫЛДАРЫ

ТАРЫ

Қазақстанда тары — негізгі сөктік дақыл. Тары — сөк аса коректі және жақсы пісірілетін дақыл.

Тарыны жем дақылы үшін де пайдалануға болады. Тарының дәні көбінесе құстың жеміне, ал сабаны мен топаны күйіс малының азығына жұмсалады. Тары жасыл азық пен шөп ретінде де егіледі.

Тары өте мол өнім бере алатын дақыл. Бұл оның дән беретін шашақ басы органдарының құрылысынан болады, оның шашақ басы бір өсімдіктегі дәннің санының көп болуына үлкен мүмкіндік береді.

Қазақстан тары өндіру жөнінде ССРО-да алдыңғы орындардың бірін алады. Ыстық құрғақ климат және кең дала республика территориясының көп жерінде осы дақылды егуге ерекше қолайлы жағдай жасайды.

Республикада басқа дәнді дақылдардың ішінде тарының үлес салмағы 10 процентке жуық, ал жеке облыстарда бұдан едәуір көп. Мәселен, Гурьев облысында тары дәнді дақылдар егісінің барлық көлемінің 68 процентін, Ақтөбе облысында — 30 процентін, Батыс Қазақстан облысында — 28 процентін, Павлодар облысында — 16 процентін алады. Көрсетілген төрт облыста республикадағы бүкіл тары егісі көлемінің 55 проценті егіледі.

Қостанай мен Ақмола облыстарында, әсіресе оңтүстіктегі аудандарда тары егіс көлемінің едәуір бөлегін алады.

Тары — құрғақшылыққа төзімді дақыл. Ол әрбір дән мен сабанның құралуына суды бидайға қарағанда едәуір аз қажет етеді. Сонымен қатар ол қосымша ылғал берілуін жақсы көреді, суармалы жерге егілсе, тәлімі учаскелеріндегіден бірнеше есе артық өнім береді.

Тарының түсімділігі жөнінде дүниежүзілік рекорд жасаған Шығанақ Берсиев суармалы жерге егілген тарының әрбір гектарынан 206 центнерден өнім алды, Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Аманкелді атындағы колхозда Берсиевтың әдісін қолданушы Ернияз Жолбатыров 1951 жылы 10 гектар жердің әрбір гектарынан 80,7 центнерден, ал 1952 жылы — 125 центнерден өнім алды.

Тары тәлімі участокгерінде де мол өнім бере алады. Мәселен, 1944 жылы Павлодар облысы, Лозов ауданы, «Отөзек» колхозында тәлімге егілген 7 гектар тарының әрбір гектарынан 52 центнерден өнім алынды.

Дегенмен, озат тары өсірушілердің кол жеткен көрнекті табыстарына қарамастан, бұл дақылдардың түсімділігі республикамызды тұтас алғанда әлі де төмен болып отыр. Бұл жағдай осы бағалы дақыл егісіне жеткілікті көңіл бөлмеуден болып отыр.

СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумының қарарлары колхоздар мен колхозшылардың тарыдан мол өнім алуға материалдық ынталылығын арттырады. Енді мемлекетке тапсырылған 100 килограмм тары 105 килограмм бидайға немесе 125 килограмм қарабидайға есептеледі.

Пленум: «Колхозшылар мен МТС-тің трактор бригадаларының қызметкерлеріне, колхоз бойынша дәнді дақылдардан алынған жалпы өнімге және мемлекетке астық тапсыру жоспарының орындалуына қарамастан,

егін шығымдылығының колхозға белгіленген жоспарынан тыс нақты жыйналған тары өнімінің 50 процентіне дейінгі мөлшерде заттай қосымша ақы төлеуді колхоздарға ұсынады» деп көрсетті.

Тарыдан мол өнім алу үшін бұл дақылдың биологиялық ерекшеліктерін, өсіру жағдайларына қоятын талаптарын терең білуге негізделген агротехникалық әдістердің комплексін қолдану қажет.

Тары жылылық сүйгіш дақылдарға жатады. 8—10° температурада оның тұқымы көктей бастайды, бірқалыпты көктеп өсу үшін топырақтың температурасы 13—15° тен кем болмауға тиіс. Сондықтан тары басқа дақылдардан кейін, топырақ толық қызған кезде егіледі.

Тары бастапқы кезде өте баяу өседі, осының салдарынан арамшөпті топырақта оны көбінесе арамшөп басып кетеді. Арамшөп — тарының жас көгінің басты жауы.

Тары қоректендіру режимін жақсартуды өте сезгіш дақыл. Ауыспалы егісте тары егісі үшін қолайлы жер — көпжылдық шөп егілген жер мен аударма тың, мұндай жерде тары егісі жақсы қоректенеді және арамшөптен аман болады.

Арамшөптен таза, аса құнарлы жұмсақ жерлерде тарыны кең қатарлап егу қажет; бұл тарыны механика күшімен өңдеуді, оның ішінде арамшөптерді құртуды қамтамасыз етеді.

Тарыны қатар араларының кеңдігін 60 сантиметр етіп екі жолды кең қатарлы етіп егу жақсы нәтиже береді.

Тары егілетін жерді әзірлеу арамшөпке қарсы күресуге, су және қоректендіру режимін жақсартуға бағытталып жүргізілуге тиіс. Сондықтан аңызды кезінде сыдыра жырту, зябьті терең жырту, ерте көктемдегі ылғалды сақтау, тарыны екпенге дейін көктемде зябьті бір-екі рет культивациялау — тарыны жұмсақ жерге еккен кезде міндетті түрде қолданылатын агротехникалық әдістер болып табылады.

Тары көбінесе республиканың неғұрлым құрғақшылық аймақтарында егіледі. Мұнда топыраққа ылғал жыйнап, сақтаудың ерекше маңызы бар. Осыны еске ала отырып, тары егісіне арналған жерге қар тоқтату және көктемгі тасқын суды тоқтату ісін міндетті түрде жүргізу керек.

Оралдың мемлекеттік селекция станциясының алты жылғы мәліметтеріне қарағанда, қар тоқтату тары егісі-

нің түсімін гектарына орта есеппен 6,3 центнер арттырған Батыс Қазақстан облысы, Қамен ауданы, «Красный трудовик» колхозында 18 гектар қар тоқтатылған тары егісінің түсімі гектарына 35—37 центнерден, қар тоқтатылмаған жердің өнімі (82 гектар) — 25 центнерден болған.

Суармалы жердегі тары егісіне арналған танапқа қара күзде және ерте көктемде қандыра су жаю керек.

Тарыны кезінде күтіп-баптау оның түсімділігін арттырады. Суару өсімдіктің өсуінің жауапты кезеңінде, атап айтқанда түптену, түтіктену және шашақ бастану, сол сияқты дәндену дәуірінде жүргізілуі тиіс.

Тары тыңайтқышты өте қажет ететін дақыл. Тыңайтқышты түйіршік күйінде тарының тұқымымен араластырып себу жақсы нәтиже береді. Мысалы, 1952 жылы Қарабалық мемлекеттік селекция станциясында (Қостанай облысы) әрбір гектар жерге тары тұқымына қосып 25 килограмм суперфосфат тыңайтқыш сепкенде тарының түсімділігі 25 процент артты.

Тарыдан мол өнім алу үшін тарының неғұрлым өнімді, белгілібір топырақ-климаттық жағдайға бейімделген сорттарын іріктеп алудың зор маңызы бар. Қуаңшылық аймақта тарының неғұрлым тез пісетін сортын егу ұсынылады (тез пісу сорттың көбінесе қуаңшылыққа төзімділігімен белгіленеді). Тарыны суармалы жерге еккенде тез пісетіндігінің шешуші маңызы болмайды.

Сорттың елеулі белгісі түп формасы болып табылады. Түптің неғұрлым жақсы формасы тармақтанып өсетін емес, тік өсетін формасы болып табылады. Тік өсетін түптер тарыны комбайнмен жыйнаған кезде ысырап неғұрлым аз болады.

Тары дәнінің ірілік және өте дәмділік сапасының үстіне, сыртқы қауызы тез ұшатын болуға тиіс. Бұл дәннің түсімділігін арттырады. Тарының өндіріске енгізілген сорттары қастауыштың және тарының үлкен жауы тары шыбындарының әрекеттеріне қарсы төзгіш болуы тиіс.

11-таблицада әрбір облыс бойынша аудандастырылған тары сорттары көрсетіледі.

Тарының республикада көп тараған сорты, 12 облыста аудандастырылған. Саратовтық 853 сорты, ол осы дақылдың сортты егісінің жалпы көлемінің 52 процентін алады. Тары егісінде бұдан кейінгі орынды Долиналық 86 сорты алады, ол солтүстіктегі 5 облыста аудандасты-

11-таблица

Тары сорттарының республика облыстары бойынша бөлінуі

Облыстар \ Сорттар	Саратовтық 853	Долиналық 86	Долиналық 12	Казандық 506	Салмони	Веселопо-лянское 367	Вронеждік 367	Омскілік 9	Жергілікті Бескарағай тарысы	Жергілікті Оңыл тарысы	Жергілікті Жымпиті тарысы	Жергілікті Торғай тарысы	Басқа жергі-лікті сорттар	Облыста неше сорт аудан-дастырылған
Алматы	+	—	—	—	—	+	—	—	—	—	—	—	+	3
Ақмола	+	—	—	—	—	—	—	—	—	—	—	—	—	1
Ақтөбе	+	—	—	—	—	—	—	—	—	+	—	—	—	2
Шығыс Қазақстан	+	—	—	—	—	—	—	+	—	—	—	—	+	2
Гурьев	+	—	—	—	—	—	—	—	—	—	—	—	+	3
Жамбыл	+	—	—	—	—	+	—	—	—	—	+	—	—	2
Батыс Қазақстан	+	—	—	—	—	—	—	—	—	—	—	—	+	3
Қарағанды	—	+	—	—	+	—	—	—	—	—	—	—	—	2
Қызылорда	+	—	—	—	—	—	—	—	—	—	—	+	—	1
Көкшетау	—	+	—	—	—	—	—	—	—	—	—	—	—	3
Қостанай	+	+	+	—	—	—	—	—	+	—	—	—	—	3
Павлодар	+	—	—	—	—	—	+	—	—	—	—	—	—	1
Солтүстік Қазақстан	—	+	—	—	—	—	—	—	—	—	—	—	+	2
Семей	+	—	—	—	—	—	—	—	—	—	—	—	+	4
Талдықорған	+	—	—	+	—	+	—	—	—	—	—	—	+	2
Оңтүстік Қазақстан	+	—	—	—	—	—	—	—	—	—	—	—	—	2
Сорт неше облыста аудандастырылған	12	5	1	1	1	3	1	1	1	1	1	1	7	

рылған. Бұл сорттың үлес салмағы 18 процент болып отыр.

Тарының қалған барлық сорттары республикадағы сортты егістің 30 процентін ғана. Оның ішінде Казандық 506, Воронеждік 198, Омскілік 9, Веселоподолянское 368 әлі көп тарай қоймаған, жаңа сорттар.

«Жергілікті басқа сорттар» графасына әрбір облыс бойынша және тіпті әрбір аудан бойынша бағалы биологиялық және шаруашылық белгілері бар жергілікті тары сорттары жатады. Бұған Қызылорда облысындағы жергілікті Сырдария тарысы, Жамбыл мен Оңтүстік Қазақстан облыстарындағы Мерке тарысы, Алматы мен Талдықорған облысындағы Балқаш тарысы және басқа жергілікті тары сорттары жатады.

Төменде республикада егілетін тарының негізгі сорттарына сыпаттама беріледі.

Тары сорттары

Саратовтық 853. Бұл сортты ССРО-ның оңтүстік-шығыс астық шаруашылығы институты жергілікті үлгіден жекелеп іріктеп алу әдісімен өсіріп шығарған.

Сангвинеумнің түр бөлігіне жатады. Шашақ басы жыйнақы, аздап иіңкі, тығыз, келте болады, дәні едәуір ірі (1000 дәнінің салмағы 6—8 грамм), күңгірт қызыл, сопақ, тармақ жапырақтары қысыңқы. Сөгі 75—80 процент. Сөгінің пісуі және дәмі жақсы.

Өсімдіктің биіктігі орташа, түбі бірнеше тармақты. Өсіп-жетілу кезеңі 85—95 күн, жазғы жауын кеш жауған кезде өсіп-жетілу кезеңі 1,5—2 апта ұзарады. Бұл жағдай осы сортты республиканың солтүстік облыстарына таратуға тежеу жасайды. Саратовтық 853 қуаңшылыққа өте төзімді келеді. Қуан дала жағдайда әдеттегі жылдарда өнімділігі жөнінен сыналған сорттардың бәрінен асып түседі. Батыс Қазақстан облысы, Зеленов сорт сынаушы участогінде 14 жыл бойы сынағанда бұл сорт орта есеппен гектарынан 16,7 центнерден өнім берді, Талдықорған облысы, Сарқанд ауданында жыл сайын гектарынан 21—33 центнерден. Шығыс Қазақстан облысы, Верхуба ауданында — 46 центнерге дейін өнім алынады.

Жамбыл облысы, «Трудовик» колхозында 1952 жылы 36 гектар жердің әрбір гектарынан 28 центнерден өнім

алынған. Семей облысы, Бородулиха ауданы, Киров атындағы колхозда өткен жылы 56 гектар жердің әрбір гектарынан 21 центнерден өнім алынды.

Бұл сорт, Ақмола, Қарағанды, Көкшетау, Солтүстік Қазақстан облыстарынан басқа республиканың барлық облыстарында аудандастырылған.

Долиналық 86. Бұл сортты Қарағанды ауылшаруашылық тәжрибе станциясы жергілікті үлгіден жекелеп іріктеп алу әдісімен өсіріп шығарған флявумның түр бөлігіне жатады. Шашақ басы селдір, тармақты, ұзын, өте иінді келеді. Дәні ақсары, сопақша-жұмыр, ірілігі орташа (1000 дәнінің салмағы 6—7 грамм). Оңай ұшырылады, орта есеппен сөгі 84 процент болады, дәмділігі орташа, онша бірікпейді.

Өсімдіктің биіктігі орташа — 60—80 сантиметр, жатып қалуға бейім. Құйылуы орташа.

Өсіп-жетілу кезеңі 60—80 күн. Республиканың солтүстік облыстары жағдайында, кей жылдары ғана пісіп жетілу күзгі қырауға дейін созылады.

Долиналық 86 қуаңшылыққа өте төзімді. Сонымен бірге ылғал мен жердің жақсы әзірленуін сезгіш келеді. Тозаңды қаракүйеге аз шалдығады; басқа сорттарға қарағанда тары қонызымен аз зақымдалады.

Бұл сорттың елеулі кемшілігі — сабағының жоғары буынынан жиі сынып түсетіндігі және шашақ басының көбірек иілетіндігі. Көбірек пісіп кетсе бұл кемшілектер астықтың едәуір ысырап болуына әкеп соқтыруы мүмкін.

Бұл сорт мол өнімді келеді. Мәселен, Ақмола, Қарағанды, Көкшетау, Қостанай және Солтүстік Қазақстан облыстарының сорт сынаушы участоктерінің көп жылғы мәліметтері Долиналық 86 басқа сыналған сорттардың ішінде түсімділігі жөнінен бірінші орын алатындығын көрсетіп отыр.

Ақмола облысы, Қалинин ауданының «Свет» колхозында Камловский жолдастың бригадасы 1950 жылы 35 гектар жердің гектарынан 16 центнерден өнім алды. Көкшетау облысы, Келлер ауданының «Красное Знамя» колхозы сол жылы осы сорт егілген 96 гектар жерден гектарынан 22,5 центнерден өнім алды. Қостанай облысы, Семиозер сорт сынаушы участогінде әрбір гектардан 49,2 центнерден, Солтүстік Қазақстан облысындағы Петропавл сорт сынаушы участогінде әрбір гектардан 40,2 центнерден ең жоғары өнім алынды.

Бұл сорт Ақмола, Көкшетау, Солтүстік Қазақстан, Қарағанды және Қостанай облыстарында аудандастырылған.

Веселоподолянское 367. Бұл сортты Веселоподолянск селекция станциясы Полтава облысындағы жергіліктілігіне үлгіден бір рет жекелеп іріктеп алу әдісімен өсіріп шығарған.

Ауреумнің түр бөлігіне жатады. Шашақ басы жыйнақы, аздап иіңкі, келте. Дәні сұрғылт, домалақ, ірі (1000 дәнінің салмағы 7—7,5 грамм), қауызы аз, сөгі 82—85 процент.

Сорт кеш піседі, өсіп-жетілу кезеңі 83 күннен 117 күнге дейін созылады. Қуаңшылыққа төзімділігі орташа, ылғалды жақсы сүйеді.

Өсімдіктің биіктігі 70—95 см, жатып қалмайды, механикамен жыйнауға жарамды.

Кей жылдары қаракүйеге көп шалдығады.

Сорт мол өнімді. Алматы облысының тәлімі тау етегіндегі аймағындағы Қаскелең сорт сынаушы участокте-рінің, Жамбыл облысының орта тау аймағындағы Красногор сорт сынаушы участогінің, Талдықорған облысының тау аймағындағы Гвардиялық сорт сынаушы участогінің, Іленің суармалы сорт сынаушы участогінің мәліметтері бойынша Веселоподолянское 367 сорты Саратовтық 853 сортынан өнімді гектарына 2—3 центнерден және одан да артық береді.

Соңғы бес жылдың ішінде Қаскелең сорт сынаушы участогінде бұл сорттың түсімі орта есеппен гектарынан 20,6 центнерден болды, яғни Саратовтық 253 сортынан 2,5 центнер артық болды. Жамбыл суармалы сорт сынаушы участогінде ең жоғары өнім гектарынан 39,3 центнерден, Қаскелең тәлім участогінде — 27,5 центнерден өнім алынды.

Жамбыл облысы, Қордай ауданының «Трудовик» колхозында 1952 жылы бұл сорттың гектарынан 33,0 центнерден өнім алынды.

Сорт Алматы, Талдықорған және Жамбыл облыстарында аудандастырылған.

Қазандық 506. Бұл сортты Қазан мемлекеттік селекция станциясы Татар АССР-ның жергіліктілігінен жекелеп іріктеп алу әдісімен өсіріп шығарған.

Флявумнің түр бөлігіне жатады. Шашақ басы селдір, тармақты, шашақбасы ақсары, дәні қызылсары, сопақ-

ша, ірілігі орташа (1000 дәнінің салмағы 6,3 грамм). Қауыздылығы орташа, дән түсімі 75—80 процент. Дәнінің дәмдік және коректілік сапасы жақсы.

Өсімдіктің биіктігі орташа есеппен 90 см, жатып қалғыш емес.

Сорт тез піседі, Саратовтық 853 сортынан 15—20 күн бұрын піседі. Сонымен бірге сорт суыққа төзімді келеді. Бұл жағдайдың көктемде шық түсетін Талдықорған облысының тау аймағы үшін зор маңызы бар. Құйылмайды, қуаңшылыққа төзімділігі орташа.

Сорт өнімді келеді. Талдықорған облысы, Гвардиялық сорт сынаушы участогінің мәліметтері бойынша соңғы бес жылдың ішінде орта түсімі гектарына 14,3 центнерден болды, бұл Саратовтың 853 сортынан 2,1 центнер көп.

Сорт Талдықорған облысының таулық аймағында аудандастырылған.

Воронеждік 198. Бұл сортты жергілікті үлгіден жекелеп іріктеу әдісімен Воронеж ауылшаруашылық институты мен Рамен селекция станциясы өсіріп шығарған.

Ауреумнің түр бөлігіне жатады. Шашақ басы жыйнақты, аздап иіңкі, тығыздығы орташа, қысқа болады, масақтары ірі, ашық сары келеді. Дәні ақшыл сары, шар тәрізді, ірі (1000 дәнінің салмағы 7—7,5 г.), орта есеппен алғанда сөгінің түсімділігі 82 процент, сөктің дәмділік сапасы орташа. Орта бойлы өсімдік.

Сорттың пісіп жетілуі орташа, өсіп-жетілу кезеңі 80—85 күн.

Жатып қалғыш емес, құйылғыштығы орташа, механикамен оруға толық жарамды.

Сорттың түсімділігі жоғары. Семей облысының суландырылатын Жарма сорт сынаушы участогінде сынау жылдарының ішінде орта өнімі гектарына 30,0 центнерден, ал ең жоғары болған 1952 жылы — гектарына 40,9 центнерден болды. Суландыру жағдайларында сорт осы облыстың тауетек аймақтарында өзінің жақсы болашағын көрсетті. Суландырылатын Үржар сорт сынаушы участогінде ол 1951 жылы гектарынан 28,0 центнерден, ал 1952 жылы —34,0 центнерден түсім берді.

Семей облысында суландырылған кезінде II аймақта аудандастырылған, бірақ өндірісте онша көп таралмаған.

Омскілік 9. Бұл сортты Сойот сортынан жекелеп іріктеп алу әдісімен астық шаруашылығының Сибирь ғылми-зерттеу институты өсіріп шығарған.

Вителлинумның түр бөлігіне жатады. Шашақ басы аса жазыңқы, өте селдір және сәл ғана иінкі. Масақтары аздап қана күлгін түске боялған. Дәні жылтыр сары, сопақша, ұсақ (1000 дәнінің салмағы 4—5 г.). Қауыздылығы қалың—26 процентке дейін жетеді. Сөгінің қайнағыштығы мен дәмділік сапасы орташа. Өсімдіктің биіктігі жылдың жағдайына байланысты 35—70 см арасында болады.

Сорт ерте піседі (өсіп-жетілу кезеңі 70—75 күн). Жатып қалуға берік, ал құйылғыштығы орташа. Механикамен ору ісін толық қолдануға болады.

Аурулармен зақымдануға қарсылығы өте күшті.

Шығыс Қазақстан облысының, Қатон Қарағай сорт сынаушы участогінің биік таулы жағдайларында, өзінің тез пісуінің арқасында Омскілік 9 анағұрлым түсімді сорт болып табылады. Соңғы 5 жылдың ішінде оның орташа түсімділігі гектарына 9,7 центнер, ал ең жоғары түсімділігі гектарына 23,3 центнер болды.

Бұл сорт Шығыс Қазақстан облысының биік таулы аймақтарында аудандастырылған.

Долиналық 12. Бұл сортты жергілікті популяциядан жекелеп іріктеп алу әдісімен 1952 жылы Қарағанды ауылшаруашылық тәжрибе станциясы өсіріп шығарған.

Бұл Флявумның түр бөлігіне жатады. Шашақ басы тармақты-салбыраңқы. Дәні сарғыш, сопақ, ірілігі орташа (1000 дәнінің салмағы 5,7—7,3 г.), қауыздылығы 16—19 процент.

Сорттың пісіп жетілуі орташа (өсіп-жетілу кезеңі 70—80 күн), Саратовтық 853 тен 3—5 күндей ерте піседі. Сорттың кемшілігі — жатып қалуға бейімділігі және шашақ басының төмен қарай өте салбыраңқы болуы, мұның өзі комбайнмен ору ісін қыйындатады.

Сорт шығымды. Павлодар облысының, Михайловск сорт сынаушы участогінің қуаңшылық жағдайларында сынаудың 12 жылы ішінде орта өнімі гектарына 13,5 центнерден, яғни Саратовтың 853 сортынан 2,4 центнер артық болды. Ылғалдылық анағұрлым колайлы болған жылдары өнімі 20,0 центнерге жетті.

Павлодар облысының 1 аймағында аудандастырылған, бұл жерде ол алдыңғы қатарлы сорт болып, сортты тары егісінің 45 процентіне дейін алады.

Сырдарьялық жергілікті тары. Бұл Қызылорда облысының ертеден келе жатқан сорты, жергілікті жағдайлар-

дың өзгешеліктеріне: ауа ылғалының кемдігіне, ыстық жазына және топырағының сортандығына жақсы бейімделген сорт.

Дәнінің ірілігі орташа (1000 дәнінің салмағы 5—6 г.), сөгінің түсімділігі 71 процент, көбі сары түсті, шашыранды және дәмділік сапасы өте жақсы.



28-сурет. Бесқарағайлық жергілікті тары.

Сорт тез піседі, жатып қалғыш емес, механикамен ору ісін қолдануға жарамды.

Шығымдылығы жоғары. Қызылорда облысы, Жалағаш сорт сынаушы участогінің және колхоздардағы өндірістік сынаудың мәліметтеріне қарағанда, түсімділігі жөнінен ол сыналған сорттардың барлығынан асып түседі. Жалағаш суармалы сорт сынаушы участогінде соңғы бес жылдың ішінде өнімі орта есеппен гектарына 16,5 центнерден болды, мұның өзі Саратовтық 853 тің басқа аудандастырылған сортының шығымдылығынан 1,2 центнер көп. Ең жоғарғы түсімділігі 26—28 центнерден болды.

Сорт Қызылорда мен Оңтүстік Қазақстан облыстары үшін және Жамбыл облысының IV аймағы үшін аудандастырылған.

Бесқарағайлық жергілікті тары. Павлодар облысының жергілікті сорты. Павлодар облысы, Бесқарағай ауданының колхоздарында жаппай іріктеу нәтижесінде өсіріп шығарылған.

Ауруемның түр бөлігіне жатады. Шашақ басы жыйнақы, аздап иіңкі, тығыздығы орташа, қысқа.

Дәні ақшыл сары, едәуір ірі (1000 дәнінің салмағы 5,8—7,6 г.), ұшырылуы жақсы. Құйылғыштығы орташа.

Орта бойлы өсімдік, жатып қалмауға төзімділігі орташа.

Сорт кеш піседі, Саратовтық 853 тен 6—12 күндей кеш піседі. Қуаңшылыққа төзімділігі жетімсіздеу, бірақ жаздың аяқ шамасындағы (июньнің аяғы— июль) жауын-шашынды жақсы пайдаланады.

Павлодар облысының Бескарағай, Май және Лебяжин аудандарында, осы аудандардың жағдайларына жақсы бейімделген және селекциялық сорттардың түсімділігінен кем түспейтін сорт ретінде аудандастырылған.

Бескарағайлық жергілікті сорт Семей облысының тауетек аймақтарының жағдайларында да жақсы нәтиже береді. Осы облыстың Үржар тәлімі сорт сынаушы участогінің мәліметі бойынша, оның шығымдылығы гектарына 25,4 центнерден, яғни Саратовтық 853 сортынан 4 центнер артық болды.

Жымпыйтының жергілікті ақ тарысы. Бұл Батыс Қазақстан облысының ерғеден келе жатқан жергілікті сорты. Бұл сорттың селекциялық-тұқымшаруашылық жұмысын Уралдың мемлекеттік селекция станциясы жүргізеді.

Бұл сорт альбум мен ауреум басымырақ болып келетін түрінің популяциясы болып табылады. Шашақ басының негізгі түрі жыйнақы, кейде төменгі бұтақтары кейін қарай шалқайып айырылып тұрады, аздап иіңкі келеді. Тығыздығы орташа, қысқа, өнімді болады. Масақтары ақшылсары, шар тәрізді. Дәні сұрғылт ақ, шар тәрізді, недәуір ірі. Қауызы жұқа, орта есеппен алғанда 13 процент, дәні оңай бастырылады, сөгінің түсімділігі жоғары —85 процентке дейін жетеді.

Сорт кеш піседі. Жатып қалуға төзімді, құйылғыштығы және қуаңшылыққа төзімділігі орташа.

Батыс Қазақстанның оңтүстік аудандарында аудандастырылған, бұл жерлерде әлдеқашаннан бері қарай егіліп келе жатыр және түсімділігі селекциялық сорттардан кем соқпайды.

Торғайдың жергілікті тарысы. Қостанай облысы, Торғай ауданы колхоздарының жергілікті сорты.

Ауруемның негізгі бір бөлігі. Шашақ басы жыйнақы, аздап иіңкі. Дәні ақсары, шар тәрізді, құйылғыштығы орташа, оңай бастырылады.

Сорт кеш піседі. Қостанай облысының Семиозер сорт сынау участогінде орта есеппен алғанда, Саратовтық 853 сортынан 14 күндей кеш піседі.

Қостанай облысының IV аймағында аудандастырылған. Торғай және Аманкелді аудандарының суармалы жерлерінде егіледі.

Ойылдың жергілікті ақ тарысы. Жергілікті сорт, Ақтөбе облысының популяциясы Оның селекциялық-тұқымшаруашылық жұмысын Уралдың мемлекеттік селекция станциясы жүргізеді.



29-сурет. Ойылдың жергілікті ақ тарысы.

Альбумның негізгі түрі. Шашақ басы тығыз, аламыш сары, аздап иіңкі, ұзындығы 18—20 см. Дәні ақ, сопақша-домалақ, недәуір ірі (1000 дәнінің салмағы 6,5—7 г.), Қауызы жұқа, сөгінің түсімділігі жоғары — 87—90 процент. Құйылғыштығы орташа.

Биік бойлы өсімдік (суарма жерлерде 130 см дейін жетеді), жатып қалмайды, механикамен оруға жарамды.

Сорт кеш піседі. Көктеп шығуынан бастап пісіп жетілгенге дейінгі дәуірі орта есеппен 88 күн. Қуаңшылыққа төзімділігі нашар.

Суармалы жерге еккен кезде өте мол өнім береді. Ақтөбе облысының Ключевой суармалы сорт сынаушы участогі гектарынан 31,5 центнерден өнім алады. Қазақстанның атақты тарышысы, Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, «Құрман» колхозының звено бастығы Шығанақ Берсиев, суармалы участокте гектарынан 125—205 центнерден рекордтық түсім алды. Ойыл ауданының Аманкелді атындағы колхозында бригадир Ернияз Жолбатыров қуаңшылық болған 1951 жылы суармалы участокте гектарынан 80,7 центнерден, ал 1952 жылы — 125 центнерден түсім алды.

Бұл сорт Ақтөбе облысында суармалы жерлерде егу үшін аудандастырылған.

Тарының перспективалы сорттары

Ақсары 311. Бұл сортты ССРО-ның оңтүстік-шығыс астық шаруашылығы институты (Саратов) өсіріп шығарған.

Биік бойлы өсімдік, шашақ басы біраз иіңкі. Дәні ірі (1000 дәнінің салмағы 7—7,5 г.), қауыздылығы орташа, сөгінің түсімділігі 84 процент, сөгінің қайнап пісуі және дәмділік сапасы жақсы. Кеш піседі, өсіп-жетілу кезеңі 85—100 күн.

Қуаңшылыққа төзімділігі орташа, ылғалды жақсы тілейді.

Сорт шығымды. Сынау жылдарының ішінде орта шығымдылығы Шығыс Қазақстан облысы, Больше-Нарым сорт сынаушы участоктерінде гектарына 18,5 центнерден, ал сол облыстың Верхуба участогінде —27,7 центнерден болды. Бұл сорт осы участоктердегі шығымдылығы орта есеппен Саратовтық 853 сортынан 1,1—4,8 центнер артады.

Ал ең жоғары шығымдылығы гектарына 33,4 және 41,3 центнерге дейін жетеді.

Верхуба ауданы, Жданов атындағы колхоздың өндірістік жағдайларында Ақсары 311 тарының шығымдылығы гектарына 23,8 центнер, яғни Саратовтық 853 сортынан 3,5 центнер артық болды.

Семей облысы, Үржар және Жарма аудандарының сорт сынаушы участоктерінде сорттың орта шығымдылығы соңғы 5 жылдың ішінде гектарына 30,7—33,2 центнерден болды.

Бұл сорт Шығыс Қазақстан мен Семей облыстарының тауегетік тәлімі және суармалы жерлерінде өзінің жақсы болашағы барын көрсетті.

Алматылық 743. Бұл сортты жекелеп іріктеп алу жолымен Алматы мемлекеттік селекция станциясы өсіріп шығарды.

Кокцинеумның түр бөлігіне жатады. Шашақ басы тармақты, салбыраңқы, ұзын, ұзындығы 30 см дейін жетеді. Дәні қызыл, недәуір ірі (1000 дәнінің салмағы 7,5 г.).

Сорт кеш піседі; өсіп-жетілу дәуірі 92 күн, Саратовтық 853 сортынан 9 күндей кеш піседі. Биік бойлы, өсімдіктің биіктігі 144 см дейін жетеді. Механикамен оруға жарамды.

Суармалы және ылғал жеткілікті болған жағдайларда

сорт шығымды келеді. Талдықорған облысы, Талдықорған сорт сынаушы участогінде 1952 жылы гектарынан 26,2 центнерден өнім алынды, мұның өзі Саратовтық 853 және Веселоподолянское 367 сортатрынан 11,1 және 11,3 центнер артық.

Алматылық 743 Алматы облысы, Еңбекшіқазақ пен Қаскелең аудандарының колхоздарында сыналады. Колхоздардың жаңа сорт жөнінде берген бағасы жақсы.

КҮРІШ

Күріштің халықшаруашылық маңызы зор. Оның дәні жалпы алғанда күріш сөгін дайындау үшін пайдаланылады. Күріш сөгінде орта есеппен алғанда 75,2 процент углевод, 7,7 процент белок және 0,4 процент май бар. Езіле қайнағыштығы және сіңімділігі жөнінен күріш сөгі басқа тамақ өнімдерінің арасында бірінші орындарды бірін алады және диэталық құрал ретінде кең пайдаланылады. Күрішті тазартқан кезде, күріш сөгінен басқа, күріш ұны алынады, онда 14 процентке дейін белок, 15 процентке дейін май, 2 проценттей фосфорлы органикалық қосындылар (фитин, лицитий) және көп витамин болады. Күріш ұны малдың құнарлы жемі ретінде, сондай-ақ фармацевтика өнеркәсібінде фитин жасап шығаратын кезде қолданылады.

Күріш тазалаушы машиналарда күрішті өңдеген кезде шығатын езілген дәндер күріш крахмалын жасап шығару үшін пайдаланады. Күріш сөгін өңдеп шығарған кезде бөлініп қалатын күріш ұрығынан сабын қайнату өндірісінде қолданылатын күріш майы жасалады.

Күріш сабанынан толып жатқан тоқыма бұйымдар (қалпақтар, жүк орауыштар, корзиналар және т. т.) жасалады және папирос қағаздарының жақсы сорттарын жасап шығару үшін шикізат болып табылады.

Қазақстан күріш егісінің көлемі жағынан Совет Одағында екінші орын алады және күріш егісінің көлемін одан әрі ұлғайту үшін үлкен перспектива бар.

Күріш егісі республикамызда негізінен Қызылорда мен Талдықорған облыстарында егіледі, оның үстіне, Қызылорда облысында күріш негізгі дақыл болып табылады, ол мұнда егістің көлемі жағынан екінші (бидайдан кейін) орын, астықтың жалпы өнімі жағынан бірінші

орын алады. Алматы мен Гурьев облыстарының едәуір жерінде күріш егіледі.

Осы бағалы дақылдан мол және тұрақты өнім алу үшін республикада барлық жағдайлар бар. Қызылорда облысының «Авангард» және «Қызылту» колхозының атақты күрішшілері, Социалистік Еңбек Ерлері, Сталиндік сыйлықтың лауреаттары Ким Ман Сам мен Ыбрай Жақаев күріштен рекордтық өнім алды. 1947 жылы Ыбрай Жақаев гектарынан 158 центнерден, ал Ким Ман Сам 1952 жылы гектарынан 152 центнерден өнім алды.

Атақты күрішшілердің әдістері республиканың көптеген колхоздарының игілігіне айналды. Мәселен, Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Ленин атындағы колхоздың күрішшілері 1951 жылы 12 гектар жерден 95 центнерден күріш алды. Осы облыстың Жалағаш ауданы, Калинин атындағы колхоздың звено бастығы Огай Кенхо 25 гектар жерден 65 центнерден күріш алды. Талдықорған облысы, Қаратал ауданы, Дзержинский атындағы колхозда звено бастығы Цой Гым Дюм 37,5 гектар жерден 60 центнерден күріш алды.

Талдықорған облысының Қаратал сорт сынаушы участогінде күріштен мол өнім алынады. Қаратал 86—79 сорты сынау жүргізілген 15 жылдың ішінде орта есеппен гектарына 60,3 центнерден, ал Дунген-Шалы сорты гектарынан 62 центнерден өнім берді. Сынау жылдарында ең көп алынған өнім гектарына 101,1 центнерден болды.

Күріш егуші озаттардың практикасы, Қаратал сорт сынаушы участогі мен ғылми ұйымдардың тәжрибелері белгілі агротехникалық шаралар қолданылса, республикамызда күріштен мол және тұрақты өнім алуға болатынын көрсетеді. Күріш егісі екі жыл шөп егілетін 6 немесе 7 шөптанапты арнаулы ауыспалы егіске егіледі. Мұндай ауыспалы егістерде күріш үш егістік танапты алады және көпжылдық шөп егіліп тыңайтылған жерге, аударма тыңға, парға немесе отамалы дақылдар егілген жерге егіледі. Үш жыл бойына күріш егісіне күріш себуге рұқсат етілмейді, өйткені күріш үшінші жылы өнімін 50 процентке дейін төмендетіп жібереді.

Көпжылдық шөп егіліп тыңайтылған жерге егілген күріш егісі жақсы өнім береді. Күріш егісіне арналған жер күздігүні терендігі 25—30 см етіліп жыртып тасталады. Көктемде егер алдында өңдеген кезде жер тегістеледі,

арамшөптер жойылады, жеңіл каток жүргізіледі. Тұқым себу топырақтың және суармалы судың температурасы 12—14 градуска жеткен кезде жүргізіледі.

Озаттардың практикасы мен ғылми ұйымдардың тәжрибелері күріш егудің ең жақсы мерзімдері: Қызылорда облысының оңтүстік аудандарында 25 апрельден 5 майға дейін, солтүстік аудандарда майдың 1-нен 20 дейін, ал Талдықорған облысында — майдың 5-нен 15 дейін.

Күріш тұқымының 1,5—2,0 см тереңдікке сіңуі үшін дискісінде тежегіші бар сеялкамен себу ұсынылады. Күріштің тұқымын өте терең отырғызу оның өнімін шұғыл төмендетеді. Бір гектар жерге күріштің сорты мен дәнінің ірілігіне қарай толық дәнді 150—180 килограмм тұқым себіледі.

Тұқым міндетті түрде ылғалды топыраққа себіледі. Көктеп шығып, үшінші жапырақ көрінгеннен кейін судың мөлшері бірден бірге көмітіліп, өсімдіктің түптену кезінде 10—15 сантиметрге дейін жеткізіледі. Күріш піскенге дейін осы мөлшерде болады.

Күріш егісі өніп-өсу кезеңінде кемінде үш рет минерал тыңайтқышпен үстеп қоректендіріледі: көпжылдық шөп ұлтанына егілген күрішке алғашқы кезде гектарына 90 килограмм фосфор және 60 килограмм азот беріледі; аударма тыңға себілген күрішке гектарына 60—90 килограмм фосфор, 90—150 килограмм азот және 30—60 килограмм калий беріледі.

Бірінші рет өсімдік түптеніп келе жатқан кезде, екінші рет бас алған кезде, үшінші рет дән алған кезде үстеп қоректендіріледі.

Күріш егісінің арамшөбі үштүрлі болады; олар: мысықкұйрық, қара өлең, қамыс. Оларға қарсы күрес — топырақты тиісінше өңдеу жолымен егісті егер алдында, өсіп-жетілу кезінде күрішті қолмен отау және судың атыздағы мөлшерін тәртіптеу жолымен жүргізіледі (кейбір мысықкұйрықтар судың көбеюіне төзе алмай құрып кетеді).

Күріштен мол өнім алу үшін неғұрлым бейімделген сорттарды егудің үлкен маңызы бар. Республикада күріштің 5 сорты аудандастырылған, олардың біреуі жергілікті сорт. Төменде аудандастырылған сорттар сыйпатталады.

Күріштің сорттары

Қараталдың 86—79 сорты. Бұл сортты Қараталдың күріш өсіретін тәжрибе егісінде (Талдықорған облысы) В. И. Коваленко мен О. С. Скоробогатовская Бозу сортынан жекелеп іріктеп алу әдісімен өсіріп шығарған.

Зеравшаниктің түр бөлігіне жатады. Масағы қылтықсыз. Шашақ басы аздап иіңкі, ұзындығы орташа. Масағының ірілігі орташа, дәнді берік ұстап тұрады, осының нәтижесінде дәні құйылмайды, бірақ бастырылуы қыйын болады. Гүл қабыршағы түкті, күңгірт екі түсті: сабағының сырты сарғыш, қырлары қонырсары. Дәні қылаң мөлдір. Дәнінің ірілігі орташа (1000 дәнінің салмағы 31—32 г.). Жақсы ақталады. Сөгі 70,5—71,5 процент, пісу және дәмдік сапасы жақсы болады.

Сабағы жақсы жетіледі, едәуір биік — биіктігі 100 см болады. Жатып қалмайды.

Тез пісетін сорт, өніп-жетілу кезеңі жылдың жағдайына байланысты 95—110 күннің шамасында болады. Сорттың ерекшелігі — көктеу кезінде температураның салқындығына төзімді келеді, мұның өзі егісті неғұрлым ерте мерзімде егуге мүмкіндік береді. Өніп-жетілу кезеңінің өн бойында су мөлшерінің ауытқуына төзімді келеді. Жергілікті жағдайға бейімделген: біркелкі көктейді, жақсы түптенеді және бір мезгілде піседі. Сорттың кемшілігі — жамбан бастырылады, мұның өзі ылғал мол болған жылдары өнімнің ысырап болуына әкеліп соғады.

Түсімді сорт. Қаратал сорт сынаушы участогінде (Талдықорған облысы) соңғы 5 жылдың ішіндегі орта өнімі гектарына 58,9 центнерден, Қазалы участогінде (Қызылорда облысы) 56,7 центнерден болды. Талдықорған облысы, Қаратал ауданы Дзержинский атындағы колхоздың өндіріс жағдайларында осы сорт 1951 жылы 5 гектар жерден орта есеппен 40,2 центнерден, ал осы ауданның Молотов атындағы колхозында 34,0 центнерден өнім берді.

Бұл сорт Талдықорған (I аймақта) мен Алматы (III аймақта) облыстарында аудандастырылған. Осы сорт Талдықорған облысында сортты күріш егісі көлемінің 98,8 процентін алады.

Краснодарлық 3352. Бұл сортты Бүкілодақтық күріш егісі, тәжрибе станциясы (Краснодарда) өсіріп шығарған.

Италиктің түр бөлігіне жатады. Масағы қылтықсыз. Гүл қабыршағының сабағы сары. Дәні ақ шашақ басы ұзын 19—20 см. түсімді. Дәні едәуір ұсақ (1000 дәнінің салмағы 25—29 гр). Масағы берік, сондықтан сорт құйылуға берік. Сөгі 72,5 процент, сапасы жақсы, пісу — коэфициенті —4,7.

Пісіп-жетілуі орташа — толық көктеп балауыздануына дейінгі дәуірі — 110—135 күн.

Ауруларға шалдыққыш емес. Көктеу кезінде температураның төмендеуін сезімтал. Топырақтың сорлануын көтере алмайды.

Түсімді сорт. Шиелі сорт сынаушы участогінде 5 жылдың ішіндегі түсімі орта есеппен гектарына 45,4 процентген болды. Атақты күріші Ыбрай Жақаев 1951 жылы 20 гектар жерден орта есеппен гектарынан 136 центнерден өнім алды.

Қызылорда облысының II аймағында ауандастырылған, сортты күріш егісі көлемінің едәуірін алады.

Дүнген-Шалы. Қазақ ССР-ның жергілікті сорты.

Зеравшаниктің түр бөлігіне жатады. Масағы қылтықсыз. Гүл қабыршағы (жапырақшасы) екі түсті: қырық — ақсары, беті — қоңырсары болады. Дәні ақ. Масағы тік тұрады, дәнді келеді. Масақ талшықтары бос бүйлады, сондықтан өте құйылғыш келеді, сорттың кең тарауына мүмкіндік бермей жүрген негізгі кемшілігі осы болып жүр.

Сабағының ұзындығы орташа, өзі берік емес. Жатып қалғыш.

Сорт орташа мерзімдерде, Қараталдық 86—79 сортынан 2—3 күн кеш піседі. Дәнінің ірілігі орташа (1000 дәннің салмағы 31—32 г.). Күріш сөгінің түсімділігі 64 — 65 процент, Қараталдық 86—79 сортынікінен 1 процент төмен. Бөгіп пісу және дәмдік сапалары жақсы (дәмі келеді.

Сорттың ерекшелігі — оның жергілікті жағдайларға өте бейімделгендігінде, күшті суық пен терең суға төзімділігінде.

Сорт мол өнімді. Қаратал сорт сынаушы учаүі бойынша соңғы бес жыл ішінде бұл сорттың өнімі гектарынан орта есеппен центнер болды, Қараталдық 86—79 сортынан гектарына 2,2 центнерден асып түсті.

Сорт Алматы облысының III аймағында және Талды-қорған облысында аудандастырылған, мұнда ол аудандық тұқым шаруашылықтарында егілмейді.

Узрос 269. Сорт Өзбек күріш тәжрибе станциясында өсіріп шығарылған.

Италиктің түр өөлігіне жатады. Масағы қылтықсыз. Гүл қабыршағы ақсары. Дәні ақ.

Сабағы мықты, жақсы жетілген, жатып қалғыш емес, биік, механизммен жыйнауға ыңғайлы.

Масағы жыйнақы. Масағы түкті. Дәні едәуір ірі (1000 дәнінің салмағы 33—35 г.). Таза күріші 72,5 процент, сапасы жақсы болады.



30-сурет. Узрос 269.

Сорт орташа мерзімдерде піседі, өсіп-жетілу кезеңінің ұзақтығы 115—120 күн. Ол топырақтың сор тартуын оңай көтере береді, ал мұның өзі сорт аудандастырылған Қызылорда облысы жағдайында қолайлы болады.

Сорттың кемшілігіне дәнінің құйылып қалуға бейімділігі, эндоспермінің үгілгіштігі жатады, осының салдарынан, қауызынан аршығанда және ақтағанда дәні көп жарылып сынып кеткіш келеді.

Сорт мол өнімді. Аудандастырылған аймағында ол сыналған барлық басқа сорттардан артып түсті. Қызылорда облысының Шиелі сорт сынаушы участогінде бұл сорттың 5 жыл ішінде өнімі гектарынан орта есеппен 49,5 центнерден, яғни Краснодарлық 3552 сортынан гектарына 5,3 центнер артық болды.

Сорт Қызылорда облысының аймағында аудандастырылған,

мұнда 1952 жылы оның егіс көлемі күріштің сортты егісінің 12,7 процентін алды.

Первомайский 152. Сорты Қызылорда облысының Сырдария ауданындағы «1-май» колхозында Қазақшалы сортынан іріктеп алу арқылы агроном Лян жолдас өсіріп шығарған.

Янтоцеростың түр бөлігіне жатады. Масағы қылтықты. Гүл қабыршағы ақсары, қылтығы қарақүлгін.

Дәнінің ірілігі орташа (1000 дәнінің салмағы 31—32 г.). Күріш сөгінің түсімі 67,5 процент, яғни Краснодарлық 3352 сортынан 5 процент кем береді, дәмдік сапасы жақсы.

Сабағы мықты емес, бос, жатып қалуға бейім келеді.

Сорт орта мерзімдерде, Краснодарлық 3352 сортынан 3—10 күн кешірек піседі.

Ол суыққа төзгіш сорттардың қатарына жатады. Топырақтың сор тартуына жақсы төзімді. Сортаң жерлерді игеруге қолдану үшін ең жақсы сорттардың бірі болып табылады. Сорт өнімді келеді. Атақты күрішшілер Ыбырай Жақаев пен Ким Ман Сам оны Қазақшалы сорты егісінен ең жоғары өнім алған, ал Первомайский 152 сорты да осыдан шығарылған.

Өнімділігі жағынан сынағанда бұл сорт тек аудандастырылған Краснодарлық 3552 сортынан ғана гектарына 4—6 центнер кем өнім береді.

Дубовский 129 — Қызылорда облысы үшін мол өнімді, тез пісетін, перспективалы сорт болып табылады.

ҚАРАҚҰМЫҚ

Қарақұмық жармалы дақылдардың қатарына жатады. Қарақұмықтың жармасында белок, углевод және минерал тұздар, әсіресе темір мен фосфор көп болады. Қарақұмық жармасы өте сіңімді, дәмді келеді.

Қарақұмықтың сабаны өзінің малазықтық қасиеті жағынан жаздық астық дақылдарының сабанына жақындайды, бірақ оны малға басқа азықтармен қосып беру керек. Оның тек өзін ғана бергенде мал қарақұмның ауруы деген мен (қышу, жүн түсу) ауырып қалады.

Қарақұмның сабаны мен қабығының күлінде калий көп келеді (32—70 процентке дейін), сондықтан оны сақар қайнатуға пайдалануға болады. Ол калийлі тыңайтқыш есебінде де өте пайдалы.

Қарақұмықта шырын көп болады.

Қарақұмықтың өсіп-жетілу кезеңі — 70—85 күнге тең. Ол топырақ таңдағыш емес және басқа өсімдіктерге қыйынға түсетін қоректік заттарды да пайдалана береді. Қопсып және едәуір құрғақ топырақта жақсы піседі, ал қатты, әсіресе извести топырақта онша жақсы өсе алмайды. Құнарлы және тың жерлерде оның өсімдігі қаулап өседі де, дән өнімі аз болады. Өсімдігі қаулап тез өсетіндіктен, қарақұмық арамшөптің шығуына жол бермейді, сондықтан оны отаудың қажеті жоқ және ауыспалы егісте арамшөп ең көп басқан танаптарға егуге болады.

Өсіп-жетілу кезеңі қысқа болатындықтан, оны оңтүстік облыстардағы суармалы аңызға және тәлімі жерлерге егуге болады.

Қарақұмық суықты өте сезгіш, сондықтан ол көктеп шыққанда көктемгі қырауға ұрынбайтындай мерзімдерде егіледі. Егудің ең қолайлы мерзімі солтүстік-шығыс облыстарында — май айының аяғы мен июньнің басы, ал оңтүстік облыстарда майдың екінші онкүндігі болады.

Қарақұмық алмасып (өзара) тозандануышы өсімдік. Оның өнімі гүлдену кезінде табиғи тозандаткыштардың — бір гүлден екінші гүлге тозаң тасыйтын ара мен түкті аранның көп-аздығына едәуір байланысты болады. Оның гүлдену кезінде жұмсақ арқанмен өсімдіктің басын шалып тарту арқылы қолдан тозандатудың да маңызы зор. Мысалы, Сарқанд сорт сынаушы участогі 1951 жылы қолдан тозандату әдісін қолданып, Богатырь сортынан гектарына 20,3 центнерден, яғни қосымша тозандату қолданылмаған егіспен салыстырғанда 20 процент артық өнім алды.

Қазақстанда қарақұмық жаңа дерлік және көп тарамаған дақыл. Ол негізінде Шығыс Қазақстан облысының аудандарында өсіріледі және көбінесе баларасы үшін пайдаланылады.

Сорт сынаушы участоктерде жүргізілген тәжрибе Қазақстанның ылғалы жеткіліктi аудандарында қарақұмықтың мол өнім беретінін және оны дән үшін өсіруге болатынын көрсетті.

Республикамызда қарақұмықтың селекциялық екі сорты — Богатырь және Большевик сорттары аудандастырылған.

Богатырь. Сорт Шатилов селекция станциясында іріктеп алу әдісімен өсіріліп шығарылған.

Вульгаре түр тармағына жатады. Алятаның бір түрі (дәні қалқанды).



31-сурет. Богатырь сорты.

Сорт биік болып өседі. Дәні едәуір ірі (1000 дәнінің салмағы 22—24 г.). Қауыздылығы 20—22 процент. Жармасының дәмдік сапасы өте жақсы.

Сорт біркелкі ерте піседі, өсіп-жетілу кезеңі 74—85 күн арасында болады. Көктемде тез, қаулап өсіп, арамшөпті басып тастайды. Гүлі көп және ұзақ уақыт — 30 және одан да артық күн гүлдейді.

Сортты механизммен жыйнауға болады.

Бұл — ең мол өнімді сорттардың бірі. Таран сорт сынаушы участогінде (Қостанай облысы) оның 5 жыл ішіндегі орта өсімі гектарына 8,8 центнер, ал 1945 жылы 13,9 центнер болды. Осы облыстың Ұзынкөл сорт сынаушы участогінде 5 жыл бойы сынағанда гектарынан 78 центнерден, ал 1946 жылы 16,0 центнерден өнім алынды. Павлодар облысының Павлодар және Куйбышев сорт сынаушы участокторінің қуаңшылық жағдайларында оның 5 жыл ішінде орташа өнімі гектарына 4,8 және 4,5 центнерден болды.

Гвардиялық сорт сынаушы таулы участогінде (Талдықорған облысы) оның 4 жыл сынағандағы орташа өнімі гектарына 16 центнерден болды. Талдықорған сорт сынаушы суармалы участогінде екі жыл сынағандағы

орташа өнімі гектарына 21,0 центнерден, ал 1951 жылы 23,0 центнерден болды.

Сорт Қостанай (I,II және III аймақтар) және Павлодар облыстарында аудандастырылған, ал Алматы, Талдықорған облыстарының таулы аймақтары үшін перспективалы сорт болып табылады.

Большевик. Сорт Курск облысының Богородиц тәжрибе танабында қарақұмықтың жергілікті бір тармағынан өсіріліп шығарылған.

Вульгаре түр тармағына жатады. Алятаның бір түрі. Дәні ірі (1000 дәнінің салмағы 23—25 г.). Дәнінің қауыздылығы 21—23 процент.

Сорт кеш пісетіндердің қатарына жатады, Богатырь сортынан 4—5 күн кейінірек піседі. Сабағы ұзын, механизммен жыйнауға ыңғайлы келеді.

Мол өнімді сорттардың қатарына жатады, жылыны көбірек керек етеді, ылғалды жақсы көреді. Верхуба сорт сынаушы участогінде (Шығыс Қазақстан облысы) оның 5 жыл ішіндегі орташа өнімі гектарынан 9 центнер, ал ең жоғары өнімі 18,6 центнер болды. Осы облыстың Зырян сорт сынаушы участогінде бұл сорттың ең жоғары өнімі гектарына 19,2 центнер болды. Үржар сорт сынаушы участогінде (Семей облысы) 3 жыл ішінде гектарынан орта есеппен 12,3 центнерден, ал 1949 жылы 20,2 центнерден өнім алынды. Талдықорған сорт сынаушы суармалы участогінде (Талдықорған облысы) екі жыл сынағандағы оның орта өнімі гектарына 22,9 центнер болды.

Сорт Шығыс Қазақстан облысында (II,III және IV аймақтар) аудандастырылған және Талдықорған облысының III суармалы аймағы үшін перспективалы сорт болып табылады.

ДӘНДІ-БҰРШАҚТЫ ДАҚЫЛДАР

Еліміздің халқын тамақ өнімдерімен қамтамасыз ету ісі дәнді-бұршақты дақылдар: жасымық, бұршақ, лобия, соя өндіруді ұлғайтуды талап етеді.

СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумының қаулысы ауылшаруашылық органдарын дәнді-бұршақты дақылдарды (бұршақты, лобияны т. б.) өндіру ісіне ерекше назар аударуға міндеттеді, өйткені бұл дақыл-

дардың халықты азық-түлікпен жабдықтауды жақсарту үшін зор маңызы бар. Солай бола тұрса да Қазақстанда дәнді-бұршақты дақылдар өте аз тараған. Олардың егіс көлемі дәнді дақылдардың жалпы көлемінің бір процентінің жүзден біразын ғана алады. Дәнді бұршақты дақылдарға тиісті назар аударылмай жүр.

Дәнді-бұршақты дақылдарды өсірудің агротехникасы нашар. Олардың тұқымы көктемде жыртылған жерге, көбінесе себу нормасы бұзылып, кеш егіледі. Қазақ ССР-нің селекция-тәжрибе мекемелері дәнді-бұршақты дақылдардың аудандастырылған сорттарынан артып түсетін бірде-бір сортты әлі күнге дейін шығарған жоқ.

Мемлекеттік сорт сынаушы участоктер жүргізген көп тәжрибе және бірқатар колхоздардың практикасы дәнді-бұршақты дақылдардан, әсіресе бұршақтан, тиісті агротехника қолданылған кезде республиканың солтүстік-шығыс облыстарында мол өнім алуға болатынын көрсетеді.

Солтүстік-шығыс облыстардың сорт сынаушы участоктері метеорологиялық жағдайы жағынан әдеттегідей жылдарда бұршақтың гектарынан 20—30 центнер, ал қолайлы жылдарда бұдан да көп өнім алады. Айыртау сорт сынаушы участогі (Көкшетау облысы) 1946 жылы бұршақтың «Урожайный» сортының гектарынан 28,5 центнерден, ал 1950 жылы 30,9 центнерден өнім алды. Қатонқарағай сорт сынаушы участогі (Шығыс Қазақстан облысы) 1950 жылы бұршақтың «Урожайный» сортының гектарынан 27,9 центнерден, ал 1949 жылы 38,3 центнерден өнім алды. Қарабалық, Ұзынкөл және Урицкий сорт сынаушы участоктерінде бұршақтың өнімі кейбір жылдары гектарына 44,2—45,7 центнерге дейін жетіп жүрді.

Семей облысы, Үржар ауданының «Свободный путь» колхозында 1952 жылы бұршақтың гектарынан 22,2 центнерден өнім алынды. Талдықорған облысы, 28 гвардияшылар атындағы ауданның «Путь к коммунизму» колхозы 1951 жылы гектарынан 18,0 центнер бұршақ алды.

Республиканың солтүстік-шығыс облыстарында бұршақ өзінің өнімділігі жағынан бидайдан асып түседі. Петропавл (Солтүстік Қазақстан облысы), Ұзынкөл және Урицкий (Қостанай облысы), Айыртау (Көкшетау облысы) сорт сынаушы участоктерінде бұршақтың

аудандастырылған сорттары жаздық бидайдың аудандастырылған сорттарынан гектарына 1,5—3,0 центнер артық өнім беріп жүр.

Қатонқарағай, Верхуба, Зайсан (Шығыс Қазақстан облысы), Гвардиялық (Талдықорған облысы) сорт сынаушы участоктерінде бұршақ жаздық бидайдан гектарына 5,8—6,9 центнер артық өнім берді.

Солтүстік-шығыс облыстардың барлық сорт сынаушы участоктерінде бұршақты сынау жылдарында ол өзінің аурулар мен зиянды жәндіктердің, атап айтқанда бұршақ көбелегінің (брухустың) зиянына өте төзімді екенін көрсетті. Ал оңтүстік облыстарда бұршаққа брухус көп нұқсан келтіреді, сондықтан бұл оңтүстік облыстарда бұршақ өсіруге үлкен кедергі болып келеді. Солтүстік-шығыс, батыс облыстарда басқа дәнді-бұршақты дақылдар —нұт, чина, маш мол өнім береді брухуспен зақымданбайды.

Георгиевка сорт сынаушы участогінде (Оңтүстік Қазақстан облысы) 5 жыл ішінде (1947—1951 жылдар) нұт орта есеппен гектарына 18,6 центнерден өнім берді. Іле сорт сынаушы участогінде (Алматы облысы) чинаның Степная 12 сорты 4 жыл сынағанда орта есеппен гектарына 20,2 центнерден өнім берді. Чинадан Ақтөбе облысының сорт. сынаушы участоктері де тұрақты өнім алып жүр.

Дәнді-бұршақты дақылдар азық-түліктік дақылдар есебінде өте құнды болады. Олардың дәнінде 29 процент белок бар. Тамақтық, малазықтық құндылығынан басқа, олардың агротехникалық мәні де бар, өйткені олар топырақты азотпен байытады. Сондықтан дәнді-бұршақты дақылдар масақты дәнді астықпен техникалық дақылдарға жақсы алғы дақыл болып табылады. Дәнді-бұршақты дақылдардан ең мол өнімді оларды күзден дайындалған жерге еккенде, қар тоқтатқанда, себу нормасын сақтап, деркезінде еккенде алуға болады.

Дәнді-бұршақты дақылдарды, әсіресе бұршақты ерте егілетін дәнді дақылдармен бір мезгілде, ерте себу керек. Дәнді-бұршақты дақылдардың тұқымын себетін күні нитрагинмен дәрілеу жақсы нәтиже береді. Семей облысының Ново-Покров, Шар, Үржар сорт сынаушы участоктерінде 1952 жылы жүргізілген тәжрибе бұршақтың тұқымын нитрагинмен дәрілеп сепкенде оның өнімінің 20—25 процентке дейін артатынын көрсетті.

Дәнді-бұршақты дақылдардың егісін жыйнауды кешеуілдетуге болмайды. Өнім жыйнау жұмысын өсімдіктегі бұршақтың үштен екісі пісіп жетілген кезде жүргізген жөн. Аса пісіп кеткенде собықтары жарылып, дәні едәуір ысырап болады.

Дәнді-бұршақты дақылдарды, әсіресе бұршақты жыйнау жұмысы қыйын процесс, өйткені бұршақтың барлық аудандастырылған сорттарының жатып қалғыш келетіндігінен механизммен жыйнауға болмайды.

Сондықтан селекционерлердің алдында механизммен жыйнауға жарамды жаңа сорттар шығару жөнінде кезек күтпейтін міндеттер тұр; ал механизаторлар механизмдерді дәнді-бұршақты дақылдардың жатып қалғыш сорттарын жыйнау үшін бейімдеулері керек; ғылми мекемелер дәнді бұршақты дақылдардың жатып қалуын кеміту үшін оларға қосып егетін дақылдарды қолайлап беруге тиіс.

Профессор Д. А. Зыковтың зоотехникалық-малдәрігерлік институтының оқулық шаруашылығында жүргізген тәжрибесі бұршақты сұлымен араластырып еккенде оны машинамен жыйнауға толық мүмкін екенін көрсетті. Бұл әдіс кең өндіріс жағдайында тексеруге тұрарлық нәрсе.

Дәнді-бұршақты дақылдардың аудандастырылған және өндіріс жағдайында өсіруге ұсынылатын ең жақсы сорттары төменде келтіріліп отыр.

Бұршақ сорттары

Урожайный. Сорт Сибирь астық шаруашылығының ғылми-зерттеу институтында шаруашылыққа пайдаланылатын тұқым материалынан өсіріліп шығарылған. Вульгатумның түр бөлігіне жатады.

Урожайный сорты, басқа сорттарға қарағанда, артық ылғалға да, қуаңшылыққа да өте бейімделгіш келеді. Сорттың екінші бір ерекшелігі — жатып қалуға қарсы едәуір төзімді келеді және бұршақтарының көбі сабағының жоғарғы жағында болады, мұның арқасында егісті орғанда бұршақ ысырапқа аз ұшырайды. Дәннің ірілігі орташа (1000 дәннің салмағы орта есеппен 210 г.). Сорттың кемшілігі — оны қайнатып пісірудің қыйынға соғатыны және дәмдік сапасының орташа болуы. Дәніндегі белоктың мөлшері 24—25 процент.

Сорт біршама кеш піседі, өскеннен бастап, піскенге дейінгі ұзақтығы орта есеппен 80—90 күн. Ол қаулап бір мезгілде піседі және жыйнау кезіне онда піскен дәннің проценті көп болады.

Аудандастырылған аймақтарында Урожайный сорты, бұршақтың басқа да сорттары сыяқты, аурулар мен ауыл шаруашылығының зиянды жәндіктерінің нұқсанына мүлде дерлік шалдықпайды.

Сорт мол және тұрақты өнім береді. Шортанды сорт сынаушы участогінде (Ақмола облысы) 10 жыл ішінде оның орташа өнімі гектарына 19,2 центнерден болды. Петропавл сорт сынаушы участогінде (Солтүстік Қазақстан облысы) бұл сорт 18 жыл сынағанда орта есеппен гектарынан 21,4 центнерден, ал өте қолайлы жылдары 39,2—42,0 центнерге дейін өнім беріп жүрді. Тіпті өте қуаң болған 1951—1952 жылдардың өзінде гектарынан 12,8—14,8 центнерден қанағаттанарлықтай өнім түсті. Айыртау сорт сынаушы участогінде (Көкшетау облысы) 1946 жылы гектарынан 28,5 центнерден ал 1950 жылы 30,9 центнерден өнім алынды. Қатонқарағай және Верхуба сорт сынаушы участоктерінде (Шығыс Қазақстан облысы) гектарынан 28,0-33,0 центнерден өнім алынып жүр. Гектарынан 28—34, тіпті 45,7 центнер өнімді Қостанай облысының сорт сынаушы тәлімі участогінде бұл сорттың соңғы 5 жыл ішіндегі орташа өнімі гектарына 22,6 центнер, ал 1952 жылы 31,2 центнер болды.

Семей облысының Үржар ауданындағы «Свободный путь» колхозы Урожайный сортын өндірістік жағдайда сынап, 1952 жылы гектарынан 22,4 центнерден өнім алды.

Урожайный сорты ерте егілетін жаздық дақылдармен бір мезгілде егілсе мол өнім береді. Ол көктеп шыққан кезде 5—7 градустық қысқа уақытқа созылатын суықтарды көтере береді. Бұл сортты ерте мерзімдерде егу егістің қаулап шығуын, топырақтағы ылғалдың толығырақ пайдаланылуын, өсімдіктің дұрыс өсіп-жетілуін, ал орманды-далалы және таулы аудандарда күзгі қара суықтан бұрын пісіп-жетілуін қамтамасыз етеді. Тұқым себудің шамамен алғандағы нормасы гектарына 160—180 кг. деп есептеледі.

Сорт Ақмола, Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Көкшетау, Қостанай, Павлодар және Солтүстік Қазақстан об-

лыстарында аудандастырылған. Ақтөбе және Семей облыстары үшін перспективалы сорт болып табылады.

Капитал. Бұл сортты өсіру және жақсарту жұмысы тұңғыш рет Шатилов және Қазан селекция станцияларында басталды.



32-сурет. Капитал.

Вулгатумның түр бөлігіне жатады. Сабағының ұзындығы орташа 65—75 см. Бұршағы ұсақ, біркелкі, онша жарылғыш емес. Дәні ақсары, домалақ, тегіс, ұсақ (1000 дәнінің салмағы 140—170 г.) келеді. Жақсы қайнап жібіп піседі, дәмдік сапасы жоғары. Тұқымында 26—28 процент белок болады. Жыйнау кезіне пісіп-жетілген дәнінің проценті көп болады.

Сорт орташа мерзімдерде піседі. Еккеннен бастап, піскенге дейінгі кезеңінің ұзақтығы 61—90 күн. Бұл сорт қуаңшылыққа өте төзімді және ылғалдандырғанда жақсы нәтиже береді.

Аудандастырылған аймақтарында аурулар мен ауылшаруашылық зиянды жәндіктеріне шамалы шалдығады немесе мүлде шалдықпайды.

Сорт өнімді келеді. Новороссийск және Ключевой сорт сынаушы тәлімі участоктерінің қатаң, қуаңшылық жағдайында (Ақтөбе облысы) соңғы 5 жыл ішіндегі оның өнімі гектарына 8,2—10,3 центнер, ал ең жоғары өнімі — 24,3 центнер болды. Ал Ключевойдың суармалы участогінде гектарынан 36,3 центнерден өнім алынып жүр. Преснов және Петропавл сорт сынуашы участоктерінде (Солтүстік Қазақстан облысы) бұл сорт 15 жыл бойы гектарынан 14,8—18,3 центнерден, ал кейбір жылдары 23,0 центнерден 34,0 центнерге дейін өнім беріп келеді. Үржар сорт сынаушы тәлімі участогінде (Семей облысы) 1952 жылы гектарынан 27,5 өнім берді, ал 5 жыл ішіндегі оның орташа өнімі гектарына 20,4 центнер болды.

Сорт Ақтөбе, Қарағанды, Көкшетау, Солтүстік Қазақстан және Семей облыстарында аудандастырлған. Тұқым себу нормасы шамамен алғанда гектарына 120—140 килограмнан келеді.

Комсомолец 11. Сорт Қоменностепная мемлекеттік селекция станциясында Бүкілодақтық өсімдік шаруашылығы институтынан алынған № 1502 үлгіден өсіріліп шығарылған.

Глаукоспермумның түр бөлігіне жатады. Тұқымы көлілдір-жасыл, орташа ірі (1000 дәннің салмағы 250—280 г.) келеді. Қайнатқанда езіліп пісуі орташа, дәмдік сапасы жақсы. Белогінің мөлшері 26—27 процент болады.

Сорт қуаңшылыққа төзімді. Тұқым сепкеннен бастап, толық піскенге дейінгі кезеңнің ұзақтығы 94—115 күн. Ақұнтақ ауруына шамалы шалдығады. Сынау жылдарында басқа аурулар мен зиянды жәндіктердің нұқсаны тимеді.

Аудандастырылған аймақтарында мол өнім береді. Таврия сорт сынаушы участогінің (Шығыс Қазақстан облысы) қуаң дала жағдайында оның 9 жыл ішіндегі орташа өнімі гектарына 15,9 центнерден, ал ең жоғары өнімі 24,8 центнерден келеді. Гвардиялық сорт сынаушы участогінде (Талдықорған облысы) 4 жыл сынағандағы орташа өнімі гектарына 25,7 центнер, ал 1952 жылы 29,8 центнер болды.

Тұқым себу нормасы шамамен алғанда гектарына 120—140 кг. болады.

Сорт Шығыс Қазақстан облысында және Талдықорған облысының таулы аймағында аудандастырылған.

Виктория Штрубе. Бұл сортты өсіру жұмысын Украин ССР-нің селекция станциялары мен Петровск селекция станциясы жүргізеді. Тұқымы ақшыл, қызғылт сары, сопақша, ірі (1000 дәннің салмағы 340—360 г.) келеді. Қайнап пісуі мен дәмділік сапасы жақсы. Белогінің мөлшері 25—26 процент. Урожайный сортынан 2—3 күн ертерек піседі.

Аудандастырылған аймақтарында аурулар мен зиянды жәндіктерге берік. Виктория Штрубе сорты өнімділігі жағынан Урожайный сортынан гектарына 0,7—2,4 центнер кем келеді, бірақ дәні бойынша одан асып түседі.

Ақмола және Қостанай облыстарында Урожайный сортымен бірдей аудандастырылған. Шамамен алғандағы тұқым себу нормасы гектарына 180—200 кг.

Фольгер Гейне. Бұл сорт жөніндегі селекциялық жұмысты Украин ССР-нің селекция станциялары жүргізеді. Глаукоспермумның түр бөлігіне жатады. Тұқымы көгілдір-жасыл, домалақ, тегіс, орташа ірі (1000 дәнінің салмағы 180—190 г.) келеді. Бұршағының жарылып кеткіштігі шамалы. Бұршақтың қайнатқанда пісуі мен дәмділік сапасы орташа болады.

Екеннен бастап, толық піскенге дейінгі кезеңінің ұзақтығы 90—95 күн. Аудандастырылған аймақтарында аурулар мен зиянды жәндіктердің нұқсанына өте төзімді екені байқалады. Сорт қуаңшылыққа онша төзімді емес. Одан ең мол өнім ылғалды жылдары және суарғанда түседі.

Жарма сорт сынаушы участогінде Фольгер Гейне сортының өнімі гектарына 27,8—34,0 центнерге дейін жетеді.

Семей облысының қырлық аудандарында өсіру үшін Капитал сортымен бірдей аудандастырылған. Шамамен алғандағы тұқым себу нормасы гектарына 120—140 кг болады.

Торсдаг. Бұл сорттың тұқымын өсіріп шығару жөніндегі жұмысты Совет Одағының қаратопырақты емес аймағының мемлекеттік сорт сынаушы участоктері жүргізеді.

Вульгатумның түр бөлігіне жатады. Қуаңшылыққа төзімділігі орташа, ылғалдандырғанда тәуір нәтиже береді. Тұқымы сары, домалақ, тегіс, орташа ірі (1 000 дәннің салмағы 180—200 г.) келеді. Қайнап пісуі және дәмділік сапасы жағынан жақсы болады. Сорттың құндылығы оның тез пісіп жетілетіндігінде. Ол Урожайный сортынан 3—5 күн ертерек піседі. Ленин сорт сынаушы участогының (Көкшетау облысы) мәліметі бойынша, Торсдаг сорты соңғы 5 жыл ішінде Урожайный сортымен бірдей гектарына 13,7 центнерден өнім берді.

1952 жылы сорт Көкшетау облысында аудандастырылған. Ол Семей облысы үшін де перспективалы сорт.

Жасымықтың сорттары

Нарядная 3. Сорт Белая Церковь селекция станциясында жергілікті тұқымнан өсіріліп шығарылған.

Атровиренстің түр бөлігіне жатады.

Тұқымы сарғыш-жасыл, қара (күлгінқара) дағы бар және айқын теңбілді болады. Дәмділік сапасы жақсы, қайнап піскіш келеді. Белогінің мөлшері 27—29 процент. Дәні ірі (1000 дәнінің салмағы 58—60 г.). Әдеттегі жылдарда 35—56 см болады. Онша жатып қалғыш емес.

Бұл сорт, жасымықтың басқа сорттары сияқты, өндіріске тарамаған. Сорт орта мерзімдерде піседі. Екіненнен бастап, толық піскенге дейінгі кезеңінің ұзақтығы 83 күннен 92 күнге дейін болады.

Аудандастырылған аймақтарында оны ерте мерзімде, себу нормасын көбейтіңкіреп (гектарына 150 килограмға дейін) еккен жөн. Аурулар мен зиянды жәндіктердің нұқсанына шамалы шалдығады.

Сорт сынаушы учаскелердің (Көкшетау және Солтүстік Қазақстан облыстары) мәліметіне қарағанда, бұл өнімді келеді. Щучье және Айыртау сорт сынаушы учаскелері (Көкшетау облысы) соңғы 5 жыл ішінде бұдан орта есеппен гектарына 10,1 және 13,0 центнер, ал жауын-шашынды 1950 жылы 21,0—24,0 центнер өнім алған. Көкшетау мен Солтүстік Қазақстан облыстарында аудандастырылған.

Степная 244. Сорт Бүкілодақтық өсімдік шаруашылығы институтының Степное бөлімшесінде Киев облысының жергілікті сортынан өсіріліп шығарылған.

Вулгаристің түр бөлігі. Сорт ұсақ тұқымды жасымықтың қатарына жатады, тұқымы біркелкі сарғыш-жасыл немесе мрамор түстес болады. Дәні ұсақ (1000 дәнінің салмағы 25—28 г.). Қайнап пісуі мен дәмділік сапасы жақсы болады.

Нарядная 3 сортынан 6 күн бұрын піседі. Сорт қуаңшылыққа төзімді, жатып қалғыш емес, дәнінің құйылып қалғыштығы шамалы. Өсімдігінің биіктігі 26—38 см. Жай машиналармен оруға ыңғайлы. Сорт аурулар мен зиянды жәндіктердің нұқсанына төзімді келеді.

Сорттың өнімділігі орташа: Павлодар облысында — гектарына 5,6—7,9 центнер, ал Көкшетау мен Солтүстік Қазақстан облыстарында өнімділігі жағынан аудандастырылған басқа сортпен — Нарядная 3 сортымен бірдей немесе одан сәл кем түседі. Шамамен алғандағы тұқым себу нормасы гектарына 60—75 кг.

Көкшетау, Солтүстік Қазақстан және Павлодар облыстарында аудандастырылған.

Азербайжандық 583. Сорт Бүкілодақтық өсімдік шаруашылығы институтының Орта Азия тәжрибе станциясында азербайжандық үлгіден өсіріліп шығарылған.



33-сурет. Нұт, Азербайжандық.

Түрцико-карнеумнің түр бөлігіне жатады. Бұтасы тік, өсімдігі аласа (25—30 см) келеді. Тұқымы ірі (1000 тұқымының салмағы 330—350 г.) болады Қайнап пісуі мен дәмділік сапасы орташа. Тұқымында 24 процентгей белок болады. Қуаңшылық пен аңызаққа төзімді.

Өсіп жетілу кезеңі 90 күннен 110 күнге дейін болады.

Сорттың кемшіліктері — қысқа сабақтылығы, өнімі мен шығымдылығын кемітіп жіберетін аскохитов бен фузариумға өте күшті шалдығқыштығы.

Жамбыл мен Оңтүстік Қазақстан облыстарының сорт сынаушы участоктерінде бұл сорт нұттың сыналып жатқан басқа сорттарының арасында өзін ең мол өнімді сорт етіп көрсетті. Георгиевка сорт сынаушы участогі (Оңтүстік Қазақстан облысы) гектарынан 13,0—17,0 центнерден өнім алады. Красногорск мен Жуалы сорт сынаушы участоктері (Жамбыл облысы) гектарынан 12,5—14,9 центнерге дейін өнім алып жүр.

Сорт Жамбыл мен Оңтүстік Қазақстан облыстарында тәлімі жерлерде өсіруі үшін аудандастырылған.

Краснокуттік 195. Сорт Краснокутск селекция станциясында жергілікті тұқымнан өсіріліп шығарылған.

Транскауказико — кәрнеумнің түр бөлігіне жатады, тұқымы қызғылт сары аралық формалы келеді. Бұтасы

тік, жатып қалғыш емес. Өсімдігі аласа, оның биіктігі жыл жағдайларына қарай 22 сантиметрден 40 сантиметрге дейін болады. Тұқымының ірілігі орташа және ортадан жоғары (1000 тұқымның салмағы 230—280 г, кейде 300 грамға дейін болады): ондағы белоктың мөлшері орта есеппен 24,8 процент болады. Сорт орташа мерзімдерде піседі, еккеннен бастап, толық піскенге дейінгі кезеңнің ұзақтығы 73—85 күн. Қуаңшылыққа төзімді, жатып қалуға төзімділігі орташа келеді. Аурулар мен зиянды жәндіктердің нұқсанына төзімді. Сорт орташа өнімді. Сорт сынаушы участоктерде (Батыс Қазақстан облысы ең жақсы жылдарда оның өнімі гектарына 15,0 центнерге дейін жетіп жүрді. Семей облысында гектарына ең көп өнім — 13,9 центнерден алынғанда да, ол аудандастырылған сорттарынан едәуір кем түседі.

Батыс Қазақстан мен Семей облыстарында аудандастырылған.

Чинаның сорттары

Қинелдік 7. Сортты Қинель мемлекеттік селекция станциясы өсіріп шығарған. Альбустың түр бөлігіне жатады. Тұқымы сарғыш ақ, үшкір формалы, орташа ірі (1000 тұқымның салмағы 180—200 г.). Сабағының ұзындығы 40—50 сантиметр, жатып қалғыш емес.

Сорт орташа мерзімдерде піседі. Еккеннен бастап, толық піскенге дейінгі кезеңінің ұзақтығы 90—100 күн, қуаңшылыққа төзімді келеді. Аудандастырылған аймақтарында механизммен оруға жарамды. Сынау жылдарында аурулар мен зиянды жәндіктердің нұқсанына шалдыққан жоқ.

Сорт өнімді келеді. Ново-Шульба сорт сынаушы участогінің қуаңшылық жағдайында бұл сорттың тұқымынан гектарына 15,2 центнерге дейін өнім түседі.

Семей облысының қырлық бөлігінде аудандастырылған.

Степняк 12. Сорт Степная тәжрибе станциясында Бүкілодақтық өсімдік шаруашылығы институтының № 12 үлгісінен өсіріліп шығарылған.

Леукотетрагонустың түр бөлігіне жатады. Бұтасы жыйнақты келеді. Сабағы қысқа болады (35—45 см). Тұқымы сарғыш ақ, бедерсіз үшкір, ірілігі ортадан жоғары (1000 тұқымның салмағы 250—300 г.) келеді. Қайнап пісуі жақсы. Тұқымдағы белоктың мөлшері 29,3—32,5 процент.

Екеннен бастап, толық піскенге дейінгі кезеңінің ұзақтығы 65 күннен 75 күнге дейін болады. Топырақ қуаншылығы мен аңызаққа төзімді.

Аудандастырылған аймағында аурулар мен зиянды жәндіктердің нұқсанына шалдыққан жоқ.

Сорт өнімді келеді. Мартук пен Новороссийск сорт сынаушы участоктері (Ақтөбе облысы) чинаның Степная 12 сорттының тұқымынан гектарына 10,8—12,2 центнерге дейін, ал Ключевой тәлімі участогі — 21,9 центнерге дейін, өнім алады. Бөрлі сорт сынаушы участогі (Батыс Қазақстан облысы) гектарынан 16,1 центнерге дейін өнім алады.

Сорт Батыс Қазақстан облысында аудандастырылған.

МАЙЛЫ ДАҚЫЛДАР

Өсімдік майларын алу үшін өсірілетін майлы дақылдардың халық шаруашылығында үлкен маңызы бар. Өсімдіктің майлары тағамға жұмсалады, сондай-ақ өнеркәсіпте кең пайдаланылады.

Республикада майлы дақылдар егілетін егістік көлемі онша үлкен емес; колхоздар бойынша майлы дақылдар жаздық және күздік дақылдар егісі көлемінің 4,5 проценті ғана болады. Майлы дақылдардың дені республиканың шығыс облыстарында егіледі, оңтүстік облыстарында жоқтың қасында, мұны төменде келтіріліп отырған мәліметтен көруге болады:

12-таблица

Облыстар бойынша майлы дақылдардың үлес салмағы

Облыс топтары	Үлес салмағы	
	Республика бойынша дәнді дақылдардың жалпы егіс көлемі жөніндегі проценті	Республика бойынша барлық майлы дақылдар жалпы егіс көлемі жөнінде
Шығыс облыстар—Шығыс Қазақстан, Павлодар, Семей	8,2	40,0
Солтүстік облыстар—Қостанай, Солтүстік Қазакстан, Көкшетау, Ақмола, Қарағанды	3,7	43,0
Батыс облыстар—Батыс Қазақстан, Ақтөбе, Гурьев	3.6	10,2
Оңтүстік облыстар—Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл, Қызылорда, Алматы, Талдықорған	1,7	6,8

Майлы дақылдардың ішінде көлемі жағынан күнбағыс бірінші орын — 74 процент, одан кейін арыш — 10,2 процент, зығыр — 4,1 процент, мақсары — 4,5 процент алады. Күнжіт, Солтүстік конопля және майкене майлы егіс көлемінің он процентіне дейін алады.

КҮНБАҒЫС

Қазақстандағы негізгі майлы дақыл—күнбағыс. Күнбағыс егісі көлемінің дені Шығыс Қазақстан, Павлодар, Семей облыстарында егіледі, бұл облыстар барлық майлы дақыл егіс көлемінің 93 процентін алады.

Күнбағыс — құрғақшылыққа едәуір төзімді дақыл. Оның жуан білеу тамыры жер астына терең бойлап, топырақтың төменгі қабаттарындағы ылғалды пайдаланады. Күнбағыс тұқымының қабығы қалың болады, оның өсіп шығуы үшін топырақта жеткілікті ылғал болуы қажет. Сондықтан күнбағысты егіс жұмыстарының алғашқы күндерінен бастап егу керек, өйткені күнбағыс көгі көктемгі қарақатқақты жеңіл көтереді. Күнбағысты кеш егу сирек көктеуге әкеліп соғады, мұның өзі өнімді едәуір төмендетеді. Күнбағыс неғұрлым ертерек көктеу үшін кейде қыстығүні егіледі, бірақ күнбағыстың тұқымы күзде көктеп шығуға үлгере алмайтын болу керек. Күнбағыс өсімдіктің өсуінің екінші дәуірінде — корзинкасы көрініп, шешек ата бастаған кезінде ылғалды өтемөте қажет етеді. Сондықтан жаздың екінші жартысында жауын-шашын өте аз болатын, оңтүстік облыстарда күнбағыс суармалы жерлерге ғана егілуі мүмкін. Осы себептен де Ақтөбе облысында күнбағыстың егіс көлемі онша көп емес. Жазда жауын-шашын көп болатын солтүстік және солтүстік-шығыс облыстарда күнбағысты суармай-ақ ойдағыдай егуге болады.

Күнбағыс тым жиі егуді көтермейді. Өсіп келе жатқан жас күнбағысқа арамшөп зиян тигізеді. Жиіленген және арамшөпті жерге егілген күнбағыстың корзинкасы, кішкене болады да, өте аз тұқым береді.

Совет ғалымдары жасаған шаршылап-ұялап егу әдісі күнбағыстың биологиялық талабына толық сай келеді және осы дақылды баптау ісін түгелдей механикаландыруға мүмкіндік береді. Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің VI пленумы ауыл шаруашылы-

ғы қызметкерлерінен күнбағыс егісін шаршылап-ұялап егу әдісіне толық көшіруді талап етті.

Біздің өнеркәсібіміз күнбағысты шаршылап-ұялап егу үшін арнаулы СШ — 6 сеялкасын шығарады.

Шаруашылықта ондай сеялка болмаған кезде, қарадұрсын сеялкамен егілуі мүмкін, бірақ қатараралығы қолмен емес, трактор культивациямен сиретіледі.

Күнбағыстан мол өнім алу үшін қатараралығы арамшөптен таза болуға тиіс, ол үшін гүлденгенше трактор культиваторымен ұзынынан және көлденеңінен 2—3 рет культивациялау керек.

Күнбағысты қолдан үстеп тозаңдау оның түсімділігін едәуір арттырады.

Күнбағысты егу және күту жөніндегі агротехникалық шаралар деркезінде жүргізілсе, ол мол өнім береді. Шығыс Қазақстан облысы Верхуба ауданының «Хлебороб» колхозы 20 гектар күнбағыс егісінің гектарынан 26 центнерден, ал осы облыстың Киров ауданындағы «Путь к коммунизму» колхозы 90 гектар күнбағыстың гектарынан 14 центнерден тұқым алды.

Күнбағыс еңалдымен май алу үшін егілетіндіктен, күнбағыстың өндіріске көп май беретін сорты болуының маңызы бар. Күнбағыс сорттарының тез пісуі жөнінде де үлкен талаптар қойылады. Кеш пісетін сорттар, әсіресе республиканың солтүстік облыстарында күзгі суыққа ұрынуы мүмкін. Оның үстіне мұндай сорттардың тұқымын жыйнау ауа райының қолайсыз кезіне тура келеді, мұның өзі өнімнің сөзсіз ысырап болуына әкеп соғады. Сонымен қатар тез пісетін сорттардың мол өнім беруін ескеру керек.

Күнбағыс зиянды арамшөп-сұңғыла басып кетуге бейім болады. Күнбағысты ауыспалы егіс танабына дұрыс орналастыру сұңғылаға қарсы күресу шарасы болып табылады, күнбағысты бір егілген жерге 5—6 жылдан бұрын қайта егуге болмайды.

Зиянды жәндіктердің ішінде күнбағыс күйесінің жұлдыз құрты көп зиян келтіреді, бұлар тұқымның жұмсақ қабығын кеміріп ішіндегі нәрімен қоректенеді. Тәжрибе мекемелері күйеге және жұқпалы сұңғылаға төзімді күнбағыстың бірқатар сорттарын берді. Мысалы: мұндай сорттарға Қазақстанда аудандастырылған Саратовтық 169 күнбағыс сорты жатады.

Қазақстанда майлы күнбағыстың 4 сорты аудандас-

тырылған. Бұл сорттар облыстар бойынша мынадай болып бөлінеді.

13-таблица

Күнбағыс сорттарының республиканың облыстарына бөлінуі

Облыстар \ Сорттар	Саратовтық 169	Саратовтық ерте II сетін күнбағыс	Шортанды сорты	Степняк	Облыста аудандастырылған сорттар саны
Ақмола	+	—	+	—	2
Ақтөбе	+	—	—	+	2
Шығыс Қазақстан	+	+	—	—	2
Батыс Қазақстан	+	—	—	—	1
Қарағанды	+	—	+	—	2
Көкшетау	+	—	+	—	2
Қостанай	+	—	—	—	1
Павлодар	+	—	—	—	1
Солтүстік Қазақстан	+	—	+	—	2
Семей	+	—	—	—	1
Талдықорған	+	—	—	—	1
Облыста неше сорт аудандастырылған	11	1	4	1	

Күнбағыс сорттары

Саратовтық 169. Бұл сортты Саратовтың бұрынғы селекция станциясы жергілікті сорттан тұқымдас дәндерді бірнеше рет іріктеу әдісімен өсіріп шығарған.

Сабағы тармақсыз, тік болады, жоғарғы жағы ғана аздап иілінкі келеді. Биіктігі 95 тен 150—200 см дейін. Корзинкасы аздап томпақтау, түзу болады, диаметрі едәуір үлкен — 10—14 см және оданда үлкен.

Тұқымдары майлы, қатты қабықты, қоңыр, ала, аздап сопақтау, сәл қарасұр ала болады. Дәні ірі (1000 тұқымның салмағы орта есеппен 50—53 г). Қауызынан түсетін дәні 37,5—42 процент, майлылығы 33,8—37 процент.

Сорт біраз ерте піседі. Өсіп шығып, піскеніне дейінгі мерзімі 96 дан 110—115 күн.

Сорт құрғақшылыққа төзімді. Қуаңшылық аудандарда түсімділігі жағынан сынаудағы басқа сорттардың ішінде бірінші орын алады. Суарғанды жақсы көреді.

Тұқымдарының қатты қабықтылығы арқасында (орта есеппен 97,5 процент) күнбағыс күйесіне және сұңқылаға төзімді келеді. Ылғалды жылдары склеротин ауруына едәуір шалдығады.

Сорт мол өнімді. Тіпті қуаңшылық жағдайлардың өзінде Батыс Қазақстан облысында Бөрлі сорт сынаушы участогінде гектарынан 11,3 центнерден, сол облыстағы Зеленов сорт сынаушы участогінде 13,9 центнерден өнім береді. Ылғалы мол аудандарда түсімділігі бұдан едәуір жоғары. Шығыс Қазақстан облысы, Зырян сорт сынаушы участогінде 5 жыл бойындағы орта есеппен өнім гектарына 18 центнерден болған, ал кейбір жылдары 23 центнерге дейін жеткен. Көкшетау облысы, Чкалов сорт сынаушы участогінде гектарынан 21,4 центнерден тұқым алынған.

Бұл сорт Гурьев пен Қызылордадан басқа Қазақстанның барлық облыстарында аудандастырылып, өндіріске өте кең таралған.

Шортандылық 41. Бұл сортты Ақмола облысы, Шортанды ауыл шаруашылығы станциясында В. П. Кузьмин жергілікті сорттан тұқымдас дәндерді іріктеп алу әдісімен өсіріп шығарған.

Сабағы тармақсыз, тік өседі. Қорзинкасының диаметрі 11,8—14 см. Тұқымдары майлы, қатты қабықты, қоңырала болады.

Дәні едәуір ірі, 1000 тұқымының салмағы 55—60 г. Қауызынан түсетін дәні төмен-орта есеппен 38 процент. Тұқымының майлылығы жоғары — орта есеппен 38 процент, кейде 34,3 тен 40 процентке дейін болады.

Сорт ерте піседі. Өсіп шыққаннан піскенге дейінгі мерзімі 100—104 күн. Солтүстік Қазақстан мен Көкшетау облыстарында Саратовтық 169 сортынан 6—10 күн ерте піседі.

Сорттың бұл ерекшелігі оны күзгі қырау соғудан аман сақтайды, тұқымның және товарлық сапасына жақсы әсер етеді.

Тұқымының қабығы қатты болуына байланысты (97—98 процент) күнбағыс қаракүйесі мен сұңқылаға төзімді келеді. Сорт мол түсімді. Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл сорт сынаушы участогінде гектарына 25 центнерден, Көкшетау облысы, Чкалов сорт сынаушы участогінде гектарынан 20 центнерден өнім береді. Сөй-

тіп, түсімі Саратовтық 169 сортынан не көп не бірдей болады.

Степняк. Бұл сортты Дон майлы дақылдар тәжрибе станциясы, УССР, Жданов ауданында өсірілген жергілікті күнбағыстан алынған 14006 тұқымынан бірнеше рет жекелеп іріктеу әдісімен өсіріп шығарды.

Сабағы тармақсыз, жоғарғы бөлегі аздап иіліп тік өседі. Биіктігі орта есеппен 121 см. Корзинкасы аздап томпақтау, диаметрі 10—14 см. Өсімдіктің пісіңкіреген корзинкаларының саны Саратовтық 169 сортынан аз.

Тұқымдары майлы, катты қабықты, қарала. 1000 тұқымының салмағы 64—82 г, қауызынан түсетін дәні аздау — 30,5 процент. Тұқымындағы майы 33—40 процент.

Сорт ерте піседі. Өсіп шыққаннан піскенге дейінгі мерзімі 85—95 күн. Құрғақшылыққа төзімді, күнбағыс күйесі мен сұңырлаға шалдықпайды. Катты қабықтылары 99,5 процент. Құйылғыш емес.



34-сурет. Степняк.

Ақтөбе облысының сорт сынаушы участокгерінің мәліметтеріне қарағанда, Степняк сортының түсімділігі Саратовтық 169 сортының түсімділігінен гектарынан 1 центнерге дейін асып түседі. Ключевой тәлімі сорт сынаушы участогінде Степняк тұқымының түсімділігі сынау жылдарының ішінде гектарына 9,3 центнерден, Мартук сорт сынаушы участогінде гектарына 8,6 центнерден болды. Неғұрлым қолайлы жылдарда бір гектардың түсімі 15—20 центнерге жеткен.

Сорт Ақтөбе облысының I және II аймақтарында аудандастырылған.

ЗЫҒЫР

Зығырдың үш түрі болады: бұйра зығыр көбінесе май шығару үшін өсіріледі, салалы зығыр көбінесе талшық жасауға жұмсалады, шөре зығыр май жасауға да, талшыққа да пайдаланылады. Қазақстанда бұйра зығыр мен шөре зығыр өсіріледі. Зығыр егісі негізінен солтүстік-шығыс облыстарында егіледі (республикадағы зығыр егісінің 98 проценті осында), оның ішінде егістің 50 процентіне жуығы тек Қарағанды облысының үлесіне тиеді.

Зығыр топырақтың құнарлығын талап ететін дақыл. Зығыр структуралы және арамшөптен таза жерлерде өсіріледі. Зығыр үшін ең жақсы алғы егіс көпжылдық шөп пен аударма тың.

Зығырға азоттық тыңайтқыш жақсы әсер етеді. Зығыр жай әдіспен ерте көктемде, егіс жұмысы басталған кезде егіледі. Зығырды кеш егу өнімін төмендетеді, оның үстіне, зыянды жәндіктерге көп кездеседі.

14-таблица

Зығыр сорттарының республика облыстарына бөлінуі

Облыстар \ Сорттар	Сибиряк	Воронеждік	Ұжлан	Вир 1650	Облыста қанша сорт аудандастырылған
Ақмола	+	—	—	—	1
Шығыс Қазақстан	—	—	+	—	1
Қарағанды	+	+	—	—	2
Көкшетау	—	+	—	—	1
Қостанай	+	—	—	—	1
Павлодар	—	—	—	—	—
Солтүстік Қазақстан	+	+	—	—	2
Семей	—	—	—	+	1
Сорт неше облыста аудандастырылған	4	3	1	1	

Майлы зығыр — едәуір аласа өсімдік. Оның биіктігі сорттың жылдық ауа райына қарай ылғалдануына,

агротехниканың дәрежесіне байланысты, 40—70 сантиметр шамасында болады.

Аласа зығырды жыйнау қыйын болады және тұқымының өнімі біраз ысырапқа ұшырайды. Бұған қарағанда шөре зығырдың бірсыпыра артықшылығы бар, өйткені ол биік келеді, комбайнмен жыйнауға қолайлы болады. Республикада майлы зығырдың 4 сорты аудандастырылған. 14-таблицада осы сорттардың облыстарға қалай бөлінгенін келтіреміз.

Зығыр сорттары

Сибиряк. Бұл сортты Барнаул мемлекеттік селекция станциясы Ставрополь өлкесінің жергілікті үлгісінен жекелеп іріктеп алып, одан кейін 2 бағытта біріктіріп өсіріп шығарды. Шөре көбінесе бір сабақты өсімдік. Гүлі көгілдір, ұсақ, гүлшоғыры тығыз. Қауашақтары кішкене. Тұқымы қоңыр, түбі сарылау, ұсақ. 1000 тұқымының салмағы 5,8—7,2 г. Майлылығы жоғары, тұқымындағы майы орта есеппен 41—42 процент.

Өсімдіктің биіктігі 30—40 см, ал ылғалды жылдары 55 см-ге дейін барады. Талшығының техникалық ұзындығы 30 см-ге дейін болады. Сорт орта мерзімде піседі. Көктеп піскенге дейінгі мерзімі 72—85 күн.

Құрғақшылыққа төзімділігі нашар. Ылғалдың мол болуын жақсы көреді, жатып қалмайды, төгілмейді, қаракүйеге шалдықпайды, механизациямен жыйнауға толық жарамды.

Сорт участоктерінде соңғы 5 жылдың ішіндегі түсімі орта есеппен: Солтүстік Қазақстан облысы бойынша гектарынан 5,4—8,0 центнер, Қостанай облысы бойынша 6,8—7,6 Ақмола облысы бойынша — 4,8—7,3 центнер болды. Ауа райы қолайлы жылдары сорттың түсімділігі едәуір арта түседі. Мысалы, 1950 жылы Солтүстік Қазақстан облысының Ленин және Преснов сорт сынаушы участоктерінде гектарынан 15,9 және 18,5 центнер, Қостанай облысының Таран және Ұзынкөл сорт сынаушы участоктерінде гектарынан 13,4 және 16,9 центнер, Ақмола облысының Атбасар сорт сынаушы участогінде гектарынан 15,5 центнер тұқым алынды.

Сорт Ақмола, Қарағанды, Қостанай, Солтүстік Қазақстан облыстарында аудандастырылған.

Воронеждік 1308. Бұл сортты Бүкілодақтық өсімдік шаруашылығы институтының жыйнағындағы Афган үлгісінен жекелеп іріктеп алып Воронеж облыстық тәжрибе станциясы өсіріп шығарған. Шөре көбінесе жаңғыз сабақты өсімдік. Гүлі көгілдір, көлемі орташа, қауашықтары орташа мөлшерде. Тұқымы қарақоңыр. 1000 дәнінің салмағы 6,5—8,8 г. Орта бойлы өсімдік — 40 см. Талшығының техникалық ұзындығы 25 см.



35-сурет. Вир 1650.

Орташа мерзімде пісетін сорт, өсіп-жетілу дәуірі орта есеппен 90 күн. Қуаңшылыққа едәуір төзімді, қуаңшылыққа төзімділігі жағынан басқа сорттардың бәрінен асып түседі. Көктемгі қатқаққа өте төзімді келеді, бір келкі піседі.

Мол өнімділігі жағынан, сол сыяқты тұқымының майлылығы жағынан сынаудағы зығыр сорттарының таңдаулыларының бірі. Тұқымының майлылығы 39 дан 45 процентке дейін. Комбайнмен жыйнауға жарамды. Аурулар мен зыянды жәндіктерге төзімді келеді.

Соңғы бес жылдың ішіндегі өнімі орташа есеппен: Преснов сорт сынаушы участогінде гектарынан 8,1 центнерден, Ленин сорт сынаушы участогінде — 7,7 центнерден, Совет сорт сынаушы участогінде — 5,5 центнерден, Шучье сорт сынаушы участогінде —6,3 центнерден, Осакаров сорт сынаушы участогінде — 9,1 центнерден, Айыртау сорт сынаушы участогінде — 8,3 центнерден және Қаркаралы сорт сынаушы участогінде — 6,3 центнерден өнім алынды. Кейбір жылдары сорт участоктерінде гектарына 10 нан 15—18 центнерге дейін өнім жыйналды.

Бұл сорт Қарағанды, Көкшетау, Солтүстік Қазақстан облыстарында аудандастырылған.

Вир 1650. Бұл сортты Бүкілодақтық өсімдік шаруашылығы институтының Қазақ ССР-нен алынған үлгісінен жаппай іріктеп алып Кубань тәжрибе станциясы өсіріп шығарған. Шөре. Көбінесе сабақты өсімдік, биіктігі 45—55 см. Тұқымы қарақоңыр. 1000 дәнінің салмағы орта есеппен 7,2 г. Тұқымының майлылығы 39—41 процент.

Сорт орташа мерзімде піседі. Өсіп-жетілу мерзімі 75—83 күн. Бұл сорт қуаңшылыққа сондай төзімді, қастауышпен ауырғыш емес.

Семей облысы, Үржар тәлімі сорт сынаушы участогінде соңғы 5 жылдың ішінде өнімділігі орта есеппен гектарына 13 центнерден болды. 1952 жылы Жарманың суармалы сорт сынаушы участогінде гектарына 20,5 центнерден өнім алынды.

Бұл сортты Семей облысында аудандастырылған.

Уджан. Бұл сортты Армян ССР-ның биік таулы аудандарының зығыры үлгісінен жекелеп іріктеп алу жолымен Бүкілодақтық майлы дақылдар институты өсіріп шығарған.

Бұйра зығыр. Өсімдігінің биіктігі 30—50 см. Түбі аз, дара сабақты, жапырағы қалың өсімдік болып келеді. Гүл шоғыры қысқа, имек, қауашағы орташа дәні қалампыр түсті, көлемі орташа келеді. 1000 дәнінің салмағы 4,5—7,5 г. Тұқымының майлылығы орташа есеппен 41,9 процент.

Сорт орта мерзімде піседі, көктеп шыққаннан піскеніне дейінгі мерзімі 83 күн. Қуаңшылыққа өте төзімді. Анжроқхозбен зақымдалғыш.

Өсімдік бойының аласалығы комбайнмен жыйнауды қыйындатады.

Верхуба сорт сынаушы участогінде (Шығыс Қазақстан облысы) 4 жылғы сынаудағы өнімі гектарына 12,2 центнерден, ал бітік шыққан 1952 жылғы өнімі гектарына 16 центнерден болды. Жданов атындағы колхозда сортқа өндірістік сынау жүргізілген (Верхуба ауданы, Шығыс Қазақстан облысы) 1952 жылы гектарына 10,2 центнерден өнім алынды.

Бұл сорт Шығыс Қазақстан облысының тау етек аймағындағы аудандық тұқым шаруашылығында егілместен-ақ аудандастырылған.

ҚЫША

Қыша төрт жапырақты өсімдік тұқымына жатады. Қышаның екі түрі болады: көкшіл немесе көкшіл сұр және ақ түрі болады.

Қазақстанда қышаның екі түрі де егіледі. Мұнымен бірге, ақ түрі республиканың оңтүстік облыстарында аз көлемде, жоспарсыз егіледі. Ал көкшіл сұр қыша жоспарлы түрде Батыс Қазақстан, Павлодар облыстарында және республиканың солтүстік-шығыс облыстарында азғантай жерге егіледі.

Қыша егісі негізінен Батыс Қазақстан облысында егіледі. Бұл жерде қыша егісі республикада егілетін қыша егісі көлемінің дәл 76 процентін алады.

Көкшіл немесе көкшіл сұр қыша қуаңшылыққа төзімді дақыл, соның арқасында ол қуаңшылық болып тұратын Батыс Қазақстан және Павлодар облыстарына көп тараған. Ол көктемгі қара суықты көп елемейді, күннің жылылығы 1 градус болса көктеп шығады. Көкшіл қышаның осы ерекшелігі, оны ерте егуге мүмкіндік береді. Ерте өсіп шыққан қыша алғашқы тамыр системасын мықтап дамыта отырып, топырақтағы ылғалды жақсы пайдаланады, құрғақшылықты жақсы көтереді.

Ерте егілген қыша басқа майлы дақылдардан гөрі ауылшаруашылығына зиянды жәндіктерге аз шалдығады.

Қыша топырақты көп талғамайды. Сонымен бірге батпақты сүймейді. Алғашқы дәуірде қыша баяу өседі, соның салдарынан оны арам шөптің басып кетуі ықтималдығы. Сондықтан оны арам шөптен таза жерге, өңделген аударма тыңға еккен тиімді болады. Колхоздардың практикасында қыша кең қатарлы және жаппай себу әдісімен егіледі. Кең қатарлы егістерде ол ауыспалы отамалы егіс танабына егіледі.

Қыша республиканың аса қуаңшылық аудандарына егілгенде топырақта ылғалдың көп болуын керек етеді. Сондықтан зябьті терең жыртып, көктемгі ылғалды көп сақтап қалудың қышадан мол өнім алу үшін үлкен маңызы бар.


Көкшіл қышаның кемшілігі — біркелкі піспейтіндігі және көп төгілгіштігі болып табылады. Сондықтан оны жыйнап алуды кешіктіруге және ұзаққа созуға болмайды.

Қазақстанда көкшіл қышаның екі сорты — Сталинградтық 189/191 (Батыс Қазақстан облысында) және құйылғыш емес № 2 (Павлодар облысында) сорты егіледі. Қышаның сортты егісі оның барлық егіс көлемінің 55 процентін алады, қалған көлеміне жай тұқымдар себіледі.

Қышаның сорттары

Неосыпающаяся 2. Бұл сортты Бүкілодақтық өсімдік шаруашылығы институтының коллекциясының батыс қазақстандық үлгісінен алып төрт қайтара жекелеп іріктеу әдісімен Сталинградтың облыстық егін шаруашылығы станциясы өсіріп шығарған.

Түбі жыйнақы, төменгі бұтағы (25—35 см) жоғары тұрады. Көктеген кезде сабағы жұмыр болады, сирек жылтыр қылтанақтармен бүркеледі. Бұршақ қыны сабағына мықты жабысқан, жалпақ, кең, тұмсықшасы қысқа. Дәні сарғылт, ірі келеді, формасы сопақ. 1000 дәнінің салмағы 3,5—4,0 г.



36-сурет.
Неосыпающаяся 2.

Биік бойлы өсімдік — 75 сантиметрден 120 сантиметрге дейін. Сорт орташа мерзімде піседі, өсіп-жетілу кезеңі орта есеппен 85 күн. Қуаңшылыққа төзімді, құйылғыш емес. Тез өсіп-жетілуінің арқасында зиянды жәндіктерге шыдамды келеді. Өсу кезеңінде крестогүл бүргісімен зақымдануы мүмкін. Мұндай жағдайда гексохлоронмен өңдеу керек болады.

Сорттың майлылығы жоғары, тұқымының майлылығы 43,5 центнер, құйылғыш емес. Комбайнмен жыйнауға жарамды.

Соңғы жылдардың мәліметіне қарағанда Михаилов, Павлодар (Павлодар облысы) сорт сынаушы участокте-рінде шығымы орта есеппен гектарына 7,2 және 5,6 цент-

нерден болды. 1950 жылы Петропавл сорт сынаушы участогінде (Солтүстік Қазақстан облысы) гектарына 19 центнерден өнім жыйналды. Көкшетау облысының «Новый Украинец» колхозында сортты өндірісте сынаған кезде гектарынан 11,8 центнерден өнім алынған. Сталинградтық 189/191 сортымен салыстырғанда құйылуға төзімді, майлылығы жағынан 1,5—2 процент артық, бірақ ылғалды көп керек етеді.



37-сурет. Сталинградтық 189/191 (бұтақ)

Көкшетау, Солтүстік Қазақстан, Павлодар облыстарында аудандастырылған.

Сталинградтық 189/191. Бұл сортты жергілікті популяциядан бірнеше рет жекелеп іріктеп алу жолымен Сталинградтың егін шаруашылығы тәжрибе станциясы өсіріп шығарған.

Сабағы жұмыр, жайыла біткен көкшіл балауызын түбінен бастап 1/4 ұзындығына дейін сирек қылтанақтар жапқан. Түбі жыйнақты. Бұршақ қыша сабағына жабысқан, жайылыңқы. Бір өсімдіктегі собығының саны орта есеппен 45 тен 78 ге дейін болады.

Дәні ірі емес, түрі шар тәріздес сопақша қаракөкшіл. 1000 дәнінің салмағы 2,0—2,8 г. Дәнінің майлылығы 30—39 процент.

Сорт тез піседі, көктеп шыққаннан пісіп жетілгенге дейінгі мерзімі 55—60 күн, қуаңшылыққа төзімділігі жоғары, бұған тез пісетіндігі және тамыр сабағының 2,5—3,0 метр топыраққа терең еніп өсетіндігі себеп болады.

Құйылғыш келеді. Сондықтан қысқа мерзім ішінде жыйнап алу керек. Гүлге зыянды жәндіктерге төзімі нашар.

Бұл сорт Ақтөбе мен Батыс Қазақстан облыстарында аудандастырылған.

АРЫШ

Арыш крестогүлді тұқымдастардың түр бөлігіне жатады. Ол дақыл майын алу үшін егіледі, одан шыққан май техникалық мақсатқа жұмсалады. Бұл күздік және жаздық дақылға бөлінеді. Қазақстанда тек жаздық арыш өсіріледі.

Арыш Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Көкшетау, Ақмола, Павлодар, Ақтөбе облыстарында егіледі.

Арыш-өсіру жағдайына көп талап қоймайды, кез келген жерге шыға береді. Бұл суыққа төзімді дақылдар қатарына жатады: оның тұқымы нольге жуық температурада өсуге қабілеті бар, ал 8—9 градус жылылықта 2—3 күнде өседі. Көктемдегі шамалы суықтың зыяны аз тиеді.

Арыш басқа майлы дақылдардан гөрі арамшөптен азырақ зақымданады. Сондықтан оны барлық дақылдан соң егуге болады. Сонымен қатар арыштың өзі жақсы алғы дақыл емес, өйткені топырақты көбірек тоздырады, оны арамшөп басып кетеді. Осыған байланысты ол әдетте парға пайдаланылатын, соңғы ауыспалы егіс танабына егіледі. Арыштың өсіп-жетілу дәуірі қысқа (60—75 күн). Өсімдіктің биіктігі 60—70 см шамасында болады.

Республикада арыштың 4 селекциялық сорты аудандастырылған. Оның облыстар бойынша бөлінуі мынадай:

15-таблица

Республиканың облыстары бойынша арыш сорттарының бөлінуі

Сорттар / Облыстар	Воронеждік 349	Қырғыздық 1	Вниимк 17	Шортанды (дикарек)	Облыс бойынша неше сорт аудандастырылған
Ақмола	+	—	—	—	1
Ақтөбе	+	—	—	—	1
Көкшетау	—	—	+	—	1
Қостанай	+	—	—	—	1
Павлодар	—	—	—	—	—
Солтүстік Қазақстан	—	—	+	+	2
Шығыс Қазақстан	—	+	—	—	1
Сорт неше облыста аудандастырылған	3	1	2	1	

Шортанды (дикарек) сорты. Бұл сорт қуаңшылыққа төзімді. Басқа сорттардан ерте піседі, көктеуінен өсіп жетілуіне дейін 75—80 күн, құйылғыш емес, зиянды жәндіктерден аз зақымданады.

Бұл сорттың майлылығы жоғары, дәндерінде май 42—43% болады. Өсімдіктің бойы және төменгі бұтақтарының қабысуы жағынан комбайнмен жыйнауға толығынан жарамды.

Соңғы бес жылдың мәліметтері бойынша егіннің түсімі орта есеппен Петропавл сорт участогінде гектар басы 6,3 центнерден, Совет сорт участогінде — 9,0 центнерден болды.

1950 жылы Петропавл сорт участогінен ең жоғары өнім-гектар басы 19,7 центнерден өнім алынды.

Бұл сорт Солтүстік Қазақстан облысында аудандастырылған.

Вниимк 17. Сортты Бүкілодақтық майлы дақылдар институты (Вниимк) өсіріп шығарған. Солтүстік Қазақстан облысында сыналып жатқан сорттардың ішіндегі ең биік өсетін өсімдіктердің бірі. Сабағының ұзындығы 35 сантиметрден 50 сантиметрге дейін болады. Ерте піседі, көктеп шыққаннан бастап, піскенге дейінгі кезеңінің ұзақтығы 80—83 күн. Пісіп-жетілуі біркелкі болады. Қуаңшылыққа өте төзімді, жатып қалмайды. Аурулар мен зиянды жәндіктердің нұқсанына орта төзімді, дер кезінде жыйнаса, аз құйылады. Механизммен оруға жарамды.

Мұның тұқымы Шортанды сортынікінен біраз ірі болады. Тұқымдағы майдың мөлшері едәуір көп-орта есеппен 38,2 процент келеді.

Сорт Көкшетау мен Солтүстік Қазақстан облыстарында аудандастырылған.

Воронеждік 349. Сортты Воронеж тәжрибе станциясы Бүкілодақтық өсімдік шаруашылығы институтының жыйнақ үлгісінен жекелеп іріктеп алу әдісімен өсіріп шығарған.

Бұтасы біраз жыйнақы, біртегіс келеді. Өсімдігінің биіктігі 60—65 см. Тұқымы қызылқоңыр, сопақша болады. 1000 тұқымның салмағы орта есеппен 1,3—1,5 г. Дәніндегі майдың мөлшері 40—42 процент.

Сорт орташа мерзімдерде піседі, көктеп шыққаннан

бастап, піскенге дейінгі мерзімінің ұзақтығы орта есеппен 70 күн. Қуаңшылыққа төзімділігі орташа.

Соңғы бес жылдың ішіндегі орташа өнімі гектарына: Мартук сорт сынаушы участогінде (Ақтөбе облысы) —9,7 центнер, Қарабалық участогінде (Қостанай облысы) —7,2 центнер, Молотов участогінде (Ақмола облысы) —6,2 центнер болды. Бұдан 1950 жылы ең жоғары өнім — Қарабалық сорт сынаушы участогінде гектарына 15 центнер, Мартук сорт сынаушы участогінде 13,6 центнер алынды.

Сорт Ақмола (I аймақ), Ақтөбе (II аймақ) және Қостанай облыстарында аудандастырылған.

Қырғыздық 1. Сорт Қырғыз мемлекеттік селекция станциясында жергілікті популяциядан (бір тарауынан) жекелеп іріктеп алу әдісімен өсіріліп шығарылған.

Бұтасы селдір, төменгі бұтақтары биік орналасқан. Сабағы шөп тектес, тік, төменгі жағы жоғарғы жағынан түктілеу келеді. Жапырағы сүйір, собығы алмұрт сияқты, жұмыр болады.

Сорт биік болып өседі, өсімдігінің биіктігі орта есеппен 65 см. Тұқымы қызылқоңыр. 1000 тұқымының салмағы орта есеппен 1,5 г. Тұқымындағы майдың мөлшері 37—42 процент.

Сорт орташа мерзімдерде піседі, көктеп шыққаннан бастап, піскенге дейін кезеңінің ұзақтығы 80—85 күн. Қуаңшылыққа төзімді, сонымен қабат ылғалды жақсы көреді. Жатып қалғыш емес, бірақ дәні құйылғыш келеді.

Өнімділігі мен майының мөлшері жағынан Шығыс Қазақстан облысында сыналып жатқан сорттардың барлығынан асып түседі. Больше-Нарым ауданының Молотов атындағы колхозындағы бұл сортты, өндірістік жағдайда сынағанда оның өнімі гектарына 11,3 центнерден болды.


Сорт Шығыс Қазақстан облысының бірінші және үшінші аймақтары үшін аудандастырылған.

МАҚСАРЫ

Мақсары да, күнбағыс сияқты, күрделі гүлді өсімдіктер тұқымдасына жатады. Қазақстанда мақсары тек екі облыста Оңтүстік Қазақстан мен Жамбыл облыстарында тараған.

Мақсары топырақ таңдағыш емес және қуаңшылыққа өте төзімді келеді. Тек тәлімі жерлерде ғана өсіріледі.

Көктемгі қарақатқақты жақсы көтереді. Сондықтан оны мүмкіндігінше ерте мерзімде, көктемгі егіс жұмыстарының бас кезінде егу қажет, өйткені қатты қабығы бар тұқымының өнуі үшін көп ылғал керек болады.



38-сурет. Мақсары, Милютиндік 114.

Мақсары тәлімі егіншіліктің дақылы есебінде топыраққа (күз-қыс кезінде) жеткілікті ылғал жыйнауды және өніп-өсу кезеңінде оны сақтауды талап етеді. Мұны істеу үшін терең зябь жыртып, ерте көктемде оны тырмалау қажет. Жоғарыда айтылған облыстардың екеуінде де мақсарының үш сорты — Ташкенттік 51, Дондық 29/1 және Милютиндік 114 сорттары өсіріледі.

Милютиндік 114. Сортты Милютин мемлекеттік селекция станциясы египеттік үлгіден көп қайтара жекелеп іріктеп алу әдісімен өсіріп шығарған.

Сорт жұмсақ типке жатады, тікенегі жоқ. Бұтағы аз, төменгі бұтақтары сабағына жабысыңқырап тұрады. Өсімдігі жыйнақы, жапырағының жиегі тегіс. Корзинкасының формасы күмбез тәрізді, оның диаметрі 2 см. Тұқымы (дәні) ақ, ұзынша жұмыр келеді.

Өсімдігінің биіктігі 45—75 см. Бір өсімдіктегі корзинканың саны орта есеппен 8. Тұқымы ірі келеді. 1000 тұқымының салмағы 45—50 г. Сорт өте майлы болады, майының мөлшері орта есеппен 33 процент. Қауызы көп емес, 45 процентке дейін болады. Сорт орташа мерзімдер-

де піседі, көктеп шыққаннан бастап піскенге дейінгі кезеңінің ұзақтығы 95—100 күн. Қуаңшылыққа төзімді және құйылып қалғыш емес. Сынау жылдарында тұқымының зыянды жәндіктермен бүлінгені байқалмады.

Оңтүстік Қазақстанда сыналып жатқан сорттардың ішінде бұл өнімділігі жағынан бірінші орын алады. Георгиевка сорт сынаушы участогінде оның соңғы бес жыл ішіндегі өнімі гектарына 12,1 центнер болды. 1952 жылы осы участокте одан ең жоғары өнім—гектарына 12,8 центнер алынған.

Тікенегінің жоқтығы өсімдікті күтуді және өнімін жыйнауды жеңілдетеді.

КҮНЖІТ

Күнжіт — жылыны сүйетін, климат пен топыраққа қатаң талап қоятын өсімдік. Ол кондитер өнеркәсібінде пайдаланылатын, сапасы жағынан өте құнды май алу үшін өсіріледі. Күнжарасы халуа жасауға қолданылады.

Ол топырақтың температурасы 15—20 градус болғанда көктеп шығады. Күнжіт, әсіресе өніп-өсуінің алғашқы кезінде, төмен температураны, тіпті шамалы қырауды да мүлде көтере алмайды.

Күнжіт-жоғары агротехниканы керек ететін дақыл. Ол суармалы участоктерде ғана өсіріледі. Өсіп-жетілу кезеңі 90 күннен 150 күнге дейін болады.

Күнжіт жылыны сүйетін және өніп-өсу кезеңі ұзақ дақыл болғандықтан, тек оңтүстікте ғана егіледі. Қазақстанда ол тек Жамбыл облысында өсіріледі.

Республикамызда күнжіттің бір сорты — Ташкенттік 122 сорты егіледі, ол Орта Азия майлы өсімдіктер тәжрибе станциясында өсіріліп шығарылған. Сорт биік болып өседі, бұтағы көп, бұтасы қысыңқы, бір гүлді келеді, өсіп жетілу кезеңінің ұзақтығы 105—110 күн. Тұқымы қоңыр түсті болады.

КӨПЖЫЛДЫҚ ШӨПТЕР

Көпжылдық шөптердің халықшаруашылық зор маңызы бар. Ауыл шаруашылығында олар екі өте маңызды міндетті: малды азықпен қамтамасыз ету және ауылша-

руашылық дақылдарының өнімділігін арттыру міндетін шешеді. Агротехникасын дұрыс жүргізгенде, көп жылдық екпе шөптерден түсетін пішеннің өнімі, табиғи шөптермен салыстырғанда әрқашанда артық болады.

Көпжылдық шөптер өзінің күшті тамыр жүйесімен топырақтың структурасын қалпына келтіреді және оның коректік заттарын молайтады. Сондықтан олар егіншіліктің шөптанапты системасының және оның басты буыны — шөптанапты ауыспалы егістің негізі болып табылады.

Бұршақ тұқымдас және астық тұқымдас шөптер араластырылып егілгенде, көпжылдық шөптерден ең мол өнім түседі. Бұршақ-астық тұқымдас шөп қоспасы таза егістен гөрі көбірек пішен өнімін береді. Мұндай қоспа топырақтың структурасын қалпына жақсырақ келтіріп оның құнарлығын мықтап арттыра алады. Сондықтан аралас шөп (қоспа) дәнді және техникалық дақылдар үшін ең жақсы алғы дақыл болып табылады.

Қазақстан Коммунистік партиясының Орталық Комитетінің VI пленумы көпжылдық шөптердің тұқымын өсіруді шұғыл жақсарту жөніндегі шараларды көрсетіп берді. 1954 жылдың өзінде-ақ тұқымдық егіске 250 мың гектар жер бөлінбек, оның ішінде беде егісі — 150 мың гектар болады. Агротехниканы мықтап жақсарту, және минерал тыңайтқыштарды кең қолдану арқылы тұқым өнімін гектарына мынадай мөлшерге жеткізу белгіленген: бедеден — гектарынан 1,5—2 центнерден, эспарцеттен— 5—7 центнерден, еркек шөптен — 1,5—2 центнерден, көгентамырсыз бидайықтан — 2—3 центнерден, тарғақ шөптен — 1—1,5 центнерден, райграстан — 1,5—2 центнерден. Өнімділікті мұндай арттыру колхоздар мен совхоздардың көпжылдық шөптер тұқымы жөніндегі қажетін толық қанағаттандыруға тиіс.

Көптеген озат шаруашылықтар жоспарлы тапсырмадан едәуір асып түсетін өнімді кәзірдің өзінде-ақ алып жүр.

Республикамызда мынадай көпжылдық шөптер өсіріледі. Бұршақ тұқымдас шөптер — беде, жоңышқа, эспарцет, астық тұқымдас шөптер — еркекшөп, көгентамырсыз бидайық, қылтықсыз арпабас, тарғақ шөп, ұзын және көп шабынды райграс, атқонақ.

БЕДЕ

Республикада өсірілетін көпжылдық шөптердің ішінде беде ең көп тарағаны. Ол Қазақстанның барлық облыстары мен аудандарында егіледі. Беденің мұнша көп тарауының мәнісі — ол топырақ талғағыш емес, қуаңшылыққа өте төзімді келеді.

Беденің ең көп өсірілетін жері оңтүстік облыстар, беденің республика бойынша барлық егісінің 50 процентінен артығы осы облыстарда.

Беде пішенінде 5 проценттей белок, 2 процент май және көп витамин болады. Жас беде пішенінің ұны қоректілігі жағынан кебекке жақындайды және шошқа мен басқа малдарды бордақылағанда оны жем азықтардың едәуір бөлегінің орнына қолдануға болады.

Қолайлы жағдайда беде тез өсіп жетіледі, сондықтан ол малды бүкіл жаз бойы жайылымда ұстауға мүмкіндік береді. Беделік жайылым шошқа мен жылқыға ең құнды жайылым деп есептеледі.

Бедені республиканың оңтүстігінде суарып өсіргенде тез өсіп-жетілетіндігінің арқасында жаз бойы одан 3—4 рет пішен шауып алуға болады.

Беденің агротехникалық маңызы да өте зор. Суармалы егіншілік аудандарында беде өзінің күшті дамыған және терең жыйылатын тамыр жүйесінің арқасында ыза суының деңгейі төмендеуіне және топырақтың тұзы азаюына көмектеседі.

Беденің азотты тұрақтандыру қабылеті өте күшті болады: ол жақсы дамығанда бір жыл ішінде бір гектар жерге 100—200 килограмм азот жыйнайды. Екі жыл пайдаланылған беде паясының жерді қайта жыртқанда топырақта жыйналатын органикалық затының мөлшері гектарына 20—30 тонна көң тоққендігімен бірдей болады.

Бедені республиканың барлық топырақ-климат аймақтарында астық тұқымдас шөптермен араластырып егуге болады.

Беде жаздық өсімдік болғандықтан, әдетте, көктемде егіледі. Бедені әсіресе тұқым үшін өсіргенде академик Т. Д. Лысенконың әдісімен жазда еккенде, оның шығымы жақсы болады.

Беденің тұқымы өте ұсақ келеді. Оны топыраққа ең көп дегенде 2—4 сантиметр терендікке сіңіру керек. Сон-

дықтан қалыпты көктеп шығуы үшін оны мүмкіндігінше ерте, топырақтың жоғары қабатында тұқымның өнуі үшін жеткілікті ылғал қоры бар кезде себу қажет. Суарылмайтын құрғақшылық аудандарда беде таза күйінде және басқа шөптерге қосып, бүркеме дақылсыз егіледі, ал жауын-шашыны молырақ және суармалы аудандарда дәнді дақылдардың немесе біржылдық шөптердің бүркеуіне егіледі. Егер күздік дақылдар бүркеуші болса, онда беде бұл дақылдар көктеп шыққан кезінде егіледі.

Батыс Қазақстан, Ақтөбе және бірқатар басқа облыстардың қуаң аудандарында беденің бір өзін егудің орнына Оралдың селекция станциясының әдісі бойынша оны жартылай бүркемелі етіп егу ұсынылады.

Беде тұқымын себумен бір мезгілде топыраққа нитрагин енгізу едәуір тиімді шара болып табылады. Бүркемесіз екпеңде бірінші жылы беде отауды өте-мөте қажет етеді. Бірінші жылы таза күйінде тұрғанда егісті тырмалау, ал келесі жылдарда — ерте көктемде тырмалап, үстеп қоректендіру ретінде фосфорлы және калийлі тыңайтқыштар енгізу міндетті және өте тиімді шара болып табылады.

Суармалы участоктерінде бедені шауып алу саны оның гүлденуінің басында уақытымен шабылуына және әрбір шапқаннан кейін деркезінде суарып отыруға байланысты.

Тәлімі егіншілік аудандарында тұқым үшін өсірілетін бедеңің агротехникасы жем үшін өсірілетін беденің тәсілдерінен біраз өзгеше болады. Бұл жағдайда беденің кең қатарлы егісінің (екінші жылы) тұқым өнімі тұрақты келеді. Мұнда қыс кезінде міндетті түрде қар тоқтату арқылы қосымша ылғал қорын жыйнау қажет болады. Жыйналған ылғалды сақтау үшін тұқымдық егіс ерте көктемде тырмаланады немесе дискіленеді, тырмалаудан бұрын оны суперфосфатпен үстеп қоректендіру және беде гүлденгенше екі рет культивациялау керек.

Республиканың оңтүстік облыстарындағы суармалы жерлерде беде тұқымының өнімі тұқымдық егісті деркезінде суарып отыру жұмысына көп байланысты. Оңтүстік суармалы жағдайында беде бірінші шапқанда да, екінші шапқанда да, үшінші шапқанда да тұқым бере алды. Қай шабуды тұқым алу үшін қалдыру мәселесі метеорологиялық жағдайларға байланысты шешіледі.

Егер беденің екінші шабылуы тұқымдыққа қалдыры-

16-таблица

Аудандастырылған сорттардың облыстар бойынша орналасуы

Облыстар / Сорттар	Жетісу-лық	Ташкентік 3192	Полтавалық 1774	Полтавалық 256	Марусинская 425	Зәйкевич сорты	Краснокут 4009	Тигет сорты	Қарағандылық 1	Шортанды № 2	Орталық көкөніс сорты	Обылыста неше сорт аудандастырылған
Алматы	+											1
Ақмола	+											2
Ақтөбе												3
Шығыс Қазақстан	+											2
Жамбыл	+											2
Батыс Қазақстан	+											3
Қарағанды	+											3
Көкшетау	+											3
Қызылорда	+											1
Қостанай	+											1
Павлодар	+											3
Солтүстік Қазақстан	+											2
Талдықорған	+											1
Семей	+											1
Оңтүстік Қазақстан	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	3
Сорт канша облыста аудандастырылған	9	1	2	4	3	2	2	1	3	2	2	

латын болса, онда пішенге арналған бірінші шабуды мүмкіндігінше ертерек — өсімдік — шанақ сала бастағанға дейін жүргізу керек.

Мол тұқым өнімін алу үшін тиімді шаралардың бірі— беденің тұқымдық егісін қолдан тозандандыру болып табылады.

Бедеге зиянды жәндіктердің көбі нұқсан келтіреді, мұның салдарынан өнімнің ішінара немесе толық құрып кететіні көп кездеседі. Беденің тұқымдық егісінде зиянды жәндіктермен күресу өте-мөте міндетті шара болып табылады. Бұл үшін тұқым егістің сабақ және шанақ салу кезінде оны ДДТ және гексахлоран дустыларымен тозандату жұмысы жүргізіледі.

Беденен пішен, әсіресе тұқым өнімін мол алуда белгілібір топырақ-климат жағдайларына бейімделген беде сорттарын дұрыс іріктеп алудың да маңызы зор.

Республикамызда беденің 11 сорты аудандастырылған, олардың ішінде 10 сорт селекция жолымен өсіріліп шығарылған, ал біреуі — жергілікті сорт. Төменде осы сорттардың әрбір облыс бойынша орналасуы келтірілген (16-таблицаны қараңыз).

Беденің сорттары

Қарағандылық 1. Сортты Қарағандының ауылшаруашылық тәжрибе станциясы жергілікті табиғи будан популяциядан (бір тарауынан) жаппай іріктеп алу арқылы өсіріп шығарған.

Бұтасы көлемді, жартылай тік, жартылай жатаған болады. Пішен үшін шапқандағы биіктігі —50 см, тұқым үшін шапқандағы биіктігі —78 см.

Жапырағы көп (43—51 процент). Қыска өте төзімді, қуаңшылыққа төзімділігі орташа. Баяу өседі. Жаз бойы тәлімі жерлерде 1—2 рет, суармалы жерлерде 2—4 рет шабылады. Аурулар мен зиянды жәндіктердің нұқсанына аз шалдығады. Аудандастырылған облыстарында ең мол өнімді сорттардың бірі.

Сорт Ақмола, Қарағанды және Павлодар облыстарында аудандастырылған.

Марусинская 425. Сорт Моршанск мемлекеттік селекция станциясында өсіріліп шығарылған.

Сары гибридті сорт типіне жатады. Бұтасы жартылай жатаған және көлемді келеді. Өсімдігінің пішен үшін шапқандағы орташа биіктігі —44 см, тұқым үшін шап-

қандағы биіктігі — 67, см, жапырағы көп (44—54 процент).

Қысқа төзімді сорттардың бірі. Аудандастырылған облыстарында бұл сорт басқаларынан гөрі аурулар мен зиянды жәндіктердің нұқсанына кемірек шалдығады.

Жаз бойы 1—2 рет шабылады. Пішен мен тұқымнан жақсы өнім береді. Солтүстік облыстардың сорт сынаушы участоктерінде 1 жыл ішіндегі пішен өнімі гектарына 27—39 центнерге, тұқым өнімі —3,6 центнерге жетеді.

Сорт Көкшетау, Қостанай және Солтүстік Қазақстан облыстарында аудандастырылған.

Полтавалық 256. Сортты малазығы институтының Украин филиалы өсіріп шығарған.

Көк гибридті сорт типіне жатады. Бұтасы көлемді, жартылай жатаған, жартылай тік болады. Сабағы қатты емес, бұтағы едәуір көп келеді. Өсімдігінің орташа биіктігі 46 сантиметрден 70 сантиметрге дейін болады. Жапырағы көп (42—52 процент). Қысқа төзімділігі орташа келеді.

Ерте көктем мен шапқаннан кейінгі уақытта едәуір баяу өседі. Жаз бойы 1—2 рет шабылады. Пішен мен тұқым өнімділігі жағынан Марусинская 425 сортынан аздап кем түседі.

Сорт Қарағанды, Көкшетау, Павлодар және Солтүстік Қазақстан облыстарында аудандастырылған.

Жергілікті жетісулық сорт. Қазақстанның Алматы және басқа оңтүстік облыстарының жергілікті сорты.

Сорт ұзақ болмайтын қатты суықтарды жақсы көтереді. Қуаңшылыққа біршама төзімді, сонда да суарып өсіруге немесе жеткілікті ылғалы бар аудандарда өсіруге ыңғайлырақ келеді. Жапырағы өте көп 43—54 процент.

Ауруларға шалдықпайды, кейбір жылдарда оған фитономус (бізтұмсық) едәуір көп түседі. Оңтүстік облыстардағы ең өнімді сорт. Тәлімі жағдайда жаз бойы 1—2 рет шабылып, жылына гектарынан 50 центнерге дейін пішен береді, суармалы жағдайда жылына 3—4 шабылады да, гектарынан 130 центнерге дейін пішен өнімін береді. Оның тұқым өнімі де өте мол — гектарына 4 центнер және одан да артық болады.

Сорт Алматы, Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Павлодар, Семей, Жамбыл, Талдықорған және Оңтүстік Қазақстан облыстарында аудандастырылған.

Оралдың көкбас бедесі. Бұл сорт Орал мемлекеттік

селекция станциясында өсіріліп шығарылған. Ол Батыс Қазақстан мен Ақтөбе облыстарында аудандастырылған. Қуаңшылыққа өте төзімді және қысқы суыққа берік келеді. Пішен және тұқым өнімділігі жағынан алғанда Батыс Қазақстан облысы, Земенов сорт сынаушы участогінде сыналған барлық сорттардан асып түседі.

Шортандылық 2. Сорт Шортанды ауылшаруашылық тәжрибе станциясында өсіріліп шығарылған. Жапырағы мол болады. Шауып алғаннан кейін тез өсіп жетіледі, қуаңшылыққа төзімді, сонымен бірге ылғалдандырғанды да сүйеді. Қысқа төзімділігі ортадан жоғары. Көк шөбі мен пішенінің өнімділігі жағынан аудандастырылған басқа сорттардан — Марусинская 425 және Полтавалық 256 сорттарынан асып түседі.

Сорт Көкшетау мен Ақмола облыстары үшін жаңадан аудандастырылған.

* *
*

Беденің аудандастырылған сорттарынан басқа, соңғы жылдарда республикамыздың селекция станциялары перспективалық жаңа сорттар өсіріп шығарды. Бұлардың қатарына Қарабалық мемлекеттік селекция станциясы өсіріп шығарған Синегибридная және Пестрогибридная (көк гибридті және ала гибридті) сорттары жатады. Бұл екі сорт солтүстік облыстардың жағдайында өсіру үшін перспективалы сорттар болып табылады.

Көкшетау облысы, Келлер ауданының Чапаев атындағы колхозында 1952 жылы беденің Пестрогибридная сортының 10 гектар егісінің гектарына 3,0 центнерден тұқым алынды. Осы сорттан Қостанай облысының Жаркөл МТС-нің участоктік агрономы Вобрицкий жолдас 1950 жылы гектарынан 14,0 центнерден тұқым өнімін өсіріп шығарды. Сол агроном беденің Синегибридная сортын 1949 жылы егіп сол жылы гектарынан 6,5 центнерден, ал келесі жылы 7,85 центнерден тұқым алған.

Перспективалы сорттардың қатарына мыналар жатады.

Гримм Приаральский. Сортты Ақтөбе облысының Арал тәжрибе станциясы өсіріп шығарған. Сорт Ақтөбе облысында аудандастырылған Тибеттік және Краснокут 4009 сорттарынан қалыспайды және Ақтөбе облысының жағдайы үшін аса перспективалы сорт болып табылады.

Кошчи. Сортты Ақмола облысының Шортанды тәж-

рибе станциясы өсіріп шығарған. Ақмола облысы үшін аса перспективалы сорт.

Ертістік сорт. Сортты Семей селекция станциясы өсіріп шығарған және Семей облысы үшін перспективалы сорт болып табылады.

Долиналық 2. Сортты Қарағанды ауылшаруашылық тәжрибе станциясы өсіріп шығарған, осы облыстың қуаң аудандарының суарылмайтын жерлерінде егу үшін өте перспективалы сорт болып табылады.

ҚЫЗЫЛБАС ЖОҢЫШҚА

Қызылбас жоңышқа едәуір ылғал сүйгіш келеді, сондықтан республикамызда онша көп тарамаған. Оның егіс көлемінің дені Шығыс Қазақстан облысының біркелкі, ылғалды климаты бар таулы және тау етегіндегі аудандарында егіледі. Соңғы жылдарда ол Талдықорған мен Алматы облыстарының таулы аудандарында енгізілуде.

Таудың қаратопырақты жерлерінде жоңышқаның өсіп-өнуі үшін өте қолайлы жағдайлар болады. Бұл жерлерде ол тыңайтқыш қолданбағанның өзінде мол пішен өнімін береді, ал фосфорлы тыңайтқыш енгізгенде пішен өнімін мықтап арттырады. Беде сияқты таза күйінде және астық тұқымдас шөптермен араластырылып егілгенде ауылшаруашылық дақылдарының көпшілігі үшін алғы дақыл болып табылады, өйткені ол топырақты азотпен байытады және оны берік структуралы етеді.

Жоңышқаның тұқымы ұсақ келеді. Тұқымның өнуі үшін топырақтың жоғарғы қабатында қыстыгүні жыйналған ылғал қорын пайдалану үшін оны мүмкіндігінше ерте көктемде егу қажет.

Әдетте жоңышқа әрбір шаруашылықта қабылданған ауыспалы егіс түріне байланысты күздік немесе жаздық дәнді дақылдардың бүркеуіне егіледі. Тұқым әркашанда жаппай әдіспен себіледі. Жалпы егіс жерінен тұқымдық участоктер бөлініп шығарылады.

Жоңышқа егісі бірінші жылы бүркеме егістен асып өсіп шыққан соң арам шөбін отауды керек етеді. Көктемде ол ауыр темір тырмамен тырмаласа жақсы өседі.

Республикамызда өсірілетін жоңышқалар екі типке жатады: бір рет шабылатын жоңышқа, ол Шығыс Қазақстан облысында өсіріледі, ал екі рет шабылатын жоңышқа Алматы мен Талдықорған облыстарында өсіріледі.

Екі шабылатын жоңышқаның бір шабылатыныннан айырмашылығы—ол гүлді сабағы жаз бойы екі рет өсіп шығады. Егілген жылы жоңышқаның, бедедей емес, әдетте тек тамырға жақын жерлердегі жапырағы дамиды, ал сабағы, гүлі, тұқымы болмайды. Сондықтан оны бүркеусіз егуге ұсыныс етілмейді.



89-сурет. Жоңышқа.

Топырақ жеткілікті ылғалданған болса, жоңышқа мол тұқым өнімін береді. Шығыс Қазақстан облысының Зырян селекция станциясында және Талдықорған облысының Көксу шошқа совхозында жоңышқадан жыл сайын гектарынан 2—2,5 центнерден тұқым алынады. Тұқым алу үшін жоңышқа егісіне мүмкіндігінше арамшөптерден таза және екінші пайдаланылып отырған егістік бөлініп шығарылады.

Республикада жергіліктi жоңышқалардан Зырян станциясы бір сорт — Зыряндық қызылбас жоңышқа сортын өсіріп шығарды, ол Шығыс Қазақстан облысында аудандастырылған.


Екі рет пішен беретін, Алматы мен Талдықорған облыстарының таулы аудандарында өсіріліп жүрген, екі шабылатын жоңышқа осы жерлерде кең таратуға тұрарлық сорттар.

ЭСПАРЦЕТ

Қазақстанда эспарцет біршама жаңа дақыл болып есептеледі. Республикамыздың колхоздары мен совхоз-

дарының оны өсіре бастағанына небәрі ондаған жыл болды. Сондықтан оның Қазақстандағы егіс көлемі әзірше үлкен емес-небәрі бірнеше мың гектар ғана болады.

Эспарцет өсіру жөнінде Қарағанды облысы бірінші орында келеді. Республика бойынша барлық эспарцет егісінің 80 процентгейі осы облыста. Эспарцет аз көлемде Қазақстанның басқа солтүстік-шығыс облыстарында да егіледі.



40-сурет. Құмдық эспарцет.

Барлық солтүстік-шығыс облыстар үшін эспарцет өте перспективалы дақыл болып табылады. Ол малазықтық көпжылдық бұршақ тұқымдас шөп болғандықтан, бұл облыстарда астық тұқымдас шөптерге негізгі қоспа есебінде және беде эспарцет астық-тұқымдас шөптердің үшеуінің қоспасы үшін пайдалануда бірдей орын алуға тиіс.

Экспарцеттің үш түрі: құмдық, закавказьелік және жай түрлері болады. Қазақстанда құмдық эспарцет өсіріледі. Оның ерекшелігі — қысқа өте берік, қуаңшылыққа төзімді, топырақты онша талғағыш емес, сортаң топырақтарда да жақсы өсе береді. Малазықтық басқа шөптерден гөрі бұл арамшөпке жақсырақ қарсы тұрады. Егісін жыртып тастағанда беделей қайта өсіп шыға алмайды. Одан минерал тұздар, әсіресе известь көп болады, төлге пайдалы келеді. Мал эспарцетті көк күйінде жегенде, беде мен жоңышқаны жегендегідей, өлітию ауруына шалдықпайды.

Эспарцет астық тұқымдас шөптермен қосып еккенде тамыр қалдықтарын молайту және берік топырақ струк-

турасын жасау қабілеті жағынан жоңышқа мен бедеден кем түспейді. Қарағанды ауылшаруашылық тәжрибе станциясының мәліметіне қарағанда, еркек шөп қосып егілген эспарцет беде-еркек шөп қоспасымен салыстырғанда пішенді едәуір артық береді. Үш шөптен құралған қоспа (эспарцет +еркек шөп+беде) пішен өнімін бұдан да артық береді.

Солтүстік-шығыс облыстардың жағдайында оның тұқымының өнімінің мол-болуының маңызы зор.

Шығыс Қазақстан облысының Шемонайха ауданында ғы «Аврора» колхозы 1952 жылы эспарцеттің 50 гектар егісінің гектарынан 10 центнерден тұқым өнімін алды. Шортанды ауылшаруашылық тәжрибе станциясы эспарцеттің гектарынан жыл сайын 5—7 центнер тұқым алады.

Эспарцет жаздық типті өсімдік. Сондықтан ол көктемде егіледі. Эспарцетті академик Т. Д. Лысенконың әдісі бойынша жазда егу жақсы нәтиже береді. Ол таза күйінде де, басқа шөптерге араластырылған түрінде де дақылдардың бүркеуіне, сондай-ақ бүркеусіз де егіле береді. Эспарцеттің бүркеусіз егісі әдетте қуаң аудандарда және тұқымын алу үшін салынады, бірақ оның тұқымдық участогін арамшөптерден таза және шөбінің қалың дығы қалыпты жалпы малазық егісінен де бөліп алуға болады. Тұқымын тезірек молайтып өсіру үшін эспарцетті кең қатарлы етіп егу керек, арамшөптермен күресу және ылғалды сақтау үшін топырақтың жоғарғы қабатын қопсыған күйінде сақтау максатымен қатар аралықтарын культиватормен кемінде екі рет баптау қажет.

Солтүстік-шығыс облыстарда эспарцет егісінде қар тоқтату тиімді шара болып табылады, өйткені ол эспарцеттің пішені мен тұқымының өнімін едәуір арттырады. Қарағанды ауылшаруашылық тәжрибе станциясы құмдық эспарцетті жақсартып шығарды. Ол Ақмола, Қарағанды, Көкшетау, Қостанай және Солтүстік Қазақстан облыстарында аудандастырылған.

Құмдық эспарцет қысқа өте берік және қуаңшылыққа төзімді келеді.

Аурулар мен зиянды жәндіктердің нұқсанына төзімді. Сорт мол өнімді болады. Қуаң жылдарда 1 рет, жауыншашынды жылдарда 2 рет шабылады. Көкшетау облысының Шучье сорт сынаушы участогінде пішеннің бір жылғы ішіндегі орташа өнімі (1941—1948 жылдардың арасында) гектарына 46,0 центнерден болды. Солтүстік Қазақ-

стан облысының Совет сорт сынаушы участогінде оның пішен өнімі гектарына 43 центнерден болып, беденің аудандастырылған сорттарынан 15 центнер асып түсті (1947—1948 жылдар). Ақмола облысының сорт сынаушы участогінде оны екі жыл (1950—1951 жылдар) пайдаланғанда гектарына 72,5 центнерден пішен алынған.

Пішен өнімділігі жоғары болумен қатар, ол тұқымды да қанағаттанарлық мөлшерде береді. Солтүстік Қазақстан облысының Преснов сорт сынаушы участогінде қуаңшылық болған 1951 жылы гектарынан 3,9 центнерден тұқым алынды.

ЕРКЕКШӨП

Астық тұқымдас шөптердің ішінде еркекшөп қуаңшылыққа ең төзімді және қыска берік дақыл болып табылады. Оның егіс көлемінің дені Ақтөбе және Батыс Қазақстан облыстарының қуаңшыл аудандарында орналасқан, республика бойынша егілетін еркек шөптің осы дақылының барлық егіс көлемінің үштен екісі осында, ал Ақмола, Қарағанды, Павлодар және Семей облыстарының кейбір аудандарында ол көп тарамаған.

Еркекшөп күздік типті өсімдік. Егілген жылы ол масақ пен дән салмайды. Оны күзде, күздік дәнді дақылдармен бір мезгілде егу қолайлы болады.

Еркекшөп топырақ талғамайды, бірақ тіпті шамалы қышқылды топыраққа төзімсіз келеді. Бірінші жылы ол баяу өседі және оны грамшөп басып кетеді, бірақ соңынан арамшөпті ығыстырып шығарады.

Еркекшөп үшінші жылы ғана толық өсіп-жетіледі және бұл кезде пішен мен тұқымды мол береді. Еркекшөп сирек түпті шөп болғандықтан, оның түкті тамыр жүйесі мықтап өседі де, топырақтың ылдырап кеткен бөлшектерін біріктіріп (бекітіп) оның структурасының (әсіресе бедемен немесе эспарцетпен қосып еккенде) қалпына келуіне көмектеседі.

Көктемде егу жұмысын топырақтың жоғарғы қабатындағы қысқы ылғал қорын оның көктеп шығуына пайдалану үшін неғұрлым ертерек жүргізу керек. Еркекшөп топырақта қосымша ылғал жыйнағанды өте сүйеді. Сондықтан оның егісінде қар тоқтату өте қажет агротехникалық шара болып табылады.

Еркекшөп ерте көктемде және шабылғаннан кейін

тырмалау жұмысы жүргізілгенде, сондай-ақ азотты тыңайтқыштармен үстеп қоректендіргенде жақсы нәтиже береді, ал үстеме тыңайтқышты ерте көктемде, тырма тартудан бұрын енгізу керек.

Еркекшөптің тұқымдық участогі әдетте екінші немесе үшінші жыл пайдаланылатын егістерден бөлініп шығарылады.

Республикамызда еркек шөптің екі түрі — сүйір масақты және жалпақ масақты түрлері өсіріледі.

Еркекшөптің үш сорты аудандастырылған —Ақтөбе облысы үшін Ақтөбелік жалпақ масақты және Ақтөбелік сүйір масақты сорттары, Ақмола және Қостанай облыстары үшін — Қарабалықтық 202 сорты аудандастырылған.

Алғашқы екеуін Бүкілодақтық өсімдік шаруашылығы институтының Арал тәжрибе станциясы жергілікті жабайы құмеркектен өсіріп шығарған.

Бұл сорттар орташа мерзімдерде піседі, қысқа берік, қуаңшылыққа төзімді келеді. Аурулар мен зиянды жәндіктердің нұқсанына шамалы шалдығады. Ақтөбе облысының Мартук сорт сынаушы участогінде оның жылдық пішен өнімі гектарына 20 центнерден 25 центнерге дейін болады.

Қарабалықтық 202. Сорт Қарабалық мемлекеттік селекция станциясында Бұзаулық өзені алқабынан алынған үлгіден жаппай іріктеп алу арқылы өсіріліп шығарылған.

Сорт қысқа өте берік және қуаңшылыққа төзімді келеді. Аурулар мен зиянды жәндіктердің нұқсанына шалдықпайды. Оның ерекшелігі — көктемде ерте өсіп-жетіледі, мал тұяғына шыдамды, толық құнды шым қабатын жасайтындай тамыр жүйесі күшті дамыған болады.

Өсімдігінің жапырағы көп, қоректік қасиеті жақсы.

Сорт мол өнімді келеді.

Қостанай және Ақмола облыстарында аудандастырылған.

КӨГЕНТАМЫРСЫЗ БИДАЙЫҚ

Көгентамырсыз бидайық сирек түпті астық тұқымдас шөптердің қатарына жатады. Еркекшөппен салыстырғанда ол қуаңшылыққа кемірек төзімді, сондықтан ол республикамыздың солтүстік-шығыс облыстарының ылғалы молырақ аудандарында өсіріледі.

Ол қаратопырақты және қарақоңыр топырақты жерлерде өте жақсы өседі, батпақты жерлерге төзе алмайды. Күздік типті өсімдік болғандықтан, ол егілуінің екінші жылында ғана дән береді. Ол күзде де, көктемде де егіле береді. Қалыпты көктеп шығуы үшін оны ерте көктемде себу керек. Азотты тыңайтқыш енгізгенде жақсы нәтиже береді, тыңайтқышты үстеме қорек түрінде ерте көктемде, тырма тартудың алдында енгізу қажет.

Көгентамырсыз бидайық беде мен эспарцетке араластырып еккенде топырақ структурасының қалпына келуін қамтамасыз ететін жақсы қоспа болып табылады. Ылғалы мол аудандарда пішен өнімін еркекшөптен артығырақ береді (гектарына 25—30 центнерге дейін).

Көгентамырсыз бидайық топырақта ылғалдың қосымша жыйналуын өте жақсы көреді. Егілуінің екінші және үшінші жылдарында арамшөптен таза және өсімдігінің қалындығы қалыпты жалпы малазық егістерін, тұқым алу мақсатына пайдалануға болады.

Оның тұқым өнімділігі өте жоғары — гектарына 7 центнерге дейін болады. Көкшетау облысының Келлер ауданындағы «Красное Знамя» колхозы 1950 жылы көгентамырсыз бидайықтың, 150 гектар егісінің гектарынан 7 центнерден, ал Чапаев атындағы колхоз (осы облыс, осы аудан) 320 гектардан—4 центнерден артық тұқым өнімін алды.

ҚЫЛТЫҚСЫЗ АРПАБАС

Қылтықсыз арпа бастың жапырағы көп болады. Ол өзінің малазықтық сапасы жағынан көптеген басқа көпжылдық астықтұқымдас шөптерден асып түседі. Арпабастың пішені қаттылау келеді, бірақ оны мал сүйсініп жейді. Мұнымен қабат ол қысқа өте берік, қуаңшылыққа өте төзімді және топырақ талғағыш емес болады. Бірақ батпақты және сортаң жерлерде өсе алмайды.

Қылтықсыз арпабастың түкті тамырлары мен көгентамырлары болады, олар қайта жыртқанда қайтадан өркен салып өсе алады. Алайда қылтықсыз арпабасты көлемді жерге ететін Сибирь совхоздарының тәжрибесі жер жақсылап жыртылғанда оның қайтадан көп өсе қоймайтынын сондықтан бидайық сияқты күшті арамшөп болмайтынын көрсетті.

Қазақстанда қылтықсыз арпабас соңғы жылдарда ғана Ақмола және Қарағанды облыстарында егіле бастады. Ол малазықтық ауыспалы егістің енгізілуіне байланысты, республикамыздың басқа облыстары үшін де перспективалы сорт болып отыр, өйткені ол ауыспалы егіс үшін көпжылдық астық тұқымдас шөптердің ішінде ең құндысы болып табылады. Қылтықсыз арпабасты өсіру агротехникасынан ешбір айырмашылығы жоқ.



41-сурет. Қылтықсыз арпабас.

ШАЛҒЫН АТҚОНАҒЫ

Шалғын атқонағы ылғалды сүйеді және ыстықты көтере алмайды. Сондықтан ол республикамызда көп тарамаған. Ол тек Шығыс Қазақстан, Талдықорған және Алматы облыстарының таулы аудандарында жоңышқамен араластырып еккенде жақсы өседі.

Кәзіргі кезде ол колхоз-совхоз өндірісіне жаңадан ене бастады.

Шалғын атқонағы жаздық типті өсімдік, яғни жемісті сабақты егілген жылы-ақ бере алады. Ол қысқа жақсы төзімді және ұзақ уақыт суда өсуді көтере береді.

Атқонақ жоңышқамен де, бедемен де араластырылып егілгенде жақсы өседі. Атқонақ басқа шөптермен араластырылып астық дақылдардың бүркеуіне егіледі, мұнда оның тұқымы 1—2 см тереңдікке сіңіріледі. Ол таза күйінде егілгенде — екінші жылы, бүркеуші дақыл үстіне егілгенде — үшінші жылы толық өсіп-жетіледі. Көктемде атқонақтың егісіне алдымен жақсы әсер ететін озатты тыңайтқыштар енгізіліп, тырмаланады.

Тұқым алу мақсаты үшін арамшөптен таза және

өсімдігінің қалыңдығы қалыпты жалпы малазық егістерінен участок бөлініп алынады.

ТАРҒАҚ ШӨП

Тарғақ шөп — ылғал сүйгіш, көпжылдық астық тұқымдас шөп. Сондықтан оны тек Шығыс Қазақстан, Талдықорған және Алматы облыстарының ылғалы жеткілікті таулы аудандарында ғана суармай өсіруге болады. Тарғақ шөп республикамыздың оңтүстік облыстарының суармалы жерлерінде беде араластырып егетін негізгі қоспа болып табылады.

Тарғақ шөп құрғақ құмда, ылғалы аса көп шымтезекті және сортанды жерде нашар өседі. Азотты тыңайтқыштармен үстеп қоректендіргенде оның пішен және тұқым өнімі едәуір арта түседі. Тарғақ шөп күздік типті өсімдік болғандықтан, оны дәнді дақылдармен бір мезгілде, күзде еккен тәуір болады. Ал көктемде егілетін болса, оны неғұрлым ертерек еккен жөн, өйткені оның тайызда жататын ұсақ дәні топырақтың жоғарғы қабаты кеуіп кетсе, тегіс көктеп шыға алмай қалады. Оның жаппай көктеп шығуы үшін топырақты жақсы өңдеудің де маңызы зор .

Тарғақ шөп малазық мақсаты үшін жаппай егу әдісімен дәнді дақылдар бүркеуіне және бүркеусіз де егіледі.

Оның тұқымын жыйнау егілуінің екінші немесе үшінші жылында басталады. Тұқымын алу үшін еккенде оны таза күйінде, яғни басқа шөп араластырмай егу қажет. Тарғақ шөптің тұқымын аралас егістен де алуға болады.



42-сурет. Тарғақ шөп.

1— гүл шоғары, *2*— масағы, *3*— тілшесі, *4*— тұқымы.

мұнда тек оны бастырылатын шөптің ішінде беде бөлшектері кетпеу үшін комбайнмен сабағын ұзын қалдырып ору қажет.

РАЙГРАС

Райграстың үш түрі бар: олар ұзын, көп шабынды және жайылымдық райграстар. Қазақстанның табиғи-климат жағдайына қолайлысы — ұзын райграс, өйткені ол топырақ талғағыш емес. Ұзын райграс астыңғы қабаттары су өткізгіш борпылдақ топырақтарда жақсы өседі. Су астында көп тұруды және ыза суының жақын болуын көтере алмайды. Ол біршама жылылық пен ылғал сүйгіш өсімдік, сондықтан да ол республикамыздың оңтүстік облыстарындағы суармалы жерлерінде ғана өсіріледі. Оның түкті тамыр жүйесі күшті дамыйды, сондықтан бедемен араластырып еккенде ол топырақтың структурасын қалпына жақсы келтіреді.



43-сурет. Биік бойлы Райграс.

Ұзын райграс ерте көктемде және дәнді дақылдар бүркеуіне, сондай-ақ тұқым үшін бүркеусіз, жаппай себу әдісімен — таза күйінде, ал пішен үшін жеке сеуіп, беде егісі үстіне егіледі. Себер алдында тұқым құммен немесе жоңышқа ұккішпен үйкелеуге тиіс, өйтпесе ол гүл қауызындағы қылтықтарымен сеялканың себу аппаратынан өте алмайды. Райграсқа бірнеше тыңайтқышты қосып енгізсе жақсы болады.

Райграстың тұқымы өте құйылғыш келеді, сондық-

тан оның аса пісіп кетуіне жол беруге болмайды. Тұқымдық егістерді ору жұмысы 1—2 күнде аяқталуға және міндетті түрде комбайнмен орылуға тиіс.

Ұзын райграс колхоздар мен совхоздарда әзірше көп егілмейді. Бірақ тұқымының мол өнімділігі жуырдағы жылдарда оның егіс көлемін бедемен араластырып егіп ұлғайтуға мүмкіндік береді.

БІРЖЫЛДЫҚ ШӨПТЕР

Барған сайын өсіп кележатқан мал шаруашылығы үшін берік малазық базасын жасау ісінде біржылдық шөптер үлкен роль атқарады. Әсіресе отарлы мал шаруашылығының участоктерінде малазық базасын жасауда маңызы зор.

Озат тәжрибе мен ғылми-зерттеу мекемелерінің практикасы республикамыздың жерінде егістік ферма маңындағы малазықтық және шалғын жайылымдық ауыпсалы егістерде судан шөбін, қонақты, могарды, жаздық және күздік сыйыржоңышқа және басқа біржылдық шөптерді ойдағыдай өсіруге болатынын көрсетті.

СУДАН ШӨБІ

Судан шөбі — біржылдық өсімдік, астық тұқымдас шөптер қатарына жатады; ол қуаңшылыққа өте төзімді; көк шөбі мен пішенінің малазықтық сапасы жақсы болады. Судан шөбі мол өнімді келеді. Шауып алғаннан кейін немесе мал жайылып өткеннен кейін тез өсіп-жетіледі, осы сапасына байланысты оны бір жылда 4 ретке дейін шауып алуға болады. Судан шөбі көк шөп конвейерін ұйымдастыру үшін, ал суармалы жерлерде —2 аңызға егілетін дақыл есебінде пайдалану үшін өте құнды өсімдік болып табылады. Тіпті қуаңшылық жағдайдың өзінде, тиісті агротехника қолданылса, одан пішен өнімін мол алуға болады. Мысалы, «15 лет Қазахстана» совхозы (Ақтөбе облысы) өте қуаң болған 1951 жылы судан шөбінің гектарынан 50 центнерден және Қарабалық сорт сынаушы участогі (Қостанай облысы) 1950 жылы төрт рет шапқанда гектарынан 62,6 центнерден пішен алды. Шөлейт жағдайындағы Алматы мемлекеттік селекция станциясында (Қарой қонысы) 1952 жылы судан шөбі-

нің көк шөп өнімі гектарынан 159,9 центнер, яғни пішен өнімі —57,2 центнер болды.

Судан шөбі төзімді бола тұрсада, суарып өсіргенде жақсы нәтиже береді. Мысалы, Алматы мемлекеттік селекция станциясы 1951 жылы судан шөбін суарып өсіріп, гектарынан 440,6 центнерден, 1952 жылы — 465,3 центнерден көк шөп өнімін алды. Талдықорған сорт сынаушы суармалы участогі (Талдықорған облысы) екі рет суарып, гектарынан 143,0 центнерден пішен алды.

Судан шөбі мол тұқым өнімін береді. Таврия сорт сынаушы участогі қырлық жағдайда (Шығыс Қазақстан облысы) 1948 жылы гектарынан 8,4 центнерден, ал 1950 жылы 14,2 центнерден тұқым өнімін алды. 1951 жылы Талдықорған сорт сынаушы участогінде тұқым өнімі 21,0 центнерден болды. Судан шөбінің мол тұқым өнімін беретіндігі және себу нормасының аздығы оның егіс көлемін тезірек ұлғайтуды оңай жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Судан шөбі — әсіресе өзінің өсіп-жетілуінің бастапқы кезеңінде жылылықты сүйетін дақыл. Сондықтан оны топырақтың 10 см терендігіндегі жылылық 10—12 градуска жеткен кезде, яғни тары мен жүгері тұқымы себілетін кезде егу керек. Қызып жетіспеген топыраққа еккенде оның тұқымының біразы мүлде құрып кетеді, ал қалған бөлегі баяу өседі де, оны арамшөп басады. Судан шөбін егу үшін терең жыртылған зябь участоктерін бөлу керек. Ылғалы жеткілікті және суармалы аудандарда судан шөбін пішен үшін де, тұқым үшін де жаппай қатарлы әдіспен еккен жөн. Қуаң аудандарда оны тұқым үшін кең қатарлы етіп ексе жақсы болады.

Қазақстанда судан шөбі — жаңа дақыл, сондықтан оның тек бір-ақ сорты — Одестік 25 сорты аудандастырылған, бұл сорттың сыпаттамасы төменде келтіріледі. Бродская 2, Алматылық 2082 және жергілікті Бродская сорттары перспективалы және егуге толық жарамды сорттар.

Одестік 25. Сортты Т. Д. Лысенко атындағы Бүкілодақтық селекция-генетике институты судан шөбінің әртүрлі үлгілерін будандастыру нәтижесінде алынған, морфологиялық жағынан өзара жақын формаларды топтап іріктеу әдісімен өсіріп шығарған. Сабағы біраз қатты, жапырағы көп болады. Жапырағының ұзындығы —

35—55 см, ені 3,5—4,5 см. Масағы тік, бытыранқы болып тұрады.

Сорт біркелкі піседі, тұқымы 88—97 күнде, пішені 37—45 күнде піседі.

Қуаңшылыққа өте төзімді. Мол өнімді. Мартук сорт сынаушы участогінің қуаңшыл жағдайында (Ақтөбе облысы) 1952 жылы бұл сорттың гектарынан 126,6 центнер көк шөп, 56,8 центнер пішен алынды. Осы сорт сынаушы участокте тұқым өнімі гектарына 6,3 центнерге жетеді.

Сорт 1952 жылы Ақтөбе облысында және Семей облысының қырлық аймағында аудандастырылған.



44-сурет. Судан шөбі, Одестік 25.

МОГАР

Могар — көказық, пішен және мал жайылымы үшін өсірілетін біржылдық астық тұқымдас өсімдік. Егіс көлемі жағынан басқа біржылдық шөптердің ішінде бірінші орын алады. Бірақ могардың тараған жерлері онша көп емес. Ол негізінен Ақмола, Ақтөбе және Семей облыстарында егіледі.

Могар қуаңшылыққа төзімділігі жағынан судан шөбінен біраз кемдеу болады, бірақ одан 5—10 күн бұрынырақ піседі. Могардың тезірек пісетіндігі, суық ерте түсетіндіктен судан шөбі кейде пісіп жетіле алмайтын солтүстік және тау етегіндегі аудандарда өсіруге мүмкіндік береді. Оңтүстік аудандарда могарды аңыздық дақыл (суармалы жерлерде) есебінде егуге болады.

Могар топырақ талғағыш емес, сондықтан оны әртүр-

лі алғы дақылдардың соңынан ерте беруге болады. Ол мол өнімді келеді. Мысалы, Ново-Шульба сорт сынаушы участогі (Семей облысы) 1952 жылы могардың гектарынан 49,2 центнер пішен және 17,0 центнер тұқым алды. Алматы мемлекеттік селекция станциясы шөлейт жағдайдағы тәлімі участокте (Қарой қонысы) 1952 жылы могардың гектарынан 152,3 центнер көк шөп алды, мұны пішенге аударғанда гектарына 56,6 центнер болып шығады, Қарабалық сорт сынаушы участогі (Қостанай облысы) 1950 жылы могардың гектарынан 58,5 центнерден пішен алды. Сарқанд сорт сынаушы тәлімі участогінде (Талдықорған облысы) жыл сайынғы пішен өнімі гектарына 50,2 центнерден 71,6 центнерге дейін, тұқым өнімі 16,1 центнерден 24,2 центнерге дейін болып жүр. 1952 жылы могарды тұқым алу үшін алғаш рет сынап көрген Қаскелең сорт сынаушы участогі (Алматы облысы) гектарынан 54,3 центнер пішен, 24,7 центнер тұқым өнімін алды. Алматы облысындағы Алматы ауданының Сталин атындағы колхозы могардың гектарынан 80 центнерге дейін пішен, 32 центнерге дейін тұқым алып жүр.

Могар өсірудің агротехникасының судан шөбін өсірудің агротехникасынан ешбір айырмасы жоқ. Судан шөбі сияқты могарда жылы сүйгіш дақыл, сондықтан олардың себу мерзімдері тұспа-тұс келеді. Могар топырақ айырмашылықтарын және алғы дақылдарды талғамайтындықтан, топырақты жақсылап өңдеуді талап етеді. Одан зябьті терең етіп жыртқанда ғана мол өнім алуға болады. Көктемде 1—2 рет культивациялау керек, ол танапты арамшөптерден тазартуды қамтамасыз етеді. Могардың өсіп жетілуі алғашқы кезеңде баяу болады, сондықтан оны арамшөп басқан жерге еккенде арамшөп қаптап өседі.

Могардан жоғары сапалы пішен алу үшін оны бас сала бастаған кезде шабу керек. Бұдан ертерек шабу оның жапырағын құрғатып жіберетін қуаңшылық болған кезде ғана жүргізіледі. Могардың дәні онша құйылып қалғыш емес, сондықтан оны тұқым үшін төмендегі мақсаттарының дәні пісіп жетілген кезде шапқан жөн.

Шабылған могарды бастырып алғаннан кейін тұқымын 12—13 процент ылғалдыққа жеткенше кептіру керек. Бұл оны сақтаған кезде бұзылудан қорғайды. Жергілікті жағдайларға жақсы бейімделген таңдаулы сорттардың сыпаттамасы төменде келтіріліп отыр.

Могардың сорттары

Қарағандылық 1196. Сортты Қарағанды ауылшаруашылық тәжрибе станциясы Орталық Қазақстанда бірнеше жыл бойы өсіріліп келе жатқан жергілікті түрінен (популяциясынан) жекелеп іріктеп алу арқылы өсіріп шығарған.

Өсімдігінің биіктігі 50—82 см, орташа түпті, жатып қалуға қарсы берік келеді, механизммен оруға толық жарамды. Сабағының жуандығы 4—6 см, жапырағының көптігі орташа. Жапырағының ұзындығы 27—41 см, және ені 1,6—2,2 см, едәуір иіңкі, піскен кезде көкпеңбек болады. Масағының ұзындығы 10—20 см, сүйірше жұмыр келеді, едәуір тығыз, дәні көп болады.

Дәні күрең қызыл, ірілігі орташа, 1000 дәнінің салмағы қауызымен қосып есептегенде 2,3—2,9 г, құйылып қалғыш емес. Тұқымдық егісі 100—110 күнде, пішендігі 53—58 күнде пісіп жетіледі .

Тұқымы күзгі суық түскенше пісіп үлгіреді. Қуаңшылыққа төзімділігі өте жоғары, бірақ ылғалдандырғанда жақсы нәтиже береді.

Сорттың аудандастырылған аймағында (Семей облысының Ново-Покров сорт сынаушы участогінде) оның пішен өнімі гектарына 35,7 центнерге, Ново-Шульба сорт сынаушы участогінде —49,2 центнерге жетеді; тұқымының өнімі гектарына 7,0 центнерге дейін болады.


Сорт Шығыс Қазақстан мен Семей облыстарының қырлық аймақтарында аудандастырылған.

Днепропетровтық 15. Сортты Украин астық шаруашылығы институтының Синельников тәжрибе селекция станциясы Бүкілодақтық өсімдік шаруашылығы институтының жыйнағындағы № 182 үлгісінен жекелеп-топтап іріктеп алу арқылы өсіріп шығарған.

Өсімдігінің биіктігі 75—125 см, түптілігі орташа, жатып қалғыш емес, механизммен оруға жарамды. Сабағы жіңішке, жапырағы көп болады. Жапырағының ұзындығы 26—38 см, ені 1,6—2,4 см, түсі қошқыл көк, пісер кезде көкпеңбек болады. Масағының ұзындығы 6—17 см, сүйірше жұмыр немесе бөшке тәрізді домалақ болады, тығыз, дәні көп. Дәні күрең қызыл, ірілігі орташа, 1000 дәннің салмағы 2—2,6 г. Сорттың өніп-жетілу кезеңінің ұзақтығы Днепропетровтық 11 сортымен бірдей.

Қуаңшылыққа төзімділігі орташа. Сорт қуаң жағдай-

да орташа өнім, ылғалы жеткілікті тәлімі және суармалы жерлерде мол өнім береді. Мартук сорт сынаушы участогінде (Ақтөбе облысы) 1951 жылы оның пішен өнімі гектарынан 21,9 центнер, ал 1952 жылы —43,7 центнер болды. Новороссийск және Ключевой сорт сынаушы тәлімі участоктерінде 1952 жылы оның пішен өнімі гектарынан 23,6—24,9 центнер болды. Пішеннің өнімділігі жағынан судан шөбінен кемірек болады (гектарына 6—9 центнер кем). Қуаңшылық жылдарда тұқым өнімін бермейді, ал судан шөбі қандай жылда да тұқым береді.



45-сурет. Могар. Днепропетровтық 15.

Сарканд сорт сынаушы участогінде (Талдықорған облысы) ылғалы жеткілікті тәлімі жағдайда оның көк шөбінің өнімі төрт жыл бойы гектарына 209 центнерден, пішен өнімі 63,9 центнерден болды; 1952 жылы гектарынан 24,2 центнер тұқым берді.

Днепропетровтық 11. Сортты Украин астық шаруашылығы институтының Синельников тәжрибе селекция станциясы жергілікті үлгіден (популациядан) жекелеп-топтап іріктеп алу-арқылы өсіріп шығарған.

Өсімдігінің биіктігі 70—110 см, түптілігі орташа, жатып қалғыш емес. Жапырағының ұзындығы 25—27 және ені 1,7—2,5 см, аздап иіліп тұрады, қошқылкөк, пісер кезде көкпеңбек болады. Масағының ұзындығы 8—18 см, жұмыр немесе аздап сүйірлеу формада болады, тығыз, дәні көп келеді. Дәні алғызыл немесе күреңқызыл. Сорт орташа мерзімдерде піседі. тұқымы 95—110 күнде, пішені 55—70 күнде пісіп жетіледі. Сорт Семей облысының қырлық аймақтарында аудандастырылған, тәлімі жерлерде өзінің өнімділігі жағынан Қарағандылық 1196 сортынан кем түседі, ал суарып өсіргенде одан гектарына 5—8 центнер артық өнім береді.

Ново-Шульба сорт сынаушы участогінде (Семей облысы) оның төрт жыл ішіндегі пішен өнімі гектарына 30,2 центнерден, ал 1952 жылы 47,7 центнерден болды. Жарма сорт сынаушы суармалы участогінде оның төрт жыл ішіндегі орташа пішен өнімі гектарына 42,2 центнерден, ал қалған жылдарда 58,4 центнерге дейін болып жүрді; Жарма мен Үржар сорт сынаушы участоктері гектарынан 18—21 центнерден тұқым өнімін алып келеді.

Днепропетровтық 31. Сортты Украин астық шаруашылығы институтының Синельников тәжрибе селекция станциясы Бүкілодақтық өсімдік шаруашылығы институтының жыйнағындағы № 762 үлгісінен тұқымын-топтап іріктеп алу арқылы шығарған.

Өсімдігінің биіктігі 90 — 110 см, түптілігі орташа, жатып қалуға қарсы едәуір берік. Сабағының жуандығы орташа 4—5 см. Жапырағының ұзындығы 30—40 см, ені 1,8—2,7 см, аздап салбырап тұрады, қошқылкөк, пісер кезде ішінара құрғап, көкпеңбек түсті болады, масағының ұзындығы 8—20 см, жұмыр немесе аздап сүйір формалы болады, едәуір тығыз, дәнді көп келеді. Дәні ақсары, орташа ірі.

Сорт орташа мерзімдерде піседі, оның тұқымдық егісі 95—120 күнде, пішендік егісі 55—70 күнде пісіп жетіледі, қуаңшылыққа төзімділігі орташа.

Сорт Қарағанды облысының I және II аймақтарында аудандастырылған. Осы облыстың Қар-



46-сурет. Могар, Днепропетровтық 31.

қаралы сорт сынаушы участогінің мәліметтері бойынша. Днепропетровтық 31 сорты гектарынан 20—34 центнерден пішен, 2,3—6,4 центнерден тұқым өнімін береді.

ҚОНАҚ

Қонақ — біздің Республикамызда біршама жаңа дақыл, сондықтан ол өндірісте әзірше аз тараған. Бұл дән, көкшөп және пішен алу үшін өсірілетін біржылдық астық тұқымдас өсімдік. Қонақтың көкшөбі өзінің коректілік сапасы жағынан судан шөбі мен могардан кем түспейді.



47-сурет. Қонақ, Днепровтық 38.

Могар мен судан шөбі сияқты, қонақ топырақтың шөліркеуі мен ауа қуаңшылығын жақсы көтереді, сонымен қабат қосымша ылғалдандырғанды жақсы көреді. Ол топырақты да, ауыспалы егістегі орынды да талғағыш емес, сонымен қабат оның өзі жақсы алғы дақыл болып табылады, өйткені ол топырақтың құнарлығын онша кемітпейді және егістікті арамшөптен жақсы тазартады.

Қонақтың себу мерзімдері могар мен судан шөбінің мерзімдерімен бірдей. Тәжрибе мекемелерінің мәліметтеріне қарағанда, қонақты көкшөп пен пішен өнімін мол беретін дақыл есебінде перспективалы өсімдік деп айтуға болады.

Алматы мемлекеттік селекция станциясы 1952 жылы тәлімі жағдайда қонақтың гектарынан 149,5 центнерден көкшөп алды, бұл — пішенге балағанда гектарынан 54,7 центнер деген сөз. Осы станция суармалы жағдайда 1951 жылы Алматылық 71 сортының гектары-

нан 240,8 центнер, ал 1952 жылы 404,0 центнер көк шөп өнімін алды.

Сарканд сорт сынаушы тәлімі участогі (Талдықорған облысы) 1952 жылы қонақтың Цюрупиндік 22 сортын егіп, гектарынан 92,4 центнерден пішен, 18,2 центнерден тұқым өнімін алды. Осы облыстың Талдықорған сорт сынаушы суармалы участогі 1951 жылы Днепропетровтық 38 сортын егіп гектарынан 276,5 центнер көкшөп өнімін алды, бұл пішенге шаққанда гектарына 122,5 центнер болады; осы сорттың тұқым өнімі гектарынан 21,0 центнерден болды.

Қонақтың Қазақстан үшін аудандастырылған сорттары әзірге жоқ.

Қонақ сорттарын шығару жөніндегі селекциялық жұмысты республикамызда Алматының мемлекеттік селекция станциясы жүргізеді.

ЖАЗДЫҚ СЫЙЫРЖОҢЫШҚА

Жаздық сыйыржоңышқа (егістік) —біржылдық бұршақ тұқымдас өсімдік, ол көкшөп, пішен және сүр азық түрінде өте құнды мал азығын береді. Сыйыржоңышқа топырақты азотпен байытады және арамшөптерді құртып жібереді, сондықтан ол дәнді дақылдар үшін де, техникалық дақылдар үшін де жақсы алғы дақыл болып табылады.

Тиісті агротехника қолданылса сыйыржоңышқа мол өнім береді. Мысалы, Петропавл сорт сынаушы участогі (Солтүстік Қазақстан облысы) ылғал жеткілікті түсіп, жағдай қолайлы болған 1950 жылы оның гектарынан 232,0 центнер көкшөп алды, бұл пішенге шаққанда 58,6 центнер болады. Сұлымен аралас еккендегі дәнінің өнімі гектарына 27,8 центнер, ал таза еккендегісі — 34,9 центнер болды. Верхуба сорт сынаушы участогі (Шығыс Қазақстан облысы) сыйыржоңышқа — сұлы қоспасының гектарынан 46—60 центнерден пішен алып келеді. Жарма сорт сынаушы суармалы участогінде (Семей облысы) 1952 жылы сыйыржоңышқа-сұлы қоспасының пішен өнімі гектарына 72,5 центнерден, ал тұқым өнімі — 30,5 центнерден болды. Талдықорған сорт сынаушы суармалы участогі (Талдықорған облысы) орта есеппен төрт жыл ішінде сыйыржоңышқаның аудандастырылған Богородицкая 800 сортының гектарынан 243,4 центнерден көкшөп,

82,5 центнерден пішен, 11,7 центнерден тұқым өнімін алды.

Сыйыржоңышқа суармалы жерлерде парға егілетін дақыл болғандықтан, күздік бидайдан мол өнім алуға мүмкіндік береді. Жамбыл, Іле және Талдықорған сорт сынаушы суармалы участоктері сыйыржоңышқа-сұлы қоспасы егілген пардан гектарынан 45—50 центнерден пішен және 40—50 центнерден күздік бидай өнімін алып жүр.

Сыйыржоңышқа ылғал сүйгіш дақыл. Сондықтан агротехникалық шаралар системасы топыраққа ылғал жинап, оны тиімді пайдалануға бағытталған болуға тиіс. Сыйыржоңышқа егуге арналған танапта зябь терең жыртылуға тиіс, ал солтүстік-шығыс облыстарда мұнымен қабат қар тоқтатылуы керек. Ерте көктемде топырақта ылғалды сақтау шаралары жүргізіледі.

Сыйыржоңышқа жылы талғағыш емес, сондықтан ол ерте мерзімдерде себіле береді. Оның көктеп шыққан егісі 5—6 градус суықты көтере береді.

Сыйыржоңышқа таза күйінде егілсе жатып қалғыш келеді, бұл оны механизммен оруды қыйындатады, сондықтан оны сұлыға араластырып егу керек. Сыйыржоңышқа-сұлы қоспасының шамамен алғандағы себу нормасы мынадай болады: пішен үшін егілгенде гектарына 160—200 килограмм, соның ішінде сыйыржоңышқа 120—150 килограмм; дән үшін егілгенде гектарына 120—150 килограмм, соның ішінде сыйыржоңышқа 90—110 килограмм.

Сыйыржоңышқа тыңайтқыштардың қай түрі енгізілседе жақсы нәтиже береді. Одан зябьті жыртқан кезде гектарына 2,5—3,0 центнер суперфосфат және 1,5—2,0 центнер калий тұзы енгізілсе мол өнім алынады. Калий тұзының орнына салмағы жағынан екі есе етіп ағаш күлін алуға болады.

Сыйыржоңышқа пішен үшін гүлденуінің бас кезінде, тұқым үшін төмендегі баданаларының үштен екісіне жуығы піскен кезде шабылады. Піскен бұршақтары жарылғыш келеді, сондықтан кешіктіріліп жыйналса тұқымы көп ысырап болады және егіс жерін арамшөп басып кетеді.

Сыйыржоңышқаның аудандастырылған ең жақсы сорттары — Льговская 31-292, Богородицкая 800 және Степная 791 сорттары.

Сыйыржоңышқаның сорттары

Льговская 31-292. Сортты Льгов селекция станциясы шығарған. Имаақулаттың түр бөлігіне жатады. Сабағының жуандығы орташа, сыңғыш емес, жағдайына қарай биіктігі 45—60 см болады. Негізгі бұтақтары жақсы дамыған. Жапырағының көптігі 42—47 процент, жапырақтары 6—7 ден топталып тұрады, едәуір селдір келеді. Бұршақтары имек формалы, ішінде 6—8 дәні болады. Тұқымы домалақ, аздап қабысқан формалы келеді, түсі ашық қоңыр, аздап көгілдір іреңі болады.

Сорт орташа мерзімдерде, 75—90 күнде пісіп жетіледі. Көктемде баяу өседі. Өсімдігінің мықтап өсуі гүлденер алдында басталады. Қуаңшылыққа орташа төзімді, жазғы жауын-шашынды жақсы пайдаланады.

Сорт өнімді келеді. Зырян сорт сынаушы участогінде (Шығыс Қазақстан облысы) оның төрт жыл ішіндегі орташа өнімі: көкшөптен гектарына 132,4 центнер, пішеннен 29,7 центнер, сыйыржоңышқа-сұлы қоспасы дәнінен 16,9 центнер, сыйыржоңышқаның таза өзінен 8,7 центнер болды.

Жарма сорт сынаушы суармалы участогі (Семей облысы) 1952 жылы сыйыржоңышқа-сұлы қоспасының гектарынан 282,8 центнер көкшөп, 72,5 центнер пішен, 37,8 центнер дән алды. Сыйыржоңышқаны таза күйінде екқенде оның дәнінің өнімі гектарына 39,5 центнерден, ал үш жыл ішіндегі орташа өнімі гектарына 20,7 центнерден болды.

Сорт Шығыс Қазақстан облысының II және IV аймақтарында, Семей облысының II және IV аймақтарында аудандастырылған.

Богородицкая 800. Сорт Курск облысының Богородицк тәжрибе танабында жергілікті түрден (популяциядан) өсіріп шығарылған.

